

ҚАЗАКСТАН  
тәуелсіздігіне



**М.О. ӘУЕЗОВ  
АТЫНДАҒЫ  
ӘДЕБИЕТ  
ЖӘНЕ ӨНЕР  
ИНСТИТУТЫ**

**50  
ЖЫЛ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ғылым комитеті  
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ҚАЗАКСТАН  
тәуеккілігінен



**М.О. ӘУЕЗОВ  
АТЫНДАҒЫ  
ӘДЕБИЕТ  
ЖӘНЕ ӨНЕР  
ИНСТИТУТЫ**

**50  
ЖЫЛ**



Алматы «Арда» 2011

**УДК 821.512.122.0**

**ББК 83.3(каз)**

**Ә 17**

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған.*

**Редакциялық алқа:**

Қасқабасов С.А. (төраға), Әлібекұлы А. (төрағанын орынбасары), Қирабаев С.С., Елеуkenov Ш.Р., Күзембай С.Ә., Майтанов Б.К., Ерғалиева Р.Ә., Ісімакова А.С., Корабай С.С., Ананьева С.В., Конаев Д.А., Әлбеков Т., Мұқан А.О., Қосанов С.Қ., Жұмасейітова Г.Т., Машакова А.Қ.

**Жауапты шығарушы:** Кенжалин К.

**Ә 17 М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты.  
50 жыл.** Алматы, «Арда», 2011. – 472 бет.

Бұл кітапта М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының құрылу, қалыптасу, даму тарихы баяндалады. Институттың 50 жылда атқарған жұмысы, фольклортану, әдебиеттану және өнертану ғылымы бойынша шығарған енбектері туралы айтылады. Сонымен катар институтта қызмет істеген ғалымдар жайында қыскаша мағлұмат келтіріледі.

**Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова. 50 лет.** – Алматы: Арда, 2011. – 472 с.

В книге прослежена история создания, становления, развития Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова, представлен краткий обзор фундаментальных научных исследований ученых Института за 50 лет в области отечественной фольклористики, литературоведения и искусствознания. Также предложена сжатая информация о деятельности ведущих учёных Института разных поколений и исторических периодов.

ISBN 9965–778–68–x

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет  
және өнер институты, 2011  
© «Арда» 2011

## АЛҒЫ СӨЗ

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты өз алдына жеке шаңырак көтергеніне биыл 50 жыл толды.

Институт тарихы 1933 жылы 10 қарашада ҚазОАК-нің ғылыми комитеті жанынан құрылған Қазак үлттық мәдени ғылыми-зерттеу институтынан бастау алады. Институттың құрамына Қазақтың орталық архиві, өлкелік мұражайы, өлкетану бюросы, педагогикалық зертханалық институты біріктіріліп, Қазак мемлекеттік университетінің ғылыми қызметкерлері, қоғам және мәдениет қайраткерлері тартылды. Алғашкы директоры болып Әлменов Баймен Әлменұлы тағайындалды (1934-1936). Қазак үлттық мәдениеті ғылыми-зерттеу институты тарих, археология, тіл, әдебиет және фольклор, музыка, театр, хореографиялық және бейнелеу өнері мәселелерін зерттеумен айналысты. О. Жандосов, С. Мендершов, Т. Жұргенов, С. Аспандияров, С. Сейфуллин, К. Кожеков, М. Әуезов және т.б. үлт зияллылары қазак ғылымының аяғынан тік тұруына барынша енбек етті. Мәселен, тарихшылар Қазақстан аумағындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеп, нәтижелерін «Енбектер», «Қазақстанның өткендегі тарихы туралы деректер мен материалдар» деген жинаққа шығарды. Әдебиет саласы да қарқынды дамыды. И. Жансүгіров, С. Сейфуллин, М. Әуезов әдебиет тарихына катысты ғылыми енбектер жазды. А. Байтұрсынұлы қазак фольклорының бай мұрасын жинауға көп қөмектесті. Архив құжаттарына қарағанда 1934-1935 жылдары Институт қызметкерлері қазак ауыз әдебиеті үлгілері: эпос, ертегі, макал-мәтел жинап, кейбірін баспадан шығарды. Халық ақындарының шығармаларын құрастырыды, басылым беттеріне әдебиестке катысты ғылыми макалалар жариялады. Абайтану мәселесі қолға алынып, ұлы ақынның өлеңдерін кітап етіп шығарды. Бейнелеу өнері секторы да қазак үлттық ою-өрнектерінің 300-ден астам түрлерін жинап, қылқалам шеберлерінің туындыларына рецензиялар жазды. Осының негізінде 1935 жылы 15 қыркүйекте институтқа Қазақстанның үлттық көркемсүрет галереясын ұйымдастыру тапсырылды.

1936 жылғы 25 тамызда Қазақ үлттық мәдениеті ғылыми-зерттеу институты КСРО FA Қазак филиалының тарих, қазақ тілі мен әдебиеті және халық шығармашылығы сектор-

лары болып қайта құрылды. Директоры болып Сәрсен Аманжолов тағайындалды (1936–1941).

Сталиндік құғын-сүргін қарқын алған жылдарда көптеген казак зиялыштарының катарында ақын, жазушы, әдебиеттанушы, тілші ғалымдар да қасаң идеологияның құрбанына айналды. Ұлт тарихын, әдебиеттің тереңірек зерттеуге шек койылды. Оның үстіне қаһарлы Ұлы Отан соғысы жылдарында білікті ғалымдар майдан шебіне аттанды. Осыған қарамасстан КСРО ФА-ның Қазак бөлімшесі 1941 жылы Тіл, әдебиет және тарих институты болып құрылды да, 1945 жылы Тарих, археология және этнография институты мен Тіл және әдебиет институты болып екіге бөлінді. Институт директоры ретінде Нығмет Тінәліұлы Сауранбаев бекітілді (1941–1946).

Әр жылдары бұл мекемені Есмағамбет Үсмаилов (1946–1948), Мәлік Ғабдуллин (1948–1951), Ахмеди Үсқақов (1951–1953), Ісмет Қенесбаев (1957–1961) басқарып, филология ғылыминың дамуына өз үлестерін қости. Ұлы Женістен кейінгі жылдарда Институтқа майдангер-ғалымдар келіп, тіл, әдебиет, фольклор, өнер мәселелерін тереңірек зерттеуге күш салды. Десек те, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1947 жылғы 21 қантардағы «Қазак ССР ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты жұмысындағы саяси өрекшел қателіктер туралы» және 1951 жылғы 10 сәуірдегі «Қазақстан тарихы мәселелеріндегі марксизм-ленинизмді айқындаудағы «Правда» газетіндегі мақала туралы» шешімдері бірнеше ғалымдардың енбектерін сынға алып, олардың зерттеу енбектерін буржуазиялық өмірді дәріптеуші, ескілікті ансауышы ретінде қарастырды. Партиялық сынға ұшыраған ғалымдардың арасында Қ. Сөтбаев, М. Әуезов, Е. Бекмаханов, Қ. Жұмалиев, Е. Үсмаилов, Ә. Марғұлан, А. Жұбанов, Б. Қенжебаев, И. Қенесбаевтар болды. Тіпті, Б. Сүлейменов, Қ. Мұхамедханов, Б. Үсқақов секілді институт ғалымдары сот шешімімен 25 жылға бас бостандығынан айрылды.

Осы жылдар аралығында әдебиетші-ғалымдар тарапынан «Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері» үш рет басылды (1949, 1955, 1958). Сонымен катар «Вопросы казахской советской литературы» (1957), «Қазақ совет әдебиетінің мәселелері» (1957–1960), «Очерки истории казахской советской литературы» (1958–1960) атты ұжымдық енбектер жарық көрді. 1937–38 жылдары жазықсыз құғын-сүргін құрбанына айналған И. Жансүгіров, С. Сейфуллин, Б. Майлин секілді

акын-жазушылар актальып, шығармалары оқырманмен кайта қауышты.

1961 жылы мамыр айында академик К. Сәтбаев пен жазушы-ғалым М. Әуезовтің бастамасымен Тіл және өдебиет институтының негізінде Әдебиет және өнер институты жеке бөлініп шыкты. Институттың алғашкы директоры болып **Мұслім Базарбаев** тағайындалды (1961–1970, 1981–1985). Сол жылдың тамыз айында Мұхтар Омарханұлы қайтыс болып, ұлы жазушының есімі өзі күрған Әдебиет және өнер институтына берілді. 1963 жылы қарашада жазушы өмірінің соңғы жылдарында тұрган үй Әдеби-мемориалды музейге айналып, институт құрамына өтті және М. Әуезовтің мұрасын зерттейтін ғылыми бөлім ашылды.

Институттың негізгі ғылыми бағыттарына фольклортаңу, әдебиеттану және өнертану салаларында ғылыми зерттеулер жүргізу, фольклорлық мәтіндерді жариялау, колжазбаптардың ғылыми сипаттамасын жасау, колжазба және жарияланған фольклорлық мәтіндердің каталогын жасау, фольклорлық және музыкалық шығармаларды жинап, жазып алу, сактап калпына келтіру мәселелері жатты.

Осы бағытта Институтта фольклор, қазақ совет әдебиеті, революцияға дейінгі әдебиет тарихы, әдеби байланыстар, колжазба және өнертану бөлімдері жұмыс істеді. Онда М. Базарбаев, З. Ахметов, М. Әуезов, М. Фабдуллин, Ә.Ж. Дербісөлин, Ы.Т. Дүйсенбаев, М.Т. Дүйсенов, Б.Г. Ерзакович, А.К. Жұбанов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, М. Караптаев, Е.В. Лизунова, Ш.Қ. Сәтбаева, М.С. Сильченко, Н.С. Смирнова, Е. Ысмаилов, Ә. Тәжібаев секілді ғалымдар, әдебиет пен өнер қайраткерлері енбек етті.

Институт ғалымдары 1961–1967 жылдар аралығында 3 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихын» (казақ тілінде 6 кітап, орыс тілінде 3 том) дайындал, баспадан шығарды, Сонымен қатар, Мәскеуден жарық көрген «История советской многонациональной литературы» (9 том), «История мировая литература» (9 том) атты іргелі еңбектер үшін қазақ фольклоры мен әдебиеті туралы тараулар, «Краткая литературная энциклопедия» томдарына материалдар жазылды. Ұлттық фольклор мен музыканың классикалық үлгілері: 3 том «Қазақ ертегілері» (қазақ және орыс тілдерінде), 3 том «Батырлар жыры» (орыс тілінде 1 том), айтыстың 3 томы және музыкалық фольклор бірнеше кітап болып жарияланды. Алғаш рет

М.О.Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағы жарыққа шықты (1967–1969). 1979–1985ж. ж. ұлы жазушының шығармалары толықтырылып, 20 том болып қайта басылды.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет жөне өнер институтын осы аралықта **Әди Шәріпов (1971–1979), Зәки Ахметов (1979–1981)** сынды ғылым жөне қоғам қайраткерлері баскарды.

Институт алғашқы күрүлған жылдан бастап фольклортану, әдебиеттану, өнерттану мәселелері бойынша іргелі ғылыми зерттеулерімен айналысып келеді. «Қазақ фольклористикасының тарихы», «Қазақ фольклорының типологиясы», «Қазақ тарихи жырларының мәсслелері», «Ерте дәуірдегі казақ әдебиеті», «XVIII–XIX ғасырлардағы казақ ақындарының шығармалары», «Үш ғасыр жырлайды», «XV–XVIII ғасырлардағы казақ поэзиясы» сынды енбектер жарыққа шықты.

1985 жылы басталып, бүкіл КСРО аумағында жүзеге асқан қайта құру түсінде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет жөне өнер институтының ғалымдары сталиндік құғын-сүргінге ұшырап, солакай саясаттың құрбанына айналған Алаш зиялыштарын актау жөне олардың мұраларын жинап бастыру, зерттеу ісінде үлкен енбек сінірді. Сол кездегі Институт директорлары Шеріяздан Рұстемұлы Елеуkenov (1986–1988) пен **Серік Смайылұлы Қирабаевтың (1988–1995)** тікелей араласуымен жазықсыз жазаланған Ш.Құдайбердиев, М.Ж. Қөпесев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ф. Қарашев, С. Садуақасов сынды Алаш қайраткерлері актанды. Олардың мәрзімді басылым беттерінде жарияланған енбектері құрастырылып, нәтижесінде Әбілда Тәжібаевтың алғы сөзімен Мағжан Жұмабаевтың (1989), Шемшиябанду Сәтбаевамен бірігіп жазған алғы сөзben Шәкөрім Құдайбердиевтің (1988), Серік Қирабаевтың алғы сөзімен Жұсіпбек Аймауытовтың (1989), Жұмағали Ысмағұловтың зерттеу мақаласымен Міржақып Дулатовтың (1991) шығармалар жинағы бір-бір томнан баспадан шықты. Әдеби мұралары зерттеу нысанына айналып, көшілік қауымға насиҳаттау ісі жүргізілді.

Қазақстан Республикасы төуелсіздік алған алғашқы жылдан бастап, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет жөне өнер институты кеңестік дәуірде жариялауға тыйым салынған фольклорлық жөне әдеби мұраларды жарияладап, оларды егеменді ел мұрасы түрғысынан зерттеумен айналысты. А. Сейдім-

беков, Б. Әзібаева, М. Шағиғи, Б. Адамбаев, Ү. Субханбердинә сынды ғалымдардың құрастыруымен «Дала үәләяты газеті» (1994, 1996), «Ғашықтық дастандар» (1994), «Батырлық дастандар» (1995), «Айқап» (1995), «Абылайхан» (1995), «Кенесары-Наурызбай» (1995), «Мақал-мәтелдер» (1996) жинақтары жарияланды.

М. Жармұхамедұлы, М. Шағиғи, С. Дәуітов түркі халқының дана ақыны Кожа Ахмет Иассаудің «Диуани хикметін» қазак тіліне аударып, баспадан шығарды (1993).

1990 жылдардан бастап-ақ Институт бастамасымен Абай мен Жамбылдың 150 жылдық мерейтойлары күн төртібіне қойылып, дайындық жұмыстары жүргізілді. Екі ақынның да екі томнан тұратын академиялық жинақтары, «Абай энциклопедиясы» дайындалды. 1995 жылы Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілді. З. Ахметов, С. Қирабаев, М. Мырзахметұлы, Б. Мамыраев ұлы ақын есіміне байланысты өткен алыс-жақын шетелдегі іс-шараларға катысып, баяндамалар жасады. 1996 жылы абайтануға қосқан елеулі енбектері үшін З. Ахметов, С. Қирабаев, М. Мырзахметұлы, К. Мұхамедханұлы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

**1995–2000 жылдар аралығында Институтты фольклорташушы-ғалым Шәкір Ұбыраев** басқарды.

1996 жылы жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық, 1997 жылы ұлы жазушы М.Әуезовтың 100 жылдық мерейтойлары ЮНЕСКО шенберінде аталып өтілді.

М.О.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойы қарсанында жазушының мұражай-үйі күрделі жөндеуден өтіп, 1997 жылы 27 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ашуымен кайта іске кірісті. Институт ғалымдарының катысуымен жазушының өмірі мен шығармашылығына қатысты бірнеше зерттеу кітаптар, мақалалар жарық көрді. 1997 жылы «Мұхтар Әуезов энциклопедиясы» дайындалып, 2011 жылы жарыққа шықты. М.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойы қарсанында елу томдық академиялық шығармалар жинағының жобасы жасалып, жазушының алғашқы 3 томы баспадан шықты.

**2001 жылы** Институт директоры болып Сейіт Асқарұлы Қасқабасов тағайындалды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдағында қаражат тапшылығынан және білікті мамандардың басқа жұмыс орындарына ауысуына байланысты кейір

бөлімдер жабылып немесе біріне бірі косылса, енді жана бөлімдер ашылып, жас мамандар ғылым жолына тартылды. Бұрын фольклор, әдебиет тарихы, колжазба және мәтінтану, әдебиет теориясы, музыка өнері бөлімдері мен «Әуезов үйі» ғылыми мәдени орталығы жұмыс істесе, соңғы он жылда әлем әдебиеті және халықаралық байланыстар, ежелгі және ортағасырлар әдебиеті, тәуелсіздік дәуірдегі әдебиет, абайтану және жаңа әдебиет, мәтінтану бөлімдері ашылып, театртану және бейнелеу өнері бөлімдері кайта құрылды.

2004–2011 жылдары Институт Казакстан Республикасының «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасын жүзеге асыруға белсene қатысты. Осы мемлекеттік бағдарлама аясында елімізде тұнғыш рет жүзеге асып жаткан 100 томдық «Бабалар сөзі» сериясының 75 томы, 20 томдық «Әдеби жәдігерлер» сериясының 11 томы басылды. 8 томдық «Қазак музыкасының антологиясы», 3 томдық «Әлемдік әдебиеттану», 3 томдық «Әлемдік фольклортану» алғаш рет дайындалып, жарық көрді. Алдағы уақыттарда «Бабалар сөзі» және «Әдеби жәдігерлер» серияларын толық бітіру жұмыстары сонына дейін жүргізіледі.

Халқымыздың ұлы жазушысы М.О. Әуезовтің 50 томдық академиялық шығармалар жинағы толыктай аяқталып, баспадан шықты.

Институт ғылыми және тарихи-мәдени маңызы зор қазақ фольклоры мен әдебиеті үлгілерін дайындаш шығаруда комақты жұмыстар жүргізіп келеді. Ғылыми қызметкерлердің дайындауымен «Қазак қолжазбалары ғылыми сипаттамасының» 8 томы жарық көрді. XX ғасырдың екінші жартысында жиһанған музыкалық мұралар түгелімен СД-дискілерге көширілді. Сонымен катар, колжазба корында сақталған фольклорлық және музыкалық мұраларды электрондық нұскаларапа көшіру жұмысы жүргізілуде.

Институт Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен іргелі және колданбалы ғылыми-зерттеу жобалары бойынша жұмыс істейді. Осыған орай Институт 2002 жылы болашақ даму бағдары ретінде 2003–2011 жылдарға арналған Стратегиялық жобасын дайындағы. Сол бойынша кезең-кезеңмен 2003–2005, 2006–2008, 2009–2011 жылдар аралығында үлкен үш бағдарлама жүзеге асты. Нәтижесінде 2003–2005 жылдар аралығында дайындалған көне заманнан бүтінге дейінгі 10 томдық «Қазак әдебиетінің

тарихын», 3 томдық «Қазак өнерінің тарихын» баспадан шыгарды.

2006–2008 жылдар аралығында «Тәуелсіздік кезіндегі әдебиет пен өнер» атты такырып бойынша қазіргі әдебиет пен өнердегі фольклорлық сарындардың көрінісі, ежелгі және орта ғасырлардағы әдебиеттің тәуелсіздік жылдардағы поэзияға әсері, XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі көрнекті ақындар мен жазушылардың шығармашылық сабактастыры мәселелері және XX ғасырдың 60–90 ж.ж. қазак әдебиетінің жанрлары әлемдік әдеби процесс контекстінде зерттелді. М. Әуезовтің бай мұрасы жан-жақты талданып, жаңа көзқарастар түрғысында қарастырылды. Қазақстан бейнелеу өнері мен көркем мәдениеті дамуының маңызды кезендері жүйеленіп, ғылыми саралau ісі, ежелгі заманнан XXI ғасырға дейінгі ұлттық музыка өнерінің түрлі проблемалары, казак театр өнерінің негізгі даму кезендері мен заңдылықтары жаңаша пайымдалып, халықаралық әдеби байланыстардың қазіргі ғаламдану жағдайындағы даму ерекшеліктері жан-жақты қарастырылды. Нәтижесінде 24 ұжымдық енбек жарыққа шықты.

2009–2011 жылдар аралығында «Қазак әдебиеті мен өнеріндегі тәуелсіздік идеясы» атты бағдарламалар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді. Такырып аясында «Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет» атты 10 кітап баспадан шықты.

Бұл бағдарлама бойынша институт қызыметкерлері казак фольклоры мен әдебиетінде жырланған Тәуелсіздік идеясы мәселелерін қарастырды. Зерттеуде сактар мен ғұндар заманынан Алтын Орда кезеңіне дейінгі, Қазақ хандығы құрылғаннан бастап Қазақстан тәуелсіздігін алған аралықтағы ұлттық сөз өнерінде көрініс тапқан елдік пен тәуелсіздік, бірлік пен мемлекетті сактау идеялары зерттелді. Тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық көтерілістер туыннатқан әдеби шығармалар, ондағы қазақ елінің мұрат-мақсаттары ашып көрсетілді. Елін, жерін сактау үшін курескен тұлғалардың ерліктері дәріптеліп, кейінгі үрпаққа үлгі боларлық істері жан-жақты талданды.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 2012–2020 жылдар аралығына арнап саяси-әлеуметтік маңызы зор жаңа Стратегиялық даму жоспарын дайындағы. Алдағы уақытта Институт Қазақстанда тұратын этностардың фольклорын, әдебиетін және өнерін зерттеп, отанымыздағы

халықтар бірлігі мен ынтымақтастығын нығайтуда әдебиет пен өнердің алар орнын айқындайды. Шетелдегі қандастарымыздың әдебиеті мен өнерінің дамуын, қалыптасуын, боялашағын, өздері тұрып жаткан елдің әдебиеті мен өнеріне карым-қатынасын, елімізге тигізеге үлесін зерттейді.

М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының 50 жылдығына арналған бұл кітапта институт құрамындағы бөлімдер тарихы жеке-жеке беріліп отыр.

*Ақжігіт Әлібекұлы*

**БӨЛІМДЕР**  
**ТАРИХЫ**

## ФОЛЬКЛОРТАНУ БӨЛІМІ

Фольклортану бөлімінің қызметін үлкен үш кезеңге бөліп қарасты болады. 1930–1940-жылдар аралығында Қазактың Ұлттық мәдени ғылыми-зерттеу институтының секторы ретінде жұмыс жасап, фольклорлық мәтіндерді жинап, жүйелумен айналысқан. Бұл кезеңде, негізінен, М.О. Әуезовтің 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» мен С. Сейфуллин жариялаған «Ежелгі әдебиет нұсқалары» (1931), «Казак әдебиеті» (1932) колданыста болған. 1940-жылдары фольклор секторы бөлімшеге айналып, дәстүрлі және кенестік фольклор зерттелді. Әсіресе, М.Әуезовтің жетекшілігімен 1948 жылы жарық көрген «Казак әдебиетінің тарихы. Фольклор. 1-т. Алматы, 1948» деген ұжымдық монографияны ерекше атауға болады.

Өкініштісі, бұл еңбек қолжазба күйінде-ак сынға ұшырады, бірақ сын ғылымнан аулак, саяси-идеологиялық сипатта болды да, атамыш кітап «зиянды» деп танылып, ғылыми айналымнан алынып тасталды (1947 жылғы 21 қантарда жарияланған Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің «Казак ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел кателер туралы» атты қаулысын қаранды). Шындығына келгенде, бұл еңбек – үлкен жұмыстың игілікті бастамасы еді, өйткені, сол тұстың өзінде-ак казак әдебиетінің тарихын бірнеше том етіп жазу көзделген. Бірақ бұл ой жүзеге аспады. Өйткені, идеологиялық, саяси ұстанымды басшылыққа алу міндет болды. Ұлттық мұраны құлшыныспен зерттеуге мұның теріс өсері болса да, бұл еңбекті дайындау барысында фольклордың тарихын жанрлар арқылы зерттеуге талпыныс үзілген жок. Томның бірінші бөлімі казак фольклорының зерттелуіне арналған. Екінші бөлімде ғұрыптық фольклор, шаруашылық туралы өлеңдер; дін, салт өлеңдері; Наурыз; бақсы сарыны; бәдік, арбау, жалбарыну; жарапазан және жарапазанның батасы; үйлену салт өлеңдері: Әдет, салт; тойбастар; жар-жар, сынсу-жұбату; беташар; мұн, шер өлеңдері: қоштасу, естірту, көніл айту, жоктау деп, жеке-жеке қарастырылған.

Фольклорлық мұраларды жанрлық түрғыдан көптөмдік түрінде жариялау 1950–1970-жылдары жүзеге асты. 1957–1959 жылдар аралығында «Қазак эпосы» сериясы бойынша «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қобыланды батыр»,

«Қозы-Көрпеш – Баян-сұлу», «Қыз Жібек» жырларының академиялық басылымы қазак және орыс тілдерінде жарық көрді. Және 1957-1964 ж. аралығында қазак және орыс тілдерінде үш том «Қазақ ертегілерінің» академиялық басылымы дайындалып, мәтіндегі жанрішілік түрлерге жіктеліп, ұсынылды. Бұл кезеңдегі зерттеулерде «фольклор» мен «ауыз әдебиеті» ұғымдары бөлінбеген, сол себепті халық арасына ауызша таралғаны ескеріліп, ақындар айтысы да фольклор ауқымында зерттелді. Сондыктан 1965-1966 ж. фольклортану бөлімі «Айтыстың» да үш томын дайындаған, жарықка шығарды.

1960–1964 жылдар аралығында жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» фольклортануға бірінші томның екі кітабын арнады. Бірінші кітап «Қазақ халқының ауыз әдебиеті туралы ғылымның даму тарихы» және тұрмыс-салт жырлары, шешендік сөздер, ертегілер, батырлар жыры, лиро-эпос, тарихи жырлар, айтыс өлеңдері, жұмысшы жырлары деп, әр бөлім жеке жанрларды қарастырды. Ал, бұл бірінші томның екінші кітабы совет дәүіріндегі фольклор деп аталғанымен, мұндағы зерттеулердің дені ақын, жырау, жыршылардың шығармашылығына арналған.

«Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабының фольклорға ариалған орыс тіліндегі басылымы 1968 жылы жарық көрді.

М.О. Әуезов қайтыс болғаннан кейін фольклортану бөлімінің менгерушісі қызметін Е. Исмайылов аткарды. Бұдан кейінгі кезеңдерде бөлім менгерушісі М. Карапаев, М. Габдуллин, Р. Бердібаев, Ш. Ыбыраев болды. 2001 жылғы қыркүйек айынан бастап фольклортану бөлімі академик С.А. Касқабасовтың жетекшілігімен жұмыс жасап келеді.

**Зерттеу жұмыстары:** 1950 жылдары советтік фольклорды, жұмысшы фольклорын зерттеу мәселесі алға шыкты. Дегенмен С. Мұқановтың 60-жасқа толуына орай «Қазақ филологиясының мәселелері» (1964), Н.С. Смирнованың ғылыми-көпшілік басылым ретінде дайындаған «Казахская народная поэзия» (1967), Б. Адамбаевтың «Шешендік сөздер. Қазақтың шешендік, тапқырлық, накыл сөздері» (1967) және «Шешендік өнер (Сырым сөздерінің негізінде)» (1969), т.б. кітаптар жарық көріп, фольклорлық жанrlар сол кездегі ғылыми деңгейге сай зерттелді.

1950–1970-жылдары фольклортану бөлімінің ұжымдық монографиялары бүкілодақтық ғылым талабының деңгейінде

дайындалды. Әсіресе, 1970-жылдардағы зерттеу еңбектерінде бүкілодактық және әлемдік ғылымның жетістіктері ескерілді. Жанрлық ерекшелікті басты назарда ұстал, тарихи-типологиялық, тарихи-стадиялық және мәдени байланыс түрғысынан жан-жакты ізденістер жүргізілді. Мәселен, «Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина» (1972) атты жинақ Г.Н. Потаниннің казак фольклорына қатысты жинаған мәтіндерін жанрлық жіктеу бойынша беруімен және алғашқы жарияланымды ұсыну арқылы дайындалды. Мұндай ұстанымның екі жакты қызметі бар: фольклорлық мәтін «бұзылмай» ұсынылады, сонымен бірге кейінгі жариялаушының қандай мақсатты көздең, өзгертулер жасағаны анықтады. Құрастырушылар: С.А. Қасқабасов, Н.С. Смирнова, Е.А. Костюхин, Е.Д. Тұрсынов сюжеттердің халықаралық типін анықтап, текстологиялық жұмыстар жүргізген. Осындағы мақсатты жұмыс «Хайуаннтар туралы казак ертегілерін» (1979) жарыққа шығаруда да басшылыққа алынған.

1975 жылы Мәскеуден «СССР халықтарының эпостары» сериясы бойынша «Кобыланды батыр» жарыққа шыкты. Бұл кезеңдегі басылымдар бұрынғымен салыстырғанда біраз өзгешеліктерге ие. Атап айтқанда, жинақты құрастыруышы фалымдардың зерттеу мақалалары жазылды, мәтіндер көпнұсқалы түрде беріліп, орыс тіліндегі аудармасы катар ұсынылды. Сондай-ақ ғылыми түсініктер кеңейтіліп, орындаушылар туралы мәліметтер, т.б. манызды деректер енгізілді.

Казак фольклористері бүкілодактық орталықтармен тығыз байланыста жұмыс істеді. Фольклорлық шығармалардағы тарихилық және типологиялық зерттеулер мақсатты түрде қолға алынғанда ұжымдық іргелі зерттеулер жасалды. Оның дәлелі – «Казак тарихи жырларының мәселелері» (1979); «Казак фольклорының типологиясы» (1981), т.б. еңбектер? осындағы ғылыми ауқымды жұмыстардың айғағы. Мәселен, «Казак тарихи жырларының мәселелері» атты ұжымдық жинақта тарихи жырлар мен тарихи өлеңдердің құрамы, жанрлық табиғаты сараланып, идеялық-көркемдік мәні талданды. Монографияда тарихи өлеңдер мен тарихи жырлардың жанрлық ерекшеліктері туралы айтылып, бірінші бөлімде XVIII ғасырдағы тарихи оқиғаларда ерен батырлық танытқан Абылай хан, Каракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шакшак Жәнібек, Олжабай батыр, Өтеген батыр, Арқалық

батырларға арналған жырлардың ерекшеліктерін талдауға арналған. Ал, екінші бөлім XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі тарихи оқиғаларға байланысты туған эпостарға арналған. Тарихи жырлардағы архаикалық сарындардың қолданылу ерекшеліктері сараланды.

«Қазақ фольклорының типологиясы» атты ұжымдық жинақ фольклорлық туындылардың тегі, жасалу, даму, өзгериу заңдылықтарын талдауға арналған. Авторлар ұжымы эпос, ертегі, аныз, әңгіме, түрмис-салт өлеңдерін, т.б. жанрларды түркі-монгол халықтарының фольклорымен салыстырып, олардың арасындағы ортактықтар мен өзгешеліктерді аныктаган.

1986–1989 жылдар аралығында «Қазақ халық өдебиеті. Көп томдық» сериясы бойынша 18 том фольклорлық мәтіндер жанрлық ерекшелігі бойынша жарияланды. Батырлық жырлар – 6 том, тарихи жырлар – 3 том, ертегілер – 4 том, айтыстар – 2 том, дастандар – 2 том, мақал-мәтелдер 1 том болып шықты.

«Қазақ фольклористикасының тарихы. Революцияға дейінгі кезең» атты ұжымдық зерттеу (1988) ғасырлардың тереніне бойлап, казақ халқының мәдениеті, тілі, тарихы, өдебиеті, өнері хакында азды-көпті ой қалдырган зерттеушілердің жазбаларын мейлінше толық қамтыған. Зерттеу. XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезін ауқымды түрде ерекшелеген. Оған дейінгі тарихи, филологиялық зерттеулердің көбінде тек ұлы демократ ағартушыларымыз Шоқан Ұәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың аттарығана жіңі аталатын. Осы зерттеуде бұл олқылықтың орны толтырылып, зерттеушілердің қатары да, зерттеу нысандарының қамтылуы да әлдекайда артты.

«Өмір шындығы және фольклорлық дәстүр», «Фольклортану тарихынан» деген екі үлкен бөлімді қамтыған «Фольклор шындығы» (1990) атты монографияда фольклордың тарихилығы және өмірмен байланысты қырлары зерттелген. Атап айтқанда, эпикалық дәстүр (Р. Бердібаев), фольклордың қазіргі замандағы ролі (С. Қасқабасов), эпос жанрының қалыптасу тарихы (Ш. Ибраев), отбасы фольклорының этнографиямен байланыстылығы (К. Матыжанов), т.б. зерттеулер орын алған.

Б. Абылқасымов бұл жинақта М. Дүйсеновтің «Фольклор ма, өдебиет пе?» деген мақаласындағы (Қазақ өдебиеті,

1971, 2 июль) ойды қайта қозғап, бүгінгі күнде бұл ұғымдардың өзіндік ерекшелігімен қабылдануына кол жеткізілді.

Фольклортанушы ғалымдар ұжымдық монографиялар дайындаумен бірге жеке зерттеулермен де айналысып, фольклордың түрлі жанрындағы типологиялық ұқсастықтар мен ұлттық ерекшеліктерді айқындастырып, енбектерді жарыққа шығарды. Мәселен, Е.Д. Тұрсынов «Генезис казахской бытовой сказки» (1973), «Казак ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» (1976); Б. Уахатов «Қазактың халық өлеңдері» (1974), «Қазактың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» (1983); Р. Бердібаев «Қазак эпосы» (1982), Б. Эзібаева «Казахские народные романнические дастаны» (1990), т.б. кітаптар жарияланды.

С.А. Касқабасовтың «Казахская волшебная сказка» (1972), «Казактың халық прозасы» (1984), «Казахская несказочная проза» (1990) атты кітаптары фольклорлық жанрлардың типологиялық және стадиялық ерекшеліктерін анықтауға арналған. Мәселен, ғалым «Казактың халық прозасында» қазак фольклорындағы миф ұғымымен европалық түсініктегі мифтің бірдей еместігін, т.б. осындағы айырмашылықтарды саралап, талдаған. Ғалымның бұл кітабы Қазақ ССР ФА Төралқа шешімімен Ш. Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болды. Ал, 1992 жылы Президент Жарлығымен «Казахская несказочная проза» кітабы үшін әдебиет, өнер және архитектура салаларындағы Қазакстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін фольклордың идеологиялық қызметі ашық түрде зерттеле бастады. Жазықсыз «халық жауы» атанған фольклортанушы ғалымдардың енбектері зерттеліп, ғылыми айналымға қосылды. Батырлық және тарихи жырлардың арасында ұлттық идеологияға байланысты айтылмай, зерттелмей қалған «Едіге батыр», «Шора батыр» эпостары да арнайы зерттеулердің нысанына алынды. Бұл қезенде де, әрине, фольклорист ғалымдардың жинаған материалдары жинақ болып шығып жатты. Мәселен, В.В. Радловтың қазақ фольклорына қатысты жинаған мәтіндері «Алтын сандық» (1991) және «Ел қазынасы – ескі сез» (1994) деген тақырыптармен алғашқы жарияланым бойынша жарық көрді.

«Қазак фольклорының тарихилығы» (1993) атты ұжымдық жинақта халықтың әр дәуірдегі тұрмыс-тіршілігі, өдет-

ғүрүп, наным-сенимімен тығыз байланыста өрбитіндігі жанжакты зерделенген. Бұл кітапта архаикалық, классикалық, романдық және реальды-тариҳи эпостардың ерекшеліктері мен олардағы тарихи шындықтың бейнеленуі, аракатынасы зерттелген.

Фольклорлық поэтика, әрине, әр жылғы зерттеулерде сөз болған. Дегенмен «Қазак фольклорының поэтикасы» атты (2001) атты ұжымдық монография оны ауқымды әрі мақсатты түрде теренінен зерттеді. Бұл ұжымдық монографияда эпос поэтикасының түрлі қырлары: фольклорлық шығармалардың сюжеттік және композициялық құрылымы, кейіпкерлердің суреттеудің тәсілдері, анимистік, тотемдік, магиялық наымдардың көркем фольклорда өзгеріске түсіп, колданылу ерекшелігі, тұтастану құбылысының сипаттары мен түрлері, т.б. зерттеулер камтылған.

Он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабының фольклорлық кезеңіне арналған бірінші томы (2008) қазак фольклорының тарихын зерттеуге арналды. Алдыңғы «Қазақ әдебиетінің тарихымен» салыстырғандағы өзгерістер: фольклор тарихы әдебиет тарихынан іргесін ажыратқан, қазақ фольклорының статусы мен теориялық негіздері айқындалған. Атап айтқанда: фольклор – ежелгі дуниетаным және көне мәдениет, әрі мұра, фольклор – тұрмыстың бір бөлшегі, фольклор сөз өнері ретінде карастырылды.

Ұжымдық еңбек «Ежелгі замандағы рухани мәдениет», «Орта ғасырлардағы фольклор», «Жаңа дәуірдегі фольклор» деген үш бөлімге бөлініп, жанрлар тарихи-стадиялық даму түрғысынан зерттелген. Мәселен, қазақ хандығы тұсындағы фольклор күрамында қаралған кейбір жанрлар сол заманда тумаған, олар ертеректе пайда болып, хандық кезінде өркендел, көркем фольклорға айналған. Сол сиякты «Жаңа дәуірдің» де біраз жанры өз бастауын ортағасырда алып, көркемделіп дамуын XVIII–XIX жүзжылдықтарда басынан кешірген. Сонымен бірге бұл дәуірде жана жанрлар мен шығармалар да өмірге келіп отырған. Ал, XX ғасырдағы фольклор туралы сөз болғанда, жанадан пайда болған заман катар бұрынғы жанрлардың өзгергені, жаңа сипаттағы не болғанды айтылған. Соңдықтан «Кітаптың міншілдегі – ұлттық фоліклорымыздың даму жолдарын көрсө у. Одан жақынлеген жанрларының туу, калыптасу, өбекендеп-еңес, у-ерестеңін айқындау» (Қазак

әдебиетінің тарихы. Он томдық. I-том. Алматы, 2008, 16-б.) болған.

Фольклортану бөлімі 2006-2008 жылдар аралығында «Қазіргі казақ әдебиетіндегі фольклорлық дәстүр» атты іргелі зерттеу бойынша жұмыс атқарды. Соның нәтижесінде «Қазіргі әдебиет және фольклор» атты ұжымдық монография жарық көрді. Оның «Қазіргі поэзия және фольклор», «Қазіргі прозадағы фольклорлық дәстүр», «Бүгінгі драматургиядағы фольклорлық сарындар» атты үш бөлімінде фольклор мен әдебиеттің генетикалық, оппозициялық, үндестік байланыстарының қолданыс ерекшеліктері зерттелді. Бұл зерттеу тәуелсіздік тұсында жазылған көркем шығармаларды ғылыми нысан етіп алуымен ерекшеленеді. Ұлттық әдебиеттің даму жолында фольклордың рөлі, көркемдік сапасына ықпалы, т.б. ерекшеліктері өлем мәдениетінің дамуындағы басты зандастырылтардың негізінде тексерілді.

Қаламгерлердің фольклордан үйрену, менгеру, сіндіру, кайта жаңғырту үдерістеріндегі даралық қолтанбасы айқындалды.

Фольклортанушы ғалымдар ұжымдық монографиялар дайындаумен қатар жеке зерттеу енбектерін де жарыққа шығарды. Б. Абылқасымов қазактың көне нағым-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклорына арналған «Телқоныры» (1993), Ш.Ыбыраев «Эпос әлемі» (1993); К. Іслемжанұлы «Рухани уыз» (1995), Ш. Керім «Қазақ жұмбағы» (1999), Б. Әзібаева «Казахский дастанный эпос» (1998) атты енбектерін тарихи-типологиялық, тарихи-генетикалық зерттеуге арнады.

Сонғы он жылда С.А. Қасқабасов әр жылғы зерттеулері топтастырылған «Елзердө» (Алматы, 2008), «Алтын жылға. Зерттеулер мен мақалалар», т.б. жинақтар шығарды. Сондай-ақ академиктің 70-жылдық мерейтойына арналған «Заман және руханият» кітабы шықты. Мұнда алыс және жақын шетелдік ғалымдардың фольклортану мен әдебиеттануға байланысты зерттеулері енгізілген. Ал, «Ой-сана» кітабында ғалымның әр жылдары түрлі басылым беттерінде жарық көрген сұхбаттары қамтылған.

С.А. Қасқабасовтың «Президент және мәдени мұра» кітабында «Президент назарында – Мәдени мұра», «Мәдени мұра – рухани жаңғырудың негізі», «Ұлт мұрасын үрпакқа жеткізу – парызы», «Мәдени мұра – ұлттық рухтың тірепі», т.б. казақ ғылымын дамытуға байланысты пікірлері топтастырылған.

Бөлімнің жетекші ғылыми қызметкері К.Матыжановтың «Қазақтың отбасы фольклоры» (2007) атты монографиясында отбасылық ғұрып фольклоры арнайы зерттеу нысанына алынып, зерделенді. Ғалым отбасы фольклорын әлпештеу фольклоры; үйлену фольклоры; азалау фольклоры деген жіктеулерге жүйелеп, зерттеген.

Бөлімнің жетекші ғылыми қызметкері Р. Әлмұханованың «Қазак фольклорындағы антикалық сарындар» (2009) атты монографиясы қазақ фольклорында архаикалық аталып келген тарихи жыл санауға дейінгі орын алған антикалық сарындарды тарихи-тиологиялық, тарихи-мәдени байланыстар тұрғысынан зерттеуге арналды. Қарастырылатын фольклорлық сюжеттер мен сарындар, образдар, жанрлар антикалық грек мифімен типологиялық талдауға алынып, казак және антикалық грек фольклорындағы сарындар мен образдардың ортактығы анықталып, казақ фольклорының архаикалық сипатты молынан сактауының себептері тарихи-қоғамдық формациялардың ерекшелігімен және мемлекеттіліктің қалыптасуымен байланыстырылып тұрғысынан талданды.

Бөлімнің жетекші ғылыми қызметкері А. Тойшанұлының «Түрік – монғол мифологиясы» атты монографиясында (2009) қазақ пен монғол материалы негізге алына отырып, түрік, монғол халықтарының мифологиясы өзара өрі әлемдік үлгілермен кешенді салыстырылып, мифтердің түрлері, шығу тегі, образдардың қалыптасу эволюциясы фольклорлық зан-дылықтар мен құбылыстар аясында жүйелі тексерілді. Еуразия кеңістігінде ежелден қанаттас, санаттас өмір сүрген – алтай, телеуіт, тува, хакас, шор, саха, бурят, қырғыз, татар, өзбек, түрікмен, түрік сияқты бауырлас халықтардың мұралары дәйекті байыпталып, олардың мифологиясы әлемдік діндерге дейін ортақ болған деген түйін жасалған. Сонымен бірге қазақтың дәстүрлі баспанасы – киелі киіз үй рухани мұра тұрғысынан зерттеліп, оның мифологиялық толымды бейнесі жаңғыртылған.

**Фольклорлық материалдар жинау** мақсатында ғалымдар 1961–1971-жылдар аралығында республика аумағына және Қарақалпақстанға тұракты тұрде экспедицияларға шыққан. Атап айтқанда, 1963 жылы Б. Ыскаков, Т. Бекхожина, Т. Қанағатов Қарақалпақ автономды республикасында болса, А. Жұбанов пен Т. Мерғалиев, Г. Сұлтанғалиева Қазақстанның батыс, ал, Б. Адамбаев шығыс аймақтарын аралаған. 1965 жылы

С. Мұқанов, Е. Исмаилов, Б. Адамбаев солтүстік Қазақстан өнірінде іссапарда болып, жыршы Молдахмет Ержановтың және бұрын есімдері белгісіз болып келген жыршылар? Таласпай Нұрпейісов, Камали Мұқажанов, Топаш Сыдыков, Есенбай Шыныбаев, Әбдіраш Оспанов, Тайса Садыков репертуарларын жазып алған. Осы сапарда жалпы қолемі 45–50 мындау жол өлең жазылып алынған. Бұл сапардың маңыздылығы – Шокан Уәлиханов 1841 жылы жазып алған Жаманқұл туралы деректер табылған. Кіші ғылыми қызметкер Н.Төрекұлов Оңтүстік Қазақстан облысында Шөуілдір, Шаян, Арыс, Қаратас елді мекендеріне барып, 200 макалмәтел, 200 нақыл сөз, 20 ертеңі, және т.б., К.Сейдеханов Шелек, Арап, Жалағаш, т.т. аудандарынан 20 000 жол дәстүрлі және қазіргі шығарма (қисса, өлең, айтыс) жинаған. Қызылорда, Шымкент фольклорлық іссапар кезінде Ташкент архивінде сақталған С. Маловтың Ә. Диваевқа жазған хатының көшірмесі өкелінді. Кіші ғылыми қызметкер Б. Ыскаков «Қызы Жібек», «Қобыланды», «Құлбек батыр», «Мақамбай батыр» жырларын қолжазба күйінде және магнит таспаларына жазып өкелген.

Ғалымдар тараپынан фольклорлық экспедициялар әр кезде де болып тұрған. Оған КР БФМ қарасты Орталық ғылыми кітапхананың және өзіміздін институттың қолжазба қорларында сақталған қолжазбалар күө. Бұл қолжазбалар 1920 жылдары Ә.Диваев жинаған қолжазбалардан бастап сактаулы және осы кезге дейін олар ғылыми колданыстан түсken емес.

Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде де фольклорлық іссапарлар жүзеге асуда. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1998 жыл «Ұлттық тарих және халық бірлігі жылы» деп аталуына орай республика қолемінде ауқымды экспедиция өткізілді, бұған фольклортану бөлімінің қызметкерлері белсене атсалысты.

2005 жылы институттың бастамашылығымен Монголияда казак диаспорасы шоғырланған аймактарға фольклорлық-музыкалық экспедиция ұйымдастырылды. Оған музыкатанушы Ә. Нұрбаев пен фольклортанушы А. Тойшанұлы қатысты. Нәтижесінде осы кезге дейін ғылымға белгісіз болып келген мәтіндер аныкталды.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2007–2008 ж. аралығында үш том «Мировая фольклористика» жи-

нағы жарық көрді (құраст.: С.А.Касқабасов, А.Тойшанұлы). Оған Америка, Европа мен Азияның белгілі ғалымдарының фольклортануға қатысты зерттеу еңбектері топтастырылған. Мұндай жинактың жарық көруінін себебі: шетелдерде жа-рияланған фольклортануға қатысты еңбектердің біздін рес-публика ғалымдары үшін де қызығушылығын тудыруы сөз-сіз және олар осы заманғы зерттеулерге қажеттігі айқын. Құрастырушылар субъективті пікірге ерік бермей, ғылымдағы түрлі ойлардың өмір сүру мүмкіндігін ескерген. Жинақ со-нында әр ғалым туралы өміrbаяндық, т.б. қажетті маңызды мәліметтермен толықтырылды.

«Бабалар сөзі» бойынша бес том «Ертегілер» жанрішілік-стадиялық ерекшелікке сай дайындалды. Фольклорлық мә-тіндер колжазбалық және алғашқы жарияланымдар бойын-ша алынып, текстологиялық жұмыстар жүргізілді, сюжет-тердің халықаралық типі анықталды.

**Халықаралық байланыстар.** Кенестік республикалар ара-сында ғылыми байланыс ғылымды дамытудағы қозғаушы күш, өзекті мәселе ретінде бағаланды. 1961 жылы Киев қаласында кенес дәүіріндегі халық поэзиясына арналған Бұқілодактық мәжіліске М. Карапаев пен институт директорының ғылыми істері жөнінен орынбасары О. Нұрмамбетова, фольклорта-ну бөлімінің ғылыми қызметкері Б. Адамбаев, 1965 жылы О. Нұрмамбетова мен кіші ғылыми қызметкері К. Сейде-ханов Улан-Удэ қаласында өткен кенес фольклорын зертте-уге арналған ғылыми конференцияға қатысқан. Ал, СССР ғА Әдебиет және тіл бөлімінің жаңындағы ғылыми кенестің үйымдастыруымен фольклордағы тарихилық мәселесіне ар-налған ғылыми конференцияға М. Карапаев, ҚазССР ғА корр.-мүшесі, фольклортану бөлімінің менгерушісі Е. Исма-илов Мәскеуде өткен этнографтар мен антропологтардың VIII Халықаралық конгресіне қатысты (1964).

Фольклор мен әдебиеттің байланысы туралы Душанбе қаласында өткен Бұқілодактық ғылыми кенесте О. Нұрмамбетова «Қазақ совет әдебиеті және оның фольклормен байланысы», Н.С.Смирнова «Казахская советская поэзия и традиции фольклора», М. Ғабдуллин «С.Мұқановтың 20-жыл-дардағы поэзиясындағы фольклор», Б.Адамбаев «Қазақтың шешенендік өнері және олардың әдебиетпен байланысы» (1968) деген тақырыпта баяндамалар жасаған.

Аға ғылыми қызметкери Ү. Субханбердина мен кіші ғылыми қызметкер Г.Сұлтанғалиева Қазан, Уфа, Чебоксары қалаларында болып, қазак фольклорына қатысты сакталған материалдарды (1967 23/IX–12/X) алып келген.

Фольклорлық экспедициялар тек Қазақстан аумағымен шектелмеген. Мәселен, 1963 жылы Б. Ыскаков, Т. Бекхожина, Т. Қанағатов Қарақалпақ автономды республикасында болса, 1965 жылы институт фольклористерінің мәжілісі өткізілген. Оған М. Горький атындағы Әлем әдебиеті институты директорының орынбасары А.А. Петросян келіп, КСРО халықтарының эпостары туралы баяндама жасаған.

Мәскеудегі М. Горький атындағы Әлем әдебиеті институтымен тығыз байланыс болғанын мұрагатта сакталған күжаттар айғақтайты. 1967 ж. М. Сильченко мен О. Нұрмамбетова «Козы-Көрпеш-Баян-сұлу» эпосының орыс тіліндегі жолма-жол аудармасын жасап, осы Әлем әдебиеті институтына жіберген. Ал, 1969 жылы олардың «Едіге» жыры туралы ғылыми конференция өткізу жоспарлап отырғаны, Әдебиет жөне өнер институтынан бір баяндамашы мен бұл эпос туралы бекітілген тұжырымы Ленинград қаласында тұратын академик В.М.Жирмунскийдің атына жіберуді сұраған өтініш келген.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында алыс және жақын шеттермен халықаралық байланыстар дами түсуде. Бүгінде бөлім қызметкерлері ТМД, Түркия, Иран, Египет, Монголия, т.б. елдердің ғалымдарымен тығыз байланыс жасауда. Халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар мен симпозиумдарға қатысып, ғылыми басылымдарға зерттеулер жариялануда.

**Коференциялар.** 1969 жылғы қазан айының 27–30-сы күндері аралығында Алматыда «Қазіргі казақ фольклорының жағдайы және оның даму жолдары» тақырыбына арналған ғылыми-творчестволық конференция үйімдастырылды. Бұл конференцияда СССР ПГА академигі, профессор М. Ғабдуллин «Қазақ фольклористикасының даму жолдары» атты тақырыпта баяндама жасаған. О.Нұрмамбетова «Елу жылда казақ фольклорының жиналуды мен зерттелуді», Н.С. Смирнова «Алтайские и казахские версии эпоса «Козы-Корпеша», ф.ғ.к. Б. Адамбаев «Халық ақындарының шығармашылығындағы В.И. Ленин образы», Т.Сыдыков «Казіргі халық ақындары поэмаларының даму жолдары», ф.ғ.к. Б. Уахатов «Қазақ

халық өлеңдері және оны орындаушылар», Б. Ысқақов «Қазіргі замандағы жыраулық дәстүр», А. Рақымжанов «Шынайы айтыс» атты тақырыпта баяндамалар жасаған.

Фольклортану бөлімінің қызметкерлері 2002 жылы «Қозы-Көрпеш-Баян-сұлу» эпосының 1500 жылдығына орай халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының үйімдастырылуы мен өткізілуіне белсене атсалысты.

Сондай-ак 2005 ж. «Рухани мұра және қазіргі мәдениет: текстология, игеру, зерттеу» халықаралық ғылыми симпозиумы өткізіліп, оған мәскеулік ғалымдар: филол.ғ.д., Ресей Ғылым академиясының мүшесі-корр., фольклортану бөлімінің менгерушісі В.М. Гацак пен А.М. Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының ғалым-хатшысы, ф.ғ.д. А.И. Алиева қатысты.

**Кадрлар даярлау.** Фольклортану бөлімінің қызметкерлері ғылыми біліктілігін үдайы жетілдіріп отырды. Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алған С.А. Қасқабасов, Б. Әзібаева, К. Матыжанов, Ш. Керім – бүгінде ғылым докторлары. А. Сейдімбек «Казактың күй аныздары (құрылымы және жанрлық ерекшеліктері)» деген тақырыпта филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. Жалпы, республика қолемінде қызмет етіп жүрген фольклортанушылардың басым көпшілігі диссертациялық жұмыстарын фольклортану бөлімінде талқылаудан өткізіп, ғылыми дәрежелерін қорғады. Сондай-ак А.И. Сағитов «Қарақалпак батырлық жырлары», Х.Т. Зарифов «Проблемы изучения узбекского фольклора», А. Айымбетов «Каракалпакские народные сказители», Р. Музafferov «Связь татарского фольклора с фольклором южных славян» тақырыбында докторлық диссертациялар қорғады.

Бүгінде фольклортану бөлімінде 4 филология ғылымдарының докторы: С.А. Қасқабасов, К.І. Матыжанов, Ш.Т. Керім, Р.Т. Әлмұханова және 1 филология ғылымдарының кандидаты – А. Тойшанұлы, 1 тарих ғылымдарының кандидаты – Н.Ә. Әлімбай қызмет істейді. Бөлім қызметкері, филология ғылымдарының докторы К.І. Матыжанов 1990 ж. филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Казактың фольклорлық балалар поэзиясы», 2004 ж. «Казактың отбасылық ғұрыптық фольклоры» атты докторлық диссертация қорғады.

Ш.Т. Керім «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі казак өнші-акындарының (сал, серілер) шығармашылығындағы жалпылық және дәралық мәселелері» тақырыпта кандидаттық, ал, 2000 ж. «Казак фольклорындағы жұмбақ жанры» атты докторлық диссертация корғады.

2008 жылы А. Тойшанұлы «Қазак пен монгол мифологиясының типологиясы» атты тақырыпта кандидаттық, 2010 ж. Р.Т. Әлмұханова «Қазак фольклоры мен антика өдебиетінің типологиясы» тақырыпта докторлық диссертация корғады.

Бөлім қызметкерлері бүгінде «Қазак фольклорындағы ұлттық идеяның жырлануы» тақырыбында іргелі зерттеу жұмыстармен айналысада.

*Риза Әлмұханова*

## ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАР ӘДЕБИЕТІ БӨЛІМІ

Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесі XX ғасырдың оң бойына созылған ұзак дау-талас, ғылыми-әдеби және идеологиялық тартысты бастаң кешірген мәлім. Кеңестік талтық қөзкарас, Компартияның солақай саясаты қазақ халқының үлттық төл әдебиетінің төркінін ежелгі сак-ғұн, көне түркі жазба жәдігерлерінен бастауға өу-бастаң-ақ, карсы болды. Сол себепті XX ғасырдың 60–70 жылдарына дейін қазақ әдебиетінің тарихы арысы Бұқар жыраудан, берісі Абайдан басталады дейтін үстірт пікір үстемдік құрып келді.

Алайда, уақыт өтүімен қогамдық өзгерістердің орын алуымен бірге әдебиет тарихы да қайта жаңғыру, түлеу кезеңіне қадам басты. Мұндай онды өзгерістер, өсіреке, 1957, 1959 жылдардағы әдеби пікірталастардан (дискуссия) соң, Кеңестік партия саясатындағы «жылымық» мезгілінде көрініс тапты. Десек те, әдебиетіміздің көне дәуірлерін зерттеу мәселесі тек өткен ғасырдың 60-жылдарының соңынан бастап қолға алына бастады.

Ежелгі әдебиетіміздің тарихын түгендеу, дәуірлеу, жүйелеу, зерттеу жұмыстары көп жылғы кедергілерден бірден аттап өте қойған жок, бұл бағыттағы зерттеулер там-түмдап, жекелеген «жанкешті» ғалымдарымыздың тертөкті еңбектерінің нәтижесінде біртіндеп жолға қойылды. Бірден айта кету керек, ежелгі жазба ескерткіштерін зерттеуде академиктер Н. Сауранбаев, И. Кенесбаев, Ф. Айдаров, профессор І. Жанпейісов, Ә. Құрышжанов, Ә. Ибатов, М. Томанов, М. Балақаев, С. Аманжолов, Б. Әбілқасымов, М. Исаев, Р. Сыздықова т.б. тілші-ғалымдардың қоскан үлкен үлесі бар. Осы қатарда академик-жазушы М. Әуезов, С. Мұқанов, көрнекті әдебиет және фольклор зерттеушісі Ә. Марғұлан, Ә. Қоныратбаев, көне әдебиеттің жокшысы һәм білімпазы профессор Б. Кенжебаев есімдерін ерекше атаған жөн.

Осы аталған ғалымдардың арасында, сөз жоқ, Бейсенбай Кенжебаев казақ әдебиетінің тарихын ежелгі дәуірлеуден бастау жөніндегі принципті ғылыми түрғыдан пайымды пікіртүжырымдарын табанды түрде қорғай білген және іс жүзінде жүзеге асыруға белсene кіріскең бірден-бір зерттеуші ретінде танылады. 60-жылдардың орта шенінде қолға алынған ежелгі әдебиет тарихын зерттеу жұмыстарына филология ғылымда-

рының докторы, профессор Х. Сүйіншәлиев те белсene арасынан көреміз.

Профессор Б. Кенжебаев казак әдебиетінің ежелгі дәуірлерін зерттеу максатында бірнеше дарынды шекірттер дайындағы. Соның нәтижесінде М. Мағауин 1967 жылы «ХҮ-ХҮІІ ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясы», М. Жолдасбеков 1969 жылы «Орхон жазба ескерткіштерінің көркемдік мәні», А. Қыраубаева 1974 жылы қыпшак әдебиетінің жазба мұрасы «Мұхаббат-нама» тақырыбында кандидаттық диссертация корғады. Көп үзамай М. Мағауиннің «Көбіз сарыны» (1968) монографиясы мен «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1967), «Алласпан» (1970) атты анатологиялық кітаптары, Б.Кенжебаевтың «Қазак әдебиетінің көне дәуірі» (1970), «Қазак әдебиеті тарихының мәселелері» (1973), К. Сыдыковтың «Ақын-жыраулар» (1974), М. Жолдасбековтің «Асыл арналар» (1986), Х.Сүйіншәлиевтің «Ғасырлар поэзиясы» (1987), А. Қыраубаеваның «Ғасырлар мұрасы» (1988), Н.Келімбетовтің «Қазак әдебиетінің ежелгі дәуірі» (1986) атты енбектері жарық көрді. Сондай-ақ осы топтағы бірнеше зерттеуші қатысқан «Ертедегі қазак әдебиеті» (1967) хрестоматиясы да өз кезеңі үшін елеулі жаналық болып саналды.

Десе де, казак әдебиетінің ежелгі дәуірлерін теренірек зерттеуге әдебиеттанушы-ғалымдардың мүмкіндігі болмады. Себебі, қазақтың арғы-бергі шежіресінен мол хабардар, көне мұраларды жетік билетін К. Сәтбаев, М. Әуезов, Х. Жұмалиев, Е. Бекмұханов, М. Қаратаев, Ә. Коңыратбаев сынды қөптеген ғалымдар кеңестік идеологияның кузынына ұшырап, тарихымыз бер мәдени мұраларымызға терендеп баруға тиым салынды.

Кеңестер Одағының соңғы он жылында Институт қазак әдебиеті тарихының асыл мұраларын зерттеумен айналысып, ғылыми ізденістердің нәтижесі ретінде орта ғасырлық әдеби мәтіндерді қазак тіліне аудара бастады. Мәселен, сол жылдары әдебиеттанушы-ғалымдар Ә. Дербісөлін, М. Жармұхамедов, Ә. Құмісбаев «Оғыз-нама», «Мұхаббат-нама» сынды шығармалардың сапалы аудармасын қазак оқырмандарына ұсынды.

Мұрағат деректерінің мәліметіне сүйенсек 1989-1993 жылдар арасында қазак әдебиеті тарихы бөлімін ҚазКСРҒА-ның мүше-корроспенденті Ш.К. Сәтбаева басқарған және осы бөлімнің құрамында қазак әдебиетінің көне дәуірлерін зерттеумен айналысатын арнайы бөлімше жұмыс атқарған.

Мұнда Ш.Қ. Сәтбаеваның жетекшілігімен аталған 5 жыл мерзімде Қарахандар кезеңінің діни-дидактикалық жәдігерлері Қожа Ахмет Йасаудің «Диуани хикметі» мен Ахмет Йүгінекідің «Хибат-ул хақақы» атты шығармаларын казак әдебиеті тарихымен сабактастықта зерттеу жобаланған және бұл жоспарлы жұмыстарды атқару осы бөлімнің ғылыми қызметкерлері М. Жармұхамедов, С. Дәүітов, М. Шағиғов және кіші ғылыми қызметкерлер Р. Ахметов пен Н.Сағындыковка жүктелген. Нәтижесінде, алғашқы үш ғылыми қызметкер А. Йасаудің «Хикметтер жинағын» аз уақыт ішінде казақшалап, көне түркі тіліндегі транскрипциясымен қоса дайындалды. Ал Р. Ахметов 2 б.т. көлемінде «Ахмет Йүгінекідің өмірі мен шығармашылығы» атты зерттеуін, Н.Сағындыков Ортағасырлық «Қисас-ул өнбийа» діни-агиографиялық жазба туындының кейбір тарауларын көне түркі тілінен казақшаға аударып, транскрипциясын жасауды жүзеге асырды.

1993 жылы Қожа Ахмет Йасаудің «Диуани хикмет» («Ақыл кітабы») сопылық өлеңдер жинағы Алматыда қазак тілінде жеке кітап болып тұнғыш рет баспа бетін көрді. Бір назар аударатын дерек, «Ежелгі дәуір әдебиеті» бөлімшесі 1992 жылдан бастап жеке ғылыми жұмыстар жүргізген және алғашқы екі жылға «Ежелгі дәуірдегі қазак әдебиеті (генезисі мен жанрлық қалыптасуы)» деген тақырыпта зерттеулер жүргізуі мақсат еткен. Осы жылдары Йасауи мұраларын жинау, танысу, аудару, зерттеу жұмыстары барысында бөлім қызметкерлері М.Жармұхамедов пен М.Шағиғов Түркістан қаласындағы Йасауи музейіне барып, ондағы шайыр мұраларымен теренірек танысып қайтады. М.Жармұхамедов түркі шайырының сопылық әдебиеттегі ойшыл тұлғасы мен оның хикметтеріне жан-жақты талдау жасайды, сонымен қатар А.Йасауи туралы фильмнің ғылыми кенесшісі болып тағайындалады.

- 1993 жылы қараша айында Қазақстанның Ұлттық китапханасында (Алматы) «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») жинағының тұсаукусер салтанаты өтеді. 17 б.т. кітапқа М.Жармұхамедовтің көлемі – 30 беттік алғысөзі берілген. Фалым осы жылы шілдеде Анкарадағы түркі халықтары әдебиетінің симпозиуымына катысып, казак әдебиетіндегі ақын-жыраулар дәстүрі жайында баяндама жасады. Оның әзірлеуімен Йасаудың «Насабнамасы» бірнеше тілде жарық көреді, сондай-ақ баяндамасы түркі тілінде басылады.

Бөлім қызметкерлері Сүлеймен Бақырғани мұраларын зерттеумен де айналысады. 1992 жылдан бастап аталған хорезмдік қыпшак шайырының сопылық бағыттағы кейбір поэзиялық жинактарын аудару жұмыстарын жүргізіп, оған шығыстанушы ғалым Ә.Кұмісбаев жетекшілік етеді.

Осы жылдары бөлім қыпшак шайыры Құтыптың «Хұсрау-Шырын» дастанын қазақшалаумен шұғылданғаны жөнінде мұрағат деректері сакталған. 1992 жылы Ә.Кұмісбаев Қазан қаласында өткен түркітанушылар конференциясына катысады. Жалпы, 90-жылдардағы «Ежелгі әдебиет бөлімі» жүргізген аударма жұмыстарына сол уақыттағы санаулы шығыстанушы-калиграфтардың бірі ретінде М.Шағиғов те катыскан.

Аталған жұмыстардың барысында ғылыми ортада «Ежелгі әдебиет» бөлімінің беделі біршама өсіп, канаты катая бастайды. Институт ғалымдары халықаралық аrenaға аяқ басып, казак әдебиеттану ғылымын өзге елдерге таныту мақсатында жаңа белесті бағындыруға үмтүліс жасағандары айқын сезіледі.

1994 жылғы Институт Ғылыми кенесінің есебіне карағанда белімде кадр тапшылығы орын алған және негізінен ҚР ҰҒА корреспондент-мұшесі Ш.К.Сәтбаеваның жетекшілігімен жұмыс істеген. Осы уақыттары қызметкерлер «Қазақ әдебиеті тарихы» көп томдығының XY-XVIII ғ.ғ. арналған екінші томын өзірлеуге катысады. Мәселен, бөлімнің аға ғылыми қызметкерлері М. Жармұхамедов пен К. Сыдықов жазған Қадырғали Қосымұлы Жалаиридың «Жамиғат тауарик» («Шежірелер жинағы») және Әбілғазы Баһадүрхан-ның «Шежіре-и түрк» атты кітабы туралы зерттеулері, «Ақын, жыраулар поэзиясындағы уақыт пен шындық һәм көркемдік көріністер» тарауларының ғылыми маңызы мен жаңалығы жоғары бағаланған. Осы бағыттағы тақырыпта К.Сыдықовтың XY-XVIII ғ.ғ. ақын-жыраулар поэзиясы туралы «Көркемдік өрнектер», Ж.Тілеповтің «Қазақ поэзиясының тарихылығы» монографиялары жарық көргендегі атап өтілген.

Өткен ғасырдың 90-жылдар басындағы экономикалық дағдарыс М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтын да айналып өтпеген. Араб, парсы, шағатай тілдерін мен-герген шығыстанушы, түркітанушы мамандардың жетіспеуі, қысқарту мен біраз ғалымдардың жоғары оқу орындарына оқытушылыққа ауысуы себептерімен «Ежелгі дәуірдегі қазак

әдебиеті» бөлімі жабылады. Осыдан біраз бұрын, яғни 1994 жылғы мұрагат деректерінің бірінде бөлімді алдағы 1995 жылы филология ғылымдарының докторы С.А.Қасқабасов баскарсын деген үсінис жасалған болатын. Дегенмен, 1994 жылдың сонында институтты аттестациядан өткізген ҚР ҰҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімі комиссиясының аныктағышының оның жағдайына қол койған академик З. Қабдолов: «Институттың көптеген күнды монографиялары, текстер жинақтары қағаз және қаржы тапшылығынан «Ғылым» баспасында әлі жарық көрмей жатыр», дей келе, «Сонымен бірге бөлімдердің құрылымдарына байланысты мынадай үсіністар бар: ғылыми мамандардың тапшылығын ескере келе Институттың «Көне дәуір әдебиеті» бөлімін «Қазақ әдебиеті тарихы» бөліміне, «Библиография және деректану» бөлімін «Казіргі қазак әдебиеті тарихы» бөліміне қосып ірілендірген дұрыс деп шештік», деген қорытынды жасағанын көреміз.

Осыдан соң арада сегіз жылдай уақыт өткенде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, академик С.А.Қасқабасовтың 2002 жылдың 5 қантарындағы бұйрығы бойынша «Ежелгі және ортағасырлар әдебиеті бөлімі» деген жанғырған атаумен қайта құрылды.

Жас білікті мамандармен түлеген, жасарған бөлім енді бұрынғы Әдебиет тарихы бөлімінің заңды жалғасы, соның кейбір зерттеу нысандарын түбекейлі зерттейтін жана түрғыдағы ғылыми бағытына ие болды. Бөлімге көне түркі жазба ескерткішінен (VIII-X ғ.ғ.) бастап (XY-XVIII ғ.ғ.) Қазақ хандығы тұсындағы жыраулар поэзиясына дейінгі әдебиет тарихы бағдарламасын негізге ала отырып, ғылыми зерттеулер жүргізу міндеті жүктелді. Бөлімнің алғашкы менгерушісі болып белгілі әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Жұмаханұлы Омаров бекітілді. Бөлім қызметкерлерінің алдында зерттеу нысанасы ретінде көне түркі әдебиетінен басқа ортағасырлық оғызыншылар, Алтын Орда дәуірінің мұраларын жинастыру, аудару мақсаты қойылды. Бөлім қызметкерлері құрамында филология ғылымдарының докторлары: Бауыржан Омаров, Мұхamedрахым Жармұхамедұлы, Асқар Егеубаев, филология ғылымдарының кандидаттары Серікбай Қосан, Ақжігіт Әлібекұлы, Төрөлі Қыдыр, Гүлнар Құрманғали сынды әдебиет зерттеушілері болды. Соңғы толқын ғалымдары негізінен шығыстанушы мамандардан жасақталды.

Ежелгі әдебиет бөлімі күрылған сон «Көне түркі дәуіріндегі және орта ғасырлардағы әдебиет» атты 2003-2005 жылдарға арналған іргелі зерттеу жобасы өзірленіп, жоба бойынша «Көне түркі әдебиеті», «Түркі-монгол бірлігі заманындағы мәдениет», «Оғыз-қыпшак тіліндегі әдеби мұралар», «Қарахандықтар тұсындағы әдебиет», «Алтын Орда дәуірі әдебиеті», «Мәмлүк қыпшактарының әдебиеті», «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» бойынша тын зерттеулер жазылды.

2004 жылы бөлім менгерушісі Б.Омаровтың басқа жұмысқа ауысуына байланысты оның орнына филология ғылымының кандидаты А.Тұрғанбаев бекітілді. Бөлім бұрынғы құрамада сол бекітілген бағдарлама бойынша зерттеу ізденістерін жалғастырып, өз мүмкіндіктеріне карай тиісті ғылыми нәтижелерге қол жеткізді.

2005 жылы наурыз айында бөлім менгерушісі А.Тұрғанбаевтың орнына филология ғылымының кандидаты, доцент С.С.Корабай бекітілді. Бөлімнің жаңа құрамын: С.С. Корабай, М. Жармұхамедұлы, С. Дәүітов, С. Косан, А. Әлібекұлы, Т. Қыдыр, Г. Құрманғали, А. Әбдірәсілқызы сынды ғылыми қызыметкерлер құрады.

Осы жылдары жасалған зерттеулерде ежелгі әдебиет тарихының хронологиялық шегі анықталып, негізгі даму кезеңдері айқындалды. Әрі Кенес Одағы кезінде зерттелген шығармалар да жаңаша көзкараспен қайта зерделеніп, осы күнге дейін шешімі табылмай, даулы болып келген мәселелерге катысты нақты пікірлер ұсынылды. Қазақ әдебиеті тарихын жаңаша зерделеп, тың зерттеу жүргізудің нәтижесінде бұған дейін айтылмай келген, сонымен катар біржакты бағланған көптеген әдеби жәдігерлер ғылыми тұрғыдан сарапталды. Тақырып бойынша орта ғасырлардағы әдеби нұсқалардың бүгінгі қазақ әдебиетімен үндестік сипаттары үлттық, тарихи-әлеуметтік және көркемдік ерекшеліктеріне орай зерттеулер жүргізіліп, ғылыми тұрғыдан тұжырымдалды.

«Көне түркі дәуіріндегі және орта ғасырлардағы әдебиет» атты тақырып бойынша ежелгі әдебиет бастаулары мен Түркі қағанаты тұсындағы әдеби мұраларға байланысты зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл дәуірде әдеби мұралар аса көп болмағанымен де, сол уақытта дүниеге келген мәдениеттің әдебиетке қатыстылығы жайында құнды деректер жиналды. Жоспарлы ғылыми жұмыстың тарауларын құрайтын зерттеулерде көне мұралардың көркемдігі, тарихи-әдеби сипа-

ты жөне әр кезеңде өмір сүрген тайпалық одактар – сақ, ғұн, түркі-монгол, түрік-қытай халықтарының қоғамдық саяси ахуалы, қарым-катынасы, сонымен қатар дәуір сипатына орай даму ерекшеліктері қарастырылды. Осындай көкейтесті мәселелер зерттеу тарауларында жан-жақты сараланып, оған өзіндік қөзқарастар білдірілді. Осы орайда Түркі қағанаты түсінда таска қашалып түсірілген Орхон-Енисей ескерткіштері мен Талас бойынан табылған жазбалардың түркі тілдес халықтарға ортақ әдеби нұскалары айқындалып, руналық жазулардың орыс-казак зерттеушілері аударған нұскаларын салыстыру негізінде сапалы аударманы ғылыми айналымға түсіру мақсаты басты назарға алынды. Бұл зерттеу жұмысы барысында ежелгі казак әдебиетінің маңызды кезеңдері тарихи жүйелілікпен алғаш рет кең қолемде жөне кешенді түрде зерттелді.

Орта ғасырлар әдебиетінің жазба мұраларына зерттеу жұмыстары барысында «Корқыт ата» кітабы, «Кодекс Куманикус», «Оғызнаме» дастаны, сонымен қатар Қарахандар дәүірінің көрнекті өкілдері Махмұд Қашқари, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йасауи, Ахмет Йұғнеки, Сұлеймен Бақырғани сынды ақындардың жеке портреттері жасалды. Жоспарлы ғылыми жұмыстың тарауларын құрайтын зерттеулерде көне мұралардың көркемділігі жан-жақты қарастырылды. Сонын ішінде Кожа Ахмет Йасауи мен Сұлеймен Бақырғани мұрасын Құран аяттары түрғысынан зерделей отырып, оған теориялық әрі ұлттық таным, дәстүр тарапынан көніл аударылды. Орта ғасырлық әдеби жәдігерлер Шығыс, сонын ішінде классикалық парсы әдебиетімен салыстырылды.

Аталған жоба бойынша жазылған тарауда ғылым мен мәдениет жанданып, әдебиет кемелденген тұста Қарахандар дәуірінде жазылған құнды шығармалардың бірі Ахмет Йұғнекидің «Ақиқат сыйы» дастанындағы дидактикалық мәселелер мен оның көркемдік ерекшеліктері қарастырылды. Аталған поэмалық қөркемдік ерекшеліктеріне талдау жасалынды. Ахмет Йұғнекидің өмірі мен оның «Ақиқат сыйы» дастанына зерттеу жүргізіліп, жалпы түркі халқына ортақ, соның ішінде казак әдебиетінде де өзіндік орны бар шығарма екені дөлелденді. «Ақиқат сыйы» дастанының композициялық құрылымына тұңғыш рет талдаулар жасалынды, араб-парсы поэзиясының өлең өлшемін көне түркілерге тән өлең жүйесімен астастырып, үштастырып қолдануда ақын-

нын шығармашылық шеберлігі айқындалды. Орта ғасырлардағы түркі шайыры мен қазак ақындарының шығармаларының ұқсастықтары мен ерекшеліктері жаңастырылды.

Ал «Кожа Ахмет Йасауи» деген зерттеу жұмысында алғаш рет отандық және шетелдік йасауитану саласында бүгінге дейін жүргізілген әдеби зерттеулердің негізгі бөлігі талданып, нәтижелері, жаналықтары мен ғылыми маңызды тұжырымдары, кордаланған мәселелері айқындалды, болашак ізденістер бағыты белгіленді. «Диуани хикметтің» қазак тіліндегі аудармалары ғылыми негізде талданып, хикметтер мәтініне қатысты лексикография мен каталогизация жұмыстарын үштастыра жүзеге асырудың, канондық мәтін қалыптастырудың накты жолдары көрсетілді. Төл әдебиеттану тарихында тұнғыш рет Йасауи хикметтерінің жанрлық сипаты сараланып, шығу төркіні зерттелді.

«Көне түркі дәуіріндегі және орта ғасырлардағы әдебиет» атты такырып барысында Йасауи хикметтерінің құрылсызы толыққанды зерттелді. Ақынның түркілік буындық жүйесін жазылған хикметтері жеке жаңастырылып, олардағы дәстүрлі және жаңашыл пішіндік қолданыстар талданды. Арапас буынды және өтпелі түрлерге талдау жасалып, әрбір буындық өлшемнің байырғы функциялық ерекшеліктерінің «Диуани хикметте» дамытулу дәрежесі көрсетілді. Аruz өлшемінің Йасауи поэзиясында қолданылу ерекшеліктері, метрикалық өлшем мен силлабикалық жүйе қалыптарының өзара өсерлесу құбылыстары араб-парсы және түркі поэтикасына тән занылыштар негізінде сараланды. Құрылымдық саралтау барысында хикметтерге ішінара мәтіндік талдаулар жасалып, Йасауи стиліне тән ерекшеліктер көрсетілді, кейінгі дәуір авторларының өндеулері мен коспалары анықталды. «Диуани хикметте» қолданылған көркемдік-бейнелеу құралдарына талдау жүргізіліп, олардың төл түркілік және араб-парсылық негіздері сараланды. Дәстүрлі көркемдік құралдардың сопылық поэзия контексіндегі функциялық ерекшеліктері сараланып, хикметтердегі персонаждар өлеміне, қаһарман-кейіпкерлер табиғатына, лирикалық кейіпкер тұлғасына талдау жасалды.

Сонымен қатар түркі әдебиеті тарихындағы биік белестердің бірі Алтын Орда дәуіріндегі әдеби шығармалар теренірек зерттеліп, дидактикалық жазба мұралардың мазмұнына, жанрына, көркемдік ерекшелітеріне қарай талдаулар

жүргізілді. Атап айтар болсак, Құтбын «Хұсрау-Шырыны», Сәйф Сараидың «Гұлстан бит-түркі», Хұсам Қәтибтің «Жұмжұмасы», Хорезмидің «Мұхаббат-намасы», Дүрбектің «Жүсіп-Зылихасы», Махмұд бин Әлидің «Нахдж-ул фараадисі», Құл Ғалидың «Жүсіп-Зылихасы» және тағы да басқа шығармалар жан-жакты қарастырылды. Бұл дәуірдегі ең басты әдеби еңбектер парсы ақындары жырлаған тақырыптарға жауап ретінде түркі тілінде нәзира әдісімен жазылды. Аталған ғылыми зерттеу жұмысында зерттеушілер өлем әдебиеттануында Алтын Орда әдеби мұраларын төрт топка бөліп қарастыратынын атап көрсеткен. Ал, казақ әдебиеттанауында Алтын Орда дәуіріндегі шығармалардың көпшілігі кейінгі кезеңдерге дейін терең, жүйелі зерттелмей келген-діктен аталған дәуірдің әдебиетін классификациялауға катысты тың пікір-тұжырымдар берілген. Мысалы, «Кодекс куманикус» атты қыпшак тіліндегі сөздік әдеби ескерткіш тұрғысынан қарастырылса, Махмұд бин Әлидің «Нахдж-ул фараадис» атты шығармасы алғаш рет ғылыми нысанға айналды.

«Мәмлүк-қыпшактарының әдебиеті», «Орта гасырлардағы казак даласындағы ислами әдебиет» атты тараулар қазак әдебиеттану ғылымында алғаш рет жазылып, оларға катысты деректер мен әдеби шығармалар жинақталып, ғылыми пікірлер топтастырылды. Мәселен, «Мәмлүктер билігі тұсындағы түркі-қыпшак әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, поэтикасы)» деген тарауда казак әдебиеті тарихында алғаш рет мәмлүктер билігі тұсындағы түркі-қыпшак әдеби жәдігерлері жеке қарастырылды. Мысырдағы түркі-қыпшак тіліндегі мұралар Түркі қағанаты және қарахандықтар кезеңіндегі әдебиетпен байланыстырыла отырып, жалпы түркі жұрттымен қоса қазак әдебиетіне ортак екендігі дәлелденді. Мәмлүктер билігі тұсындағы түркі-қыпшак тіліндегі әдеби жәдігерлерді ежелгі түркі әдебиетімен салыстыра отырып, қыпшак әдебиеттің тарихи маңыздылығына, поэзиясы мен көркемдік ерекшеліктеріне біршама ғылыми тұжырымдар жасалды. Мысырлық түркі-қыпшак әдебиетіне мұсылман-шығыс поэзиясынан енген аruz өлшемінің жанрлары мен дәстүрлі түркі өлшемінің сабактастыры сарапанды. Түркі-қыпшак тілінде жыр жазған ақындар жайында тың деректер келтіріліп, олардың өз дәуіріндегі орны айқындалды.

Сол кездегі жыр, дастандар мен нәзиралық дәстүрдің қалыптасуымен түркі әдебиеттің рухани дамуы ілгеріледі.

Мысырлық түркі-қыпшак әдебиетінің өкілдері шығыс әдебиетінің классикалық туындыларын нөзирашылдық жолмен шындалды. Мәселен С.Сараи Сағдидың «Гүлстаның» түркі тіліне тәржімалаганда парсы шығармасының айтар ойын алып, көп жағдайда өзі түркіше кайта жылаған. Ал, түркі шайырларына нөзиралық жолмен жауап қатқан ол өлеңнің өлшемін, қалыбын және жанрын сактайды. Мәмлүктер билгі тұсындағы қыпшак ақындарының деректері келтіріліп, шығармаларына талдау жасалды.

Казак әдебиетінің тарихында Қазак хандығы тұсында карқынды дамыған жыраулар поэзиясы Қарахандықтар мен Алтын Орда дәуірінде дүниеге келген әдеби енбектерге қарағанда кеңірек зерттелген деуге болады. Десек те, Кенес дәуірінде аттары аталып, шығармалары біршама жинақталған бірақ теренірек зерттеуді қажет ететін аталаған дәуірдің мұралары тәуелсіздік жылдарында кайта қарала бастады. Солардың қатарында, Сыпыра жырау, Асан кайғы, Қазтуған, Шалқиіз, Доспамбет, Жиembet, Марқаска, Актамберді, Бұқар жырау, Үмбетей, Тәтікара секілді ақын-жыраулар шығармашылығы туралы жаңаша ғылыми пайымдаулар жасалса, Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би сынды кайраткерлердің шешендей өнері алғаш рет арнайы зерттеліп, жеке портреттік тараулар берілді. Сонымен бірге, Қазак мемлекеті тұсында дүниеге келген Захираддин Бабырдың «Бабырнама» атты төл шығармасы мен оның әдебиет туралы ойлары, Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи Рашиди» және «Жаһаннамесі», Камал ад-дин Бинаидің «Шайбани-намесі», Қадырғали Жалаиридің «Жамиғат-тауарихы», Әбілғазының «Шаджарат ат-туркі» сиякты жазба жәдігерлер де зерттеуден тыс қалмай, олар туралы жеке тараулар жазылды.

Еліміз іргелі ел бола бастаған XV-XVII ғасырларда Қазақстан мен Орталық Азияда дүниеге келген шежірелік сипаттағы жазба нұскалар түңғыш рет казақ әдебиеті тарихында толық қамтылып, солардың ішінен осы уақытқа дейін әдебиеттану ғылымында айналымға түспеген бірнеше жазба шежірелер қарастырылған. Осы жұмыс барысында әдеби шежірелердің шығу тегі айқындалды. Шежірелік мұралардың такырыптық-құрылымдық жүйесіндегі айырмашылықтары назарға алына (агиографиялық, автобиографиялық, панегирикалық, нарративті-компилятивтік) топтастырылып, жіктелді. Жазба шежірелердің жанрлық табиғаты айқындал-

ды. Шежірелік мұралардағы фольклорлық миф, аныз-әнгімелер талданып, олардың шежіре мазмұнындағы сюжеттік желімен өзара әдеби байланысы байыпталды. Жазба шежірелер төл әдебиетіміздің аргы-бергі дәуірлеріндегі мұраларымен салыстырыла зерттеліп, әлем әдебиетімен типологиялық сабактастықта қарастырылды. «Бабырнама» алғаш рет әдеби туынды ретінде сипатталып, Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың өмірбаяны жайлыштың деректер камтылды.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында еліміз төуелсіздік алған соңғы он бес жыл шамасында көне түркі және орта ғасырлардағы түркі әдебиеті мен шығыстың рухани-мәдени әлеміне қарым-қатынасы мәселесі теренде зерттелу колға алынып жатыр. «Ежелгі әдебиет» бөлімі көне түркі және орта ғасырлар әдебиетін бүгінгі төуелсіздік талаптары түрғысынан жаңаша бағалап, оның бүгінгі әдебиетіміздің қайнар-бастауы екенін ғылыми түрғыда көрсете білді. Сонымен қатар қазіргі казақ поэзиясы мен көне түркі және орта ғасыр туындыларындағы сарындастық пен шығармашылық сабактастық мәселелері анықталып, тиісті ғылыми тұжырымдар жасалды.

Қазақ әдебиеті тарихын жаңаша зерделеп, тың зерттеу жүргізудің нәтижесінде бұған дейін айтылмай келген, сонымен қатар біржакты бағаланған көптеген әдеби жәдігерлерді ғылыми түрғыдан сараптауға мүмкіндік туды. Нәтижесінде, аталған тақырып бойынша жазылған тараулар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 2-томы («Ежелгі және орта ғасыр әдебиеті». – Алматы, 2006) мен 3-томына («Алтын Орда дәуірі мен Қазақ хандығы түсындағы әдебиеті». – Алматы, 2008) енді. Онда көне түркі жазба ескерткіштері, Қарахандықтар түсындағы және Алтын Орда заманындағы және Қазақ хандығы түсындағы әдебиет тұтастай қамтылып, жанжақты зерттелген. Бұрындары зерттелген шығармалармен қатар кейбір көркем туындылар ғылыми айналымға алғаш рет енгізілді. Зерттеу барысында тек қазақ тіліндегі ғана емес, түркі, араб, парсы, орыс, Батыс Еуропа халықтары тілдеріндегі есқі қазақ әдебиетіне қатысты дерек көздері пайдаланылды.

2003-2005 жылдарға арналған «Көне түркі дәуіріндегі және орта ғасырлардағы әдебиет» атты жоба аясында бөлім қызыметкерлері Серікбай Қосан (2005), Акжігіт Әлібекұлы

(2005), Төрөлі Қыдыр (2005), Гүлнар Құрманғали (2007), Айнұр Әбдірәсілқызы (2007), Балжан Тоекина (2010) кандидаттық диссертацияларын корғады.

Қазақстан Республикасы ғылым және білім министрлігінің жаңа кезеңдегі талаптарына байланысты М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында 2006-2008 жылдарға арналған жаңа ғылыми жобалық бағдарламасы жасалып, дайындалды. Ежелгі әдебиет белгілінің осы жылдар ара-лығында «Казіргі қазак әдебиетіндегі ежелгі әдебиет дәстүрі» атты такырып бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Аталған такырып бойынша VIII-XV ғасырлардағы поэзияның XX ғасырдың соны мен XXI ғасырдың басындағы казак ақындар шығармаларындағы дәстүр сабактастығын салыстыра зерттеу негізінде көпғасырлық тарихи-әдеби процесс пен негізгі әдеби бағыттар туралы, қазіргі поэзия мен ежелгі әдебиет туындыларының жанрлық-көркемдік ерекшеліктері мен үқсастықтары туралы терең талдаулар жүргізілді. Сонымен қатар қазіргі қазак поэзиясы мен көне түркі және Орта ғасыр авторларының туындыларындағы салындастық пен шығармашылық сабактастық мәселелері анықталып зерделенді. Зерттеу барысында ежелгі әдебиет туындылары мен қазіргі үлттық поэзия шығармаларын салыстырмалы-тарихи түрғыда талдау жасау бағытында ғылыми зерттеудің осы заманғы жаңа әдіс-тәсілдері пайдаланылды.

Ғылыми жұмыс барысында «Алып Ер Тонға», «Оғыз қаған», «Тонықөк», «Құлтегін» жырлары мен қазіргі қазак поэзиясының көрнекті өкілдері К.Мырза-Әли, М.Әлімбаев, Ж.Әбдіраш, Т.Медетбек, Е.Раушанов, Ж.Бөдешұлы, Ұ.Есдөлет, А.Егеубаев және т.б. ақындардың тәуелсіздік жылдары өмірге әкелген туындылары салыстырыла зерттеліп, өзара үндестік, сабактастық ерекшеліктері ашып көрсетілді. Жұмыс барысында көне түркі әдеби мұраларындағы ажарлау, айшықтау, кейіптеу, шенdestіру, астарлау, кайталаулар, мінездеу, нақыл қөздер секілді қолданыстардың жанғыру формалары карастырылды. Көне түркі әдеби жәдігерліктерінде көтөрілген отаншылдық, ел корғау, ерлік-жауынгерлік, ел бірлігі, мемлекет тұтастығы мәселелері және осы тақырыптармен тығыз байланысты идеялардың Тәуелсіздіктен кейін туындаған қазак поэзиясындағы дәстүр жалғастығы пайымдалды.

«Қарахандықтар тұсындағы әдебиет және бүгінгі поэзия» деген такырыпта Қ.Шаңғытбаев, М.Шаханов, А.Егеубаев, С.

Нұржанов, Ә. Нілібаев, М. Қайынбаев, О. Аскар, И. Оразбаев және т.б. қазіргі қазақ поэзиясы өкілдерінің шығармалары қарахандықтар тұсындағы әдеби шығармалармен («Құтты білік», «Диуани хикмет», «Ақиқат сыйы», «Хакім ата») салыстырыла зерттеліп, өзара үндестік, сабактастық ерекшеліктері ашып көрсетілді. Сонымен қатар, бұл ақындардың тәуелсіздік алған кезеңде жазған жырлары мен дастан-поэмаларында қарахандықтар поэзиясына үқсас ой өрбіткен көркемдік әлемінің қырлары жан-жакты пайымдалып, кенірек талданды. Қазіргі қазақ поэзиясы көрнекті өкілдері мен жас ақындардың көне түркі және орта ғасыр әдебиетінің ең озық түндиштарына еліктеп жазған шығармалары көркемдік тұрғыдан сараланып, жанрлық сипаттары айқындалды.

Ғылыми тарауларда тәуелсіздік жылдарда жазған ақындардың жырлары мен дастан-поэмалары қарахандықтар тұсындағы және алтынордалық шайырлар поэзиямен, Қазақ хандығы тұсындағы жыраулар шығармашылығымен салыстырыла зерттеліп, өзара үндестік, сабактастық ерекшеліктері ашылып көрсетілді. Аты аталған ақындардың зерттеу тақырыбына байланысты шығармаларын іріктең, оларды жинастыруды. Орта ғасырлардағы түркі әдебиеті мен Қазақ елі тәуелсіздік алған жылдардағы (1991-2005 ж.ж.) қазіргі қазақ поэзиясындағы дидактикалық шығармалардың көркемдік сабактастық мәселелері тарихи-типологиялық тұрғыда салыстырылды. Көне түркі мұралары, орта ғасыр әдебиеті мен қазіргі қазақ поэзиясына ортақ өлең, толғау, арнау, мадақ, дастан, поэма түріндегі шығармалардың көркемдік-жанрлық табиғаты ғылыми талдаулардың басты өзегі болды.

Жұмыс барысында ғазал жанрының шығу тарихы қысқаша қарастырылып, ғазалдың жанрлық ерекшеліктері, болмыс-бітімі, уәзін өлшемі зерттелді. Орта ғасырлық түркі-қыпшак әдебиетінің өкілдері - Сәйф Сараи, Хорезми, Абдулмәжид, Мухсин, Науан, Бабыр шығармаларындағы ғазал жанрының ерекшеліктері мен айрмашылықтары сараланып, өздеріне тән көркем сөз үлгісі талданды. Көне түркі әдебиетіндегі ғазал жанрымен жазылған жырлар түпнұсқадан оқылып, нақты өлең шумактары мен мысалдар арқылы ашып көрсетілді. Олардың шығармалары маҳабbat тақырыбында жазған қазақ ақындарының жыр жолдарымен салыстыра қарастырылды. Екі дәуірдегі ақындардың сөз қолданыстары, тенеулері, өлең өлшемдері жан-жакты зерделенді. Зер-

ттеу нәтижесі Институттың Ғылыми кенесі шешімімен 2009 жылы «Қазіргі казақ поэзиясындағы ежелгі әдебиет дәстүрі» атты ұжымдық монография ретінде жарық көрді (көлемі – 26 б.т.).

2009-2011 жылдар аралығында бөлім «Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік идеясы мәселелері» атты тақырып бойынша істеді. Бөлім қызметкерлері ежелгі дәуірдегі ерлік жырлар мен елдікті, мемлекеттікті, тәуелсіздікті қөксеген поэзиялық туындылардың жанрлық-көркемдік ерекшеліктерін шығармашылық үндестік, сабактастық түрфысында тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде талдап, пайымдау арқылы іргелі ғылыми еңбек жазуда. Сонымен катар, елдік биік максаттарды қөксеген ежелгі түркі әдебиетіндегі шығармалар мен Қазақ хандығы тұсындағы жыраулық поэзиядағы тәуелсіздік идеяны саралау, сан ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан көркемдік дәстүр жалғастығын, әдеби ағымдарын пайда болу жолдарын, әдеби жанрлар мен көркемдік тәсілдердің даму кезеңдерін терендей зерттеу – басты назарда ұсталды.

Жыраулық поэзиясының бастауында тұрған Сыпыра, Кетбұға, Асан Қайғы, Доспамбет, Қазтуған, Шалқиіз, Ақтамберді поэзиясындағы негізгі идея, басты арқау – елдік мұраттар, ел болу және тәуелсіздік идеясы болып табылатыны, бұл идеялардың көне түркілік бастаулардан тамыр алатыны, түркілердің тұтас ел болған кезеңінен бастап, қазақ ұлтының елдік тарихының өн бойына созылып жатқаны, бүгінгі әдебиетімізде де занды жалғасын тауып отырғаны зерттеу жұмыстарында толығымен талданды.

Бөлім қызметкерлерінің мынадай еңбектері жарыққа шықты:

1. Косан С. Тәзкире-и Бұғра хан. Алматы, 2007.
2. Әбдірәсілқызы А. Қожа Ахмет Йасауидің ақындық өлемі. Алматы, 2007.
3. Әлібекұлы А. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшак әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемі). Алматы, 2008.
4. Ислам Жеменей. «Тарих-и Рашиди» еңбегінің әдеби өлемі. Алматы, 2009.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің құндылығын танытатын ежелгі түркі дәуіріндегі жазба ескерткіштер мен орта ғасырлық әдеби жәдігерлер осы күнге дейін толық көлемде жарық көрген жоқ, көне әдеби жәдігерлерді дайындал жарыққа шығару ісі кенже қалып келді. Осы олқылықтың ор-

нын толтыру мақсатында 2006 жылдан бастап Ежелгі әдебиет бөлімі қызметкерлерінің тікелей катысуымен Казақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың арнайы қаулысымен басталған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының шенберінде 20 томдық «Әдеби жәдігерлер» атты ғылыми басылымы дайындалып, «Таймас» баспасынан 11 томы жарыққа шыкты: «Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер»; Махмұт Қашқари. «Түрік сөздігі»; Жұсіп Баласағұн. «Құтты білік». – Алматы, 2007 ж.; Қожа Ахмет Иасауи. «Даналық кітабы». Ахмет Йүгінеки. «Ақиқат сыйы»; Сүлеймен Бақыргани. «Ақырзаман»; Рабғузи. «Пайғамбарлар қиссасы». – Алматы, 2008 ж.; Сәйф Сарайи. «Гүлстан би-т-түркі»; Махмұт әл-Кердери. «Жұмактардың ашық жолы»; «Тәзкире-и Бұғрахан». Хорезми. «Мұхаббат-наме». – Алматы, 2010 ж.

Корыта келгенде, бөлімнің аз уақыт ішінде Мемлекеттік манызы зор ұлттық құндылықтарымызды – көне дәуірдегі казак әдебиеті тарихының құрделі мәселелеріне қатысты жоспарлы және іргелі ғылыми-зерттеу жобаларын заманауи ғылым талаптарына сай сапалы орынданап, жоғары жетістіктерге қол жеткізгендігін көруге болады.

**Серікбай Қосанов,  
Гүлнар Құрманғали**

## АБАЙТАНУ ЖӘНЕ ЖАҢА ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ БӨЛІМІ

Абайтану және жаңа дәүір әдебиеті бөлімі – XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі казак әдебиетінің тарихын, абайтану мәселелерін зерттейтін ғылыми құрылым. Абайдың өмірі мен әдеби мұрасын жан-жақты қамтып, терендей зерттеу максатында 1944 ж. КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тіл және әдебиет институты жанынан М.О. Әуезовтің жетекшілігімен үйімдастырылған. Бөлімнің 1945-1946 жж. арналған ғылыми-зерттеу жұмыс Абай өмірі мен шығармашылығы туралы мынадай тақырыптарды қамтыды: «Абай дүниетанымының тарихы», «Абай Құнанбаевтың дүниетанымы», «Абай (Өміrbаян және естеліктердің дереккөздері)». Алғашқы жылдары бөлімде М.О. Әуезов, М.С. Сильченко, К. Жұмалиев, Ы.Т. Дүйсенбаев, Б. Кенжебаев, К.Мұхамедханов және т.б. әдебиет зерттеуші ғалымдар енбек етті. Абайдың 100 жылдық мерейтойы қарсанды ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі. С. Мұқановтың редакциясымен 1945 ж. Абайдың академиялық жаңа, толық жинағы басылды. М. Әуезов пен Б. Кенжебаев бірігіп жазған «Абай – казактың ұлы ақыны (1845-1945)» атты казақ және орыс тілдеріндегі, М.Сильченконың «Абай» атты кітапшалары, М.Әуезовтің «Абай (Ибраһим) Кунанбаев (1849-1904)» атты орыс тіліндегі көлемді енбегі, Абайдың Мәскеуде шыққан тандамалы жинағына шыққан «Жизнь и творчество Абая (Ибрагима) Кунанбаева» (1954) атты кіріспе мақаласы және Абай шығармашылығының әр қырын қарастырған басқа да көптеген ғылыми мақалалары жарық көрді. Сонымен бірге ғылыми журналдар мен республикалық баспасөз бетінде М.Сильченконың «Прославленный казахский просветитель, поэт Абай Кунанбаев», Б. Кенжебаевтың «Абайдың қарасөздері», Е. Ысмайловтың «Абай өлеңдерінің сұлулық әуезділік ерекшеліктері», «Абайдың өлең құрылышы туралы», «Абайдың көркемсөз шеберліктері туралы» зерттеу мақалалары жарияланды. Ұлы ақын шығармаларын жанрлық, көркемдік, шеберлік түрғысынан талдап, оның өдемі ортасы мен ақындық дәстүрі туралы сөз қозғаған бұл ізденістер көлемді монографиялық зерттеулерге ұласты. Бұл ретте Қ.Жұмалиевтің «Абайға дейінгі казақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» монографиясы (1948), Ә. Жиреншиннің

«Абай и его русские друзья» (1949) зерттеуін атап өтуге болады. М.Әуезовке пәле-жала жауып, саяси айып тағу мен Абайдың ақындық мектебін жокка шығарудың басы Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің 1947 жылғы «Қазак ССР Фылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрекшел қателер туралы» қаулысы болды. Аталған қаулыда Тіл және әдебиет институтының саяси қателерге жол бергендігі әдебиет тарихына байланысты шықкан енбектер мысалында сынға алынды. Қаулыда: «Тіл және әдебиет институтының ғылыми енбектерінде, орта мектептерге арналған әдебиет оқу кітаптарында казактың XIX және XX ғасырлардағы көп ақындары мен жазушыларының творчестволық қызметіне біржактылықпен, тек жақсы жағынан баға берілген. Откендегі әдебиет өкілдері жалпы халық қайраткерлері болды деп көрсетіледі, ал олардың творчество-сы тап күресіне байланыстырылмай, онан тыс текстеріледі, сөйтіп олардың шығармаларындағы феодалдық-реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық сарындар қағажу, бүркеуде калдырылды», – деп көпе-көрінеу еш себепсіз айып тағылып, М.Әуезовтің жалпы редакциясымен дайындалған «Қазак әдебиеті тарихы» бірінші томының қолжазбасынан ұлтшылдық мін тапты.

1951 жылы 15 маусымда Қазак ССР Фылым академиясының Тіл және әдебиет институты мен Қазақстан Жазушылар одағы бірлесіп өткізген, «Абайдың әдеби мұрасы мәселесін талқылауға арналған ғылыми айтыс» үш күнге созылды. Бұл мәслихат нағыз ғылыми айтыс мағынасында болмай, Абайдың әдебиет мектебін басты сын нысанасына алды. Осының алдындаған М.Әуезовтің талантты шәкірті Қайым Мұхамедханов «Абайдың әдебиет мектебі» деген тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертация осы айтысты өрбітуге сылтау болды. Ұлы жазушы-академиктің бірнеше жыл бойы ғылыми ізденістері мен нақты дәлел-тұжырымдары негізінде пайда болған Абайдың ақындық мектебі туралы идеясына күмән келтіріліп, Қазак ССР Фылым академиясы мен Қазақстан Жазушылары одағының төралқалары «Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчествоның ғылыми жолмен зерттеу жөніндегі айтыстың корытындысы туралы» қаулы қабылдады. «Сонғы уақытқа дейін Қазақстанның жеке әдебиет зерттеушілері «Абайдың ақындық мектебі» дейтін, ғылымға карсы, буржуазиялық-объективтік концеп-

цияны уағыздап, өрсекел саяси қате жіберіп келді», – деп атап көрсетілді қаулыда. Шәкәрім мен Тұрағұл буржуазияшыл үлтшылдар тобына жатқызылып, Абай мектебі тарихи шындыққа кайши келетін, ойдан шығарылған жалған, зиянды концепция ретінде жокқа шығарылды, оның авторы М.Әуезов, осы тұжырымды жақтаушылар С.Мұқанов, К.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, Ә.Жиреншин саяси кателікке үшірады деп жазды. К.Мұхамедхановтың Абайдың әдебиет мектебі туралы диссертациясы саяси зиянды енбек ретінде танылып, «бұл диссертацияда совет өкіметі дәуіріне дейін өмір сүріп, оның қас жауларына айналған буржуазияшыл-үлтшылдар да Абайдың «шәкірттері» деп мадакталды», – деген айып тағылды. Соның негізінде «Абай мектебі»дейтін концепция тарихи шындыққа ешбір қатысы жок және буржуазиялық-объективистік жалған концепция болып айыпталды» деген корытынды жасалды. Соның салдарынан М.Әуезов қудалауға үшырап, республикадан тыс жерге кетуге мәжбүр болса, К.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, К.Мұхамедханов және т.б. ғалымдар ұзак мерзімге сottалды. Осындай айыптаулардан кейін Тіл және әдебиет институтында жұмыс істеп келген абаитану бөлімі 1951 ж. жабылып, Семейдегі Абайдың әдеби-мемориалдық музейі ретінде ғана қызметін жалғастырды.

1950 жылдардың бас кезіндегі Қазақстандағы бұл «үлтшылдық» айыптаулар науқаны Абайды зерттеушілерді сынағанмен Абайдың ақындық таланттың жокқа шығара алмады. 1954 жылы ұлы ақынның қайтыс болуының 50 жылдығы кеңінен атап өтіліп, Абай өмірі мен шығармашылығы туралы көптеген макалалар жарияланды. 1954 жылы және 1957 жылы М.Әуезовтің тікелей басшылығымен және қатысуымен Абай шығармаларының екі томдық жана жинақтары басылды. Бұл басылымдарда ақын шығармаларының текстологиясы жаңаша қаралып, ғылыми түсініктер толықтырылды.

1961-1976 жылдары қазак әдебиеті тарихы бөлімін Қазақ ССРҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ысқақ Тәкімұлы Дүйсенбаев басқарды.

Ы.Т.Дүйсенбаев бүкіл өмірін қазак әдебиетінің тарихын және фольклорын зерттеуге арнап, оның ғасырлар бойы даму, қалыптасу, кемелдену кезеңдерін ашып зерделеуге айтарлықтай үлес косты. Қазак әдебиеті туралы ғалымның көп жылдық іздену, зерттеу, жұмысының нәтижесі 1960 жылдары жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» 3-томынан тұра-

тын алты кітабы болатын болса, сонын 2-томынын XVIII-XIX ғасырлардағы казак әдебиетіне арналған 1-кітабы және XX ғасырдың басындағы қазак әдебиетіне арналған 2-кітабы І.Дүйсенбаевтың басшылығымен және бөлімде қызмет еткен белгілі әдебиеттанушы-ғалымдардың тікелей катысуымен дайындалды. І.Дүйсенбаев және бөлім қызметкерлері Ә.Дербісөлин, М.Бөжеев, М.Жармұхамедов, А.Нұрқатов, Б.Акмұқанова, К.Шәменов, Ф.Әбетов, Ә.Есназаров осы кітаптарға бірнеше тарау жазып, қомакты үлес қости, қазак әдебиетінін XVIII ғасырдан бастап XX ғасырдың бас кезіне дейінгі киын да құрделі дәүіріне ғылыми талдаулар жасап, әдебиетіміздің көрнекті өкілдерінің шығармашылығына өз кезінде лайық баға бере білді. Бұхар, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Сұлтанмахмұт, Бернияз т.б. көрнекті ақындар туралы сүбелі ғылыми пікірлер айтып, ақын-жыраулар мен жазба әдебиеттің көрнекті өкілдерінің шығармаларын тақырыптық, идеялық, көркемдік жағынан өз деңгейінде талдап, олардың көркем сөз өнеріне қосқан үlestерін анықтады, әрқайсының шығармашылық келбетін ашты. І.Дүйсенбаев өсіреле, Бұхар, Шортанбай шығармашылығын тануда, бағалауда үлкен енбек сіңірді. Дулат, Шортанбай мұраларының көркемдігі мен халықтық сипатына, өмірді сипаттау ерекшеліктеріне, шеберлік әдіс-тәсілдеріне қарап баға берудің қажеттігін ұсынды. І.Дүйсенбаев Шортанбай ақынның әдебиеттегі орнын айқындалап белгілегендеге, ақын мұрасының ұтымды жақтарын, оның көркем әдебиетке мазмұн, түр жағынан қосқан үлесін дәл басып, аша білді. Дәл осындағы ғылыми тұрғыдан дәйекті ой оның Дулат, Әубекір, Кердери, Мұрат шығармашылығына катысты зерттеулерінде айқын анғарылды.

«Қазак әдебиетінің тарихының» 3-4 кітаптары негізінде жазылып 1979 жылы орыс тілінде жарық көрген «Қазак әдебиеті тарихының» 2 томының да негізгі жұмыстары І.Дүйсенбаевтың басшылығымен орындалып, бөлім қызметкерлерінің негізгі тараулары жарияланды. «Қазак әдебиетінің тарихының» қазак және орыс тілдеріндегі басылымдарын дайындауға белсене қатысу барысында бөлім осы ретте үлкен табысқа кол жеткізді.

Қазак әдебиетінің өткендеңі нұсқаларын жариялаудағы үлкен жетістіктеріміз болып табылатын 1962, 1963 жылдары «Ғылым» баспасында жарық көрген «XVIII-XIX ғасырлардағы

қазак ақындарының шығармалары», «ХХ ғасырдың басындағы қазак ақындарының шығармалары» атты кітаптары да Ы.Дүйсенбаевтың редакциясымен жарияланды. Кейін осы енбектердің негізінде 1965 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Уш ғасыр жырлайды» кітабын шығарды. Осы кітаптардың қай-қайсысына да жазған алғы сөздерінде Ы.Т.-Дүйсенбаев әдебиетіміздің XVIII ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы өсу, өркендеу жолына ғылыми конымды баға беріп, талдау жасады.

Бұлардан тыс Ы.Дүйсенбаев Абайдың екі томдық академиялық жана басылымын (1977), сондай-ақ С.Торайғыровтың екі томдық шығармалар жинағын (1967) дайындауға, алғы сөз бен ғылыми түсініктер жазуға және мәтіндік жұмыстар жүргізуге басшылық етті. Осы жинактарды дайындау барысында аталған ақындардың өлеңдері мен поэмаларының, Абайдың қара сөздерінің мәтіндеріне ерекше қоюлға болады. Бұл жылдары Ә.Дербісөлиннің «Ібырай Алтынсарин: өмірі мен қызметі туралы» (1965), «Казактың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті: даму жолдары» (1966), «Дәстүр мен жалғастық: ауыз әдебиетіндегі ақындық дәстүр және ХХ ғасыр басындағы қазак поэзиясы» (1976) атты монографиялары және «Мезіл және қаламгер» (1968) атты макалалар мен зерттеулер жинағы, К.Сыдықовтың «Ақын-жыраулар» (1974), М.Жармұхамедовтың «Айттың даму жолдары» (1976) атты монографиялары, бөлім қызметкерлерінің «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» атты зерттеулер мен макалалар жинағы (1976) жарық көрді. 1969 жылы бөлім қызметкерлері К.Шәменов, М.Бегімбетованың құрастыруымен ХХ ғасырдың басындағы көрнекті ақын Б.Күлеевтің «Айтшы, ақ қайың» атты таңдамалы шығармалар жинағы алғаш рет жеке кітап болып басылды.

1976-86 жылдары қазак әдебиетінің тарихы бөліміне Қазақ ССР РА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Ж.Дербісөлин басшылық етті. Бұл жылдары Ә.Ж.Дербісөлиннің тікелей басшылығымен XV-XVIII ғасырлардағы қазак әдебиетінің тарихын кең көлемде зерттеген «Ерте дәуірдегі қазак әдебиеті» үжымдық монографиясы, «XV-XVIII ғасырлардағы қазак поэзиясы» (1982), «XIX ғасырдағы қазак поэзиясы» (1985) мәтіндер жинактары жарық көрді. 1986 жылы Ә.Дербісөлин, М.Жармұхамедов және Ә.Күмісбаевтың дайындауымен алғаш рет

«Оғыз-наме», «Мұхаббат-наме» дастандарының қазақ тіліндегі ғылыми басылымы жарияланды. Осы кезеңде маман кадрлардың жетіспеушілігे байланысты абайтану мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жете жүргізілген жок.

1980 жылдардың сонында еліміздегі қайта құру, жариялылық және қоғамды демократиялық жаңғырту жағдайында сталиндік жеке басқа табыну кезеңіндегі халықтың мәдени мұрасына, көрнекті ақын-жазушылардың шығармашылығына баға берудегі өрекел қателіктер мен бұрмалаушылықтар әшкереленіп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеттің Комиссиясы әдебиет және өнер мәселелері бойынша 1930-40 және 1950 жылдары қабылданған қаулылардың күшін жойды. Соған сәйкес комиссия Абайдың ақындық мектебіне байланысты айыптың негізсіз екенін анықтады. «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылыми, өсіреле, М.Әуезовтің зерттеулері Абайдың ақындық мектебі болғанын дәлелдеп, оның өзінен кейінгі казақ поэзиясына жемісті ықпал жасағанын көрсетіп берді», – деп нақты айттып, осы мектептің үздік өкілдерінің бірі ретінде Шәкәрім Құдайбердиев есімін атады. Комиссия жұмысына қазақ әдебиеті тарихы бөлімінің белді қызметкерлері, көрнекті әдебиеттанушы-ғалымдар Ш.К.Сәтбаева, М.Жармұхамедов, Қ.Сыдыков, С.Дәуітов белсене қатысты.

Абайтану ғылыми еліміз тәуелсіздік алған жылдары ғана коммунистік идеология үстанған қатаң қағидалардың таршынберінен шығып, ғылыми өрісін еркін көнектүгө мүмкіндік алды. Абайтанудың екінші тыныс алып, жана белеске көтерілуінің бел ортасында ұлттық әдебиеттану ғылымының кара шанырағы – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты тұрды. Еліміздегі қайта құру кезеңі басталған тұста сол кезде институт директоры болған іскер басшы Ш.Елеуменов ұлы ақын шығармашылығын зерттеу ісіне баса назар аударып, қазақ әдебиетінің тарихы бөлімін Абайтану және казақ әдебиеті тарихы бөлімі етіп қайта ашты. Бұл бөлімге 1987-1998 жылдары Қазак ССРҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.К.Сәтбаева жетекшілік етіп, абайтанудың өзекті мәселелеріне байланысты бірщама жұмыстар тындырыды. Бөлімнің зерттеу нысаны болған Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жұсіпбек Аймауытов, Міржақып Дұлатовтың шығармашылық мұрасын зерттеу жөніндегі беделді

де белсенді мемлекеттік комиссияның құрамына Ш.Сәтбаева да енді.

Галым бұл абыройлы міндетті орындау ісінде Шәкәрім Құдайбердиевтің, Ахмет Байтұрсыновтың және Міржақып Дулатовтың шығармашылық мұрасын зерттеп, комиссия шешіміне негіз боларлық материалдарды жүйелеуге, кабылдауға белсене қатысты. Оның Шәкәрім Құдайбердиев туралы мақалалары жарияланып, ақынның таңдамалы шығармаларының жинағын баспаға өзірлеу, шығару жұмысын басқарды, ойшыл ақынның шығармашылық ғұмырының негізгі кезендері мен талант қырларын талдаған «Шәкәрім Құдайбердиев» атты зерттеуі казақ тілінде, «Шакарим Кудайбердиев» атты монографиясы орыс тілінде оқырман колына тиді.

Сол сияқты Ш.Сәтбаева Ахмет Байтұрсыновтың таңдамалы шығармаларының бір томдық жинағына көлемді алғы сөз жазды. Ол басқарған бөлім Қожа Ахмет Иасаудін, Мұрат Мөнкеұлының, Ұбырай Алтынсариннің, Мәшһүр Жұсіп Қоқеевтің, Міржақып Дулатовтың, Ғұмар Қарашевтің шығармаларын ғылыми түсініктемелерімен өзірлеп, жарыққа шығарды.

Ш.К.Сәтбаеваның осы кезенде жазған «Проблемы изучения творческого наследия Абая Кунанбаева» (1988), «Абайды танып болдық па?» (1988) атты ғылыми мақалалары абайтануға байланысты алда зерттелуге тиіс проблемаларды айқындалап, атқарылар қыруар жұмыстың жобасын жасауға негіз болды. Осы жылдары абайтану және казақ әдебиетінің тарихы бөлімінің құрастыруымен «Қазақ поэзиясының антологиясы. ХХ ғасырдың бас кезі» (1993) мәтіндер жинағы және «XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті» ұжымдық монографиясы (1994) жарық көрді.

Еліміз егемендікке кол жеткізген кезде Абай мұрасын жинап зерттеуде мол тәжірибе жинақтаған институт ғалымдары ұлы ақын шығармаларын қайта қарал, тәуелсіздік мұраттары тұрғысынан жанаша зерттеу қажеттігін жете түсінді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Кенесінің «Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына өзірлік және оны өткізу туралы» 1990 жылдың 22 ақпавындағы № 68 қаулысы негізінде институтта абайтану бөлімі ғылыми-зерттеу құрылымы ретінде қайта ашылды. Бөлім менгерушісі болып Абай, Мұхтар шығармашылығын зерттеп жүрген белгілі әдебиеттанушы-ғалым

М.Мырзахметұлы тағайындалды. Жаңа ғылыми ұжым ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойына дайындық жұмыстарын жүргізе отырып, Абай шығармаларына мәтіндік зерттеулер жүргізуді, соның негізінде ақынның екі томдық академиялық жинағының жаңа нұсқасын дайындалап, оның өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттейтін тың енбектер жазуды мақсат етті. Бұл жұмыстарды атқаруға институттың сол кездегі директоры С.Кирабаев, білікті өдебиеттанушы-ғалымдар, академик З.Ахметов, М.Мырзахметұлы, Ж.Ысмағұлов, С.Қасқабасов, өдебиет зерттеушілер Б.Байғалиев, К.Салғарин, С.Қасымбеков тартылып, Семейден – К.Мұхамедханұлы шакырылды. 1991 жылы М.Мырзахметұлы Түркістанда ашылған К.Иасауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетіне қызметке ауысқаннан кейін, бөлім жұмысына С.Кирабаев басшылық етті.

Казақстан Республикасының өз алдына жеке мемлекет ретінде шаңырақ көтеріп, тәуелсіздікке кол жеткізуінің арқасында Абай мұрасын толыққанды зерттеуге кен мүмкіндік туды. Абай өмірі мен шығармашылығы тәуелсіздік талаптары түрғысынан жан-жақты карастырылып, абаитануға байланысты бұрын-сонды шықкан енбектер сарапталды, ұлы ақын шығармаларының жазылу тарихы мен көркемдік ерекшеліктері туралы жаңа пайымдаулар жасалды. 1991-1995 жылдар аралығында бөлім қызметкерлерінің қажырлы енбегінің арқасында Абай шығармаларының мәтіндері түгелдей қайта қаралып, барлық басылымдарына салыстырулар жүргізілді, шығармаларының ғылыми түсініктері қайта жазылып толықтырылды. Абай туралы замандастары мен үрпактарының бұрын-сонды жарияланбаған естеліктер жинағы абаитану тарихында алғаш рет құрастарылды. Абай өміrbаяны архивтік материалдар негізінде толықтырылып, Б.Байғалиевтің «Абай өміrbаянының дерек көздері» атты зерттеу жазылды. Бірлескен жұмыс ігі нәтижесін беріп, Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы дайындалды. Жинақты дайындау барысында бұрынғы басылымдарда айтылған ескертпелер назарға алынып, жаңадан тыңғылықты мәтіндік зерттеу жұмыстары жүргізілді. Кезінде абаитану ғылыминың елеулі табысы болған, 1957 жылы М.Әуезовтің басшылығымен және тікелей катысуымен дайындалған Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы жаңа академиялық ғылыми басылымға негіз болды. Жаңа екі томдық толық

жинакты дайындал құрастыруға қатысқан ғылыми шығармашылық топ ақынның барлық туындыларының мәтіндерін осыған дейін шықкан бүрінші жинақтармен және жазба деңгек көзі ретінде саналып жүрген белгілі қолжазбалармен қайтадан салыстыра зерттеулер жүргізді, шығармаларға түсініктер де тын деректермен толықтырылып, кей түстарда қайтадан жазылды.

Абай шығармаларының бұл екі томдық академиялық толық жинағы абайтану тарихындағы үлкен жетістік болды. онын үстіне ЮНЕСКО шешімі бойынша ұлы ақынның дүниежүзілік деңгейде аталғалы отырган 150 жылдық мерейтойна жасалған қомакты тарту болды. Сол жылдары Абай өмірі мен шығармашылығына байланысты дайындалған жинақтар мен жазылған зерттеулердің барлығы дерлік осы мерейтой шенберінде орындалды. Бұл ретте З.Ахметовтың «Абайдың ақындық өлемі», М.Мырзахметұлының «Абайтану тарихы», «Абайдың адамгершілік мұраттары», Ж.Ысмағұловтың «Абай: ақындық тағылымы», К.Салғариннің «Таным баспалдактары» монографиялық зерттеулері жарық көрді. Олардың қатарында 1994 жылы шықкан «Абай және казіргі заман» зерттеулер жинағы абайтанудың өзекті мәселелерін қамтыған жаңа көзқарастармен ерекшеленсе, Ж.Ысмағұловтың «Абай: ақындық тағылымы» монографиясында ұлы ақынның дарынды суреткерлікті дана ойшылдықпен ұштастырылған кеменгерлік кемелдігі ашып көрсетілді.

Ақын мерейтойы аталып өтілген 1995 жылы республика баспаларынан Абай шығармашылығына байланысты елуден астам аталыммен ғылыми-танымдық кітаптар мен зерттеулер, тақырыптық өлеңдер жинақтары жарық көрді. Еліміз тарихында алғаш рет «Абай» тұлғалық энциклопедиясының шығуы үлкен мәдени, ғылыми оқиға ретінде есте қалды.

Абай өмірі мен шығармашылығы туралы бөлім қызыметкерлерінің жүздеген ғылыми және ғылыми-танымдық макалалары республикалық және шетел баспасөзі беттерінде, ғылыми жинақтарда жарияланды, З.Ахметов, С.Кирабаев, М.Мырзахметұлы ЮНЕСКО шенберінде алыс және жақын шетелдерде аталып өткен Абайдың 150 жылдық мерейтойына байланысты мәдени, ғылыми іс-шараларға қатысып, баяндамалар жасады.

1996 жылы абайтануға косқан елеулі үlestері үшін ақадемиктер З.Ахметов, С.Кирабаев, әдебиеттанушы-ғалымдар

М. Мырзахметұлы және Қ. Мұхамедханұлы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары атанды.

Сол жылы шыққан ғылыми еңбектер арасында академик З.Ахметовтың «Абайдың ақындық өлемі» атты монографиясы ерекшеленіп тұрады. Мұлдем жаңаша, тәуелсіздік талаптары биігінен жазылған тың еңбекте поэзияны, сөз өнерін қазіргі заман деңгейінде түсіну тұрғысынан Абайдың ақындық тұлғасының өзгешелігі, ақынның шындықты тануы, суреттеуінін нақтылығы мен терендігі ашып көрсетілген. Фалым Абай шығармаларын жүйелі түрде талдай отырып, ақынның ұлттық көркемдік-эстетикалық дәстүрлермен тығызы байланысын, әрі оның жаңашылдығын, орыс классикалық және өлем әдебиеті жетістіктерін жете игеруін білгірлікпен көрсете алған. Академиктің көп жылғы ізденістері нәтижесінде жазылған бұл кітап абайтанудағы жана сөз, жана пайымдауға негізделген енбек деп қарастыру керек. Монографияда Абайдың ақын, ойшыл, ағартушы, композитор, ұлт үстазы, қоғам кайраткері ретіндегі сан қырлы талантының астарлы сыры, суреткерлік шеберлігі терең зерттелген.

Абайдың ақындық мектебі туралы жан-жақты зерттеу жұмысы қолға алынып, бұл иғі іс еліміз тәуелсіздік алған жылдары заңды жалғасын тапты. М.Әуезовтің абайтануға байланысты және Абайдың әдебиет мектебі туралы тың дөректер мен жаңалықтарға толы қолжазбалары 1988 жылы «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» деген жинағында жарияланды. Абайдың ақындық мектебін үстазымен бірге көтеріспін, бұл жолда көп қиямет көрген Қайым Мұхамедханов еліміз тәуелсіздік алғашқы жылдардан бастап 1951 жылы өзі құрастырып, М.Әуезов кіріспе макаласын жазған Абайдың ақын шәкірттерінің басылып жатқан тұста тоқтатылып, жарық көрмей калған жинағын қайта қолға алды. Фалымның қажырлы еңбегінің нәтижесінде 1993-1997 жылдары «Абайдың ақын шәкірттері» атты төрт кітаптан тұратын жинақ жарық көрді. Бұл басылымға Абай мектебінің талантты шәкірттері Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Кәкбай, Уәйіс, Әріп, Әсет, Мұқа, Әубекір, Иманбазар және т.б. бұрын-сонды белгілі-белгісіз болып келген шығармалары еніп, осы ақындар туралы Қ.Мұхамедхановтың көлемді зерттеулері жарияланды. Бұдан бөлек Шәкірімнің шығармалар жинағы бірнеше рет жарық көріп, Кәкбай, Әсет ақындардың кітаптары басылып шыкты.

Абайтануда өнімді еңбек етіп келе жатқан аға ғалымдардың бірі М.Мырзахметұлы үшін де 1990 жылдар ғылыми тағысқа мол болуымен есте қалды. Ғалым «Абайдың адамгершілік мұраттары» атты еңбегінде ұлы ақын кітапханасы негізінде Абайдың ежелгі шығыс ойшылдарымен пікір сабактастығы мен абайтану мәселелерін сөз етсе, «Абай және Шығыс» атты монографиясында Абайдың шығыс мәдениетімен байланысын ғылыми түрғыда жүйелеп ба-яндайды, ал «Абайтану тарихы» атты зерттеуінде алғаш рет абайтанудың бір ғасырға жуық тарихына егжей-тегжейлі шолу жасайды.

1995 жылы абайтануға байланысты жарық көрген елеулі еңбектер қатарында тілші-ғалым Р.Сыздыкованың «Абайдың сөз өрнегі», фольклортанушы-ғалым С.Қасқабасовтың «Абай және фольклор», К.Мұхамедханұлының «Абай мұрагерлері», философ-ғалым Ф.Есімнің «Хакім Абай», М.Бейсенбаевтың «Абай және онын заманы» зерттеулерін, Абай өмірін зерттеуші-журналист Б.Сапаралының «Байшөгел», «Кұнанбай қажы» атты тарихи-танымдық кітаптарын атауға болады. Сонымен бірге «Жүрегімнің түбіне терен бойла» атты Абай туралы Тұрағұл, Әрхам, Үәсила, Камалия, Қекбай, Төлеу естеліктері енген жинақ ұлы ақын тұлғасын ашып, өміrbаянын толықтыра түсті. Мұндай күнды кітаптар қата-рында М.Мекемтасұлы құрастырып, екі рет шықкан «Абайды оқы, таңырқа...» жинағын атایмыз. Кітапқа XX ғасыр ба-сында Абай мұрасы туралы жазған ұлт зиялдыларының мақалалары топтастырылған.

Абайтану саласында азғана уақыт жұмыс істесе де, күнды зерттеулер қалдырған өдебиетші, архивтанушы Бейсенбай Байғалиев енбекін атап кеткен абсолют. Абай шығармаларының 1995 жылғы екі томдық толық жинағын дайындауға қатыск-ан қарымды қаламгердің ұзак жылдар тірнектеп жинап зерт-теген, Абайдың өмір жолына байланысты кей көленкелі түстар мен күмәнді сауалдардың ақыкатын ашқан «Абай өміrbаяны архив деректерінде» атты монографиясы 2001 жылы басылып шықты.

Улқен қарқын алған абайтанушылық ғылыми-зерттеу жұмыстары мерейтойлық шаралармен үндестіре жүргізілді де, одан кейін қайтадан тоқырап қалды, қаржы тапшылығына байланысты М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер ин-ститутында абайтану бөлімі жабылып, Абай мұрасына бай-

ланысты жоспарлы зерттеу жұмыстары да бәсендеді. Абай шығармашылығына арналған, Абайдың ақындық дәстүрі мен ұлы ақынның шәкірттері туралы диссертациялар жазу бір сәтте тоқтаған жок. Институттың диссертациялық көңесіндегі Абайдың талантты ақын шәкірттері Көкбай Жанатайұлы, Әріп Тәнірбергенұлы және Әсет Найманбайұлы шығармашылығы туралы, Абайдың аударма дәстүрі туралы кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Абайтануға жанашырылған, шынайы қамкорлық академик С.Қасқабасов М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына директор болып келген 2001 жылдың күзінен басталып, оның бастамасымен институтта Абайтану және жаңа дәуір әдебиеті бөлімі ашылды. Бөлімді 2001-2002 жылдары басқарған ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор З.Ахметов абайтану ғылымы алдында түрган келелі міндеттерді айқындалап, ұжымның ғылыми-зерттеу жұмысының тұжырымдамасын жасап берді. Әр жылдары бөлімнің ғылыми жұмыстарына 1946 жылдан бері жұмыс істеген, қザқ әдебиеті тарихының үш басылымына да атсалыскан ф.ғ.к. Б. Ақмұқанова, ф.ғ.д. Б. Мамыраев, ф.ғ.д. Ж. Тілепов, ф.ғ.к. С. АナンЬЕВА, к.ғ.к. Р. Ахметов сияқты әдебиеттанушы-ғалымдар қатысып, өнімді енбек етті.

2003-2006 жылдары бөлімге жетекшілік еткен филология ғылымдарының докторы, профессор А.К. Егеубаев абайтану мәселелеріне үлкен жауапкершілікпен қарап, он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» Абай дәуіріне арналған 4,5,6-томдарын жаңа түрғыда жазу ісіне басшылық етті. «Қазақ әдебиеті тарихының» 4-томы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы казак әдебиетінің даму үрдістеріне арналып, А.К. Егеубаев «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы казак әдебиеті» атты қолемді кіріспе бөлім жазды, М.Өтемісұлы туралы портреттік макала тәуелсіздік талаптары тұрғысынан жаңа көзқараспен жазылып, Сабыrbай, Дулат, Шортанбай, Үлбіке ақындар поэзиясы туралы тараулар алғаш рет жарияланды, сондай-ақ осы басылымның бесінші томы XIX ғасырдың екінші жартысындағы казак әдебиеті мәселелеріне арналып, А.К. Егеубаевтың «XIX ғасырдың екінші жартысындағы казак әдебиеті» атты қолемді кіріспе макаласымен ашылды, томда Абай шығармашылығы жаңа пайымдаулармен жазылып, Мұрат Мөнкеұлы, Әріп Тәнірбергенұлы шығармашылығы туралы алғаш рет толымды портреттік макалалар берілді.

6-том ХХ ғасыр басындағы қазак әдебиетіне арналып, А.К. Егеубаевтың осы кезең әдебиетінің даму үрдістері туралы кіріспе мақаласымен ашылды, томда Ә. Бекейханов, А. Байтұрынұлы, М. Дулатов, Ш. Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жұсіп Көпейұлы, Нарманбет Орманбетұлы, Ғұмар Қарааш шығармашылығы туралы алғаш рет көң тұрғыдағы портреттік тараулар жарияланды.

2003 жылы көрнекті ақын Махамбет Өтемісұлының 200 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтіп, бұл ігі шараға бөлім қызметкерлері де айтартыктай үлес кости: ақынның 4 томдық академиялық шығармалар жинағы дайындалып, «Ғылым» баспасынан жарық көрді. Жұмыс барысында М. Өтемісұлының тұнғыш рет жүзеге асырылған академиялық басылымының ғылыми жаңалықтары төмендегідей:

1. Ақынның 1843-2003 жылдарды қамтыған биобиблиографиялық көрсеткіші түзілді;
2. 1908 жылғы Қазан басылымынан бастап, ақын шығармаларына текстологиялық сараптама жасалды;
3. Ертедегі басылымдар бойынша толық ғылыми сипаттама жасалып, сол басылымдардағы Махамбет шығармаларының факсимилесі, кириллицаға түсірілген көшірмелері жарияланды;
4. Махамбет өмірінің хронологиялық көрсеткіші жасалды;
5. Махамбет шығармаларын жинаушылардың аты-жөндерінің тізбесі алғаш рет жинақталып жасалды;
6. Махамбет өміріне қатысты жер-су атауларының, ақын өмір сүрген көфамдағы әлеуметтік топтардың сипаттамалық көрсеткіші және т.б. ғылыми тараулар алғаш рет жүзеге асырылды. Осы жұмыстар барысында 1-томға ақынның өз туындылары, 2-томға орыс тіліне аударылған шығармалары, 3-томға М. Өтемісұлы туралы зерттеуер мен мақалалар, 4-томға Махамбет өмірінен сыр шертетін архив материалдары енгізілді. Сол жылы ЮНЕСКО-ның штаб-пәтері орналасқан Париж қаласында ақын шығармашылығына арналған конференция өтіп, онда академик С.А. Қасқабасов Махамбет поэзиясы туралы ғылыми баяндама жасады. Жыл қорытындысы бойынша Махамбет шығармаларын жарияладап насиҳаттауға сінірғен енбекі үшін академик С.А. Қасқабасов пен профессор А.К. Егеубаев Махамбет атындағы сыйлыққа ие болды.

2003 жылы жоба бойынша С. Торайғыровтың 3 томдық шығармалар жинағы дайындалып, жарық көрді.

2006-2008 жылдары жүзеге асырылған «Қазіргі казак әдебиетіндегі Абай дәстүрі (1990-2006 ж.ж.)» атты жобалық тақырыпты орындау барысында 1990-2005 жылдардағы қазак әдебиетінің көркемдік даму зандылықтары Абай дүниетанымы, Абайдың суреткерлік мектебі, Абай және ұлттық идея, Абай дәстүрі және оның зерттелуі, дәстүрлі ақындық мектептер мен казіргі поэзияның көркемдік-эстетикалық тогызында, Абай дәстүрі және казіргі қазак әдебиетінің әдебиатихи процесіндегі орны, Қазіргі казак әдебиетіндегі ұлттық идеяның көрінісі және Абайдың елдік дүниетанымы (проза, поэзия, драматургия), Абай Құнанбаев – казақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін салушы және ұлт әдебиетінің жаңа кезені (1990-2005 жылдардағы казак әдебиеті) жобаның нысаны ретінде қарастырылды. Тәуелсіздік кезеңіндегі мемлекеттік, елдік идеялардың Абай көзқарастарымен үштасуы, т.б. жаңа көзқарастар аясында қарастырылып, көркемдік-эстетикалық концепцияларды сарапалау, поэтикалық ерекшеліктерін жүйелеу, ұлттық көркемдік танымды қалыптастырып, одан өрі өрістету желісінде жүргізілді.

2007-2010 жылдары бөлімге басшылық еткен білікті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Ысмағұлов жалғастырып, абайтануға байланысты ауқымды шараларды жүзеге асырды. 2004 жылы Абайдың қайтыс болғанына 100 жыл толуына арналған «Қазактың бас ақыны» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция, 2007 жылы «Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті», 2009 жылы «Абай мұрасы – қазактың ұлттық қазынасы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференциялар өткізілді. Бұл ғылыми мәслихаттарда алыс-жақын мемлекеттердің, еліміздің көрнекті ғалымдары абайтанудың көкейкесті мәселелеріне байланысты мазмұнды баяндамалар жасап, құнды пікірлер айтты. Үш конференция материалдары да жеке-жеке кітап болып жарық көрді.

2009 жылы Абайтану және жаңа дәуір әдебиеті бөлімінің 2006-2008 жылдардағы жоспарлы ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі «Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті» деңгөн атпен жеке зерттеу кітабы болып жарық көрді. Жинақта 1990-2005 жылдардағы қазак әдебиетінің көркемдік даму зандылықтарымен бірге тәуелсіздік кезеңі әдебиетіндегі Абай дәстүрі зерттеліп, көркем шығармалардағы ұлттық идеяның көрінісі Абайдың елдік дүниетанымының көркемдік-эстети-

калық ұстанымдары тұрғысынан қарастырылды. Дәп осы жылы бөлім қызметкерлерінің дайындауымен Абайдың 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген тұнғыш жинағының екінші басылымы жүз жылдан кейін факсимиле түрінде және қазіргі колда ныстағы өріптегі жеке кітап болып басылып шықты. Сонымен қатар «Абайдың қара сөздері» ғылыми түсініктемелерімен және абаитануға қатысты ғылыми-библиографиялық көрсеткіш те баспа бетін көрді.

Абаитану бойынша соңғы жылдары шыққан елеулі еңбектер қатарында Ж.Ысмағұловтың «Абай: даналық дәрістері» (2008) атты ұлы ақынның бүкіл шығармашылық мұрасын тұтастай алып қарастырған еңбегін ерекше атап кепрек. Сол сияқты ғалым өткен жылы шыққан «Алтын ғасырдың ақ таны» (2009) атты зерттеулер жинағында Абай тұлғасына қайта оралып, XX ғасыр басындағы әдебиеттегі ақын дәстүрі туралы ой тұжырымдайды.

Бөлімде өр жылдары филология ғылымдарының кандидаттары – К.Шәменов, Ф.Әбетов, Ә.Есназаров, Ж.Шойынбетов, К.Раев, Абайдың 1995 жылғы екі томдығын дайындауға қатысқан Б.Байгалиев, С.Қасымбеков, Қазак әдебиеті тарихының он томдығын дайындауға қатысқан Т.Әлбеков, А.Сейітова, Т.Берікболов, С.Қамшыгер, т.б. жұмыс істеген.

Қазіргі кезде бөлімде ф.ғ.д. С.Дәуітов, филология ғылымдарының кандидаттары – Ш.Саріев, А.Зекенова, Д.Мұхамадиев және к.ғ.к. Ш.Серікжанова жұмыс істеуде.

Казір Абаитану және жана дәуір әдебиеті бөлімі «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиет және тәуелсіздік идеясы» жобалық ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жұмыс істеуде. Жұмыс барысында тарихи-әдеби процестің тұжырымдамасы айқындалып, осы дәуірдегі жеке ақындар мен жазушылар шығармаларындағы тәуелсіздік идеясы туралы мәселелер төрөн талданып, ақын-жазушылардың шығармашылық мұрасы қоғамдық мәні жағынан ғана емес, эстетикалық, поэтикалық, филологиялық принциптер негізінде пайдаланылғанын көрсетті.

### Әдебиет

1. Абай: Энциклопедия / Бас ред.Р.Н.Нұргалиев. – Алматы, 1995.
2. Абай және қазіргі заман. – Алматы, 1994.

1. 3. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. — Алматы, 1995.
3. Абай және казіргі заман: (өмірі мен әдеби мұраларының жаңа қырлары) //Редкол.: З.Ахметов (жауапты ред.) ж.б. — Алматы, 1994.
4. Абай және Шығыс / Құраст., алғы сөзі мен түсініктерін жазған Мырзахметов.— Алматы, 1994.
5. Абай Құнанбайұлы. Тандамалы өлеңдері. — Ташкент, 1922.
6. Абай Құнанбайұлы. Толық жыйнақ. Жыйнаушы: Әуезов Мұхтар; Алғы сөзін жазған І. Жансүгірұлы. — Қызыл-Орда, 1933.
7. Абай. Қазақ ақыны Ибрагим Құнанбаевтың өлеңдері / Бастырыған: Кәкітай Ыскакұлы Құнанбаев. — Спб., 1909.
8. Абайдың ақын шәкірттері / Құраст. К.Мұхамедханұлы. — Алматы, 1994-1998. 1-4 кіт.
9. Абайтанудан жарияланған материалдар. — Алматы, 1988.
10. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. — Алматы, 1995.
11. Әуезов Мұхтар Омарханұлы, Кенжебаев Б. Абай қазақтың ұлы ақыны (1845-1945). — Алматы, 1945.
12. Әуезов Мұхтар Омарханұлы. Абайтану дөрістері. — Алматы, 1995.
13. Байғалиев Б. Абай өмірбаянының дереккөздері. — Алматы, 2001.
14. Байтұрсынов А. Шығармалары. — Алматы, 1989.
15. Дербісөлин Ә. Ұбырай Алтынсарин: өмірі мен қызметі туралы. — Алматы, 1965.
16. Дербісөлин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті: даму жолдары. — Алматы, 1966.
17. Дербісөлин Ә. Дәстүр мен жалғастық: ауыз әдебиетіндегі ақындық дәстүр және XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы. — Алматы, 1976.
18. Дулатов М. Шығармалары. — Алматы, 1989.
19. Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. — Алматы, 1948.
20. Құлеев Б. Айтшы, ак қайың. — Алматы, 1969.
21. Қазақ әдебиетінің тарихы. — Алматы, 1960-1967. 1-3-томдар.
- 22. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. — Алматы, 2005-2006. 4-6-томдар.
23. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. — Алматы, 1976.
24. Қазақ поэзиясының антологиясы. XX ғасырдың бас кезі. — Алматы, 1993.
25. Қасқабасов С. Абай және фольклор. — Алматы, 1995.
26. Мырзахметұлы М. Абайтану тарихы. — Алматы, 1995.
27. Мырзахметұлы М. Абайдың адамгершілік мұраттары. — Алматы, 1995.
28. XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. — Алматы, 1985.

29. XIX ғасырдағы қазақ ақындары. – Алматы, 1988.
30. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. – Алматы 1962.
31. Өтемісұлы М. Шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. – Алматы, 2003. 1-4-томдар.
32. Салгарин К. Таным баспалдақтары. – Алматы, 1996.
33. Сатпаева Ш.К. Шакарим Кудайбердиев. – Алматы, 1993.
34. Торайғыров С. Шығармалары. Екі томдық. – Алматы, 1967.
35. Үш ғасыр жырлайды. – Алматы, 1965.
36. Үсмагұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы, 1994.
37. Үсмагұлов Ж. Алтын ғасырдың ақ таны. – Алматы, 2009.
38. Шекерім. Шығармалары. – Алматы, 1988.

*Cerikqazы Қорабай*

## ӘУЕЗОВТАНУ БӨЛІМІ

### Көңес дәүірі (1963—1991)

1961 жылы шілде айынын 27-де аса көрнекті қазақ-совет жазушысы, Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың лауреаты, ғалым, қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезов дүниеден өтті. Жазушыны мөнгі есте сактау жөнінде Қазақ ССР Министрлер Советінің 1961 жылы 15 тамызда №10 қаулысы қабылданып, 1963 жылдың 28 наурызында әдеби мемориалды музей-үйі ашылды. Бұл үйде М.О.Әуезов өмірінің соңғы он жылды (1951—1961 жж.) өткен еді (Алматы қаласы, Төлебаев көшесі 185).

Мұражай ашылған кезде жазушының жұмыс кабинеті мен жатын бөлмесі бұрынғы, яғни өзі тұрган кезіндегідей қалпында қалдырылды. Ал үйдің басқа бөлмелерінде жазушының өмірі мен шығармашылығын көнінен сипаттайтын тұрақты экспозиция жасалды. Экспозицияның дені М.Әуезовтің бай, мазмұнды өз коры. Бұларды жазушының зиябы Валентина Николаевна Әуезова табыс еткен. Музей экспонаттарының ішінде М.Әуезовтің көзі тірі кезінде ССР халық мүсіншісі Е.Вучетичтің, суретші Б.Урманченің жасалған портреттері, Қазақстанның халық суретшілері Ә.Қастеев пен К.Телжановтың картиналары, скульптор П.Усачевтің М.Әуезовтің жастиқ шағын бейнелеген мрамор бюсты, Қырғыз ССР-ның көркем өнеріне енбек сінірген қайраткері Л.Ильинаның, суретші Е.Сидоркиннің М.Әуезов шығармалары бойынша жасалған иллюстрациялары, сонымен катар Қазақ ССР-ның көркем өнеріне енбек сінірген қайраткерлері А.Ненешев пен Э.Чарномскийдің М.Әуезов шығармаларын театр сахнасына қоюға арнап жасаған макеттері, декорация эскиздері, костюмдері бар. М.О.Әуезовтің әдеби мемориалдық музей-үйінің алғашқы экспозициясы суретші Н.П.Александровтың жобасы бойынша жасалған.

1963 жылы мұражай ашылғаннан бері бұл орталық жазушының әдеби мұрасын жинақтап, насыхаттау, шығармашылық өмір жолы мен қоғамдық қызметін, әдебиет саласындағы ізденістерін жан-жақты танытумен айналысып келеді.

Мұражайдың негізін салған, жазушының қызы, тарих ғылымдарының докторы (1975) Ләйла Мұхтарқызы Әуезова болды. Ол Москва мемлекеттік университетінің тарих

факультетін 1952 жылы бітірген. 1956-1962 жылдары КР Тарих, археология және этнография институтының ғылыми қызметкері, 1963-1993 жылдары М.О.Әуезов әдеби-мемориалды мұражай-үйінің директоры. Басты ғылыми жұмысы Қазан төңкөрісіне дейінгі Қазақстан тарихы мен Қазақстанда жер шаруашылығының дамуы және М.О.Әуезов шығармашылығындағы Қазақстан тарихының проблемалары болды. 1980 жылы Ләйла Мұхтарқызы Әуезова КР ФА-ның Ш.Ұәлиханов атындағы сыйлықтың иегері атанды. Л.Әуезованың «Развитие земледелия в Казахстане во второй половине XIX века»; «Исторические основы эпопеи «Путь Абая» (1969); «Проблемы истории Казахстана в творчестве М.О.Ауэзова» (1977) деген белгілі монографиялық зерттеулері бар.

Л.Әуезова өмірінің сонына дейін М.Әуезов мұражайының дамуына, өркендеуіне көп еңбек сінірді. Оның басшылығымен қөптеген ұжымдық жинактар, зерттеушілердің жеке ізденістерін қамтитын ғылыми кітаптары жарыққа шықты. М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы жайында өр түрлі іргелі жұмыстарды ұйымдастырып, жазушы еңбектерін қайта басып шығаруға ат салысты.

Соның алғашқысының бірі ретінде М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына арналған «Мұхтар Әуезовтің музей-үйі» деген қазак, орыс, ағылшын, неміс тілдеріндегі буклетті атауға болады (1969 жылы, екінші рет 1977 жылы жарық көрді).

1967 жылы М.Әуезовтің туғанына 70 жыл толуына байланысты конференциялар ұйымдастырылып, баспасөз бетінде мақалалар жарияланды, әрі естелік кітаптар жарық көрді. Осы кездері жазушының шығармалар жинағының 12-томдығын әзірлеу қолға алынды. Бұл 12 томдық 1967-1969 жылдар ара-лығында басылып шықты. Бұған Л.Әуезова басшылық жасаса, М.Бәжеев, Б.Наурызбаев, А.Нұрқатов, Б.Уакатов, К.Сыздыков сияқты белгілі ғалымдар томдардың ғылыми түсініктемелерін жазып, баспаға дайындаған.

Сонымен бірге бөлім қызметкерлері «Біздің Мұхтар» деген естелік кітапты да жарыққа шығарды. Бұл жинаққа М.Әуезовпен көзі тірісінде дос, жолдас, жақын таныс, қызметтес болған жазушылар мен ғалымдардың, кояғам кайраткерлерінің естеліктері енді. Кітапты құрастырып, түсініктемелерін жазған филология ғылымдарының кандидаты – Баламер Сахариев.

М.Әуезовтін туғанына 75 жыл толуына орайластырып, ары қарай бөлім қызметкерлері 1972 жылы қаламгердің 1917-1961 жылға дейін жазылған енбектерін жинақтап, ол туралы жазылған зерттеулер мен макалалардың библиографиялық көрсеткішін жасап, жеке кітап етіп дайындауды (М.О.Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіш). Бұл көрсеткіште М.Әуезовтің алғашқы кезеңдегі макаласынан бастап, өмірінің соңғы күндеріне дейін жазған туындылары хронологиялық тәртіппен жүйелі түрде берілген. Сонымен катар М.Әуезовтің шығармашылығы жайында (ол туралы) жазылған әр түрлі енбектер де қамтылған.

Ал 1977 жылы М.Әуезовтің 80 жылдық мерейтойы республика қолемінде кеңінен аталып өтті. Осы мерейтой карсанында мұражайдың ауқымы да кеңейіп ғылыми қызметкерлерге арналып екі қабатты ғимарат пен деректі фильмдерді көрсететін 60 орындық мәжіліс залы салынды. Бұған дейін ғылыми қызметкерлер музей-үйдің екінші қабатында отырған еді. Жазушының музей-үйі осы уақытта күрделі жөндеу жұмысынан өтіп, екінші қабат жазушының өзі түрған кезіндегі қалыпқа келтіріліп, келушілерге есігін ашты. Осы жаһартылған экспозиция залының авторы суретші – Я.Нимиц.

Сонымен катар бөлім қызметкерлері жазушының 80 жылдығына орай орысша 5-томдық шығармалар жинағын шығаруға ат салысты. Бұл басылым 1973-1975 жылдар ара-лығында жарық көрді. Оның редакциялық алқасын Л.Әуезова, Т.Ахтанов, М.Базарбаев, З.Кедрина, Л.Лебедева, Е.Лизунова, Г.Ломидзе, Э.Шөріпов сияқты ғалымдар басқарды. Аталған 5-томдық шығармалар жинағына қаламгердің орыс тілінде жазылған макалалары, зерттеу енбектері мен әңгіме, пьесалары енді.

Осы мерейтой қарсанында бөлім қызметкерлері жазушының мұрагатында сақталған колжазба мұрасын бір ізге түсіріп, оның ғылыми сипаттамасын жасады (М.О.Әуезовтің колжазба мұрасы. 1977). Кітапты Б.Сахариеv, Т.Әкімов. Р.Досымбекова, А.Қуанышбаев, Н.Мұхаметхановтар құрастырды, ал жауапты редакторы Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі – М.Қаратаев болды.

Жазушының 80 жылдық мерейтойына сәйкес «Певец народа» деген атпен шыққан кітапта орыс және шетелдік әдебиетшілердің М.Әуезовтің шығармашылығы туралы айтқандары жинақталып ұсынылған. Бұған коса, «Мұхтар Ауэзов

– классик советской литературы» деген мерекелік жиынның, конференция материалдарынан құралған жинақ та жарық көрді. Бұл кітапка сол кездегі қоғам қайраткерлерінің, жазушылардың, ғалымдардың баяндамалары енді. М.Әуезовтің 80 жылдық мерейтойы Алматы, Семей, Киев, Москвада аталып өтілді.

Міне, осы дәстүр, ары қарай жалғасып, 1987 жылы 25 қыркүйекте М.О.Әуезовтің 90 жылдығы да кеңінен аталып өтті. Алматы қаласындағы Ленин атындағы сарайда салтанатты мәжіліс үйімдастырылды. М.Әуезовтің туған жерінде мерекелік жиын болып, Семей қаласында М.Әуезов ескерткіші ашылды. Бөлім қызметкерлері М.О.Әуезовтің 90 жылдығына арналған салтанатты мәжілістің материалдарын жинақтап «Мұхтар Әуезов және қазіргі заманғы әдебиет» деген атпен кітап шығарды. Оны құрастырып, баспаға дайындағандар: Л.М.Әуезова, Е.Тәжібаев, Р.Досымбекова. Бұл жинаққа Одактар үйінің Колонналы залындағы салтанатты кеш, Қазақ ССР Ғылым академиясының Ғалымдар үйі, «Совет жастарына интернационалдық тәрбие берудегі Әуезов шығармаларының маңызы» атты жас ғалымдар мен оқытушылардың ғылыми теориялық конференциясының материалдары енді.

Л.М.Әуезованың басшылығымен музей-үйінің қызметкерлері жазушының 20 томдық шығармалар жинағын дайындауды қолға алды. 1979-1985 жылдар аралығында жазушының жиырма томдық шығармалар жинағы толығымен жарық көрді. Аталған жиырма томдық шығармалар жинағы алғашқы шыққан 12 томдықтан үлкен айырмашылығы болды. Бұған кезінде ғылыми айналымнан алынып қалған, жазушыға тарихи «ашық хатын» жаздырыған, тағдыры қылы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті суреттеген «Килем заман» повесі Шыңғыс Айтматовтың алғы сөзімен енді. Сондай-ақ қолжазба қорында сакталып, тұнғыш рет осы жинаққа енген мақалалары мен басқа да көлемді енбектері болды.

Сонымен қатар Ләйла Мұхтарқызы көрнекті абайтанушы, ғалым Мекемтас Мырзахметовпен бірге бұрын көпшілік оқырман қауымға белгісіз, ешқайда жарық көрмеген Абай шығармашылығына қатысты жазушының жазғандарын іріктеп, «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» (1982) атты кітапты құрастырып, жарыққа шығарды. Кітап «Абай шығармаларының текстологиясы», «Абай мұрасының руха-

ни көздері», «Абайдың ақындық дәстүрі (мектебі)», «Абайтануға байланысты материалдар», «Абайтану жайларынан» деген тараулардан тұрды.

Ал «М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» атты іргелі еңбекті, елу томдық академиялық басылымды, «Мұхтар Әуезов әнциклопедиясын» және жазушының 100 жылдық мерейтойына дайындықтың негізгі жобасын Л.Әуезова бастағанмен, сонына дейін жеткізе алмады. Ләйла Мұхтарқызы 1993 жылы дүниеден өтті, оның бұл игі бастамаларын мұражай қызметкерлері жүзеге асырды.

Жазушының орысша бес томдық, казақша он екі томдық, жиырма томдық шығармалар жинағы бұл ғылыми мекемеде істеген қызметкерлердің жүйелі, іргелі жұмыстарының нәтижесі болды.

М.Әуезовтің мұражай-үйі – ғылым, білім, мәдениет ошының ордасы. Мұнда Жазушылар Одағы, Әдебиет және өнер институтының бастамасымен «Әдебиет пен өнердің халық университеті» құрылыш (1964-2000), көпшілік қауымның рухани тұрғыдан өсіп, жетілуіне үлкен әсерін тигізді. Осы иті бастаманы филология ғылымдарының докторы, академик Рахманқұл Бердібаев үйымдастырып (ректоры ретінде), оның кеңінен қанат жауына көп еңбек сінірді. «Халық университетінің» ғалым хатшысы болып мұражай қызметкері – Т.Әкім істеді. Онда әр түрлі тақырыптарда лекциялар, әдеби кештер, кездесулер үйымдастырылып, қазақ халқының ғылыми, тарихы, әдебиеті, мәдениеті мен басқа рухани салаларын қамтып, насиҳаттауда өлшеусіз еңбектер атқарылды. Осы жылдар ішінде мынға тарта сабак жүргізілді, осы дәрістердің рухы мен бағыты Мұхтар Омарханұлының шығармашылығымен, ол қалдырған оймен, жолмен, дәстурмен тығыз сабактасып жатты. Оған еліміздегі өнер, ғылым, мәдениет саласындағы белгілі мамандар шақырылды. Нағыз ғылыми танымдық, эстетикалық, тәрбиелік мәні бар көптеген істер істелді. Кейбір ақын-жыраулар, термешілер мен айтис өнерінің қас шеберлері осы халық университетінде өткізілген дәрістер арқылы халықка танымал бола бастады.

Оның бағытының қандай екені 2000 жылы өткізген сабактарының кейбір атауларынан да көруге болады:

1. С.Мұқанов – халық жазушысы (лектор – ф.ғ.д., профессор Т.Кәкішев).

2. Түркістанға – 1500 жыл (лектор – Е.Смағұлов, тарих ғылымдарының кандидаты).

3. Берел олжалары (лектор – З.Самашев, археолог, тарих ғылымдарының кандидаты).

Халық университетінде белгілі ғалымдар, жазушылар мен мәдениет қайраткерлері дәріс оқып, өз ойларымен бөлісті. Олар: Әлкей Марғұлан, Ғабит Мұсірепов, Ғабиден Мұстафин, Ілияс Есенберлин, Әбдіжөміл Нұрпейісов, Серік Қирабаев, Зейнолла Қабдолов, Еркеғали Рахмадиев, т.б.

### **Тәуелсіздік дәүірі (1991–2011)**

Еліміз егемендікке кол жеткізгеннен кейін ұлы жазушы М. Әуезовтің шығармашылығы тәуелсіздік түрғысынан жаңаша пайымдалып, зерттеle баставды. Соның алғашқы баставасы ретінде 1991 жылы «Ана тілі» баспасынан «Әдебиет тарихы» атты әйгілі кітабының жарық көргенін айтуға болады.

Дербестік жылдардың тағы бір айғағы – 1992 жылы мұражай жанынан «Әуезов коры» күрылды. Оны алғаш үйімдастырып, басқарған Л.М.Әуезова еді. «Әуезов коры» 1997 жылы жазушының 100 жылдығына байланысты көптеген іс-шараларды үйімдастыруға үйтқы болды. «Әуезов коры» жазушының бейнесі бедерленген жиырма тәңгелік акшаның, аудио дисктердің, «Дом Ауэзова» деген ғаламторда жеке сайтты ашып, М.Әуезов туралы айтылған ғалымдардың ұлагатты сөздерінен құралған аудармалы құнпаракты шығаруда үлкен еңбек етті. Қазіргі таңда «Әуезов коры» Мұрат Мұхтарұлы Әуезовтің басшылығымен өз жұмысын жалғастыруда. 2010 жылы жазушы үрпактары мен «Әуезов корының» үйімдастыруымен және қаржылай көмек көрсетуі арқылы Сейітомар Саттаров «Мұхтар Әуезовтің ататегі» деген тарихи-құжаттық, діни-танымдық кітабын шығарды.

1994 жылы М.Әуезовтің әдеби мемориалдық музей-үйі төрт жылға жабылып, күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді. Мұндағы мақсат мұражайды қайта қалыпқа келтіріп, көрерменге жаңа қөріністе ұсыну болатын. 1951-1961 жылға дейін жазушының өзі түрған екі қабатты мұражай-үйі бастанқы қалпына келтірілді. Сонымен қатар М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына арналған жеке, жаңа көрме залы жасалды. Ол ғимараттың авторы, белгілі архитектор Ш.Матаібеков. М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық еңбектері бой-

ынша жасалған жана экспозиция залының реставрациялық жұмыстарын – Б.Көшербаев жүргізді.

М.О.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлеміндегі атаптың өтілді. 1997 жылы 27 қыркүйекте жазушының 100 жылдық мерейтойында, реставрациялық жөндеуден өткен мұражай-үйінің есігін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ашты. Ашылу салтанатына Ш.Айтматов, Д.Кугульгинов, Полад Бюль-Бюль оглы және басқа да әдебиет пен өнер саласындағы қайраткерлер қатысты.

1997 жылға дейін мұражай М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бір бөлімі ретінде жұмыс атқарды. Жазушының 100 жылдығы қарсанында мұражай институт құрамынан бөлініп, «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы болып жеке шаңырап көтерді (1996-1998). Бұрынғы музей-үйі ғылыми-мәдени орталыққа айналу барысында қызмет аясы кенеіе түсті. Мұнда атқарылатын жобалардың коғамдық, ғылыми сипатына көніл бөліп, үлес қосқан осы орталықтың директоры, филология ғылымдарының докторы – Т.Қ.Жұртбай. Ол 1990-1995 жылдары М.О.Әуезов мұражай-үйінің аға ғылыми қызметкери, 1996-1998 жылдары орталықтың директоры болып жұмыс істеді. Т.Жұртбай көптеген әдеби-сын, әдебиеттанушылық сипаттағы макалалар және тарихи-тәнімдүк тақырыптағы шығармаларымен танымал. Ол 1997 жылы М.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойын өткізу кезіндегі іс-шараларға басшылық жасады.

1997-2000 жылдар аралығында бөлім қызметкерлері «М.О.Әуезовтің әлем мәдениетіндегі рухани мұрасы» және «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығын музейфикацияландыру» деген іргелі зерттеу тақырыбы бойынша жұмыс атқарды.

М.Әуезовтің 100 жылдығы кезінде «М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» (1997) атты кітап шыкты. Бұл кітапта М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық мұраларынан, оның ғалымдық, педагогтік және коғамдық қызметтерінен өте мол, қызықты деректер берілген. Шежіреде М.О.Әуезовтің орыс және шетел жазушыларымен, ғалымдармен, сондай-ақ өзге де үлт өкілдерімен жазысқан хаттарынан, әдеби байланыстарынан мағлұмат беретін үзінділер алынған. Ғылыми жетекшілері және жауапты редакторлары: Л.М.Әуезова, Т.Қ.Жұртбай болды.

«Мұхтар Ауэзов. Письма родным и близким» деген атпен жазушының 100 жылдығы кезінде 1940-1961 жылдар ара-

лығында жазылған хаттар топтамасы алғаш рет жарық көрді. Бұған дейін бұл хаттар еш жерде жарияланбаған болатын. Оқырман қауымға белгісіз болып келген жазушының жеке өміріне қатысты біраз деректердің сырты осы хаттар арқылы көрініс тапты.

«Жазушы» баспасынан жарық көрген «М.О.Әуезов туралы естеліктер» (1997), «Әуезов әлемі» деген кітаптар өуезовтанудағы елеулі еңбектер болды. Сонымен қатар М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығының қын белестерінен сыр шертетін Т.Жүртбайдың «Талқы» (1997); «Бесігінді түзе» (1997) монографиялары жарық көрді. Байырғы қызметкер, ф.ғ.к., Т.Әкімнің «Даналық мәйегі» деген мұражай корының барлық мүмкіндіктерін пайдаланған зерделі кітабы ұлы суреткер өмірінің белгісіз беттерінен сыр шерткен тың материалдарға толы еңбек болды.

1997 жылы «Мұхтар Әуезов энциклопедиясы» дайындалды, бірақ сол жылы белгісіз себептерге байланысты жарыққа шықпай, тек 2011 жылы жарық көрді. Бұл М.Әуезовтің бүкіл өмірлік ғұмырын, жасаған еңбектерін, жазған шығармаларын түгел қамтыған энциқлопедия.

Сонымен қатар жаңа экспозиция залын жабдықтау үшін жазушының жеке заттары, сувенирлер, сыйлықтар, фотосуреттер, кітаптар, хатар, қолжазба корын жүйелеу жұмыстары да кең көлемде жүргізді.

Осы жылы М.Әуезовтің елу томдық академиялық шығармалар жинағының жобасы жасалып, 1997 жылы жазушының 100 жылдық мерейтойы карсанында алғашкы 1, 2, 3 томы жарық көрді. Оған басшылық жасаған сол кездегі орталық директоры Т.Жүртбай болды. Бұл – Орталық Азия халықтары арасында кең көлемде атқарылып отырған тұнғыш академиялық жинақ еді. Өйткені бұндай басылым орыс әдебиетінде болмаса, бұрынғы одактас республикалардың ешқайсысында кездеспеген іргелі жобалардың бірі.

«Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы 1998 жылдың мамыр айында қайта таратылып (реорганизация), М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының карауына өтті. «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы деген атауы сақталып қалды. 1998-2000 жылдар аралығында «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының және өуезовтану бөлімінің жетекшісі филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Майтанов болды.

Б.Майтанов – Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі (1983), ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының мүшесі (1997), Айтматов академиясының академигі (2010), Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты (2004), ҚР ЖОО-ның үздік оқытушысы (2006); «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сінірген еңбекі үшін» (2008) төсбелгісімен марапатталған, ҚР БФМ-нін Ғылымдағы көрнекті жетістіктері үшін берілетін Мемлекеттік стипендияның иегері (2009-2010).

Б.Майтанов әдебиет теориясы мен тарихының өзекті мәселелерін зерделеген көптеген ғылыми-зерттеу еңбектерінің авторы. Көрнекті ғалымның М.Әуезов шығармашылығына қатысты «Мұхтар Әуезов – суреткер» (1996); «Сөз сынны» (2002), «Мұхтар Әуезов және үлттых әдеби үрдістер» (2009) деген кітаптары жарық көрді. М.Әуезовтің 50 томдық академиялық жинағының редакциялық көңесі төрағасының орынбасары.

Сондай-ак 2000 жылы тарих ғылымдарының докторы Ләйла Мұхтарқызы Әуезованың 70 жылдық мерейтойы аталағып өтіп, конференция үйімдастырылды. Бөлім қызметкерлері осы конференция материалдарын жинақтап «Асыл қызы халқының» деген атпен кітап шығарды. Бұл кітапқа Л.М. Әуезованың негізгі зерттеу еңбектері мен ол туралы жазылған ғалымдардың, достарының, туыстарының естеліктері кірді.

2001 жылдан бүгінгі күнге дейін әуезовтану бөлімінің менгерушісі филология ғылымдарының кандидаты – Д.А.Қонаев. Ол ҚазМУ-дін филология факультетін бітірген (1983). 1983-1986 жж. ҚРФА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспиранты, 1987-1993 жж. Осы институттың әуезовтану бөлімінің ғылыми қызметкері, 1993 жылдан бастап «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының аға ғылыми қызметкері. 2004 жылдан жетекші ғылыми қызметкер. 1987 жылы филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды. «Мұхтар Ауэзов и русская литература» атты монографияның (1992) авторы. Оның ғылыми-зерттеу еңбектері М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын зерттеуге арналған. Ол «М.О.Әуезовтің колжазба мұрасы» мен «М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» атты кітаптарды (1997) құрастыруға қатысқан. М.Әуезовтің 50 томдық академиялық базалымына ғылыми түсініктемелер жазды.

Әуезовтану бөлімінің қызметкерлері 2000-2002 жылдар аралығында «М.О.Әуезов шығармашылығындағы этномәде-

ни дәстүрлердің ұлттық рухани өрлеу үстіндегі көріністері» атты жоба негізінде 2000 жылы «М.О.Әуезов шығармашылығының этнопсихологиялық негіздері»; 2001 жылы «М.Әуезов шығармашылығындағы этнографиялық құндылықтар»; 2002 жылы «М.Әуезовтің діни танымдық және этнопедагогикалық көзкарасы» деген тақырыпта ғылыми-зерттеулермен айналысты. Осы үш жылдық жұмыстың нәтижесінде «М.О.Әуезов шығармашылығындағы этномәдени дәстүрлер» (2004) атты монография жарық көрді (құрастырушулыры: К.Рахымжанов, А.Болсынбаева).

Монографияға енген тараулар: «М.Әуезов шығармашылығының этнопсихологиялық негіздері (1920-30 жылдар)» (ф.ғ.д., Б.Майтанов); «Мұхтар Әуезов танымындағы дін және ұлттық бітім» (ф.ғ.к., Т.Әкім); «Роман-эпопея М.О.Ауэзова «Путь Абая» в русской литературной критике» (ф.ғ.к., Д.Конаев); «М.Әуезовтің этнопедагогикалық көзкарасы» (ф.ғ.к., С.Майлыбай); «М.О.Әуезов прозасындағы казак халқының этнографиялық құндылықтары» (ғ.к., Р.Әбдіғұлов); «М.Әуезов драмаларындағы билік сценасы» (ф.ғ.к., М.Ахетов); «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің нұсқалары» (ф.ғ.к., А.Болсынбаева).

Бұл ұжымдық жинақта жазушының этнос тарихына, діни, қоғамдық-әлеуметтік көзқарастарына қатысты аса бай, сан салалы ғылыми, әдеби мұрасы жаңа көзкараспен пайымдалды.

2001-2004 жылдар аралығында «Әуезов үйінде» Сорос-Қазакстан корының қемегімен «Мәдениетті талдау орталығы» жұмыс істеді. Оның максаты: республиканың рухани өмірін барлап, бағалап, әлемдік мәдени кеңістікпен байланыс орнату, жекелеген өнер салаларындағы күрделі мәселелерді талдау, еркін, демократиялық қоғам орнату жұмысына барынша ат салысу болды. Орталық ай сайын «Орда» атты электронды ақпараттық-талдау бюллетенін, мәдениет, өнер, философия мәселелеріне арналған «Тамыр» альманағын шығарып тұрды.

Ал 2003-2005 жылдары «М.О.Әуезовтің 1920-30 жылдардағы көркемдік-эстетикалық ізденістері» деген жоба бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

2003 жылы «М.Әуезовтің саяси-қоғамдық, публицистік қызыметі» атты тақырып бойынша М.Әуезов шығармашылығын комплексті түрде зерттеу үстәндиштары, казак әдебиетінің үлттық дәстүрі, М.Әуезов жаңашылдығы, М.Әуезов және ұлт

әдебиеті деген мәселелер қарастырылып, жан-жақты сараланды.

2004 жылы «М.Әуезовтің идеялық-эстетикалық ізденістері және қазак баспасөзі» деген тақырыпта XX ғасырдың басындағы казак журналдарының көркемдік үстанымдары, драмалық шығармаларының жанрлық-композициялық ерекшеліктері, әңгімелеріндегі көркемдік-эстетикалық ізденістер, өмірлік дерек пен тарихи шындықтың қарым-қатынасы қарастырылды.

Осы жылы «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер» (2004) атты кітап шыкты. Құрастырушылар: Д.Конаев, С.Майлыбай, А.Куанышбаев. Бұл кітапка М.Әуезов жөнінде әр кездері жазылған оның өмірі мен шығармашылығы туралы естеліктер топтамасы енген.

Сонымен катар 2004 жылы М.Әуезовтің өмірлік жары болған Валентина Николаевна Әуезованың (1904-1977) 100 жылдық мерейтойы аталаған өтті. Осыған орай конференция үйымдастырылып, баспасөз бетінде мақалалар жарық көрді.

2005 жылы «М.Әуезовтің жанрлық стильдік ізденістері» деген тақырыпта ғылыми жұмыстар жүргізілді. Бұнда негізінен М.Әуезовтің оқырманға бұрыннан белгілі көркем шығармаларымен қоса публицистикалық енбектері жан-жақты қарастырылды. 1920-30 жылдардағы М.Әуезов прозасының жанрлық ерекшеліктері, текстологиясы және ұлттық дәстүр мен жазушының өсемдік әлемі жаңа кырынан талданды.

Осы үш жылдың (2003-2005) корытындысы бойынша «М.О.Әуезовтің көркемдік-дүниетанымдық ізденістері (1920-30 жылдар)» (2006) деген атпен ұжымдық монография жарық көрді. Құрастырушылар: А.Болсынбаева, Е.Қаныкейұлы.

Бұл кітапка енген тарауларды төмөндегідей авторлар жазды: ф.ғ.д., Майтанов Б. «Мұхтар Әуезов және болмысты сезіну мен саралау»; ф.ғ.к., Конаев Д. «Творческое содружество М.О.Ауэзова с русскими писателями (20-е годы)»; ф.ғ.к., Әкім Т. «М.О.Әуезов және XX ғасырдың басындағы қазак журналдарының көркемдік үстанымдары»; ф.ғ.д., Сыздыков К. «Қазак әдебиетіндегі ұлттық дәстүр және М.Әуезовтің жанашылдығы»; ф.ғ.к., Кайшыбаева Р. «Динамизм драматургии М.О.Ауэзова 30-х годов»; ф.ғ.к., Майлыбай С. «М.О.Әуезов повестерінің жанрлық ерекшеліктері (1920-30 жылдар)»; ф.ғ.к., Әбдіғұлов Р. «М.Әуезовтің 1920-30 жылдардағы әңгімелері (текстология мәселесі және балалар тақырыбы)»;

ф.ғ.к., Ахетов М. «М.Әуезов шығармаларындағы діни-рухани сарындар»; ғ.к., Рахымжан К. «М.Әуезов прозасындағы көркемдік ізденистер»; ф.ғ.к., Раев Қ. «М.Әуезов және XX ғасыр басындағы жазушылар»; ф.ғ.к., Темирболат А. «Драматизм прозы М.О.Ауэзова 1920-1930-х годов (на материале рассказов)»; ф.ғ.к., Болсынбаева А. «М.Әуезов прозасының текстологиясы және мәтінді өңдеу жолдары»; ғ.к., Қаныкеіұлы Е. «М.Әуезов және үлт тәуелсіздігі».

Бөлім кызметкерлері 2005 жылы «Неизвестный Ауэзов» (Кұрастырушысы – Р.Әбдіғұлов) деген кітапты шығарды. Бұл жинаққа М.Әуезовтің орыс тіліндегі бүрін жарық көрмеген әдеби мақалалары, қазак-қырғыз фольклорына қатысты зерттеулері, «Хан Кене», «Дала дастаны (Степные были или Песни степей)», «Абай» сценарийі енді.

Сонымен бірге «М.О.Әуезов шығармашылығы бойынша библиографиялық көрсеткіш» (2005) Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасымен бірігіп шығарылды. Жауапты шығарушылар: Майлыбаева С, Досымбекова Р. Бұнда М.Әуезовтің шығармалары мен ол туралы 1917-1997 жылдары жазылған зерттеу еңбектер, мақалалар тізімі енді.

2006-2008 жылдар аралығында «М.О.Әуезовтің шығармашылық дәстүрі және қазіргі қазак әдебиетінің даму үрдістері» атты жоба негізінде 2006 жылы «Мұхтар Әуезов дәстүрі және қазак әдебиетінің даму үрдістері»; 2007 жылы «Қазіргі қазак прозасындағы М.Әуезов дәстүрі»; 2008 жылы «М.Әуезов және қазіргі қазак драматургиясы» деген такырыптар бойыншағылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Аталған такырыптарды зерттеу нәтижесінде «М.О.Әуезов және қазіргі қазак әдебиеті» (2008) деген монография жарық көрді. Жауапты шығарушы – Е.Қаныкеіұлы. Бұл монографияда үлт жазушының көркемсөздегі өміршеші дәстүрі қазіргі қазак әдебиетімен жан-жақты байланыстырыла отырып, әр қырынан накты талданды. Кітапта М.Әуезовтің көпшілікке белгілі көркем шығармаларының жазылу тарихы, эпикалық баяндау үрдістеріндегі табиғат пен тұлға мәселесі, әдеби байланыстар, үлт тәуелсіздігі мен текстологиялық ұстанымдары және қазіргі қазак прозасындағы дәстүр жалғастыры (фольклорлық мотивтердің колданылу ерекшеліктері, стиль поэтикасы мен мекеншақ, драматургиядағы әдеби ықпалдастық) жана қырынан қарастырылады. Ұжымдық еңбектегі жекелеген зерттеулерде М.Әуезовтің

әлем әдебиетімен байланысы, XX ғасыр әдебиетімен ықпалдастық аялары, өз дәүірі мен тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан халыктары әдебиетіне шығармашылық, тұжырымдамалық, стильдік әсері, дәстүр қалыптастыруышылық рөлі суреткердің этнопсихологиялық, көркемдік-эстетикалық жаңашыл үрдістерімен тығыз сабактас алынып зерттелген.

Кітап тарауларын төмөндегі авторлар жазды: I бөлім «Мұхтар Әуезов дәстүрі және казак әдебиетінің даму үрдістері» (ф.ғ.д., проф. Сыздыков К.); «Заманалық сарын және М.Әуезовтің шығармашылық лабораториясы» (ф.ғ.к. Әкім Т.); «М.Әуезов және қазіргі казак романындағы эпикалық баяндау үрдістері» (ф.ғ.д., проф. Майтанов Б.); II бөлім бойынша «Қазіргі қазак прозасындағы М.Әуезов дәстүрі» (ф.ғ.к. Әбдіғұлов Р.); «М.О.Әуезов шығармаларындағы фольклорлық мотивтердің қазіргі қазак әдебиетіндегі көрінісі» (ф.ғ.к. Майлыбаева С.); «М.Әуезов және қазіргі қазак драматургиясы» (ғ.к. Раҳымжанов К.); «Әдеби мұра және М.Әуезовтің текстологиялық ұстанымдары (тариhi тақырыптағы драматикалық шығармаларының негізінде)» (ф.ғ.к. Болсынбаева А.); «М.О.Әуезов және қазіргі қазак повесі: стиль поэтикасы» (ғ.к. Қаныкейұлы Е.); III бөлім бойынша «Русская литература и ее традиции в трудах М.О.Ауэзова» (ф.ғ.к. Қонаев Д.); «Проблема национальной независимости в творчестве М.О.Ауэзова» (ф.ғ.к. Қайшыбаева Р.); «Хронотоп в прозе М.О.Ауэзова и связи писателя с литературой народов Казахстана» (ф.ғ.к., доцент Темирболат А.).

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми кеңесінің ұсынуымен «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша, Алматы қаласы әкімшілігімен бірігіп «Мұхтар Әуезов және Алматы» (2008) деген кітап шығарылды (жауапты шыгарушы – Р.Әбдіғұлов). Бұл жинаққа М.Әуезовтің ғылыми-танымдық ізденістерін, жеке өміріндегі айтулы оқиғалар, оның коғамдық-әлеуметтік қызметін, Алматы қаласының өсіп-өркендеуіне косқан зор үлесін, өмірі мен шығармашылығына қатысты деректерді қамтитын макала, зерттеулері енді.

2009-2011 жылдар аралығында бөлім қызметкерлері «М.О.Әуезов шығармашылығындағы тәуелсіздік идеясы» атты жоба бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты.

2009 жылы «М.Әуезовтің ғылыми зерттеулері және тәуелсіздік идеясы» деген тақырып негізінде М.Әуезов ту-

ындыларындағы тәуелсіздік идеялары арқылы қазақ өдебиетінің танымдық, көркемдік әлеуеті, әлеуметтік даму, қалыптасу сатылары сараланды. М.О.Әуезов – казақ ғылыми мен мәдениетінің басты қасиеттерін бойына жинақтаған тұлға. Сондыктан оның ұлт бірлігі мен дербестігі, рухани мұра, ұлттық мұдде туралы ғылыми, көркемдік-эстетикалық тұжырымдамалары тәуелсіздік тұрғысынан жаңаша зерделенді.

Осы жылы «М.О.Әуезов шығармашылығы бойынша библиографиялық көрсеткіш» (2009) жарық көрді. Жаупты шығарушылар: С.К.Майлыбай, А.Н.Нұрсейітова. Бұл 2005 жылы шықкан библиографиялық көрсеткіштің жалғасы ретінде кең көлемде толықтырылып дайындалды. Бұл көрсеткіш М.О.Әуезовтің шығармашылығына қатысты ғылыми-теориялық және өдеби-сын макалаларын, монографиялық зерттеулердің, сондай-ақ қаламгер туралы естеліктердің (1997-2007 жылдар аралығында) библиографиясын камтиды.

2010 жылы «М.Әуезовтің шағын және орта әпикалық туындылары және тәуелсіздік идеясы»; 2011 жылы «М.Әуезовтің драматургиясы және тәуелсіздік идеясы» деңген тақырыпта ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Бұл тақырыптарда М.Әуезов прозасына тән жанрлық, стильдік ерекшеліктердің ашылу жолдары, публицистикасындағы ұлттық идея, азаматтық сарын сырлары бағамдалды. М.Әуезовтің фольклорист, өдебиет тарихшысы, ғалымсыншы, теоретик ретіндегі білімдарлығы мен терен ғылыми тұжырымдамалары тәуелсіздік жылдарының мұрат, мақсаттары тұрғысынан зерттелді. 2009-2011 жылдар аралығында атқарылған ғылыми жұмыстардың негізінде «М.О.Әуезов шығармашылығындағы тәуелсіздік идеясы» атты ұжымдық монография дайындалды.

Жоғарыда аталған іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстары М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, КР ҰҒА академигі С.А.Қасқабасовтың басшылығымен, іс-керлігімен жүзеге асырылды. Осы 2000-2011 жылдары Әуезовтану бөлімінде орындалған іргелі ғылыми-зерттеу жобаларына ғылыми жетекшілік жасаған филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Майтанов.

Әуезовтану бөлімінің атқарып отырған екінші ғылыми-зерттеу жобасы «М.О.Әуезов шығармаларының 50 томдық академиялық басылымы».

Бұл басылымның жарық көруі 1997 жылы жазушының 100 жылдық мерейтойы қарсанында басталды. Бірінші томы 1997 жылы шыкты да, екінші, үшінші томдары 1998 жылы жарық көрді. Қаржы мәселесіне байланысты 1999 жылы бұл иғі бастама тоқтап қалып, бір жылдан кейін кайта жалғасын тапты.

2000-2002 жылдар аралығында 9 том (4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12) «Фылым» баспасынан жарық көрді.

2003-2005 жылдары 11 том (13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23) жарық көрсе, 2006-2008 жылдары 15 том (24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38) баспадан шыкты.

2009-2011 жылдары 12 том (39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50) «Жібек жолы» баспасынан жарық көрді.

Бұл академиялық басылымда М.Әуезовтің 1917-1961 жылдар аралығында жазылған макалалары мен әңгімелері, пьесалары, аудармалары, бүгінгі окушы қауымға мүлде белгісіз туындылары, сөйлеген сөздері, баяндамалары, пікірлері, хаттары орын алды; мазмұны, маңызы, ауқымы, әлеуметтік салмағы жағынан алғанда да бұларды қазактың мәдениеті мен көркемдік әлемін белгілі бір белестерге көтерген құбылыс ретінде бағалауға болады. Бұл енбектерден оның ойшылдық қарымы, шығармашылық ұстанымы, қоғамдық, ұлттық, рухани-әлеуметтік мәселелерге деген көзкарасы айқын көрінеді. Ұлттық драматургия, кино, опера, балет салаларының қалыптасуына М.Әуезовтің косқан үлесі зор. Әр түрлі жанрлардағы жазушының кейбір туындылары цензура сүзгісінен өте алмай, сахналарда қойылмады, жеке кітаптарына енбеді. Мысалы, «Акан-Зайра», «Тартыс» пьесаларының, «Бекет» операсы, «Калқаман-Мамыр» балетінің белгісіз нұскалары осы 50 томдық академиялық басылымы арқылы ғана жарияланып отыр. Мұндай шығармашылық «актаңдактар» тек тәуеліздік кезеңінің аркасында ғана мүмкін болып, жарық көрді. Жазушының 50 томдығы бүрынғы жиырма томдықта жоқ жана дүниелермен толықты.

М.О.Әуезов шығармаларының 50 томдық академиялық басылымын жарыққа шығарудың ғылыми өзектілігі – егемендік алған еліміздің ұлттық рухани қазынасын жанарған құндылықтар негізінде танымдық, эстетикалық түрғыдан байыта түсу максатынан туындағы.

ХХ ғасырдағы ұлы ойшыл, суреткер М.Әуезов қаламынан туған жауһар туындылар – қазақ халқы үшін ғана емес,

бүкіл әлем жұртшылығының рухани игілігіне айналған асыл қазына. М.Әуезов өз елінің ұлттық сана, тарихи ойлау жүйесін жаңа сапалық деңгейге көтерген, ешкімге ұқсамайтын дара бейнелер сомдаған, көркем шығармашылығымен бірге әдебиеттану, фольклористика, эстетика, этнография, тарих, философия ғылымдары саласында іргелі еңбектер калдырыған жан-жақты дарын иесі, ғұлама ғалым болғандыктан, жазушының 50 томдық шығармалар жинағының академиялық басылымын дайындау мәдени өмір қажеттілігі әрі егемендікке колы жеткен Қазақстан Республикасының интеллектуалдық қарым-қуатын айқындайтын аса маңызды іс болып табылмак.

Әуезовтану бөлімінің қызметкерлері жазушының мұражай үйіне құн сайын шет елден және республиканың әр облыстарынан келетін қонақтарға, қала тұрғындарына, жоғарғы оку орындарының студенттеріне, мектеп окушыларына қаламгердің өмірі мен шығармашылығын таныстырып, М.Әуезовтің бай рухани мұрасын насиҳаттайтын, лекция оқып, экскурсия жүргізіп келеді.

Сондай-ақ әр жылдары М.Әуезов мұражайында қөптеген белгілі ғалымдар қызмет аткарды. Солардың бірі әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы – **Мұратбек Бәжеев**. Ол 1925 жылы Семейдін Қазак педагогикалық техникумын, Москва педагогикалық институтын бітірген (1932). 1934-38 жж. Москва тарих, философия және әдебиет институтының аспирантурасында оқыды. 1934-41 жж. ҚазПИ мен ҚазМУ-де оқытушы болды. 1957-62 жж. КРҒА Тіл және әдебиет институтында кіші ғылыми қызметкер болса, 1962 ж. М.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйінде ұйымдастыруышылардың бірі, және аға ғылыми қызметкер болып еңбек етті. Ал 1974-80 жж. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институтының текстология және колжазбалар бөлімінде жұмыс істеді. 1960 ж. «Абай Құнанбаев шығармаларының идеялық-көркемдік ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық, 1973 ж. «XIX ғасырдың соны XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті дамуының идеялық-көркемдік ерекшеліктері» деген тақырыпта докторлық диссертация корғады. Ол М.Әуезовтің қолжазбаларын оқып, текстологиялық талдаулар жүргізді, жазушы архивінің ғылыми сипаттамасын жазып, жазушының библиографиялық көрсеткішін құрасыптырды (1966). Сонымен катар М.Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағын дайындалған, ғылыми түсініктемелерін жазуға

қатысты. М.Бөжеев «Құрмет Белгісі» орденімен, «Еңбек ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

**Баламер Сахариеv** – әдебиет зерттеушісі, сынши. Ол Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітірген (1950). 1962-63 жж. ҚР ҒА-ның Әдебиет және өнер институтында қызмет істеді. Ал 1963 жылдан бастап осы институтка карасты М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйінде аға ғылыми қызметкер болды. Ол қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері мен кейбір жеке жазушылардың (М.Әуезов, С.Мұқанов, F.Мұстафин) шығармашылығына ғылыми талдау жасаған. Б.Сахариеv «Уақыт тынысы» (1965), «Күрескер тұлғасы» (1979) атты ғылыми-зерттеу еңбектер мен көптеген әдеби-сын макалалардың авторы. Ол «Қазақ совет әдебиеті тарихының» кейбір тарауларын жазып, орта мектептерге арналған «Қазақ совет әдебиеті» окулығы авторларының бірі болды. М.Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағын баспаға дайындалған, ғылыми түсініктемелерін жазған.

**Мекемтас Мырзахметұлы** – әдебиет зерттеуші, абайтанушы-ғалым. Филология ғылымдарының докторы (1990), профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1996). М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйінде 1975-1991 жылдар аралығында қызмет атқарды.

Ол М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағын дайындауға қатысып, ғылыми түсініктемелер жазды. Зерттеу еңбектерінің елеулі бөлігі абайтану мен Әуезовтанудың күрделі мәселелеріне арналған. М.Әуезов мұрасы жайында: «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары» (1982), «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» (1982); «Восхождение Мухтара Ауэзова к Абаю» (1994), «Әуезов және Абай» (1996) деген кітаптарды жариялады.

**Керімбек Сыздыков** – әдебиет зерттеуші ғалым, филология ғылымдарының докторы (1997). 1961 жылы Қазақ мемлекеттік үлттық университетінің филология факультетін бітірген. 1967-1974 жылдар аралығында М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйінде ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді.

Ол М.Әуезовтің библиографиялық қөрсеткішін құрасыруышылардың бірі (1972) және «Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншисы» (1973), «Мұхтартанудың беймәлім беттері» (1997) деген кітаптардың авторы. М.Әуезовтің 20 томдық шығарма-

лар жинағын өзірлеуге де қатысқан (15, 16 томдарын құрас-тырып, ғылыми түсініктемелерін жазған).

**Зейнолла Серіккалиев** – жазушы, әдебиет зерттеуші, ғалым. Филология ғылымдарының кандидаты (1968). Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты (1994), «Қазақстан-ның енбек сінірген қайраткері» (2000). Әр жылдары «Жұлдыз» журналында, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде, Қазақстан жазушылар одағы сын секциясында мәнгеруші, «Казақстан» баспасының бас редакторы болып қызмет аткарды. М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйінде 1979-1992 жылдар аралығында қызмет аткарды. Оның М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына катысты қөптеген мақалалары бар. М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағын шығаруға ат салысты. Осы көп томдықтың 20 томына жауапты шығаруши болып, ғылыми түсініктемелерін жазған. Ол «Ойлар, толғаныстар» (1967), «Жылдар сазы» (1964), «Дүниетаным даналығы» (1976), «Алтын жамбы» (2001) деген енбектердің авторы.

**Руда Досымбекова** – М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйінде 1966-1998 жылдары ғылыми қызметкер болып енбек етті. Р.Досымбекова М.Әуезовтің шығармашылығы бойынша бірнеше ғылыми мақалалар жазды. Ол М.О.Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткішін құрастыруға қатысқан. Жазушының 20 томдық шығармалар жинағын даярлауға үлес қосып, ғылыми түсініктемелерін жазды. «М.Әуезовтің колжазба мұрасы» (1977), «М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» (1997) деген кітаптарды құрастырушылардың бірі.

**Нариман Мұхамедханов** – М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйінде 1978-1991 жылдары ғылыми қызметкер болып жұмыс жасады. Н.Мұхамедхановтың М.Әуезов шығармашылығы туралы, оның ішінде «Манас» жырына катысты жазған ғылыми мақалалары бар. М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағын шығаруға ат салысты.

**Ерлан Тәжібаев** – 1978-1990 жылдары М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйінде жұмыс істеді, әдебиеттанушы. «Мұхтар Әуезов және қазіргі заманғы әдебиет» (М.О.Әуезовтің 90 жылдығына арналған салтанатты мәжілістің материалдары. 1989.) деген жинақты құрастырушылардың бірі болды. М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағын шығаруға қатысқан.

**Марат Әдібаев** – 1978-2000 жылдарда жазушының әдеби-мемориалдық музей-үйінде ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. М.Әдібаев – ақын, аудармашы. «М.О.Әуезовтің жи-ырмасыныш жылдардағы әңгімелері мен повестерінің поэтикасы» (1984) атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Ол М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағын даярлауға катысқан. М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы жайында жазылған көптеген мақалалардың авторы. М.Әдібаев «М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» (1997) атты кітапты құрастырушылардың бірі.

Сонымен қатар, М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйінде Тұрсынхан Әбдірахманова (1964-1965), Рената Кожамқұлова (1964-1966) сиякты ғалымдар жұмыс істеген. Аталған ғалымдар осы ұжымның ғылыми-мәдени деңгейін көтеруге үлкен үлес қосты. Жазушының әдеби-мемориалдық музей-үйінде ұзак жылдар бойы инженер, кинооператор болып Иван Романович Большаков жұмыс істеген.

Ал 1997-1998 жылдары «Әуезов-үйі» ғылыми-мәдени орталығында қызмет атқарғандар: Б.Дүрмәнова директордың орынбасары, аға ғылыми қызметкер Б.Байғалиев, ғылыми қызметкер С.Жұртбаев. Сонымен қатар К.Бақбергенов, А.Найзабекова, М.Құйқалақов, С.Мерекеева, Ә.Шалданбаева, М.Аспандиярова, М.Әбдешов, К.Шаймерденов, Б.Түркесева, Ш.Жайшыбекова, А.Дәркембаева, Ә.Оразаева.

М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйі ашылғаннан бүгінгі күнге дейін жазушы мұрағатын зерттеп-зурделеп, қолжазбаларының ғылыми сипаттамасын жасап, экспозиция залының тақырыптарын жаңалап отырған, қолжазба қорының менгерушісі болып жұмыс істеген, ғылыми қызметкер – **Андабек Қалибекұлы Куанышбаев**. А. Куанышбаев – өнертанушы, 1962 жылдан мұражайда қызмет атқарып келеді. Ол М. Әуезовтің 5, 12, 20 томдық шығармалар жинағын шығаруға ат салысып, жазушының елу томдық шығармалар жинағына ғылыми түсініктемелер жазып, мұражай туралы және М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы жайында бірнеше ғылыми мақалалар жазды. Ол «М. Әуезов туралы естеліктер» (2004), «М. Әуезов шығармашылығы бойынша библиографиялық көрсеткіш 1917-1997» (2005, 2009), «М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығының шежіресі» (1997) атты кітаптарды құрастыруға қатысты. Қазіргі таңда М. Әуезовтің мұрағат корындағы бүрын жарық көрмеген кол-

жазбаларының ғылыми сипаттамасын жасап, жүйелеп бір ізге түсіріп, еңбек етуде.

**Талатбек Әкім** – 1968 жылы ғылымдағы еңбек жолын М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйінде кіші ғылыми қызметкер болып бастады. 1993 жылы «Мұхтар Әуезовтің «Өскен өркен» романының шығармашылық тарихы» деген тақырыpta кандидаттық диссертация корғады. 1993 жылы аға ғылыми қызметкер, 2004 жылдан бері жетекші ғылыми қызметкер. Т.Әкім ұзак жылдар бойы М.Әуезов шығармашылығын зерттеумен айналысып келеді. Ұлы жазушының өмірі мен шығармашылығы жайлы жазылған жүзден астам ғылыми мақалалар мен «Даналық мәйегі» (1997) атты кітаптың авторы. Ол М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының ғылыми түсініктемелерін жазып, баспаға әзірлеуге қатысты. «М.О.Әуезовтің қолжазба мұрасы» мен «М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» атты кітапты (1997) құрастырушылардың бірі. Т.Әкім М.Әуезовтің 50 томдық академиялық басылымының бірінші томынан бастап қатысып келеді. Әр кітаптың негізгі жобасын жасап, ғылыми түсініктемелерін жазып, томдардың басты жауапты шығарушысы болды. «Мұхтар Әуезов әнциклопедиясына» көптеген мақалалар жазды.

**Санагұл Көлбайқызы Майлыбай** – 1978 жылы лаборант, 1989 жылдан кіші ғылыми қызметкер, 1996 жылы қараша айынан ғылыми қызметкер, 2000 жылдың сөүір айынан аға ғылыми қызметкер болып әуезовтану бөлімінде еңбек етіп келеді. 1996 жылы мамыр айында «М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы пейзаж» деген тақырыpta кандидаттық диссертация корғады. Ол «Асыл қызы халқының» (2000), «М.Әуезов туралы естеліктер» (2004), «М.Әуезов шығармашылығы бойынша библиографиялық көрсеткіш 1917-1997» (2005, 2009) деген кітаптардың құрастырушысы болды. «Әуезов – пейзажист» ( Алматы, 2004) атты монографиялық еңбектің авторы. Ол 2007 жылы 19 қыркүйекте «Киелі-Қазығұрт» деген деректі фильмнің сценарийі үшін «Шәкен жұлдыздары» кинофестивалінің дипломымен марарапатталған.

М.Әуезов шығармашылығына байланысты елуғе жуық мақала жазып, 20 томдық шығармалар жинағының материалдарын әзірлеуге қатысқан. «М.О.Әуезов өмірі мен шығармашылық шежіресі» (1997) атты кітапты құрастырушылардың бірі. М.Әуезовтің елу томдық академиялық басылымына

ғылыми түсініктемелер жазумен қатар, жекелеген томдарға жауапты шығарушы болды.

**Раушан Қалиқызы Қайшыбаева** – 1967 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген. 1968 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Әдеби байланыстар бөлімінің аспиранты. 1971 жылы осы бөлімнің кіші ғылыми қызметкери, 1979 жылдан аға ғылыми қызметкери болды. 1973 жылы «Идейно-эстетические своеобразие творческих связей казахской и украинской литературы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1977 жылы «Казахско-украинские литературные связи» деген атпен монографиялық еңбегі жарық көрді. Сонымен қатар «Межнациональные связи казахской литературы», «Интернациональный опыт и казахская литература», «Братство литератур» деген кітаптарды құрастыруға қатысты. 2004 жылы Әуезовтану бөліміне ауысып, жазушы мұрасын зерттеуге өз үлесін қосуда. М. Әуезовтің елу томдық шығармалар жинағының 14-томынан бастап ғылыми түсініктемелер жазып, жазушының колжазбаларын оқып, басылымға дайындауда көп енбек етті. Сонымен қатар бөлімдегі жобалық ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысып, тараулар жазды. Қөпеген мақалалардың авторы.

1998-2009 жылдары Әуезовтану бөлімінде **Мамай Ахетов** аға ғылыми қызметкер болып енбек етті. Ол 2002 жылы «М. Әуезов драматургиясындағы шешенендік дәстүр» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. М. Әуезовтің слу томдық шығармалар жинағы бойынша ғылыми түсініктемелер жазып, томдарға жауапты шығарушы болды. Ол М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына қатысты танымдық-теориялық мақалалардың авторы.

**Рафат Әбдіғұлов** – 1991-1995 жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Жамбылтану және халық шығармашылығы бөлімінде аға лаборант, кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген. Осы жылдары халық ақындары шығармашылығына қатысты библиографиялық көрсеткіш дайындау жұмыстарымен, Жамбыл айтыстарын зерттеумен айналысты.

1996 жылы «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығына кіші ғылыми қызметкер болып ауысты. Қазіргі танда Әуезовтану бөлімінде ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді.

М.О.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына қатысты жұмыстарға ат салысып, 1997 жылы шыққан «М.О.Әуезовтің өмірі

мен шығармашылық шежіресі» кітабына өнертану, мәдениет, театр, киноға қатысты материалдарды ҚР Мемлекеттік мұрафаты қорынан алып дайындаған.

1997 жылдан бері шығып келе жаткан М.Әуезовтің елу томдық шығармалар жинағына 200-дей шығармалардың мөтінін дайындалап, ғылыми түсініктемелерін жазған. Оннан аса томга жауапты шығарушы болды. «Әуезовтанудың кейір мәселелері» (2009) атты монографиялық енбектің авторы. Бұл кітапқа М.Әуезовтің қазақ халқының үлттық ерекшеліктерін терендете зерттеген мақалалары мен Жетісудағы үлт-азаттық қозғалысына қатысты шығармаларын талдаған зерттеулері кірді.

«Мұхтар Әуезов энциклопедиясына» 300-дей мақала жазып, орыс тіліндегі материалдарды қазақшалаған. «Жібек жолы» баспасынан шықкан Ернар Әуезовтің «Чайка» кітабын казақшаға аударған. Сонымен катар М.Әуезов шығармашылығына, қазіргі қазак прозасына қатысты баспасөз бетінде бірнеше мақалалары жарық көрді.

**Келіс Рахымжанов** – 2003 жылдың акпан айынан бастап Әуезовтану бөлімінде ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына байланысты жиырмадан астам ғылыми-зерттеу мақалалар жазып, баспасөзде жариялаған. М.Әуезовтің елу томдық академиялық басылымының 12-томынан бастап ғылыми түсініктемелер жазып, баспаға өзірлеп, оннан астам томға жауапты шығарушы болды. Мәдениет, ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша «Қалғұты» (2006), «Шилі өзен» (2008) атты кітаптары жарық көрді. 2010 жылы «М.Әуезов драматургиясы: өмір шындығы және көркемдік шешім» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымдарынң кандидаты дәрежесін алды. Оның ғылыми мақалалары мен ізденістерінің негізгі бағыты М.Әуезовтің драмалық шығармалары және оның қазіргі әдебиетпен байланысы жайында.

**Аманғайша Жолдыханқызы Болсынбаева** – 1997 жылы «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығына кіші ғылыми қызметкер болып қабылданды. Орталықтың тарауына байланысты 1998-жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы әуезовтану бөліміне кіші ғылыми қызметкер болып ауыстырылды. 2006 жылы осы бөлімде ғылыми қызметкер, 2008 жылдан аға ғылыми қызметкер. 2004 жылы ҚР ҰҒА академигі С.С.Қирабаевтың жетекшілігімен

«М.Әуезовтің Қараш-Қараш оқиғасы» повесі: шығармашылық тарихы мен текстологиясы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация корғады. М.Әуезов өмірі мен шығармашылығына қатысты мақалалардың авторы. Жобалық тақырыптар бойынша тараулар жазып, жазушының елу томдық шығармалар жинағына ғылыми түсініктемелер жазумен қатар, жекелеген томдарға жауапты шыгарушы болды.

**Ермек Қаныкейұлы** – 2003 ж. кіші ғылыми қызметкер, 2009 жылдан ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. 2010 жылы «М.О.Әуезов прозасындағы көркемдік уақыт пен кеңістік (1920-30 жылдар)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация корғады. М.Әуезов өмірі мен шығармашылығына қатысты мақалалардың авторы. Жазушының елу томдық шығармалар жинағының 15-томынан бастап, ғылыми түсініктемелер жазып, жекелеген томдарға жауапты шыгарушы болды.

Сондай-ак бөлімде өр жылдары К.Баянбаев, А.Тойшан, Қ.Раев, кіші ғылыми қызметкерлер С.Құрманғалиева, Н.Салихарова, А.Пірімбетова жұмыс істеді. 2009 жылдан бөлімде методист Б.Жұмағалиева, аға лаборант А.Құрманғалиева, А.Құлсейітовалар жұмыс жасауда.

**Амангайша Болсынбаева**

## ТӘҮЕЛСІЗДІК ДӘУІРДЕГІ ӘДЕБИЕТ БӨЛІМІ

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының дағы ірі құрылымдық бөлімшелердің бірі – тәүелсіздік дәуірдегі әдебиет бөлімі. Бөлім 2010 жылы 12 шілдеде бұрынғы қазіргі казақ әдебиеті (казақ совет әдебиеті) бөлімінің негізінде қайта құрылды.

Бөлімнің тарихы 1934 жылы КСРО Фылым академиясының Қазак филиалы құрылған кезден бастау алады. 1936-1937 жылдары Қазак филиалының әдебиет пен фольклор секторын X.Есенжанов басқарды. Алғашында әдебиет секторы, кейін казақ совет әдебиеті деп аталған бөлім әдебиет тарихын зерттеумен айналысты.

Қазақ кенес әдебиетінің толыққанды тарихын жазудың алғашқы бір бастамасы 1949 жылы шыққан «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» еді. Ол кітапта үш кезеңге бөлініп зерттелген кенес әдебиеттің өркендеуі толығырақ қамтылды. Әдебиеттің нақты материалдары мол қамтылған ұжымдық енбектің жалпы редакциясын К.Жұмалиев басқарды.

1955-1960 жылдары бөлім қызметкерлері кенестік дәуір әдебиетін кенірек зерттеуге бет бұрды. КСРО Жазушыларының екінші съезі (1954) мен КПСС XX съезінің (1956) қаулыларына байланысты И.В.Сталиннің жеке басына табыну кезінде орын алған категіктер сыналып, демократиялық нормалар калыпқа келтіріле бастағандықтан, «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» (1955) атты ұжымдық зерттеуде әдебиеттің өмірмен байланысын арттыру мәселеіне айрықша мән берілді. 1946-1948 жылдар ішіндегі партияның идеология саласындағы қаулыларында кеткен категіктер мен оны орындау кезіндегі асыра сілтеушиліктер біртіндеп қалпына келе бастады.

Партия съезінің шешімдеріне сәйкес 1937 жылдары жазықсыз кудаланған қаламгерлер акталды. Қазақстанда С.Сейфуллин, Б.Майлин, И.Жансүгіров, С.Шеріпов, М.Дәuletбаев сияқты жазушылар есімі мен шығармалары әдебиет тарихына қайта кірді. Ғалымдар акталған қаламгерлер шығармаларының жинактарын дайындауда, оны ғылыми айналымға түсіруде қарымды еңбек етті.

1961 жылға дейін Тіл және өнер институтының казақ совет әдебиеті бөлімін Е.В.Лизунова (1925-1992) басқарды.

1958 жылы М.Әуезов пен С.Мұқанов басшылығымен «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» атты ұжымдық еңбек жарық көрді. Аталған еңбек казак кенес әдебиетінің Қазан төңкерісінен кейінгі қырық жылдарғы қалыптасу, даму тарихын камтиды. Мұнда кеңестік дәуір әдебиетін төрт кезенге бөліп зерттеу үстанымы ұсынылды. «Қазақ совет әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі», «Соғыска дейінгі бесжылдықтар дәуіріндегі әдебиет», «Ұлы Отан соғысы кезіндегі әдебиет», «Соғыстан кейінгі жылдардағы әдебиет» деген бөлімдерде 1917-1958 жылдардағы казақ кенес әдебиетінің басты проблемалары нысанға алышып, дәуір шындығын көркем кестелеген туындылардағы негізгі идеялық-көркемдік жетістіктер сараланды. Сол тұстағы әдеби процестен толығырық мағлұмат беру мақсатында қазақ әдебиетіне 40 жыл ішінде үлес коскан ақын-жазушылардың шығармашылық портреттері жасалып, басты шығармалары арнағы талдау нысанына алынды. Кеңестік дәуір әдебиетінің очеркі 1958, 1960 жылдары «Очерки истории казахской советской литературы» деген атпен орыс тілінде жарық көрді.

Казақ совет әдебиеті бөлімі Маловичко мен С.Сейітовтің басшылығымен «Қазақ совет әдебиетінің мәселелері» (1957, 1960) атты 2 томдық ұжымдық еңбекті ғылыми айналымға қости. Қазақ әдебиетінде еңбек тақырыбының игерілуі, кенес қаһармандарын, коммунист тұлғасын социалистік реализм әдісімен бейнелеу сынды мәселелер 1950-жылдардың сонында саяси-идеологиялық талаптарға сәйкес әдебиеттанныдың өзекті тақырыптарына айналды. Еңбек адамының әдеби бейнесі аясында дәуір тынысына сай көркем әдебиетте көрініс тапқан кеңестік өмір шындығын зерттеуде еңбек адамын бейнелеудегі жанр мүмкіншіліктері, көркемдік әдіс, мазмұн мен пішін бірлігі социалистік реализм занылықтарына орай зерделенді. Сонымен бірге жекелеген қаламгерлерге тән көркемдік-стильдік ізденистер, қаламгерлік шеберлік мәселелері сараланды. Қазақ әдебиетіне жаңаша тыныс, соны леп әкелген туындыларды теориялық тұрғыдан талдау арқылы олардың жанрлық-композициялық сипатына баға беріліп, кеңестік казақ әдебиетінің көркемдік өрісін кеңейткен шығармалар сараланды.

1959 жылы Тіл және әдебиет институты «Қазақ әдебиетінің негізгі проблемалары» атты ғылыми-теориялық конференция өткізді. Онда «Қазақтың ХVІІІ-ХІХ-ХХ ғасыр-

дағы әдебиетінің тарихын зерттеу жайында» деген ұсыныс қабылданды. Осылайша қазак әдебиетінің кешенді тарихын жүйелі түрде зерттеу ісі колға алынды.

1959-1965 жылдарға арналған институттың ғылыми перспективалық жоспары жасалды. Онда фольклор мен жазба әдебиет шығармаларын көнінен зерттеу мәселесі негізгі міндет етіп койылды. Сейтіп казак әдебиетін фольклор, төңкөріске дейінгі әдебиет, кенестік әдебиет деп зерттеуге бет бұрды. Осылай орай әдебиеттің жаңа дәуірін зерттеу қазак совет әдебиеті бөліміне жүктелді.

1960 жылы Мәскеуде шыққан «Очерки истории казахской советской литературы» (1960) атты ұжымдық еңбектің 1958 жылы қазак тілінде жарық көрген очеркten біршама айырмашылығы бар. Зерттеуде жанрлар жеке-жеке қарастырылып, «Қазак көркем тілі туралы» атты жана тарау қосылған. «СССР халықтары әдебиетінің өркендеуі» деп аталатын тарауда көпүлтті кенес әдебиетіне шолу жасалған. Бұл еңбектің құндылығын арттырып түрған – «Әдеби өмір шежіресі» мен «Қазак совет әдебиетінің қысқаша библиографиясы».

1961-1964 жылдары бөлім менгерушісі КР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Есмагамбет Үсмайылов (1911-1965) болды. 1961-1967 жылдар аралығында институт «Қазак әдебиетінің тарихы» атты 6 кітаптан тұратын үш томдық ұжымдық еңбекті көвшілік оқырманға ұсынды. «Қазак әдебиеті тарихының» кенестік дәуір әдебиетін камтитын («Қазак совет әдебиетінің тарихы») екі томдығының жетекшісі – Қазак КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Е. Үсмайылов болса, оны жазуға Е. Үсмайылов, С. Ордалиев, Ә. Тәжібаев, Т. Нұртазин, Б. Шалабаев, М. Базарбаев, Р. Бердібаев, Е. Лизунова, М. Хасенов Т. Қекішев, М. Дүйсенов, Ә. Нарымбетов сиякты ғалымдар қатысты. Бұл кешенді зерттеу Одак көлемінде жоғары бағаға ие болды.

1964-1988 жылдары бөлімді КР ҮАА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, КР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты М.К. Қаратаев (1910-1995) баскарды. Осы кезеңде ғалым қаламынан өз уақыты үшін маңызы зор монография, зерттеу, мақалалар жинағы туды. Ол айналасында етіп жатқан әдеби құбылыстардан көз жазбай, бөрін

бакылап, өзекті мәселелерге қатысты толғамдарын дер кезінде жариялаумен ерекшеленді.

М.Қаратаев басқарған жылдары бөлім ерекше қарқынмен дамып, кадр жағынан толысты. Ол бірнеше ғылым докторлары мен ғылым кандидаттарын өзірледі. 1960-1970 жылдар аралығында он шақты ұжымдық зерттеумен бірге жекелеген қызметкерлердің бірнеше монографиялары жарық көрді. Бөлім қызметкерлерінің ғылыми дайындығы арта түсті. Осы кезеңде бөлімде қызмет еткен М.Қаратаев, Е.Лизунова, І.Дүйсенбаев, М.Дүйссенов сынды ғалымдар филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация корғады.

Көркем өдебиеттің кайсыбір теориялық мәселелерімен айналысуға ұмтылыс байқалды. 1967 жылы «Қазақ совет өдебиеті тарихының» екі томдығы (85 баспа табак) орыс тіліне аударылып, жарық көрді. Кітаптың алғысөзін бөлім менгерушісі М.Қаратаев жазды.

1970-1975 жылдары бөлім қызметкерлері кеңестік дәүір өдебиетіндегі өдіс, тәсіл, жанр, стиль, шеберлік, тіл жөне тағы баска сан аluan бір-бірімен сабактас категорияларды жекежеке талдап, теориялық қағидалар негізінде терең зерттеулермен айналысты. 1970 жылдары «Қазақ совет өдебиетіндегі жанр проблемасы» атты ғылыми-зерттеу жобасы бойынша іргелі еңбекті жазу колға алынып, М.Қаратаевтың басшылығымен «Жанр сипаты» (1971), «Стиль сыръы» (1974) сынды ұжымдық еңбектер жарық көрді.

«Жанр сипаты» атты ұжымдық еңбекте көркемдік ізденіс үдерісін бастан кешіп жаткан қазақ кеңес өдебиетінің түр, пішіндік табиғаты түрлі аспектіде зерделенді. Кеңес дәүірінде өрken жайып, дамудың жаңа сатысына көтерілген сөз өнерінің жанрлық сипаты толымдылық танытуы поэзия, проза, драматургия салаларының жетістіктерімен айқындалды. Қазақ романдарының қалыптасу, толысу тарихының кезеңдері мен поэтикасы сюжет, тіл, композиция қөриністерімен сабактастықта пайымдалды.

1975-1980-жылдары бөлім қызметкерлері «Қазақ өдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық» деген ғылыми-зерттеу бағдарламасы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді. Онда кеңестік дәүір өдебиетіндегі дәстүр ұласуы мен жаңашылдық мәселесін негізгі үш жанр төнірегінде қарастыру мақсаты көзделді. Осы максатты жүзеге асыруда «Дәстүр

және жаңашылдық» (1980), «Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы» (1981), орыс тіліндегі «Традиции и новаторство в художественном освоении действительности» (1981) деген ұжымдық монографиялар әдебиеттану ғылымына қосылды.

«Дәстүр және жаңашылдық» атты бірінші кітапта қазақ әдебиетіндегі проза, драматургия салаларымен бірге әдебиесінде дәстүр және жаңашылдық мәселесі стиль мен шеберлік төнірегінде зерттелді. «Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық диалектикасы» атты кіріспе тарауда осы кезең әдебиетінің жетістіктері дәстүр жалғастығымен көрсетілсе, шеберлік мәселесі новелла, әнгімелердің көркемдік-эстетикалық жетістігі пейзаж, психологизм мәселелерімен сабактастырылды. Повесть, романдардың поэтикасын зерттеуде сюжет пен композицияға көніл аударылып, М.Әуезов, F.Мусірепов, С.Мұқанов сынды жекелеген жазушылардың шығармалары негізіндегі әдеби талдаулар сол кезең әдебиетінің көркемдік-эстетикалық жетістігін зерделеуге қызмет етті. Әдеби сындағы дәстүр жалғастығы оның бүгіні мен өткенін салыстырудың нәтижесінде аныкталды.

«Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы» деген екінші еңбекте поэзиядағы дәстүр ұласуын зерттеу мақсатында соңғы жылдардағы көркемдік ізденистердің қазақ әдебиетіне алып келген жаңашылдық сипатын көрсету мақсатында лирикалық және эпикалық туындыларды зерттеу көзделді. Осы мақсатта жекелеген ақындардың шағын лирикалары тақырыбына қарай табиғат, махаббат, көніл-күй, әлеуметтік-философиялық, азаматтық деп топталып, ондағы дәстүр жалғастығы карастырылса, қазақ поэмасының бүтіні мен кешегін салыстыра зерттеудің нәтижесінде сол тұстағы поэмалардың көркемдік-эстетикалық жетістігі мазмұн мен түр жаңашылдығымен танылды.

1981-1985 жылдары «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркемдік шеберлік мәселесі» деген бағдарлама бойынша кенестік дәуір әдебиетіндегі теориялық мәселелерді зерттеу максаты қойылды. «Көркемдік кілті – шеберлік» (1985) атты ұжымдық еңбекте поэзия, проза, драматургия жанрларындағы көркемдік-эстетикалық жетістіктер жекелеген ақын-жазушылар шығармаларындағы стиль мәселесімен желілес сараланды. Осындағы ұжымдық зерттеулермен бірге жекелеген ғалымдардың монографиялары қазақ әдебиеттану ғылымының коржынын байытты.

1986-1988 жылдары ғылыми-зерттеу жобасында қазак өдебиетіндегі социалистік реализм өдісінің өдебиет салалары мен жанрларындағы пішіндік, мазмұндық өзгерістермен бірлікті көзделді. Кеңестік өдебиеттегі социалистік реализм ұстанымдары поэзия, проза, драматургия жанрларында ауылшаруашылығы, малшаруашылығы, ірі өндірістерде қызмет етіп жатқан еңбек адамдарының көркем бейнесі арқылы көрініс тапты.

1988-1995 жылдары бөлім менгерушісі қызметін КР Мәдениет министрі, Сыртқы істер министрі, Институт директоры болған көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор **Мұсілім Базарбайұлы Базарбаев (1927-1995)** атқарды. Ол «Казак өдебиетінің тарихы» (1960-1967), орыс тіліндегі үш томдық (1968-1979) ұжымдық еңбектердің негізгі үйімдастыруышы және авторларының бірі. Тоқсаныншы жылдардың басында жазған оның «Шәкәрім Құдайбердиев», «Мағжан Жұмабаев», «Жұбан Молдағалиев» атты тараулары кейін 10 томдық «Казак өдебиеті тарихының» 6, 7, 9 томдарына енді (2004, 2005).

Осы кезенде бұған дейін саяси құғындауға ұшыраған, өдеби мұрасы қолданыстан алынып тасталған қазақ өдебиеті мен өнерінің алыптарын актау жұмыстары арнайы Үкімет қаулысына сәйкес жүргізілді. Мемлекет тарапынан құрылған арнайы комиссия құрамында С.Кирабаев, М.Базарбаев, Ш.Елеуkenов болды. М.Базарбаевтың басшылығымен және кіріспе мақаласымен Мағжан Жұмабаевтың 1 томдық және 3 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Оған Х.Абдуллин, Б.Дәрімбетов сынды өдебиетшілер атсалысты. Алаш арыстары А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев шығармаларының жинағын халыққа жеткізуде ертелі-кеш Өдебиет және өнер институты мен осы бөлімнің өр алуан жауапты міндет, парызын лайықты орындауға ұжым қызметкерлерін жұмылдыра білген С.Кирабаев, М.Базарбаев, Ш.Елеуkenов сияқты көшбасшы ғалымдардың енбегі зор болды. С.Кирабаев «Жұсіпбек Аймауытов» (1993), Ш.Елеуkenов «Мағжан Жұмабаев» (1995) атты монографиялар жариялады. Р.Тұрысбеков, Д.Қамзабекұлы, С.Аққұлұлы сияқты жас ғалымдар Мәскеу, Орынбор, Қазан калаларына іссапарға жіберіліп, алаш қайраткерлері туралы мол мұрағаттық деректер жинаады. Қазір олар осы саладағы белгілі маманға айналды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін кеңестік дәүір әдебиетін қаралайтын көзкарас өрістеді. Осы жағдайдың толық дұрыс еместігін дәлелдеп, саяси жүйеге қарамастан күнды көркемдік мұра кейінгі заманға енші бол қалғанын дәлелдеуге бөлімнің бас ғалымдары әрі республикадағы көрнекті әдебиеттанушылар зор еңбек сінірді, дұрыс әдістанымдық ұстаным калыптастырыды.

1990 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында «1920-30-50 жылдардағы қазак әдебиетін зерттеудің мәселелері» атты ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференцияда қазак кеңес әдебиетін зерттеп-зертдеу, XX ғасырдың екінші ширагіндегі қазак әдебиетінің көркемдік сипаты және ол туралы әдеби-сын көзқарастар, Алаш әдебиетін зерттеу сынды қөкейкесті мәселелерге арналған С.Кирабаев, М.Базарбаев, Т.Қекішев, Б.Дәрімбетов, Р.Нұргалиев, Б.Майтанов, Ә.Нағыметовтың баяндамаларында қазак әдебиеттануына жаңа міндеттер жүктелді.

1990-1994 жылдары кеңестік дәүір түсінда біржакты бағаланған қазақ әдебиетін егеменді ел талабына сай жаңаша түрғыдан зерттеу ісі қолға алынды. Мұнда жетпіс жылдан аса тарихы бар кеңестік дәүір әдебиетін негізгі үш кезеңге бөліп зерттеу ұстанымы ұсынылды. «20-30-жылдардағы қазак әдебиеті», «40-50-60 жылдардағы қазак әдебиеті» атты зерттеу жобаларында осы ұстаным негізге алынды. Бұл еңбекте тарихта қалыптасқан методологиялық дәстүр сакталып, өрбір онжылдықтағы әдебиетке шолу жасалды. Жиырмасыншы және отызыншы жылдардағы поэзия, проза, драматургия жанрларымен бірге әдеби сынға шолу тарау арналған, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтар сынды қаламгерлердің шығармашылық портреттері жасалған, XX ғасыр басындағы Алаш зиялышымен толықкан қазак әдебиетінің тарихы тұнғыш рет зерттелді.

Зерттеудің жалғасы 1940-1960 жылдар әдебиетін қамтиды. Бұл еңбекте «Соғыс жылдарындағы қазак әдебиеті (1941-1945)», «Соғыстан кейінгі жылдардағы әдебиет (1946-1956)», «Жанғыру кезеңі (1956-1970)» атты негізгі үш бөлімнің бөріненде жанрлар бойынша шолу тараулар беріліп, 1960-жылдардағы тарихтың үлгісі сакталды.

Бұл жылдары бөлім қызыметкерлерінің ғылыми біліктілігі жетіле түсті. Филология ғылымдарының докторы ғылыми

дөрежесін алу үшін Б.Майтанов «Қазақ тарихи-революциялық романындағы психологиялық талдау» (1990), Қ.Ергөбек «С.Мұқановтың шығармашылық лабораториясы» (1995) тақырыптарында диссертация корғады. Ш.Сариев «1960-70 жылдардағы қазақ лирикасы. Көркемдік ізденістер» (1993), Т.Шапаев «Лирикалық тұлға жайында», Д.Мынбаев «Смағұл Садуакасұлының әдеби мұрасы» (1994), С.Жұсіпов «Әлихан Бекейхановтың өмірі мен әдеби-публицистикалық мұрасы (1870-1937)» (1995), Г.Ордаева «Қошке Кеменгерұлының әдеби мұрасы» (1996), Г.Балтабаева «1970-80 жылдардағы қазақ әңгімелері» (1999) тақырыптарында кандидаттық диссертация корғады.

1999 жылдың мамыр-казан айларында **Күлбек Ергөбек**, 1999-2001 жылдары **Бекен Ұбырайым** белім менгерушісі болды.

1995-1999 және 2002-2006 жылдары осы міндетті аткарған көрнекті ғалым, коғам қайраткері **Серік Смайылұлы Кирабаев**. Оның ғылыми-үйымдастыруышылық қабілеті арқасында ұжым жұмысы жаңа сатыға көтерілді. Бар ғұмырын ұлттық әдебиетті зерттеуге арнаған ғалым ғылымдағы қызметі үшін «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы» ордендерімен, көптеген медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кенесі Президиумының Құрмет Грамотасымен марапатталған. Ол – Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстан және Қырғызстан Республикалары ғылымына енбегі сінген қайраткер, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының ең жоғары дәрежелі «Отан» орденінің иегері, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Ресей Білім академиясының шетелдік мүшесі, Қазақстан Білім академиясының толық мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сінірген қайраткері.

1988-1995 жж. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры болған ол әдебиеттің тарихы мен бүгінгі проблемаларын жетік билетін маман есебінде институтты дәүірдің жаңа міндеттерін орындауға жұмылдыруда өтे пайдалы жұмыстар атқарды. Әсіресе Әдебиет пен ғылымды тоталитарлық жүйенің ықпалынан шығаруға, оның ақтаңдақ беттерінің сырын ашуға, кезінде жазықсыз жазаланған ақын-жазушыларды актау мен олардың мұрасын жинап, бастыру, зерттеу ісіне ұжымды жұмылдыра білді.

С.Кирабаев енбектері мен оның ақыл-кеңесі қазіргі дәуірде көп салада жүргізіліп жатқан М.О.Әуезов институ-

тының ғылыми-зерттеушілік бағытына бағдар қосып отырады. Оның басшылығымен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты бұл саладағы ғылымның орталығына айналып, онда тұрақты кадрлар тобы іріктелді. Институттың халықаралық байланыстары кенейіп, казак халқының мәдени мұрасын бірлесіп зерттеу ісі (Монголия, Қытай, Таңырағай, Швейцария, т.б.) колға алынды.

1997-1999 жылдары бөлім қызметкерлері «Жаңа кезеңдегі казак әдебиетінің тарихы» атты ғылыми-зерттеу бағдарламасы бойынша жұмыс істеді. Қазак әдебиетінің даму ерекшеліктерін байыптау, әдебиеттің алуан жанрларындағы қорекемдік-эстетикалық ізденистерді накты мысалдар арқылы талдау және жинақтау максаты койылды. Осы ауқымда кенестік дәуір әдебиетінің үшінші кезеңін қамтитын «1970-90 жылдардағы казак әдебиеті» деген тақырып тыңғызылтықты зерттелді. Аталған кезең әдебиетіне жанрлық шолулармен бірге осы кезең әдебиетіне қомакты үлес қосқан ақын-жазушылардың шығармашылық портреттері жазылды, әдеби өмір шежіресі жасалды. Кейін бұл кезең әдебиеті 10 томдық «Қазак әдебиетінің тарихында» қайта қарастырылып, зерттеу мәтіндеріне толықтырулар, көптеген өзгерістер енгізілді.

2000-2002 жылдары бөлім қызметкерлері «Кенес дәуіріндегі қазак әдебиеті және әлемдік әдеби процесс» тақырыбы аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл бағдарламаның максаты – кенестік дәуірдегі қазак әдебиетінің тәуелсіздік мұраты биігінен тын назармен бағананатын шынайы тарихын жасау, бүгінге дейін біржакты идеология ынғайында зерделенген қазак әдебиетінің өзекті шығармашылық мәселелерін айқын ашып көрсете отырып, қорекемдік даму үдерісін әлемдік мәдениет контекстінде қарастыру болатын.

2002 жылы бөлім қызметкерлері F.Мұсіреповтің 100 жылдығына орай «Ғабит Мұсірепов және әлемдік әдеби процесс» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізіл, баяндамалар жинағын жарыққа шығарды.

2003-2005 жылдары «XX ғасырдың 60-90 жылдарындағы қазак әдебиеті әлемдік әдебиет контекстінде» атты жоба негізінде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты колға алған 10 томдық «Қазак әдебиетінің тарихын» жазуға атсалысты. Ұжым академик С.С.Қирабаевтың басшылығымен осы енбектің 7-9 томдарын аяқтап, Республика

көлеміндегі мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарыққа шығарды.

Қазіргі қазақ әдебиеті аталған осы бөлім қызметкерлері 1917-1940, 1941-1955, 1956-1990 жылдармен дөуірленген бұрынғы ұстанымды сактағанмен, тоталитарлық жүйе дәурен сүрген уақыттағы ғылыми-әдістаннымдық көзқарастардан бөлек, тәуелсіздік кезең мұраттарына сай соны мәдени танымдық парадигманы басшылыққа алды. 1991-2001 жылдар аралығындағы тәуелсіздік дәуір әдебиеті жеке 10-томның мазмұнын құрады. Бұл томның жалпы редакциясын филология ғылымдарының докторы, профессор, КР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ш.Р.Елеуkenov баскарды.

Қоғам тарихымен сабактас әдеби даму кезендерінің өзіне тән тарихи-типологиялық ерекшеліктері, көркемдік-эстетикалық ұстанымдары, жанрлық-стильдік сипаттары, образ, характер жасау, көркемдік әдіс мәселелері жан-жақты жинақтау, талдаудан өткізіледі. Проза, поэзия, драматургия, әдебиеттану мен сын, халықаралық әдеби байланыстар туралы тараулар тұрқты түрде берілсе, деректі әдебиет, сатира, фантастика сияқты ішкі жанрлық жіктемеден шығатын жаңа баяндау құрылымдары да арнайы зерттеу назарына алынды. Қөрнекті ақын, жазушылар жайлы шығармашылық портреттер іріктеліп ұсынылды. Әр томның сонында әдеби емір шежіресі орын алды. Ұжымдық еңбекке алғаш рет қытай, монгол қазақтары әдебиетінің өсіп-өркендеу кезені жанрлар бойынша зерттелді (З.Сейітжанов).

Аталған томдарды зерттеуге КР ҰҒА академиктері З.Ахметов, Р.Бердібаев, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Р.Нұрғалилармен бірге ғылым докторлары Ә.Нарымбетов, Ш.Елеуkenов, Т.Кәкішев, Б.Құндақбаев, Ж.Ысмағұлов, А.Мархабаев, А.Егеубаев, Б.Ыбырайым, Д.Ыскакұлы, Б.Майтанов, Т.Сыдыков, Қ.Ергөбеков, Х.Әдібаев, З.Сейітжанов және филология ғылымдарының кандидаттары Г.Елеуkenова, М.Иманғазинов, Н.Ақыш, Ә.Қайырбеков, Г.Орда, Г.Балтабаева қатысты.

2007-2010 жылдары бөлім менгерушісі филология ғылымдарының кандидаты Нұрдәulet Бабиханұлы Ақыш болды. Ол – Институт құрылтайшылығымен шығатын ғылыми-көпшілік «Керуен» журналы бас редакторының орынбасары, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты.

2006-2009 жылдары «Қазіргі қазақ романы және оның тарихи дәстүрі» атты ғылыми жоба аясында С.Кирабаевтың жетекшілігімен зерттеу жұмыстары жүргізілді. Максат қазақ романының алғашқы үлгілерінен бастап, қазіргі таңға дейінгі даму үрдісін тәуелсіз елдің демократиялық күндылықтарды айқындау өлшеміне сай талаптарға жауап беретін тың арнада зерттеу болатын. Нәтижесінде 2009 жылы «Қазақ романы: өткені мен бүгіні» атты ұжымдық еңбек жарық көрді. Роман жанры бойынша жазылған зерттеулер өр жылдарда шықкан әдебиет тарихының шолу тарауларына кіріп келсе де, осы жанр туралы осы уақытқа дейін тұтас, жүйелі монография жазылмаған. Бұл – қазақ романының тарихын жасау жолында жаңа дәүір талабын ескеруден туған тұңғыш еңбек.

2007-2009 жылдары бөлім қызметкерлері «Көркем сөздің 100 шебері» атты қолданбалы ғылыми-зерттеу бағдарламасы бойынша «Қазақ көркем сөзінің шеберлері» атты ұжымдық еңбек жариялады (2010). Бұл кітапта қазақ әдебиетінің белгілі өкілдерінің өмірі мен шығармашылығы жөніндегі мәліметтер камтылды. Енбектің негізгі ерекшелігі – классик жырау Бұқар жырау Қалқаманұлынан бастап қазіргі тәуелсіздік дәуіріне дейінгі аралықтағы көрнекті ақын-жазушылардың шағын шығармашылық өмірбаянын ғылыми түсінікті тілмен, нақты деректер арқылы тартымды баяндап шығуда.

Қазақтың көркем әдебиетін жана қырынан байытып, оның есіп-өркендеуіне мол үлес қоскан сөз зергерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы жазылған еңбек орта және жоғары оку орындарында қазақ әдебиеті пәні бойынша дәрістер, арнаулы курстар мен семинарлар жүргізгенде қажетті қызмет атқарады.

Бұл жылдары бөлім қызметкерлері М.Базарбаевтың 4 томдық тандамалы шығармаларын жарыққа шығарды. Сонымен бірге С.Кирабаев пен М.Базарбаевтың 80 жылдық мемрейтойна арналған ғылыми-теориялық конференция үйимдастырып, материалдар жинағын «Академик Серік Кирабаев және ХХғасырдағы әдебиеттану ғылымы», «Мұсілім Базарбаев және қазіргі әдебиеттану мен өнертану мәсслелері» деңгөн атаумен шығарды. Сонымен бірге ғалымдардың биобиблиографиялық көрсеткіштері («Мұсілім Базарбайұлы Базарбаев», «Серік Смайлұлы Кирабаев») күрастырылды.

Ұлы Женістің 65 жылдығы қарсаңында бөлім қызметкерлерінің күшімен майдан газеттеріндегі өлеңдерді жина-

лып, сұрыпталып, «Майдан жырлары» (2010) атты кітап жарық көрді. Қанмен жазылған жыр жолдарының жас үрпак тәрбиесі үшін маңызы зор екендігі сөзсіз. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ поэзиясы орта және жоғары оку орындарында казак әдебиеті пәні бойынша дәрістер, арнаулы курстар мен семинарлар жүргізгенде, зерттеу жұмыстарын жазғанда елеулі қызмет атқарады. Көшпілік оқырмандар осы жинақ арқылы майдан өмірінен бірсыптыра мағлұмат алады.

Сонымен бірге 2010 жылы «Майдангер қаламгерлер» атты анықтамалық жарияланды. Бұл анықтамалыққа 1941-1945 жылдары соғыска катысады ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы жайлы мәліметтер енді. Онда майданда ерлік көрсеткен жауынгер қаламгерлер мен майдан газеттерінде қызмет еткен майдангер тілшілер туралы да бірсыптыра деректер берілді.

Казіргі таңда бөлім қызметкерлері 2009-2011 жылдарға жоспарланған «ХХ ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі» (Жоба жеткіші – С.С. Қирабаев) атты іргелі ғылыми-зерттеу жобасы бойынша жұмыс атқаруда. ХХ ғасыр аукымында қазак әдебиетіндегі үлттық мұрат сипатын зерттеу, поэзия, проза, драматургия жанрларының даму бағыты, бағыт-бағдарын негізге ала отырып, оларға арқау болған тәуелсіздік идеясының көрініс алуы туралы тың тұжырымдар мен ғылыми жинақтаулар жасау міндеті қойылды.

Бөлімдегі бас ғылыми қызметкер, жетекші ғалым – қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Парасат орденінің иегері Шериаздан Рұстемұлы Елеуkenов. Ол 1986-1988 жылдары М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры болды. Оған дейін Қазақ КСР Министрлер Кенесі жанындағы Баспа, полиграфия істері жөніндегі Мемлекеттік Комитет тәрағасы міндетін атқарды. 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ романы: өткені мен бүгіні» атты ұжымдық енбектердің негізгі авторларының бірі ретінде қарымды енбек етті.

Бөлімде әр жылдары филология ғылымдарының докторлары А. Нұрқатов, Ә. Шәріпов, Б. Наурызбаев, Т. Әбдірахманова (ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты), М. Хасенов, Ж. Ысмағұлов, С. Ордалиев, Ә. Нарымбетов, М. Атымов, Д. Қамзабекұлы, Р. Тұрысбеков, Г. Елеуkenova, филология ғылымдарының кандидаттары Р. Рұстембекова,

Ә.Райымбеков, Е.Жақыпов, К.Жыңжасарова, Ж.Молдағалиев, А.Нағметов, С.Баймөлдин, Б.Дәрімбетов, Ш.Сариеев, Т.Шапай, К.Керейқұлов, С.Аккүлұлы, Ж.Досбай, ғылыми қызметкерлер Б.Жұмағалиева, З.Ілиясов т.б. үзак жылдар бойы жемісті енбек етті.

2010 жылдан бері тәуелсіздік дәуірдегі әдебиет бөлімінің менгерушісі – филология ғылымдарының докторы, профессор Бақытхан Қаяасқанұлы Майтанов. Ол – Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ЖОО-ның үздік оқытушысы КР Ғылымын дамытуға сінірген енбекі үшін төсбелгісінің иегері, Ш.Айтматов Академиясының академигі.

Тәуелсіздік дәуірдегі қазақ әдебиеті бөлімі қазіргі уақытта 2010 жылдан бастап бастамашылық негізде «ХХI ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты жоба (жетекші – Ф.ғ.д. Б.Майтанов) негізінде осы аттас ұжымдық кітап дайындау үшін енбек етуде. Бұл енбек Тәуелсіздіктің 20 жылдығына, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының құрылғанына 50 жыл толуына арналмак.

Ұжымдық монографияда қазақ ұлты мен мәдениеті үшін тәуелсіздік ұғымының зор рухани қуаты, жасампаздық күші айқындалады. Тәуелсіздік дәуірі ұсынған жана демократиялық ұстанымдардың қазіргі қазақ әдебиетін дамытуға қосқан үлесі анықталады. Шолу тарауларда, шығармашылық портреттерде көркемдік-әдеби үдеріс сипаты тәуелсіздік және мемлекеттік идеяны бейнелеу мұратымен сабактас қарастырылады, жана дәуір әдебиетінін өмір шндығын игерудегі көркемдік-эстетикалық жетістіктері ашып көрсетіледі.

Жоба ауқымында проза жанрларындағы лирика, поэма, tolfaу, балладалардағы тақырыптық, пішіндік толысу жолдары пайымдалады, драматургиядағы мазмұндық, құрылымдық өзгерістер, көрнекті қalamгер мен жас жазушылардың шығармаларына тән концептуалдық, стильдік тың шешімдер сараланады. Бүгінгі әдеби үдерістегі реализм, модернизм, постмодернизм дәстүрлерінің басты дүниетанымдық, құрылымдық сипаттары бағамдалады. Әдеби және үлттық рухани құндылықтардың көркемдік әлемдегі табиғи жарасымы мен эстетикалық мазмұны зерделенеді.

Бөлімнің негізгі қызметкерлерінің бірі – Гүлжаһан Жұмабердікызы Орда «Қошке Кеменгерұлының әдеби мұрасы» тақырыбында кандидаттық, «Әдебиеттану ғылымының

проблемалары және Мұсілім Базарбаев зерттеулері» дееген тақырыпта докторлық диссертация корғап, «Алаштың бір ардағы» атты монографиясы үшін М.О.Әуезов атындағы сыйлықтың лауреаты атанды.

Казіргі таңда тәуелсіздік дәуірдегі әдебиет бөлімінде КР ҰҒА академигі, филол.ғ.д., проф. С.Кирабаев, филол.ғ.д., проф. Ш.Елеуkenов, филол.ғ.д., проф. Б.Майтанов, филол.ғ.д. Н.Ақыш, филол.ғ.к. Г.Орда, филол.ғ.к. А.Қалиева, филол.ғ.к. Е.Ханкей, кіші ғылыми қызметкерлер Б.Мұқатай, Ж.Сәрсенбаева жұмыс істейді.

### Библиография

(Қазақ совет әдебиеті, казіргі қазақ әдебиеті,  
тәуелсіздік дәуірдегі әдебиет бөлімінде жарияланған  
ұжымдық енбектер)

1. Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: ҚазССР ҒА басп., 1949. – 347 б.
2. Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: Ғылым, 1955. – 420 б.
3. Вопросы казахской советской литературы. I том. – Алма-Ата: Наука, 1957. – 185 с.
4. Қазақ совет әдебиетінің мәселелері (ред. басқарғандар: Е.Ысмайлов, Е.Лизунова және С.Сейітов, жаупапты ред.: А.Маловичко, С.Сейітов). – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1957. – Т. 1. – 185 б.
5. Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1958. – 510 б.
6. Очерки истории казахской советской литературы. – Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1958. – 484 с.
7. Сөкен Сейфуллин. Әңгімелері мен повестері (Құраст. ред. караған М.Базарбаев). – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958. – 265 б.
8. Очерки истории казахской советской литературы. – Москва: Академия наук СССР, 1960. – 686 с.
9. Қазақ совет әдебиетінің мәселелері (ред. басқарғандар: Е.Ысмайлов, Е.Лизунова және С.Сейітов, жаупапты ред.: А.Маловичко, С.Сейітов). – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1960. – Т. 2. – 222 б.
10. Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: Ғылым, 1960. – 484 б.
11. Әдеби мұра және оны зерттеу. Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары (1959. – 15-19 июнь). – Алматы: Ғылым, 1961. – 375 б.

12. Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазак совет әдебиеті тарихы. 3 том, Бірінші кітап. – Алматы, 1967. – 644 б.
13. Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазак совет әдебиеті тарихы. 3 том, Екінші кітап. – Алматы, 1967. – 664 б.
14. Жаңр және шеберлік (Жауапты ред. М.Базарбаев). – Алматы: Ғылым, 1968. – 348 б.
15. Жаңр сипаты (Ред.басқ. М.Қаратаев). – Алматы: Ғылым 1971. – 271 б.
16. История советской многонациональной литературы. – Москва: Наука, 1970-1974.
17. Стиль сырый (Жауапты ред. М.Каратаев). – Алматы: Ғылым, 1974. – 336 б.
18. Дәстүр және жаңашылдық (Жауапты ред. М.Каратаев, жауапты шығ. Ә.Нарымбетов). – Алматы: Ғылым, 1980. – 368 б.
19. Художественные искания современной советской многонациональной литературы. – Алма-Ата: Наука, 1980. – 256 б.
20. Традиции и новаторство в художественном освоении действительности. – Алма-Ата: Наука, 1981. – 147 с.
21. Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. – Алматы: Ғылым, 1981. – 320 б.
22. Көркемдік кілті – шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1985. – 348 б.
23. Қазақ совет әдебиеті. Әдебиеттану, сын және өнердің библиографиялық көрсеткіші (Құрастырып алғы сезін жазған Ә.Нарымбетов). – 1917-1940. – 1 том. – Алматы: Ғылым. – 1970. – 356 б.
24. Казахская советская литература. Библиографический указатель по литературоведению и критике. (Составитель А.Нарымбетов). – 1917-1940. – том I. – Алма-Ата: Наука. – 1970. – С. 353.
25. Казахская советская литература // В кн.: История казахской литературы: в 3 т. – Алма-Ата: Наука, 1971. – 3 т. – 801 с.
26. Қазақ совет әдебиеті. Әдебиеттану мен сынның библиографиялық көрсеткіші (Құраст. Ә.Нарымбетов). – 1941-1955. – 2 том. – Алматы: Ғылым. – 1986. – 272 б.
27. Казахская советская литература. Библиографический указатель по литературоведению и критике (Составитель А.Нарымбетов). – 1917-1940. – том 2. – 1941-1955. – Алма – Ата: Наука. – 1986. – С.270.
28. Сәкен Сейфуллин. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986-1988
29. Қазақ әдебиеті. Әдебиеттану, сын және өнердің библиографиялық көрсеткіші (Құраст. Ә.Нарымбетов). – 1961-1964. – 4 том. – 1-ші бөлім. – Алматы. 1997. – 309 б.
30. Қазақ әдебиеті. Әдебиеттану мен сынның библиографиялық көрсеткіші (Құраст. Ә.Нарымбетов, Ж.Исаева, Г.Ордаева). – 1956-1960. – 3 том. – Алматы: Ғылым. – 1997. – 202 б.

31. Казахская советская литература. Казахская советская литература. Библиографический указатель по литературоведению и критике (Составители А.Нарымбетов, Ж.Исаева, Г.Ордаева). – 1956-1960. – том 3. – Алматы: Ғылым. – 1997. – С. 20.
32. Әдебиеттану мен сынның библиографиялық көрсеткіші (Құраст. Ә.Нарымбетов). – 1961-1964. – 4 том. 2 бөлім. – Алматы: Ғылым. – 1998. – 90 б.
33. Казахская литература. Т. 4. 1961-1964. – ч.2. – Библиографический указатель по литературоведению и критике и искусству. – Алматы. – 1998. – С.88.
34. Қазак әдебиеті. Әдебиеттану мен сынның библиографиялық көрсеткіші (Құраст. Ә.Нарымбетов). – 1965-1966. – 5 том. – Алматы: Ғылым. – 2001. – 278 б.
35. Әдеби өмір шежіресі (Құраст. Ә.Нарымбетов). 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1999. – 280 б.
36. Әдеби өмір шежіресі (Құраст. Ә.Нарымбетов). 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 2002. – 262 б.
37. Әдеби өмір шежіресі (Құраст. Ә.Нарымбетов). 3-кітап. – Алматы, 2004. – 356 б.
38. Әдеби өмір шежіресі (Құраст. Ә.Нарымбетов). 4-кітап. – Алматы, 2007. – 236 б.
39. Әдеби өмір шежіресі (Құраст. Ә.Нарымбетов). 5-кітап. 1994-1996. – Алматы, 2007. – 230 б.
40. Жұмабаев Мағжан. Таңдамалы: Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар. – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б.
41. Әлихан Бекейхан. Таңдамалы. (Алғы сөзін жазған М.Базарбаев). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 477 б.
42. Жұмабаев Мағжан. 3 томдық шығармалар жинағы (Алғы сөзін жазған М.Базарбаев). – Алматы: Білім, 1995. – 1996.
43. Жүсіпбек Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы: Ғылым. 1996-1999.
44. 20-30 жылдардағы казак әдебиеті. Жаңаша пайымдау (Бас ред., филол.ғ.д., проф., М.Базарбаев). – Алматы: Ғылым, 1997. – 510 б.
- 45. 40-50-60 жылдардағы қазак әдебиеті. Жаңаша пайымдау (Бас ред., филол.ғ.д., проф., М.Базарбаев). – Алматы: Ғылым, 1998. – 400 б.
46. Казак журналдарындағы әдебиет және өнер (Құраст. Г.Орда). 1 кітап, 1918-1941. – Алматы: ҚР FM-FA, 1998. – 290 б.
47. Ғабит Мұсірепов және әлемдік әдеби процесс (Жауапты шығ. Г.Орда). – Алматы: Ғылым, 2002. – 397 б.
48. Казак әдебиетінің тарихы (10 томдық). Кеңестік дәүір әдебиеті (1917-1940). 7-том. (Ред.баск. ҚР ҰFA академигі, филол.ғ.д., проф., С.Кирабаев). – Алматы: Қазакпарат. – 2004. – 462 б.

49. Қазақ әдебиетінің тарихы (10 томдық). Кеңестік дәүір әдебиеті (1941-1956). 8-том. (Ред.баск. ҚР ҰҒА академигі, филол.ғ.д., проф., С.Кирабаев). – Алматы: Қазақпарат. – 2004. – 520 б.
50. Қазақ әдебиетінің тарихы (10 томдық). Кеңестік дәүір әдебиеті (1956-1990). – 9-том. (Ред.баск. ҚР ҰҒА академигі, филол.ғ.д., проф., С.Кирабаев). – Алматы: Қазақпарат. – 2005. – 992 б.
51. Академик Серік Кирабаев жөне XX ғасырдағы әдебиетта-ну ғылыми (Академик Серік Кирабаевтың 80 жылдық мерейтойына арналған жинақ) (Жауапты шығ. Г.Орда). – Алматы: Unigue Service, 2007. – 480 б.
52. Серік Смайылұлы Кирабаев. Биобиблиографиялық көрсеткіш (Құраст. Ә.Нарымбетов, Г.Орда). – Алматы: ҚР БФМ Орталық ғылыми кітапханасы, 2007. – 205 б.
53. «Мұсілім Базарбаев және қазіргі әдебиеттану мен өнертану мөселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары (Жауапты шығ. Г.Орда). – Алматы: Unigue Service, 2007. – 410 б.
54. Мұсілім Базарбайұлы Базарбаев. Биобиблиографиялық көрсеткіш (Құраст. Ә.Нарымбетов, Г.Орда). – Алматы: ҚР БФМ Орталық ғылыми кітапханасы, 2007. – 140 б.
55. Қазақ романы: Өткені мен бүгіні. Ұжымдық монография (Жалпы ред. баск.: ҚР ҰҒА академигі, филол.ғ.д., проф., С.С.Кирабаев, филол.ғ.к. Н.Ақыш, жауапты шығарушы: филол.ғ.к. Г.Ж.Орда). – Алматы: «Алматы баспа үйі», 2009. – 644 б.
56. Майдан жырлары (Жалпы ред. баск. ҚР ҰҒА академигі, филол.ғ.д., проф., С.С.Кирабаев, филол.ғ.к. Н.Ақыш, жауапты шығарушы: филол.ғ.к. Г.Ж.Орда). – Алматы: Арда, 2010. – 376 б.
57. Майдангер қаламгерлер (Жалпы ред.баск. ҚР ҰҒА академигі, филол.ғ.д., проф., С.С.Кирабаев, филол.ғ.к. Н.Ақыш, жауапты шығарушы: филол.ғ.к. Г.Ж.Орда). – Алматы: М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2010. – 136 б.
58. Қазақ көркем сөзінің шеберлері (Жалпы ред.баск. ҚР ҰҒА академигі, филол.ғ.д.; проф., С.С.Кирабаев, филол.ғ.к. Н.Ақыш, жауапты шығарушы: филол.ғ.к. Г.Ж.Орда). – Караганды: Экожан, 2010. – 512 б.

*Бакытжан Майтанов,  
Гүлжанан Орда*

## ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МЕТОДОЛОГИЯСЫ БӨЛІМІ

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы» бөлімі 1986 жылы 6 маусымда құрылды. Бөлімнің алғашқы менгерушісі академик Зәки Ахметов (1928-2002) 1986-2002 жылдары ғылыми жобаларға тікелей жетекшілік етіп, бірқатар монографиялық енбектердің жауапты шығарушысы болды.

Бөлім құрылған жылдардағы басты ғылыми бағыт әдебиеттанулық терминдер жасауға негізделді. Осыған байланысты З.Ахметовтің «Методологические проблемы разработок литературоведческих терминов» (доклад на V Всесоюз. тюркологической конф. 1988), «Методологические проблемы разработки терминов в казахском литературоведении» (Изв. АН КазССР. Сер филол. 1989) атты мақалалары жарық көрді.

Академик З.Ахметовтің «Абайдың ақындық өлемі» (1995) монографиясы және «Абай шығармаларының екі томдық толық академиялық жинағы» жарық көрді. Сондай-ақ, ғалым «Абай энциклопедиясының» да редакциялық алқасын баскарды. Ғылыми ізденістердің нәтижесі ретінде бөлім Зәки Ахметовтің бас мақаласымен «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» баспадан (1996, 1998) шығады. «Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде» алғаш рет әдебиет теориясына қатысты әдеби үғымдар мен «пәнсөздер» (терминдер) бір жүйеге түсірілді. Бөлім қызметкерлері қазак әдебиеттануы мен әдебиеттану «пәнсөздеріне» қатысты ғылыми жұмыстар жүргізді. Бұл енбекте әрбір «пәнсөздердің» мәнін ашуда казіргі әдебиеттану ғылымының озық теориялық жетістіктері пайдаланылып, жалпы әдістемелік жағын алғанда негізінен теориялық поэтиканың пәндік ұстанымы басшылыққа алынды. Осы енбекте асыл сөз (әдебиет) бен өнердегі, эстетикалық үғымдардағы «пәнсөздер» (терминдер) мен түсініктерге ғылыми-анықтамалық мағлұматтар да берілді.

2000-2002 жылдардағы бөлімнің ғылыми жобасы «Методологические принципы изучения системы жанров в социокультурном и эстетическом контексте (начало XX века и современность)» деп аталады. Осы ғылыми жобаның негізінде Академик З.Ахметовтің «Основы теории казахского стиха» (2002) атты еңбегі ғылыми-теориялық ойлармен толыктырылып, қайта жарық көрді. Кітаптың «Система стихосложения

в казахской поэзии», «Ритмическое членение строк», «Ритмическая равнотенность слов — основа силлабики» атты бөлімдерінде казак өлең теориясының реттілігі мен ерекшеліктері өр қырынан дәлелденген. Галым С. Сейфуллин, И. Жансүгіров, К. Жұмалиев, Е. Ысмайловтардың зерттеулерін ерекше атай отырып, олардың теориялық ойларын дамытады.

**Академик З.Ахметовтің жетекшілігімен 2000-2002 жылдары** әдебиет теориясы бөлімі «Методологические принципы изучения системы жанров в социо-культурном и эстетическом контексте (начало XX века и современность)» ғылыми зерттеу жобасы бойынша енбек етті. Осы ғылыми жобаны негізге ала отырып «Жанр және поэтика мәселелері» (2004) атты ұжымдық (казақ және орыс тілдерінде) монография дайындал баспадан шығарды. Зерттеуде XX ғасырдың басынан бастап қазіргі қазақ әдебиетіндегі жанр мен поэтика мәселелері әдеби үдеріс (процесс) контекстінде карастырылды. Зерттеу енбек «Сөз өнеріндегі жанрдың ерекшеліктері мен көркемдік эстетикалық құндылыктары» және «Жанр және поэтика мәселелері» деп аталатын екі үлкен бөлімнен тұрады. Онда қазақ әдебиетіндегі жанрлық жүйе, әдеби үрдіс, эстетикалық контекст, әдебиеттің түрлері мен методологиясы ғылыми-теориялық тұрғыда зерттелген.

Монографиялық енбекте көбіне казақ әдебиетіндегі жанрлық жүйе мен жанрлық түрлердің көркемдік ерекшеліктері және стильдік ізденистері жөнінде теориялық мәселелер козғалды. З.Ахметовтің «Пушкин және Абай. Жанрдың мәдени-эстетикалық арнасы» атты зерттеуінде көркем аударма жанры туралы теориялық тұжырымдар жасап, оның поэтикалық мәселелері талданады.

Осы жобадагы «Сөз өнеріндегі тек пен түр» атты зерттеуінде академик З.Қабдолов қазақтың асыл сөз өнеріндегі терминдік атауларды дұрыс қолдану мен оның теориялық тұжырымдарына талдау жасайды. Бұл зерттеуінде автор замандастарының туындыларын да әлем әдебиеті контекстінде салыстыра карастырып, жанр табиғатын анықтап берді.

Ш.Р.Елеуkenов «Пушкин және Абайдың эпистолярлық романы» деп аталатын зерттеуінде казақ романының жанрлық ерекшеліктерін теориялық тұрғыда саралады. Эпистолярлық романның тұнғыш рет Абайдың шығармасында қалыптасқанын ғалым осылай айғақтап берді.

«Жанр және поэтика мәселелері» атты монографиялық еңбектің жауапты редакторы А.С.Ісімақованың «Концепция А.Байтұрыснова о романе и эволюция этой жанровой формы в мировой литературе» атты зерттеуінде А.Байтұрысның ғылыми кағидаларының үндестігі тұнғыш рет М.М.Бахтилнің («Романизация стиля») тұжырымымен ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Осы орайда жалпы роман жанрының теориялық негіздері мен жанрлық, стильдік, көркемдік, эстетикалық құндылықтары әлемдік әдебиеттану контекстінде қарастырылды.

Г.Ж.Пірәлиеваның «Батырлық эпос жанрындағы психологиялық бастаулары» және «Роман жанрындағы әдеби тұс көрудің көркемдік табиғаты» зерттеулерінде фольклорлық мұрадағы психологиялық талдаудың алғашқы нышандары мен психологиялық романның жанрлық ерекшеліктері анықталған. Г.Ш.Елеуkenованың «Принципы исследования художественного рассказа 1950-1980-х годов» атты зерттеуінде казак әңгіме жанрының даму жолдары, оның көркемдік ерекшеліктері айқыталған.

«XX ғасыр басындағы казак әдебиеттануындағы жанрлық жүйе» атты тарауда А.Т.Ойсылбай А.Байтұрысның ғылыми-теориялық «Әдебиет танытқыш» атты еңбегіндегі әдеби ағымдар мен әдеби сын және асыл сөз өнеріндегі жанрлық түрлерді теориялық тұрғыда арнайы талдаған. Ғылыми еңбектегі теориялық, тәжірибелік тұжырымдар мен кағидаларды автор Тәуелсіздік кезең әдебиеттануының талаптары бойынша «Әдебиет танытқыштың» көкейкестілігін айқындағы.

2002 жылдың басында академик Зәки Ахметовтің «Абайтану» бөліміне менгерушілікке ауысуына байланысты, орнына филология ғылымдарының докторы Айгүл Серіккызы Ісімақова тағайындалды.

- Профессор А.С.Ісімақованың жетекшілігімен Тәуелсіздік кезеңіндегі казак әдебиеттануының даму заңдылықтарын, негізгі бағыты мен басты принциптерін айқындау мақсатында 2003-2005 жылдары бөлім қызыметкерлері «Қазақ әдебиеттануы: тарихы, әдебиет теориясы, сыны, ғылыми тұжырымдары» атты ғылыми-зерттеу жобасы бойынша жұмыс жүргізді. Жобалық жұмыс (2003-2005 жж.) бойынша Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы бөлімінің басты жетістігі – ұлттымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрыс-

нұлышын бес томдық шығармалар жинағының тұнғыш рет ғылыми ортаға енгізілуі. Құнды жинақтың алғашкы томы «Алаш» баспасынан 2003жылы «Алаш мұрасы» сериясымен жарық көрді. Кітапты құрастырушылар: А.Ісімақова, Г.Пірәлиева, С.Сәкенов, К.Мұстафаева.

Ахмет Байтұрсынұлы шығармалар жинағының I-томына «Қырық мысал», «Маса» өлеңдер кітабы және «Қазактың бас ақыны», «Әдебиет танытқыш» (1926) атты ғылыми зерттеулері енген. Бұл басылымның басты ерекшелігі – 1989, 1991 жылдары жарық көрген ғалымның шығармалар жинағындағы «Қырық мысал» (1909, 1913, 1922), «Маса» (1911, 1922), өлеңдер кітабы және «Қазактың бас ақыны» (1913), «Әдебиет танытқыш» алғашқы түпнұсқаларымен салыстырылып, өзгеріске ұшыраған тұстары қайта қалпына келтіріліп, толықтырылды. Томның «Ахмет Байтұрсынұлы – қоғам кайраткері, ақын, казақ тіл білімі мен әдебиеттануының реформаторы» атты бас макаласын алаштанушы ғалым А.С.Ісімақова жазды. Осы мақаласында автор А.Байтұрсынұлы еңбектерінің бес томдығының құрылымы мен негізгі ұстанымдарын да анықтап көрсетеді.

А.Байтұрсынұлының бес томдық шығармалар жинағының алғысөзі мен ғылыми түсініктемелерін (II-том – «Жастардың оқу-төрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді»; III-том – «Тіл-құралын» шығарушылардың алғысөзі»; IV-том – «А.Байтұрсынұлы – казақ өліпбійінің атасы һәм кеменгер көсемсөзші»; V-том – «А.Байтұрсынұлы – қазақ халқының ар-оқданы» (Н.А.Назарбаев) А.С.Ісімақова жазды.

Тәуелсіздік кезең талаптары түрғысынан жинақтың II-томына (2004) А.Байтұрсынұлының Т.Шонановпен бірге жағзан «Оқу құралы» (1912) енгізілді. Қызылордада (1926, 1927) екі рет басылып, қайта жарияланбаған «Оқу құралы» алғаш рет төтө жазудан қазіргі өріпке түсіріліп, ғылыми түсініктемелері берілді. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына арналған алғашқы өліппенін, қазақ тілі грамматикасын танытатын тұнғыш оқулықтардың авторы. Жоба авторлары үшінші томға (2004) Ахмет Байтұрсынұлының «Казақша алифба» (1912), «Әліп-би» (1926), «Сауат ашқыш» (1926) атты оқулықтары мен XX ғасырдың басында қоғамдық салада туындаған өзекті мәселелерге қатысты жасаған ғылыми баяндамалары мен зерттеулерін топтастырған.

Төртінші том (2005) «Әліппе», «Саят ашқыш (ересектер әліппесі)», «Әліппе-астар (әліппеге методикалық нұсқау)», «Тіл құралы» «Баяншы (методикалық жазбалар)», «Тіл жұмсар» атты оқулықтардан тұрады. А.Байтұрсынұлының лингвистикалық енбектерінде алғаш рет казақ тіл білімінің теориясының негізі каланып, басты «пән сөздері» қалыптасқаны және оның колданыска енгізілгені алғысөзде ашып көрсетіледі.

Бесінші томға (2006) Ахмет Байтұрсынұлының «Ер Сайын» (1923), «23 жоктау» (1926), сондай-ак бүрын елеңбей келген енбектері мен көсемсөздері енген. Бұл томда А.Байтұрсынұлының «Қазақтың әкпесі», «Егін егу», «Шаруа жайынан», «Ауру жайынан», «Бас қосу тұрасында», «Жауап қат», «Бас қосуға рұқсат берілмеді», «Бас қосу», «Орынбор 13-нші оқтиабір», «Білім жарысы», «Білім жарысы қақында», «Оқыту жайынан», «Андаспаған мәселе тұрасында», «Досмайыл қажыға ашық қат», «Губернатордың өзгертілуі», «Соғысуши патшалар», «Бұл заманның соғысы», «Тұзетілген әріп» атты мақалалары топтастырылған. Сондай-ак, бұлардың әрқайсысы алғаш рет мәтінтанулық (текстология) тұрғыда талданды.

Бөлімнің 2006-2008 жылдарға арналған іргелі ғылыми жобасы «Тәуелсіздік кезеңдегі казақ әдебиеттандыру» деп аталағы. Осы ғылыми жобаның жетістігі – екі томдық «Қазақ әдебиеттандыру ғылымының тарихы» (2008) атты монографияның I-томының жарық көруі. (Жауапты редакторы: Ісімақова А.С. Жауапты шығарушылары: Еркінбаев Ұ.О., Далабаева А.К.). Бұл енбекте үлттық әдебиеттандыру ғылымының қалыптасуы мен даму жолдары, әдебиет тарихы, сыны, теориясы саласындағы ізденістер түнғыш рет жүйеленген.

Әлемдік әдебиеттандыру ғылымы контекстінде отандық яғни қазіргі казақ әдебиеттандыру ғылымының өз орны, өз үлесі болуын анықтау – зерттеудің негізгі міндеті. Монографияда қазақ әдебиеттандыру ғылымының тарихи негіздері 5 тарауға топтастырылып зерттеледі: Бірінші тарауда «Ежелгі дәуірдегі әдеби таным арналары (VI-XIV)» (Ж.Қ.Смағұлов); «Қазақ әдебиеті туралы ғылымның бастауы (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев)» (А.С.Ісімақова) атты екінші тарауларда көне заманнан XX ғасырға дейінгі кезеңдегі әдебиеттандулық ойлар арнайы зерттелді. «Көсіби қазақ әдебиеттандыруының қалыптасуы (1900-1932)» (А.С.Ісімақова, Г.Ж.Пірәлиева, Д.Ысқақұлы) атты үшінші тарауда үлттық

әдебиеттану ғылымының көсіби деңгейде XX ғасыр басында қалыптасқаны ғылыми түрғыда дәлелденді. Қазақ әдебиеттану ғылымы советтік кезеңнің саясаты пен идеологиясына тікелей қызмет етпеген, алайда кейін таптық мұддеге қызмет еткен ғылым саласы ретінде қарастырылды. Алаш зиялышының енбектері – кеңес дәүіріне дейін қалыптасқан қазақ әдебиеттану ғылымының негізін құрайды. 1931-1937 жылдары сталиндік репрессияға ұшыраған әдебиетшілердің басты енбектеріне XX ғасырдың сонына дейін тыйым салынған. Қазақ совет әдебиеттануы А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышын» (1926) ескермей қалыптасқаны айғақталды. «Кеңес дәүіріндегі қазақ әдебиеттануының дамуы (1932-1956)» атты төртінші тарауда (Г.Ш.Елеуkenова, А.Т.Ойсылбай) М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайилов, Қ.Жұмалиев, К.Жұбанов, Б.Кенжебаев, Ә.Марғұлан, З.Шашқин, Т.Нұртазин, А.Нұркаторов, т.б. ғалымдардың зерттеулері қарастырылып, олардың совет қазақ әдебиеттануының дамуына қосқан үлесі анықталды.

Бесінші тарауда «1957-1991 жылдардағы қазақ әдебиеттануы» (Г.Ж.Пірәлиева) 1960-жылдардағы «жылымық кезең» қазақ совет әдебиетіндегі тың серпілісті туғызуға себеп болғаны анықталды. 1960-1990 жылдары әдеби сын мен әдебиеттануға келген жаңа толқын сөз өнерін көркемдік зандалық түрғысынан қарастырыды. Осы тарауда 1960-90 жылдары қазақ әдеби сынның келген ғалымдар енбектері сөз өнерінің көркемдік зандалығы түрғысынан зерделенген.

1988 жылы қазақ әдебиеттануының көшбастаушылары яғни Алаш әдебиеттанушыларының акталуы, олардың енбектеріндегі ұлттық рухани жүйе жана зерттеулерге жол ашты.

Бөлімнің 2006-2008 жылдарға арналған іргелі ғылыми жобасы «Төуелсіздік кезеңдегі қазақ әдебиеттануы» деп аталып, осы ғылыми жобаның негізінде екі томдық «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихының» (2009) 2-томы жарыққа шықты. Жауапты редакторы: А.С.Ісімақова. Жауапты шығарушылары: Ұ.О.Еркінбаев пен А.Т.Ойсылбай. «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Төуелсіздік кезең. Төуелсіз кезеңдегі қазақ әдебиеттану ғылымының басты мәселелері» қамтылған бұл енбекте қазіргі ұлттық сөз өнерінің құндылықтары Төуелсіз әдебиеттану ғылымы түрғысынан сараланып зерттелді. Ұжымдық монографияда қазақ әдебиеттану

ғылымының Тәуелсіздік кезеңдегі жетістіктері теориялық тұрғыдан талданып, көркем сөз үлгілерін жүйелеу, дәуірлеуге қатысты түсініктер арнайы карастырылды.

Жалпы алғанда кітапта тәуелсіз әдебиеттану ғылымының әдеби-теориялық өрі тарихи негіздері үш тарауға топтастырылып зерттелді: I. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетті танытудың теориялық мәселелері; II. Қазак әдебиеті тарихын жаңаша жазу; III. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби сын.

«Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетті танытудың теориялық мәселелері» (А.С.Ісімакова) атты бірінші тарауында казак әдебиеттану ғылымының Тәуелсіздік кезеңдегі жетістіктері теориялық тұрғыдан талданды. Бұл тарауда әдебиетті тану дағы жеке әдеби-тәсілдік бағыттардан бастап, көркем сөз үлгілерін жүйелеу тұрлери сарапталып, Тәуелсіздік кезеңдегі әдістемелік жаңа бағыттардың ерекшеліктері айқындалды. 1931-1937 жылдар аралығындағы сталиндік репрессияға ұшыраған үлттық ғылыми мұра мен әдеби жәдігерлер халықка кайтарылды. Сонымен қатар бұған дейін тек орыс әдебиетімен салыстырмалы түрде қарастырылып келген үлттық сөз өнері тікелей өз контекстінде зерттелу мүмкіндігіне ие болды. Совет әдебиеттануы тұсында «младописьменный» деп аталып келген үлттық сөз өнері үлгілері жаңа тұрғыда кайта қарастырылғаны айқыталды. Бірінші бөлім «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетті танытудың теориялық аспектілер» деп аталып, келесі тараулардан тұрады: «Ежелгі әдебиет үлгілерінің зерттелуі», «Тәуелсіздік кезеңіндегі абайтану», «Қазіргі кезеңдегі әдебиет тарихы мен әдебиеттанудың теориялық мәселелері», «Қазак әдебиеттануының зерттелуі»,

«Әдеби байланыстардың теориялық негізі», «Бүгінгі постмодернистік зерттеулер», «Әдебиет танытқыштың» қазіргі әдебиеттанудағы орны. Теориялық аспект», «Қазіргі әдебиеттану ғылымындағы герменевтикалық, структураллистік және семиотикалық зерттеу тәсілдері».

I-тарауда қазак әдебиеттану ғылымында үлттық әдебиетті дәуірлеу мәселесі тұнғыш рет Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми-теориялық еңбегінде айқындалғандығы анықталды. Кезінде Совет әдебиеттануы бұл мәселені батыл көтере алмады. Қазіргі Орта Азия, Қазак жерінде қандай тайпалар тұрған? олардан қандай көркем сөз мұрасы қалды? деген сауалға сонау социализм билеп тұрған кезде батыл ғылыми мәселе етіп көтерген ғалымдардың бірі

– Бейсембай Кенжебаев болды. Совет әдебиеттануы «қазак әдебиеті негізінен совет кезеңінен басталады» деген пікірді үстанды. Б.Кенжебаев қалыптастырыған ғылыми мектепті да-мытушылар – Қ.Өмірәлиев, М.Жолдасбеков, М.Магауин, Н.Келімбетов, А.Қыраубаева, т.б. нақты зерттеулерімен ежелгі казак әдебиеті және оның арналары деген ұғымды берік орнатты. Аталған ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектерінде ежелгі қазак әдебиеті қашан басталады, қандай жәдігерлерден тұрады деген ұғым нақтыланып, реттелді.

Б.Кенжебаев үстанған басты мәселе: XIII-XIV ғасырлардағы қазіргі Қазақстан, Орта Азия, Еділ бойында түркі тілінде сөйлейтін көптеген ежелгі тайпалар аралас өмір сүрді. Бұл кезде түркі тайпалары әлі де жеке-жеке халық болып қалыптаспағандықтан, сол кездегі олардан қалған әдеби ескерткіштер қазіргі түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы болып есептелінеді. Ежелгі әдебиетті дәүірлеу мәселесі Құлмат Өмірәлиевтің «XVI-XIX ғасырлар поэзиясының тілі» (1976), «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі» (1983) монографияларында ғылыми тұрғыда дәлелденді.

Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет, оған дейінгі ежелгі әдеби жәдігерлер қалай зерттелді деген сауалға Алма Қыраубаева нақты жауап берді. Фалым «Ғасырлар мұрасы» (1988) атты еңбегінде ежелгі әдебиет нұсқалары төмендегіше жіктелген: XIII-XIV ғасырлардағы түркі тайпаларының тарихи-әлеуметтік жағдайы; Аударма нәзира әдебиет «Рабғұзи қиссалары»; Тыңтума әдебиет «Махаббатнама»; Ежелгі әдебиет дәстүрі.

«Ежелгі әдебиет үлгілерінің зерттелуі» атты тарауда Тәуелсіздік кезеңінің әдебиеттанушысы Ә.Дербісөлі «Қазақ даласының жұлдыздары» (1995), «Ислам жауһарлары мен жәдігерліктері» (2009), «Тарих-и Рашиди» нақ жолындағылар тарихы», «Жаһаннама», «Түркиядағы жазба жәдігерліктеріміз» (2009) сынды зерттеулерінде казак әдебиетінің көне бастаулары болып табылатын әдеби жәдігерлеріміз айқындалған. Қазақ әдебиеті совет кезінде айтылғандай «младописьменный» емес, алдында көне әдеби дәстүрі бар әдебиет екенін Отыrap, Сығанак, Женд, Түркістан, Тараз, Баласағұннан шыққан ғұламалардың мұрасын анықтап беруі арқылы дәлелденді. Біз білетін Әбу Насыр әл-Фараби болса, әдебиеттанушы 30-ға жуық Фараб қаласынан шыққан нақты ғылыми еңбектері бар тұлғаларды анықтады. Фалым еңбегінде 10

«Кердері тарландары», 13 «Түркістан перзенттерінің» ғылыми мұрасы туралы тұнғыш рет мағлұмат берілген. «Сығанак ұландары», «Женд даналары», «Баласағұн перзенттері», «Қазақ руханиятындағы Кердерілер» атты тарауларда осы тақырыптың мәні терендегі ашылғаны айтылған. Аталған зерттеу алдымен казақтың әдеби жәдігерлер саны бұрын айтылмаған есімдер мен олардың ғылыми мұрасымен толықтырылғандығымен құнды деп бағаланған.

Ә.Дербісөлінің зерттеуінде XIII-XIV ғасырлардағы түркі әдебиеті – әл-Фараби, Сағди, Фирдоуси, Низами, Юсуф Хас Хаджип, Ахмет Ясауи енбектері Қайта өрлеу-ренессансстық түрғыдан қарастырылған. Шығыс ренесансы Орта Азияда X ғасырда басталғаны анықталып, әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, әл-Бируни, әл-Хорезми енбектері осы ретте талданған.

«Тәуелсіздік кезеңіндегі абайтану» атты тарауда Тәуелсіздік кезеңіне қайта оралған алаш абайтануы да арнайы зерттеу нысанына айналды. Ә.Бекейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дуллатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытулы, С.Торайғырұлы, С.Сәдуақасұлы, К.Кеменгеров, М.Әуезов, И.Жансүгіров, Р.Марсеков, Ы.Мұстамбаев, Б.Күлеев, К.Мұхамедханұлы, Б.Кенжебаев, т.б. зерттеулері қазіргі абайтануға жаңаша серпіліс бергендейі және советтік кезеңде айтылмай келген абайтанулық мәселелер осы ретте сараланды. Осы түрғыдан «Абайды оқы, таңырқа!» (1994) ғылыми жинағы (жаупты шығарушысы М.Мырзахметұлы) мен Тәуелсіздік кезеңіндегі абайтанулық зерттеулердің әдеби-теориялық ерекшеліктері қарастырылды.

Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейін яғни 42 жылдан соң Қайым Мұхамедханұлының төрт кітаптан тұратын «Абайдың ақын шәкірттері» атты зерттеулері жарық көрді. Фалым саналы ғұмырын Абай мұрасын, Абай мектебін, Абай өлеңдерінің текстологиясын зерттеуге арнаған. Сонымен қатар фалым халықтың әдеби шығармашылық өкілдерінің (М.Дәuletбаев, А.Сабалов, И.Молдажанов) мұрасын мұрағат деректері арқылы қарастырған.

«Бұғінгі постмодернистік зерттеулерде» дүниежүзілік әдебиеттанудың классикалық филология, постмодернистік (постструктуралистік) әдісі ғана әдебиеттану тәсілінің айырмашылығы мен ерекшелігі ретінде қарастырған. Қазіргі Ресей әдебиеттануында үш бағыттың бар екені анықталды: біріншісі – М.М.Бахтин теориясы негізінде, оның ғылыми

ойын дамытушылар Ю.М.Лотман, Г.С.Кнабе, Н.И.Конрад, В.Н.Топоров, А.С.Аверинцев, А.Я.Гуревич зерттеулері дүниежүзілік әдебиет пен әлемдік мәдениет төңірегінде болғандықтан кең қолемдегі сұраныска ие. Екіншісі – Д.С.Лихачев, В.В.Кожинов, Б.Г.Гончаров, М.Л.Гаспаров, В.Д.Сквозников, т.б. тек орыс әдебиетінің ұлттық мұддесін зерттеушілер. Бұлар М.М.Бахтиннің әдісін колданғанымен орыс әдебиетінің ұлгісін ғана алға тартумен ерекшеленеді. Үшіншісі – діни әдебиеттанулық (религиозное литературоведение) бағытта яғни Н.Бердяев, С.Г.Бочаров, В.Вейдле, В.С.Непомнящий, Т.А.Касаткина, У.Қалижан, А.Жақсылыков, т.б. теориялық зерттеулерінде іске асуда.

Сонымен катар автор «казіргі дүниежүзілік әдеби ілім постмодернизм, постструктуралызм және деконструктивизм теориясына сүйенеді», – деп дәлелдейді. Осы ағымның басты өкілдері француз Ж.Ф. Лиотар, американец И. Хассан, Ф. Джеймсон, голландтық Д.В. Фоккем, Т.Дан, ағылшындық Дж. Батлер мен Дж. Лодж т.б. негізгі ұстанымдары сарапталған.

Осы тараудағы «Әдебиет танытқыштың» казіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы орны. Теориялық аспект» тараушасында қазақ әдебиеттану ғылымындағы тұнғыш ғылыми-теориялық енбек А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» қазіргі XXI ғасырдағы ғылым деңгейінен арнайы зерттеу нысанына алынған. «Әдебиет танытқыштың» бүгінгі дүниежүзілік әдебиеттану ғылымындағы орны айқындалған. А.Байтұрсынұлының ғылыми-теориялық тұжырымдары А.А.Потебня, Б.В.Томашевский, В.М.Жирмунский, А.И.Белецкий, Г.О.Винокур, Ю.Н.Тытянов, Р.Якобсон, В.Б.Шкловский, М.М.Бахтин, В.Кайзер, Г.Г.Гадамер, Р.Уэллек, О.Уоррен, Ю.М.Лотман, М.Л.Гаспаровтың ғылыми енбектері Е.Ысмайлов, К.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов сынды қазақ ғалымдарының зерттеулерімен салыстыра талданған.

Монографиялық жинақтың «Қазақ әдебиеті тарихын жаңаша жазу мәселесі» (Г.Ж.Пірәлиева) атты екінші тарауында Тәуелсіздік тұсындағы ұлттық әдебиет тарихының жаңаша зерттелуінің ерекшеліктері мен бағыт-бағдары сараланды. XX ғасыр басындағы Алаш зиялыштарының әдебиет тарихына, әсіресе қазақ әдебиеттануына тікелей қатысты енбектері жүйеленіп, олар көтерген әдебиеттанулық мәселе-лер мен зерттеулері тұнғыш рет талданған. Қазақ әдебиетінің

10 томдық тарихы қайта жазылып, «Он ғасыр жырлайды» деген топтамадағы үлттық сөз өнеріндегі көркем мәтіндер, тұпнұсқалар өз қалпына келтірлгені айтылған.

Сөз өнеріне қойылар эстетикалық көркемдік талғам мен талап, оның шарттары Әбу Насыр әл-Фарабидің трактаттарынан басталып, Махмұт Қашқаридің «Түрік тілдерінің жи-нағы» т.б. соңғы әдеби ескерткіштерде негізі қаланғанын және олардың бүгінгі әдебиет теориясының ережелерінен еш кем еместігі анықталған. Бұл дәстүр XY-XVII ғасырлардағы жыраулар поэзиясында өлең түріндегі өрнекке айналса, XYШ ғасырдағы би-шешендер, жыраулар мен акындар поэзиясында философиялық терең толғауларға ұласқан. Ә.Бекейхан, А.Байтұрынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Жұмабайұлы, С.Сәдуакасұлы сынды ғалымдар газет, журнал беттерінде мәдениет, әдебиет мәселелерін мемлекеттік тұрғыда көтергені анықталған.

Аталған жобада үлттық әдебиеттану ғылыминың тарихы да тұнғыш рет зерттеліп, оның барлық саласының ғылыми негіздері түгенделіп, кен арнада қаралып, осы сала ма-мандарының енбектері арнайы сарапанды. Ежелгі дөуір әдебиетін зерттеу мен жүйелеудегі әдістемелік, әдеби-теориялық жетістіктері көрсетілді. Ежелгі түркілердің аргы ата-тегі саналатын сақ пен ғұндардың ерлік дастандары мен қазактың батырлық жырлары арасындағы байланыс белгілері (мазмұн, форма, стиль бірлігі) тарихи және теориялық аспектіде тақырып арқауына айналған.

«Тәуелсіздік кезеңдегі әдеби сын» атты (Г.Ш.Елеуkenova) үшінші тарауда «Ғылыми зерттеулердегі көсіби әдеби сын», «Мерзімді баспасөздегі көркем-әдеби сын» атты екі бағыт бойынша Тәуелсіздік тұсындағы әдеби-көркем сынның даму бағытын қарастырыған. Бұл тарауда Тәуелсіздік кезеңдегі әдеби сынның бағыт-бағдарын сарапауга арналған әдеби сынның тарихы мен теориясы, сынның идеологиялық сипаты арнайы зерттелген.

А.Т.Ойсылбай жазған «Тәуелсіздік кезеңдегі әдеби-теориялық байланыстар» атты тараушада «Абай әлемі», «Әуезов әлемі», «Нұрпейісов әлемі» зерттеулері дүниежүзілік әдебиеттану контекстінде сарапталған. А.Кұнанбаев, М.Әуезов және Ә.Нұрпейісов шығармашылығының шет тілдерінде аударылуы, шетелдерде танылуы нақты талдаулар арқылы тұнғыш рет айғақталған.

«Халықаралық ғылыми-теориялық конференциялардағы қазіргі әдебиеттанудың зерттелуі» А.К.Далабаеваның тараушасында қазіргі әдебиеттанудың көкейкесті мәселелері қарастырылған. Тәуелсіздік кезеңінде әдебиеттану ғылымының жаңаша бағытта дамуына ықпал еткен ғылыми-теориялық конференциялардағы басты пікірлер де арнайы топтастырылған.

Әдебиет теориясы жөне әдебиеттану методологиясы бөлімінің 2006-2008 жылдарға арналған іргелі ғылыми жобасы «Тәуелсіздік кезеңдегі казак әдебиеттануы» деп аталады. Осы ғылыми-зерттеудің жемісі – үш томдық «Мировое литературоведение» (2007, 2008, 2009) хрестоматиясы. Бұл томдықтың ғылыми жаңалығы – қазак әдебиеттану ғылымы тарихында яғни Тәуелсіздік кезеңде тұнғыш рет жарық қөргендігі.

Тұнғыш хрестоматиялық еңбекте казак әдебиеттану ғылымындағы соны жаңалық, асыл сөз өнерінің басты мәселелері жайлы жүйелі ғылыми түсінкітеме берілді жөне ғылыми ортада үлкен қызығушылықпен қабылданды. Бұғанғі жаңаша қөзқарас пен тұжырымдардан тұратын бұл еңбекте әдебиеттанулық, теориялық, пәлсафалық, жалпы эстетикалық, мәдениеттанулық қасиеттері зерттеулер кеңінен қамтылған.

Үштомдықты құрастырушылардың максаты – сөз өнерінің болмысы жайлы басты қасиби зерттеулерді жүйелеу. Сонымен бірге еңбекте әдебиеттің өнер ретіндегі қасиетіне басым бағыт берілді. Бұл жинақта қөркем мәтін, әдеби үдеріс (процесс), әдеби үрдіс (тенденция), өнер болмысы, талғам, сұлулық, әдел, эстетикалық бейне, қөркемдік бірлік ұғымы мен автор категориясы, әдеби шыгарманың болмысы, жанрлық ерекшеліктері, шыгарма әлемі, ондағы уақыт пен кеңістіктің орны, окиға мен кейіпкерлер жүйесі, мотив пен психологизм, стиль, шыгарма құрылымы, өлең сөздін табиғаты, сөз өнерінің әдеби тектер мен түрлеріне бөліну себептері, ұғымдар мен «пән сөздер» жаңаша ізденістер тұрғысынан жүйсленген.

Хрестоматиялық басылымның тағы бір ерекшелігі – әлемдік әдебиеттану ғылымының биік өресін танытатын авторлардың қатарында алғаш рет Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» (1926) орыс тіліне аударылып берілуі. Сонымен қатар асыл сөз өнерінің қасиеті жайлы әл-Фарабидін теориялық трактаттары да жүйелі түрде ұсынылған. Хрестоматияға енген еңбектер классикалық филология-

да әбден мойындалған танымал мәтіндер. Олардың реті көбіне мәселелік және тарихи хронологиялық тәсіл бойынша рет-ретімен берілді.

Уштомдықтың алғысөзінде хрестоматияның негізгі құрылымы мен үстанымдары және әрбір томның сонында кітапка енген авторлар туралы ғылыми түсініктеме берілген.

Жинактың I-томы келесі тараулардан тұрады: Өнердің спецификасы және оны танудың жолдары. Сөз өнері және оның тектері; Әдеби шығарма. II-том: Шығарма әлемі (кейіпкерлер, сюжет), Стилистика. Эпос, лирика, драмадағы сөйлеу тілі; Өлентану; Әдеби стиль. III-том: Әдеби жанрлар; Әдеби шығармалар өмірі; Шетел әдебиеттануы.

«Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы» бөлімі ғылыми жобалармен катар бөлім қызыметкерлерінің үлттық әдебиеттану ғылымына үлес қосқан бірнеше монографиялық енбектері жарық көрді. Мысалы, А.С. Ісімақованың «Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность)» (1998) атты монографиясын атауға болады. Монографияда XX ғасыр басындағы қазак прозасының жанрлық бастаулары жан-жақты зерттелген. Ауыз әдебиеті дәстүрі, толғау жанры, Абайдың классикалық стилінің қазак прозасының дамуына өсері теориялық талдаулар арқылы айқындалған. Монографиялық енбекте қарастырылатын мәселелер жүйесі: Жанровые предыстоки казахской художественной прозы. Классический стиль Абая Кунанбаева и его роль в зарождении казахской художественной прозы. Открытие эстетического треугольника «Автор – герой – читатель» в «Фақлия». Художественное открытие новой концепции человека и его место в вечно меняющемся мире. Экзистенциальная проблематика возвращенной литературы (Ш.Кудайбердиев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жумабаев, М.Ауэзов). Культурные архетипы современной казахской прозы. Соотношение литературного и лиро-эпического кодов в структуре художественного текста (Т.Ахтанов, А.Кекильбаев, Д.Досжан, О.Бокеев, С.Санбаев) атты басты-басты төрт тарауға топтастырылған.

Бөлім менгерушісі А.С.Ісімақованың «Возвращение плеяды экзистенциальная проблематика в творчестве Ш. Кудайбердиева, А. Байтурсынова, Ж. Аймауытова, М. Жумабаева, М. Дулатова и М. Ауэзова» (2002) атты монографиясы да қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет Алаш

әдебиеттануының негізін салған еңбек болып табылады. Монографияда ұлт руханиятына кайта оралған Алаш зиянндары – казак прозасына, ұлттық мұрага қалай әсер етті? Шынайы көркем сөздің мақсаты қандай өлшемдермен өлшенді? XX ғасыр басындағы қазактың ұлттық әдебиеті адамды көркемдік түрғыдан танудын биік үлгісін көрсеткені айғақталған. Бұл тұжырымдар Ш. Құдайбердіұлы, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Әуезов көркем мәтіндері негізінде біріктіріп тұрған әдеби тәсілді сараптау арқылы айқындалған.

А.С.Ісімақованың «Алаш әдебиеттануы» (2009) атты іргелі ғылыми-хрестоматиялық монографиясы жарық көрді. «Алаш әдебиеттануы» – ғалым тұжырымдарының теориялық түрғыда пайымдалған заңды жалғасы әрі іс-тәжірбиелік жемісі. Зерттеудің негізгі нысаны – XX ғасырдың бас кезіндегі казак әдебиеттану ғылымының негізгі жетістіктерін айқындау болып табылады.

Кітап қазактың көркем сөзді қастерлеген ата-баба сөзі қашаннан басталады? Алаш әдебиеттануы деген ұғым қашан қалыптасты? Алаш ғалымдары ғылымға (тарих, педагогика, оқу ісі, психология, саясаттану, т.б.) қандай үлес косты? Тәуелсіздік кезеңінің қазіргі қазак ғылымына Алаштың ғылыми мұрасы несімен қажетті болып табылуда? және казак көркем сөзінің көрнекті өкілдерінің әрбірінің ғылыми шығармашылық тұлғасын бүгінгі XXI ғасырдың әдебиеттанулық талаптары түрғысынан қарастырған. Алаш әдебиеттануының шынайы келбетін әл-Фараби, Абай, Ыбырай, Шоқаннан бастан, Әлихан Бекейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Қошке Кеменгер, С. Сейфуллин, И. Жансүгіров, К. Жұбанов, М. Әуезовтердің ұлт әдебиетін зерттеудің көсіби денгейін қалыптастырғандығы тұңғыш рет анықталды. Сонымен қатар әрбір әдебиеттанушының қазак әдебиетіндегі көркем сөз құдіреті, оған қосылған үлесі ғылыми, әдеби-теориялық зерттеулері накты айқындалған. Автор асыл сөздің басты міндетін айғақтап, оны іс жүзінде қазак тілінде көрсетіп берген де осы Алаш әдебиеттанушылары екенін накты дәйектер мен тұжырымдар арқылы хрестоматиялық түрғыда дәлелдеген. Қазак әдебиеттануының көсіби қалыптасу кезеңін автор XX ғасыр басы яғни 1905 жылдан бастайды.

Бөлім менгерушісі А.С.Ісімакованың келесі монографиялық енбекте «Асыл сөздін теориясы» (2009) деп аталады. Бұл теориялық енбекте ғалымның көркем сөздің теориялық сипатты жөніндегі зерттеулері топтастырылған. Кітап «Әлем әдебиетінің теориялық мәселелері»; «Қазақ әдебиетінің теориялық мәселелері» және «Замана тынысындағы асыл сөз» атты үш бөлімнен тұрады. Енбекте әлемдік әдебиеттануғының теориялық мәселелері мен ұлттық әдебиеттануымыздың келелі әдіснамалық һәм теориялық бағыттары, ұлт прозасының мазмұндық һәм құрылымдық ерекшеліктері жөніндегі ғылыми зерттеудердің нәтижесі сөз етіледі. Кітап - Ф.М.Достоевскийдің соңғы романы, Ағайынды Карамазовтардың казакша аудармасы, Эрнест Хемингуэй – «lost generation», «жогалған үрпактың» ен ірі өкілі, Натурализм және XX ғасырдың көркемдік құндылығы, О критическом реализме, Бүгінгі постмодернизм, Шекспірің аудармалары жөнінде, А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» мен К.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы», «Стиль романа Ж.Аймауытова «Картқожа»», Өр буынның өз әдебиеті бар, Ұлт прозасы, Әдебиетте тоқырау болды ма? сынды казіргі әдебиеттің мәселелерін камтитын тараулардан тұрады.

Бөлімнің жетекші ғылыми қызыметкері Г.Ж. Пірәлиеваның «Ішкі монолог» (1994) атты монографиялық зерттеуі жарық көрді. Монографияның негізгі тараулары: «Ішкі монологтың өзге де көркемдік бейнелеу құралдарымен байланысы», «Кейіпкер психологиясын бейнелеудегі суреткерлік ізденістер», «Ішкі монолог-көркемдік бейнелеу тәсілі». Кітапта ішкі монологтың кейіпкер психологиясын ашуадың көркемдік қызыметі, көркем прозадағы қалыптасу, даму, кеммелдену кезеңдері зерттелген. Автор Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Ә.Нұрпейісов, Ә.Кекілбаев, Т.Әбдіков сынды суреткерлердің шығармалары негізінде ішкі монологтың көркемдік қызыметін талдайды.

«Көркем прозадағы психологиямнің кейбір мәселелері (Тұс көру, бейвербалды ишаралтар, заттық әлем)» (2003) атты Г.Пірәлиеваның монографиялық зерттеуінде психологиялық бейнелеу құралдарының күрделі түрлері – тұс көру, бейвербалды ишаралтар, заттық әлем кейіпкердің ішкі рухани әлеміндегі психологиялық, түрлі сезімдік, эмоционалдық құбылыстарды бейнелеу құралдары ретінде тұнғыш рет арнағай қарастырылады. «Тұс көрудің фольклор мен әдебиеттегі

көркемдік қызметі» деген алғашқы тарауда «Тұс көру тәсілінің әдебиеттану ғылымында зерттелу», «Діни әдебиеттегі тұс көру, жору, аян беру секілді көркемдік компоненттердің дүниеге келуі», «Қазіргі прозадағы тұс көру тәсілінің көркемдік табиғаты» т.б. сөз болады.

Әдебиеттанушы Г.Ж.Пірәлиева «Қазақтың көркем прозасындағы психологиязм және оның бейнелеу құралдары» (2007) атты оқулығында тәмендегідей мәселелерді қарастырады: «Психологиязмнің теориясы мен тарихы. Психологиязм дегеніміз не? Психологиязмнің бейнелеу құралдары. Психологиялық прозаның зерттелу тарихы. Психологиялық прозаның поэтикасы. Ж.Аймауытов шығармаларындағы психологиялық сипат. М.Жұмабаев – «Шолпанның құнәсі». М.Әуезов шығармаларындағы психологиязм табиғаты. Б.Майлин, Ә.Кекілбаев, Ә.Нұрпейісов, Ф.Мұсірепов, А.Сүлейменов, Ә.Тарази шығармаларындағы психологиязм мәселелері және т.б.

Г.Ж.Пірәлиеваның «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануы» (2007) деп аталатын оқулығында ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеттану ғылымының көсіби қалыптасуына өзіндік үлес қосқан Алаш зияллыларының тек әдебиетке қатысты ғылыми зерттеу енбектері мен сын макалаларын бүгінгі Тәуелсіздік кезең көзкарасы тұрғысынан талдайды. Мысалы, А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» (1926), Ш.Құдайбердіұлының «Тіршілік-жан туралы» (1919) (сын-пікір) рецензия макаласы, «Уш анық», «Қазақ айнасы», «Мұсылмандық шарты», Ж.Аймауытұлының «Психология», «Жан жүйе және өнер тандау» (1926), М.Жұмабайұлының «Педагогика» (1922) атты енбектерін қарастырған.

2010 жылы Г.Ж.Пірәлиеваның «Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиеттануы мен сыны» атты библиографиялық көрсеткіші жарық қөрді. Мұнда көркем әдебиет, әдебиеттану, әдебиет теориясы, фольклор, әдеби сын мәселелеріне қатысты ғылыми монографиялық енбектер реті хронологиялық бірізділікпен берілген.

Бөлімнің бас ғылыми қызметкери Г.Ш.Елеуkenованың «Казахский художественный рассказ» (2008) атты монографиясы жарық қөрді. Кітаптың негізгі тараулары «Ойлау мәдениеті және ұлттық көркем прозаның қалыптасуы»; «Қазақ әңгімесінің жанрлық өзгешелігі»; «Қазақ әңгімесінің композициялық мүмкіндіктері мен заңдылықтарын»; «Стиль

— шағын прозаның көркемдік жүйесін анықтайтын тәсіл»; «Рухани мәдениет тілі» деп аталады. Монографияда казіргі әдеби сынның өзекті мәселелері зерттелген.

Бөлімнің ғылыми қызметкерлері «Қажым Жұмалиев және казіргі әдебиеттану ғылымының мәселелері» (2007) атты академик К.Жұмалиевтің туғанына 100 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағын дайындауды (жаупты шығарушы Ұ.Еркінбаев). Жинақта әдебиет тарихы, сынны, теориясы саласындағы ізденістер карастырылған.

Академик Зәки Ахметовтің 80 жылдығына орай үйимдастырылған «Академик З.Ахметов және бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» (2008) атты ғылыми-теориялық конференция материалдары жарық көрді. Жаупты шығарушылары: Ұ.Еркінбаев, А.Т.Ойсылбай. Кітапта қазіргі әдебиеттанудың теориясы мен сынны, әдебиет тарихының өзекті мәселелері кеңінен қамтылған. Сонымен катар бөлім қызметкерлері Ұ.Еркінбаев пен М.Әзімханның дайындаудымен институттың халықаралық «ІХ Әуезов оқулағы» (2010) ғылыми жинак жарық көрді.

Тәуелсіздік кезеңінде қазақтың үлттық сөз өнері теориясы жана бағытта әлемдік әдебиеттанудың аясында зерттелді. Филол.ғ.к. Ұ.Еркінбаевтың «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі» (2008) атты монографиясында Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» әлемдік әдебиеттану ғылымының контекстінде зерттелді. Монографияда А.Байтұрсынұлының ғылыми-теориялық пайымдаулары Б.В.Томашевский, В.М.Жирмунский, В.Б.Шкловский, М.М.Бахтин, А.И.Белецкий, Г.О.Винокур, Ю.Н.Тынянов, Р.Якобсон, Г.Г.Гадамер және В.Кайзер, Цв.Тодоров, Р.Уэллек О.Уоррен тұжырымдарымен катар карастырылған. Негізгі тараулары: «Сөз өнерінің поэтикасы», «Шығарма сөз жүйесіндегі стилистикалық айшықтар тілі», «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі».

Қазіргі кезде Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы бөлімнің ғылыми бағыттары қазіргі үлттық әдебиеттану ғылымының Тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби үдерісті (процесс), оның даму динамикасын, әдебиет тарихы дәуірлерін кезеңдеу мен жүйелеу сияқты құрделі теориялық мәселелерді зерттеумен айналысада. Бүгінгі әлемдік постмодернистік, постструктуралдық ағымдағы ғылыми

енбектер кеңістігін ескере отырып, компаративистикалық зерттеу әдістерінің қазіргі казак әдебиеттанудағы көріністері карастырылады.

Бөлім зерттеулерінің кешенді ғылыми тұжырымдары қазіргі қазак әдебиеттану ғылымының теориялық және методологиялық қекейкесті мәселелерін, салыстырмалы әдебиеттанудың, сондай-ақ поэтика, стиль және жанр табиғатын тану мен талдауға ғылыми негіз болады.

Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы бөлімі қазак әдебиеттану ғылымында Тәуелсіздік идеясының ғылыми негізін айқындауда. Бөлімнің 2009-2011 жылдар ара-лығында жүргізіліп келе жаткан «Қазіргі әдебиет туралы ғылымда Тәуелсіздік идеясының зерттелуі» атты жобалық зерттеуі – қазіргі қазак әдебиеттану ғылымындағы Тәуелсіздік идеясының негізгі зерттелу принциптерін айқындауға бағытталған. Жобаның ғылыми жетекшісі филол.ғ.д., профессор А.С.Ісімақова.

Жобаның негізгі тараулары төмендегідей: I бөлім – «Қазақ әдебиеттану ғылымындағы Тәуелсіздік идеясының теориялық мәселелері»; II бөлім – «Әдебиет тарихындағы Тәуелсіздік идеясының зерттелуі»; III бөлім – «Әдебиеттану мен сындағы Тәуелсіздік идеясының зерттелуі».

Жоба тақырыбының өзектілігін айқындайтын тағы бір манызды ғылыми фактор – Тәуелсіздік идеясын өлемдік әдебиеттанудың көркемдік құндылықтар контексінде қарастыру. Қазіргі өлемдік гуманитарлық ойдың жетістіктері ескеріле отырып, қазак әдебиеттану ғылымының тарихы мен теориясы, әдебиет сыны, әдеби үдерістегі (процесс) Тәуелсіздік идеясының басты бағыттары ғылыми-теориялық тұрғыда айқындалған.

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазак көркем әдебиетінің, әдебиеттануының, тарихының, теориясы мен сынының даму зан-дылықтары мен эстетикалық ерекшеліктері өлемдік классикалық филология негізінде Тәуелсіздік идеясы тұрғысынан жаңаша қарастырылады.

Бөлімде республикалық, алыс-жакын шетелдердегі ғылыми орталықтармен байланыс орнатылған. Бөлім менгерушісі профессор А.С.Ісімақованың жетекшілігіндегі ғылыми ұжым Флоренция университеті, славистика секциясымен (жетекшісі проф. Анна Хан), Мәскеудегі А.М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының әдебиет теориясы

бөлімімен (менгерушісі, проф. Л.И.Сазонова) және Мәскеудегі Ресей Мемлекеттік гуманитарлық университеті (кафедра менгерушісі, проф. А.П.Гринцер), Мәскеу Мемлекеттік университеті әдебиет теориясы және орыс әдебиеті кафедрасымен (деканы, проф. О.Клинг), Ф.М.Достоевский атындағы ғылыми орталығымен (директоры, проф. С.Т.Әшімбаева), Санкт-Петербургтағы А.С.Пушкин атындағы «Пушкин үйі» ғылыми орталығымен, Бішкектегі Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтымен (жетекшісі Қырғыз FA корр-мүшесі А.Акматалиев), РГА СБ Филология институтымен (проф. И.В.Силянтьев) және т.б. әлемдік деңгейдегі әдебиеттанушы, теоретик ғалымдармен шығармашылық тығыз байланыста жұмыс істеуде. Бұл өз кезегінде бөлім қызметкерлерінің көсibi бәсекелестігіне де оң ықпалын тигізіп келеді.

Бөлім менгерушілігіне профессор А.С.Ісімакова тағайындалғаннан бері қорғалған кандидаттық: Г.Ж.Пірәлиева (1993) Р.С.Имаханбетова (2006), Ұ.О.Еркінбаев (2007), А.Мұхамеджанова (2009), А.Т. Ойсылбай (2010) және докторлық диссертациялар: Г.Ж. Пірәлиева (2004), Г.Ш. Елеуkenova (2006), М.С. Оразбек (2007), А. Тенбаева (2010).

Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы бөлімінің казіргі құрамы тәмендегідей: филол.ф.д., профессор А.С. Ісімакова, филол.ф.д., профессор Г.Ж. Пірәлиева, филол.ф.д., профессор Г.Ш. Елеуkenova, филол.ф.к., ғылыми қызметкерлер А.Мұхамеджанова, филол.ф.к., ғылыми қызметкер А.Т. Ойсылбай, кіші ғылыми қызметкерлер М.К. Әзімханов, Е. Әбікенұлы, Г.Б. Қошанбаева.

*Айсулу Ойсылбай*

## **ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР БӨЛІМІ**

Әлем әдебиеті және халықаралық байланыстар бөлімін ашу туралы М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты Ғылыми Кеңесінің 2001 жылдың желтоқсан айында өткен отырысында шешім кабылданды. Еліміз тәуелсіздікке кол жеткізіп, халықаралық катынастардың кеңейіп, тереңдеу түсінін аркасында институттың құрылымы осындай жаңа бөлімге толығуы заман талабы болатын. Кезінде әлемдік әдеби үдерістер жайында қазақстандық әдебиеттанушылардың енбектері басылып шықпағандықтан, осы жаңа бөлімнің максаты – әлем әдебиеті жайлышты зерттеу жүргізіп, қазақ оқырманына әлемдік әдеби үдерістің жаңа көрінісін беріп, қазақ әдебиетін сол үдерістің катарына қосып, оны әлем әдебиетінін бір бөлігі етіп елге таныту.

Кез–келген тарихи дәуірде әр елдің әдебиетінің даму ерекшелігі әр түрлі болғаны белгілі, сол себепті казіргі замандағы болып жатқан әлемдік әдеби үдерістерді, олардың өзара байланысу мен ықпалдасу мәселелерін баса назар аударайп зерттеу қажет. Тәуелсіздік кезеңінде халықтар арасындағы карым-катынас нығайып, ұлттық әдеби байланыстар жаңа сатыға көтеріледі. Жана ашылған бөлімді алғаш басқарған филология ғылымдарының докторы, профессор М.Х. Маданова (2002-2006 жж.), кейіннен филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Р Елеуkenов (2007-2009 жж.), бүгінгі күні, 2010 жылдан бастап бөлімді филология ғылымдарының кандидаты С.В Ананьев асқарып келеді.

Әлем әдебиеті және халықаралық байланыстар бөлімінің зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары: қазіргі заман әлем әдебиеті, казіргі қазақстандық әлем әдебиеті, компаративистика, Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары. Бөлімнің он жылдық ғылыми–зерттеу жұмысының нәтижесінде ұжымдық және жеке монографиялар, ғылыми жинақтар, мақалалар жинағы, халықаралық ғылыми конференциялар материалдары, библиографиялық көрсеткіштер және т.б. енбектер жарық көрді. Алыс және жақын шетел мемлекеттерінің ғылыми орталықтарымен шығармашылық байланыстар орнатылып, өзара ынтымақтастық келісімдеріне қол қойылды.

2003-2005 жылдарға арналған «Мировой художественный процесс и литература независимого Казахстана (1991-2001)» іргелі зерттеу бағдарламасының нәтижесінде «Литература народов Казахстана» / Жауапты редактор С.А. Қасқабасов, шығарылымға жауапты С.В. АナンЬЕВА (Алматы: «Ғылым», 2004. - 352 б.) ұжымдық монографиясы жарық көрді. Ұлттық әдебиеттер мамандарының шақырылуымен талдап жинақталған ғылыми еңбек тәуелсіздік кезеңінде алғаш жарық көрді. Қазакстан әдебиеті өр қылыша және өзінше бірегей. Орыс, үйғыр, неміс, күрд, татар, корей және т.б. әдебиеттердің өзіндік шығармашылық бірлестігі республикамыздың казіргі заман әдеби үдерістің ерен белгісі. Бұл-енбекте тарихи шындықтың өзгеруі есепке алына отырып, әдебиеттер дамуында ен маңызды, болашағы бар тенденциялар жинақталып, олардың негізгі даму сатылары, стильдік ізденистері, рухани бірлестігі, өзараесер мен өзарабөлісу үдерістері және казіргі әдеби үдерістердің негізгі тенденциялары айқындалды. Компаративистика жағынан бұл ұжымдық монография Қазақстандағы әдебиеттердің жаңа сатыдағы дамуын зерттеуге ауқымды дерек көзі. Кітаптың құрылымы: Кіріспесі (С.А. Қасқабасов, Б.Б. Мамраев), Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті (Ш.Р. Елеуkenov) Орыс әдебиеті (С.В АナンЬЕВА, Т.В Кривошапова), Үйғыр әдебиеті (М.Х Абдрахманов), Неміс әдебиеті (С.В АナンЬЕВА, Е.И. Зейферд), Корей әдебиеті (Ян Вон Сик, С.В. АナンЬЕВА), Күрд әдебиеті (К. Мирзоев), Татар әдебиеті (Ф.Х. Фаткуллин, А.К. Тусупова), Қазақстанның орыс тілді жазушылары. Сыни әдеби естеліктер. (В.В. Бадиков, Г.К. Бельгер), Қорытынды (С.А. Қасқабасов).

«Литература народов Казахстана» ұжымдық монографиясы («ҚарМУ Хабаршысы. Филология сериясы», «Еуразия») сынды ғылыми басылымдардың «Достық-Дружба», «Казахстанская правда», «Корё ильбо», «Наука и высшая школа Казахстана», «Простор», «Нива», «Книголюб», «Вопрос-ответ» және т.б. газет, журналдардың беттерінде он баға алды. Қазақстан көп ұлтты ел болғандықтан, жоғарыда айтылған еңбек осы ұлттарды біріктіру, әрі өзара сыйластыққа тәрбиелейтін әдеби құндылық болып табылады.

«Очерки по мировой литературе рубежа XX–XXI столетий» / Жауапты редактор М.Х. Маданова, шығарылымға жауапты С.В. АナンЬЕВА (Алматы: КР БФМ М.О. Әуезов атын-

дағы әдебиет және өнер институты, 2006 – 376 б.) жана ақпараттық ресурстардың қолданылуымен Азия мен Батыс және Шығыс Еуропаның үлттық әдебиеттерді толтастырыған ғылыми-көшілік еңбек: Аталмыш еңбекте чехтың (Любомир Махала), түріктің (Мехмет Торенек), үндінің (Индра Нат Чадхури), француздың (М.Х. Маданова), арабтың (Г.Е. Надирова) гректің (С.В. Ананьева), немістің (Е. И. Зейферт) латын америкасының (С.М. Алтынабаева), италияның (А.к. Машакова), ағылшынның (А.К. Тусупова) жапонның (А.Е. Ментебаева) және орыстың (Н.К. Сарсекеева) үлттық әдебиеттерінің жаркын үлгілеріне әрі тақырыптық және жанрлық ерекшеліктеріне шолу жасалып, өйгілі қalamгерлердің үздік прозалық, поэзиялық шығармаларына талдау жасалады.

Жапон әдебиетін таныстыратын бөлімі үшін Жапонияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сигэо Нацуи өзінің үлкен алғысын білдіріп, ресми хатында: «Қазақстандық филологтар жапон қalamгерлерінің шығармашылығын зерттеп талдауы керемет жағдай екен», - деп атап өтті.

Казақстандағы қазак, орыс, неміс жазушыларының ізденістерінің салыстырмалы аспектінде Г. Бельгердің көпқырлы көркем әдеби шығармашылығы (проза, публистика, аудармалар) Светлана Ананьева мен Лариса Бабкинаның «Творчество Герольда Бельгера в контексте современного литературного процесса» / Жауапты редактор Б.Б. Мамраев (Алматы: «Школа XXI века» компьютерлік баспа орталығы, 2004. -199 б.) атты еңбекке түрткі болды. Г. Бельгердің Еуразиалық ділі көп мәдениеттіліктің казақстандық нұсқасын жасауда Батыс пен Шығыстың мәдени бағыттар ағымдарын байланыстырады. Еңбекте аудармашы, публицисттің шығармашылығының өзіндік ерекшеліктері көрсетіліп, оның прозалық шығармаларындағы басты тақырыптары мен өзекті мәселелері, оның үлттық әлемге қарасты көркем бейнелерді ашу тәсілдері зерттеліп талданды. (Күғын сүргін, соғыстар, соғыстан кейінгі жылдар) осы тақырыптарының барлығы Г. Бельгердің өзіндік бірегей, қайталанбас прозасында көрініс тапкан. Жазушы өзінің уақыт қойнауына бағынбайтын, ғасырлар тоғызындағы шығармашылық жолын әлі де жалғастыруды.

Светлана Ананьева мен Лариса Бабкинаның «Творчество Герольда Бельгера в контексте современного литературного процесса» кітабының тусау кесері Алматыдағы Неміс үйінде

өткізілді. Кітаптің тұсау кесері туралы акпарат пен пікірлер, лебіздер «Книголюб» альманахы мен «Наука и высшая школа Казахстана» газет беттерінде, Мәскеу университетінің «Вестник» журналында жарық көрді.

Ш. Айтматовтың туғанына 75 жыл толуына байланысты «Чингиз Айтматов и литература Казахстана» / Жаупаты редактор С. А. Қасқабасов, құрастырындар С.М Алтыбаева, А.К. Машакова (Алматы: «ДОИВА Братство» компьютерлік баспа орталығы, 2003. -108 б.) атты макалалар жинағы жарық көрді. Жинаққа кірген әйтгілі әдебиеттанушылар мен сыншылардың макалаларында Ш. Айтматовтың шығармашылығы жан-жақты талданды. Ш. Айтматов, М. Эуезов, Ю. Домбровский, А. Нұрпейсова, Т. Пулатова, М. Смашко, Г. Бельгер, М. Пак шығармашылдықтары арасында өзіндік параллель жүргізіліп салыстырылды. Ш. Айтматовтың шығармашылығына деген шетел сыншыларының пікірімен, оның поэтикалық анызына аса мән беріліп, аудармаларындағы ұлттық нақыш пен құндылықтардың берілуі зерттелді.

М.Х. Маданованың «Введение в сравнительное литературоведение» / Жаупаты редактор С.А. Қасқабасов (Алматы: «ДОИВА – Братство» компьютерлік баспа орталығы, 2003. - 252 б.) атты оқу күралы Орталық Азия (CASSA) оқытушыларды колдау Ассоциациясының қолдауымен баспадан шықкан. «Азаматтық білім беру» жобасының ашық мушайрасының жүлдегері. Енбекте салыстырмалы әдебиеттанудың теоретико-методологиялық оқудың негіздері, ғылымның негізгі категориялары мен ұғымдары ашылды және Казахстан мен шетелдегі компаративистиканың қысқаша тарихы берілді. Басты назар әдебиет аралық және типологиялық катынастарға, көркем аудармаға, саяхат әдебиетіне, әдебиет пен киноның өзара әрекеттесуіне аударылды.

Хронологиялық аспектіде әдебиеттер байланысы мәселелері бойынша бай фактілі материал А.К. Тусупованың «Казахско–англо–американские связи» / Жаупаты редактор С.А. Қасқабасов (Алматы: КР БФМ М.О. Эуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2003 – 203 б.) енбекінде жиһнакталған. Енбекте қазак халқының дәстүрін, өнері мен әдет тұрғын айқындастын көркем аударманың тарихы көрініс тауып, жол естеліктері, құнделіктер, саяхатшылардың очерктері талданған. Монографияда Орталық Азия мен Қазақстаның мәдениетін зерттейтін орталықтар қызметтері және өлем

классикалық шығармаларының казақ тіліне аударылу тарихы туралы мәліметтер көлтірілген. Монография «Книголюб», «Простор» сынды республикалық журналдардың беттерінен он лебіздер тапты.

Пушкин жайлы мемуарлық әдебиетінде кеңістік пен уақыт мәселелері С.В. Ананьеваның «Время – Пространство – Автор. Приём автобиографизма и пространственно–временная организация художественного текста» (Алматы: ҚР БФМ М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2003 - 110 б.) Ф.М. Достоевский шығармашылығы А.С. Пушкиннің шығармаларымен салыстырмалы түрде зерттелді. Соңғы бөлімде Ф.М. Достоевский мен П. Коэльо шығармаларындағы кейіпкерлердің ортак, яғни екі дүниеге де лайық тұстары табылды. Еңбек қосымша басылыммен «Голоса Сибири» (Кемерово, 2007-2008) альманахының төртінші – алтыншы шығарылымдарда шықты.

ХХ–XXI ғасыр тоғызындағы Казакстан әдебиеті мен өнерінің Ресей, Франция, АҚШ, Түркия және т.б. елдердің ғалымдарымен байланыстардың ұлғаюы туралы С.В. Ананьеваның «Встречи, которые выбрали нас» (Алматы: «Школа XXI века» компьютерлік баспа орталығы, 2004. - 474 б.) мақалалар жинағында жинақталған. Басылымға М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми кеңесінің отырысынан мәлімдемелер, мақалалар, акпараттар, оған коса («Козы–Корпеш Баян Сұлу» эпосының 1500 жылдығына, «Манас» эпосының 1000 жылдығына, А.С. Пушкин туғанына 200 жыл, Абай мен Жамбыл 150 жылдығына, М. Әуезов пен С. Мұқановтың 100 жылдығына) арнап өткізілген ғылыми конференциялардың материалдары және («Простор», «Евразия», «AMANAT», «Мысль», «Нива», «Известия МОН РК серия филологическая», «Вестник МОН РК», «Казахстанская правда», «Наука Казахстана», «Книголюб», «Вечерний Алматы», «Новое поколение», «Экспресс К», «Deutsche Allgemeine Zeitung», «Музикальная газета» және т.б.) алдынғы катарлы журналдар мен газеттерде атакты әдебиет және мәдениет қайраткерлерінің берген сұхбаттары, кітаптарға, монографияларға жазған пікірлері кірді. Материал: Сұхбаттар; Конференциялар; Макалалар, акпараттар, хабарламалалар; Пікірлер; Мемогу тарауларына бөлінген.

С.В. Ананьеваның кітаптары республикалық («Евразия», «Книголюб»), рессейлік («Голоса Сибири», «Наша газета»,

Кемерово) және европалық баспасөзде («Kitej-grad») жаксы бағаға ие болды.

«Международные связи казахской литературы» сериясында Халықаралық Абай клубымен бірлесіп шығарған «Мир Абая» / Жауапты шығарушы М.Х. Маданова, құрастырушылар М.Х. Маданова, А.Қ. Машакова (Алматы: МКА, 2004. – 168 б.), «Мир Ауэзова» / Жауапты шығарушы М.Х. Маданова, құрастырушылар М.Х. Маданова, А.Қ. Машакова, Д.А. Кунаев, М. Салқынбаев (Алматы: МКА, 2004. – 212 б.), «Мир Нурпеисова» / Жауапты шығарушы А.Қ. Машакова, құрастырушылар М.Х. Маданова, А.Қ. Машакова (Алматы: МКА, 2006. – 164 б.) жинактары жарық көрді. «Мир Абая» кітабы ағылшын, хинди, чех, венгер, неміс, француз, қытай, түрік, монгол тілдеріндегі жарияланымдардан тұрады. Макалалардың авторлары Ж. Буйон, Ж. Расль, Р. Дор, А. Фишлер, А. Беннигсен, Ш.Л. Келькежей, Т. Виннер және т.б. «Мир Ауэзова» кітабына ағылшын, француз, хинди, парсы, грек, қытай, араб және түрік тілдеріндегі алпыс пікірлер енді. Л. Арагон, Ж. Буйон, А. Гатти, А. Фишлер, К. Пужоль, Р. Дор, Т. Виннер және басқалары қазақ прозаигінің бай палитрасын ерекше ашып берді. «Мир Нурпеисова» кітабына бүгінгі казақ жазушысының шығармасына жазылған Ж. Буйонның, Т. Таденың, П. Кирхнёрдің, Л. Петерстің, В. Нойберттің, О. Шуберттің, Э. Тиленың, У. Браунның, Г. Циглердің, К. Обермюллердің, Л. Кошуттың, Р. Кейфердің, К. Одежаның, Л. Денидің, Л. Арагонның, А. Стилдің, А. Филиптің және тағы басқа Белгия, Болгария, Германия, Испания, Қытай, Люксембург, Словакия және Францияның әдебиеттанушылары мен сыншыларының сын пікірлері, пікірлері енді.

Францияның ақындары және прозаиктерінің шығармалары М.Д.Хамитованиң «Современная французская литература» (Алматы, 2004) библиографиялық көрсеткішінде берілген. Қазақ жазушылары мен ақындарының шығармалары, 2001 жылғы ғылыми жарияланымдар А.Т.Калиасқарованиң «Казахская литература. 2001 год» (Алматы, 2004) библиографиялық көрсеткішіне енгізілді.

2003-2004 жылдары М.Х.Маданова және А.Қ.Машакова «Қыз Жібек» эпосын ЮНЕСКО мұрасының ауызша, материалды емес, тенденсі жок III-ші Прокламациясына енгізу жобасын іске ассыру мақсатында еңбек етті.

2004 жылы Нью-Делиде өткен ауызша, материалды емес мұраны сактап калу Конвенциясын тарату бойынша үйимдастырылған ЮНЕСКО семинарында М.Х.Маданова Қазақстан Республикасында фольклордың және ауызша мұра сактап калу шараларының қазіргі жағдайы туралы Үлттық есеп берді. Никос Казандзакистың достар Халықаралық Коғамның қазақстандық секциясы құрылды (пәтер-штабы Женева қ., Швейцария). 2005 жылы М.Х. Маданова Коғамның координациондық комитетінің мәжілісіне қатысты (Афина, Греция). АҚШ, Иран, Англия, Үндістан, Румыния, Франция, Канада елшілктері арқылы шетелдік кітапханаларға қазақ әдебиетінің тарихы бойынша кітаптарды тарату акциясын өткізді.

«Межународные и литературные связи суверенного Казахстана» (2006-2008) атты ғылыми тақырыпты зерттеу нәтижесінде бөлім қызыметкерлері алыс және жақын шетел әдебиеттанушыларының қатысуымен екі ұжымдық монографияны жариялады.

КР ФБМ М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты және Ресей Ғылым Академиясы А.М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институты даярлаған «Литературно-художественный диалог» / Жауапты редактор С.В.Ананьев (Алматы, 2008. - 214 б.) ұжымдық монографияда жалпыәлемдік әдеби үдерістердегі интегративті тенденциялар бейнеленді. Қазақстан әдебиеттанушылары (Ш.Р.Елеуkenov, Г.Бельгер, Б.Б. Мамраев, М.Х. Маданова, С.В.Ананьева, А.Қ. Машакова, А.К.Тусупова, А.Е. Ментебаева), Ресейдін (К.К.Сұлтанов), Румынияның (Л.Которча) және Молдованың (М.Метляева) Шығыс пен Батыстың диалогы айқындалатын үлттық әдеби үдерісті әлемдік әдеби үдерістің бөлігі деп көрсетті.

Монография бөлімдерінің авторлары әртүрлі әдеби – «археологиялық» құралдарды қолданған (Е.Зейферт), Б. Мамраев (Алматы), орыс контекстінде қазақ әдебиетіндегі романтизм және символизм туралы тұжырымдағанда - көркем системаны қолданады. К.Сұлтанов (Мәскеу) Кавказдың әдеби рецепциясын ұғынуда – мәтіннің тематикалық аспектілерін, С.Ананьева (Алматы) қазақстандық Пушкинinanы жаңадан карастырғанда (Н.Раевский, К.Гайваровский және басқалары) – мемуарлар, хаттар, күнделік. А.Машакова (Алматы) шетелде Абай шығармашылық мұрасын қабыл-

дануын зерттегенде – библиографиялық деректер. Монографияда жана әдеби үдеріс өткен дәуірлер жетістіктерінің мұра иесі екені көрсетілген. Кітаптағы негізгі зерттеу объектісі – басқа мәдениеттермен мәнгілік диалог құрып өмір сүретін казак әдеби мәтіні. Диалогтілік ұлттық мәдениеттердің ішкі касиеті тұрғысынан әдеби үдерістерге халықаралық сипат береді. Мәдениеттердің дилогы арқылы бүгінгі салыстырмалы ізденістердің жанаруы жүзеге асады.

«Әдеби-көркем диалог» республикалық баспасөз беттерінде («Простор», «Казахстанская правда», «Deutsche Allgemeine Zeitung»), ресейлік басылымдарда (журнал «Знамя», альманах «Голоса Сибири», Кемерово) және Е. Зейферттің «Ловец смыслов, или культурные слои» (Мәскеу, 2010. - 270 б.) атты сын кітабында оң бағага ие болды.

Бөлімнің ғылыми қызыметкерлері «История казахской литературы периода Независимости» / Жаупты редактор Ш.Р.Елеуkenov ( Алматы: Қаз Ақпарат, 2006) кітабының оныншы томын даярлауға белсене қатысты. Оныншы томда Ш.Р. Елеуkenовтың Тәуелсіздік кезіндегі казак әдебиеті туралы (Кіріспе, Алғысөз, Роман, Повесть), Б.Б.Мамраев және С.В. Ананьеваның «Литература народов Казахстана», М.Х. Маданованың «Международные связи казахской литературы» бөлімдері жарияланды.

А.Л. Маловичко (1921-1994 ж.) Ұлы отан соғысына қатысқан, 1-ші дәрежелі Отан соғысының орденімен, «За победу над Германией» медалімен және басқа үкімет наградтаратымен марапатталған. Александр Лаврентьевич Маловичко филология ғылымының кандидаты, («Историко-биографическая пьеса в казахской советской драматургии», 1952), доцент, көптеген ғылыми мақалалардың, методикалық зерттемелердің, Алматы мен Москвада басылып шықкан (1957, 1958, 1960 ж.) «Очерки истории казахской советской литературы» авторының бірі. Казақ мектебінің 10-шы сыйныбына арналған «Русская советская литература» оқулығының авторлық ұжымының мүшесі, «Очерки истории русской советской литературы Казахстана» (Алма-Ата: Наука, 1985) авторының бірі. 1948 жылдан бастап 1951 жылға дейін – КазССР РА Тіл және әдебиет институтының аспиранты, 1951 жылдан бастап 1953 жылға дейін – Институттың ғылыми хатшысы, 1976 жылдан бастап 1991 жылға дейін – Қазақстан орыс әдебиеті бөлімінің аға ғылыми қызметкері. 1957 жылдан бастап 1976 жылға дейін Ал. Лаврентьевич ұстаз болып қызмет атқарды: Алма-Ата шеттілдер институтының доценті, С.М.Киров атындағы ҚазҰУ-нің орыс және шетелдер әдебиеті кафедрасының доценті, «Знание» қоғамының лекторы және т.б.

1991 жылдан бастап Қазақстан орыс әдебиеті бөлімінде белгілі әдебиет сыншысы, ф.ғ.к., XX ғ. Екінші жартысында

Казакстандағы әдеби үдерісті зерттеген автор Николай Степанович Ровенский (1926–1995) аға ғылыми қызметкері болып еңбек етті. Н.С. Ровенскийдің мәселі мақалалары «Дружба народов», «Жұлдыз», «Қазак әдебиеті», «Вопросы литературы», «Литературное обозрение», «Простор», «Литературная газета», «Известия», «Казахстанская правда» және т.б. Қазакстандағы алдыңғы катарлы басылымдар мен көркем-әдебиет журналдар беттерінде және бүкілодақтық баспасөздерде жарияланды.

Н.С. Ровенский алдыңғы катарлы казак ақындары, жазушылары, әдебиеттанушылары М. Базарбаевтың, А. Алимжановтың, О. Сулейменовтың және т.б. монографиялық басылымдарының редакторы болды. Әдеби сыншының дүниежүзілік оқырманға қазак әдебиетінің көркемдік ерекшелігін ашуда және насиҳаттауда, казак жерінде Шығыс пен Батыстың мәдени жемісті ынтымактастығына және тарихи заңдылық еуразиялық идеялардың дамуына үлкен үлес қосканын ерекше бөліп айтқан жән. Н. Ровенский қазак тілінен Б. Майлииннің, С. Мұқановтың, У. Канахиннің, Р. Нұрғалиевтің және т.б. шығармаларын аударды. Н.С. Ровенскийдің кітаптары мен мақалалары туралы он пікірлер «Литературная газета», «Литературная Россия», «Вопросы литературы», «Литературное обозрение», «Сибирские огни» және т.б. баспалар беттерінде жарық көрді. Н. Ровенскийдің «День и песня» (1961), «Талант и провинциальность» (1966), «Назначить себе высоту» (1973), «Читая и перечитывая» (1976); «Портреты» (1983), «Совпадение» (1986) және басқа да кітаптары казакстандық әдебиеттанудың дамуына зор үлесін қосып, оның айрылmas бөлшегі болды. «Концепция личности в литературе Казахстана 60-70-х годов» (1992 ж.) кандидаттық диссертациясында әр түрлі жанрлы шығармалар материалында негізінде (романдар, повестер, әңгімелер) сыншы XX ғасырдың 60-70-ші жылдарындағы Казакстан әдебиетінің негізгі тақырыптарын карастырды: «көсемге табынушылыкты» әшкерелеу әсерінен туатын адамның рухани жанауы (Т.Ахтановтың «Буран», И. Есенберлиннің «Схватка», З. Шашкинның «Доктор Дарханов»); (Ю.Герттің «Кто, если не ты?», М. Мағауиннің «Голубое марево», З. Қабдоловтың, «Пламя» және т.б.) адамның атқарған ісіне баға бергендеғі адамгершілік максимализмді тілмәш «винтиkke» альтернатива ретінде құптау, адамның мінезқұлқындағы ең

керекті қасиеттің бірі - рухани байлығын көрсету (И. Шуховтың «Пресновские страницы», Ш. Муртазаның «Черное ожерелье», С. Муратбековтың «Дом молодых», Т. Алимкуловтың «Серый ястреб» және т.б.) ұлттық сананың өсүі ұлттық өзіндік сынды дамытудың негізі ретінде (У. Канахинның «Пока хожу по земле», Д. Исабековтың «Отчий дом» және т.б.); ұлттық тарихтың кайта қарастырып көру, тарихты тотаритарлық жүйені сынға алу үшін қолдану (А. Алимжановтың «Караван идет к солнцу», «Стрела Махамбета», «Возвращение Учителя», И. Есенберлиннің «Кочевники» Маздак», М. Симашко «Емшан» және т.б.).

1992 ж. КР FM-FA М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Казақстанның орыс әдебиеті және өдебиеттер өзара байланыстар бөлімдері әдеби байланыстар бөлімі болып қосылды. Бөлімді филология ғылымының докторы, профессор Ш.Р.Елеуkenov баскарды. Бөлім «Евразийская основа в литературных отношениях России и Казахстана в XVIII-XIX и начале XX в.в.» тақырыбы бойынша зерттеу жұмысын жүргізді. Қазақ тақырыбы орыс әдебиеті мен өнеріндегі еуразиялықтың айқындайтын форма ретінде ашып көрсеткен зерттеудің нәтижесінде ұжымдық монография «Евразийский талисман» (Алматы: Білім, 1996. – 181 б.) жарық көрді. Евразиялық концепциясы, жинақ авторларының ойы бойынша (Ш.Р. Елеуkenov, Н.С. Ровенский, М. Симашко, С.М. Сагалович, С.В. Ананьев, С.С. Акашева), ұлы (Пушкин, Лермонтов, Толстой, Короленко, Горький) және өдебиет саласындағы қарапайым орыс жазушылары мен ақындарының Шығыс тақырыбына деген қызығушылығының себебін түсіндіре алады. Орыс және казақ халықтар байланысы Екінші Екатерина, Державин, Пушкин және Абай, Достоевский және Шокан Уалиханов, Блок, Мережковский, Бальмонт, Гребенщиков және Мағжан Жұмабаев, Потанин және Ахмет Байтұрсынов есімдерімен жарықтанған. Орыс әдебиеттің көптеген шығармаларын жанаша оқу ұсынылған (В. Даль, М. Пришвин, Г. Гребенщиков, А. Новоселов, Н. Лесков және т.б.).

Қазақстан және Ресей арасындағы әдеби өзара байланыстардың еуразиялық негізі орыс ориенталистерінің жан қиярлық, шын мәнінде сопылық ісімен бекіген. Соның бірі – Ал. Ефимович Алекторов – «Білім Шығыста туылды, Батыста жарқырады, енді қайтадан, бұрын өшіріліп қалған Шығыска

бет бұрып келеді» - деп санаған орыстың да, қазақтың да мәдениет қайраткері. Оның артында – екі рухани мәдениет түр: Еуропаңын және Азияның. Алекторов, сол кездегі Ресей базылымдарының беттерінде Қазақстан туралы макалалар, очерктер, басқа да жарияланымдардың жәй көрсеткіші ғана болып қоймаған, әйгілі био-библиографиялық «Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах» (1900) көрсеткіштің авторы болды. Оған жазылған аннотациялар бағасыз зерттеу материалы, өткен ғасырдың ерекше публицистика антологиясы деуге болады. Славяндық әдебиет пен тамырлас жергілікті орыс әдебиеті Қазақстан және Ресей арасындағы әдеби байланыстардың дамуы мен өзара байытулына ықпалын тигізді.

«Евразийский талисманға» жазылған оң пікірлер «Наука Казахстана», «Казахстанская правда», «Новое литературное обозрение» (Мәскеу), В.Бадиковтың «Новые ветры» кітабында жарияланды.

*Светлана Ананьевая,  
Аударган - Камия Сүндегалиева*

## КОЛЖАЗБА БӨЛІМІ

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты құрамындағы Колжазба бөлімі жеке құрылым ретінде 1962 жылы ашылды. Ал осы бөлімдегі колжазбалар корының тарихы одан ертеректен басталады. Ресми деректерге қарағанда, ол халық әдебиетін жинау, жариялау ісімен тікелей байланысты болды. Колжазбалардың бір орынға жиналуды – Қазакстанда Кенес үкіметі орнағаннан кейін колға алынған алғашқы оқу-ағарту жұмысының бір саласы ретінде жүргізіледі. Бөлімдегі ескі колжазбалардың бірқатары 1920 жылдан белгілі фольклортанушы Әбубекір Диваев үйымдастырып, басталған алғашқы фольклорлық-этнографиялық экспедициялардың іздестіру-жинау жұмысы, нәтижесінде зерттеушілер колына тиіп, пайда болған. Кейінгілері – жоспарлы жұмыс үрдісінде және ғылыми зерттеулерге кажетті материал ретінде ел ішіндегі жинаушылардың, көшірушілердің, жалпы халық мұрасы жанашырларының ігі ықпалымен бірте-бірте қордаланып, бай әдеби мұра отауы болып калыптасты.

Бұл бөлімді әр жылдары белгілі әдебиеттанушы, фольклортанушы ғалымдар: Кенестер Одағының батыры, КСРО Педагогика ФА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.Ғабдуллин, филология ғылымдарының докторлары, профессорлар: М.Базарбаев, Ә.Нарымбетов, О.Нұрмагамбетова, Ш.Ыбраев, А.Сейдімбек, Ж.Тілепов, Б.Әзібаева, КР ҮФА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор С.Қасқабасов, филология ғылымдарының кандидаттары: С.Сейітов, Ү.Субханбердина, С.Косанов, Т.Әлбеков басқарды.

Колжазба бөлімінің негізгі корын 500 000-нан астам атап удан тұратын 1500-дей бумада жинақталған қазақ, шығыс тілдеріндегі (араб, парсы, шағатай, татар т.б.) ескі колжазбалар және XIX ғасыр мен XX ғасыр басында жарық қөрген қазақ мәдениеті мен тарихына қатысты литографиялық кітаптар, сондай-ак жалпы ұзындығы 700 шақырымдай болатын 300-ге жуық аудиотаспа мен микрофильм, микрофифшалар құрайды.

Бөлім қызметінің басты ғылыми бағыттары мыналар:

1. Қазак колжазбаларын заман талабына, казіргі заманғы белгіленген мәртебесі мен маңызына сәйкес реставра-

циялау, консервациялау жөне олардын қолжазба мұра күйінде сакталуына, болашақ үрпақтың пайдалануына жағдай жасау;

2. Қолжазба мұраларды ғылыми айналымға түсіру жөне оларды жүйелі жариялау арқылы жас үрпақтың игілігіне жарату.

Осы бағыт-бағдарларды іске асыру мақсатында әр жылдары төмендегідей жұмыстар атқарылды:

— бұрын зерттелмеген, жарық көрмеген жөне белгісіз болып келген, сондай-ак тыйым салынған халық әдебиеті үлгілерінің ғылыми жөне ғылыми-көпшілік басылымдарын дайындау;

— қолжазба мұраларды жанр бойынша жүйелеп, ғылыми сипаттамасын жазу; сол арқылы ғылыми айналымға енгізу;

— қолжазбалардағы фольклорлық жөне авторлық ауыз әдебиеті үлгілеріне мәтінтанулық зерттеулер жүргізу;

— қолжазбаларды консервациялау, мұрағаттау, қайта қалпына келтіру, қайта көшіру, мағынасын ашу жөне транскрипциялау, көне қолжазбаларды СД-ROOM-ға көшіру (400 к/диск).

Қолжазба қорынын негізін қазақ халқынын бай фольклорлық мұрасы, атап айтқанда ғашықтық, қаһармандық, тарихи, романдық, дастандық, ертегілік эпостары; діни, романдық, новеллалық дастандары; батырлық, киял-ғажайып, новеллалық, сатиравық жөне жан-жануарлар туралы ертегілері; айтыстар; жұмбактар, макал-мәтелдер, қара өлең, ғұрыптық, балалар фольклоры үлгілері, ақын-жыраулар, би-шешендер, халық ақындары мұраларының үлгілері құрайды. Олардың дені XIX ғасырдың 70.– 80 жылдарынан бері хатка түсіп; қазақ халқының рухани өміріне айырықша ықпал етіп келді.

Жазба жәдігерлер арасында М.Байжановтың, Т.Ізтілеуовтің, Ш.Жәнгіровтің, С.Шормановтың авторлық қолтаңбалары сакталған, сондай-ак Бұхар жырау, Актамберді, Шалқиіз, Жиембет жырау, Абай, Нұржан, Әбубекір Кердере, Дулат, Мұрат, Шортанбай, Мәшіүр Жұсіп, Нарманбет, Албан Асан сынды XY–XX ғасыр басында өмір сүрген ақын-жыраулар шығармаларының фотокөшірмелері мен қолжазбалары бар. Сонымен бірге Қазан төңкөрісіне дейін жазылғып алынған жөне басылып шықкан фольклорлық туындылардың Қазан, Уфа, С.-Петербург, Ташкент т.б. қалаларда араб қарпінде жарық-көрген басылымдары жинақталған.

Кордың және бір ауқымды бөлшегін М.О. Әуезов атындағы Әдебиет жөне өнер институтының әр жылдары үйимдастырыған фольклорлық экспедицияларда жазып алынған казактың аспаптық музыкасы мен музикалық фольклорының, әсіресе халықтың «төкпе» жөне «шертпе» күй мектептерінің аса көрнекті өкілдері: Құрманғазы, Дәүлеткеңеरей, Дина, Тәттімбет, Есір, Баламайсан, Мәмен, Еспай, Сүгір, Қорқыт, Үқылас, Абылай хан құйлері, қүйші-композиторлар: Т.Момбековтің, Н.Тілендиевтің, Г.Аскаровтың, Ф.Хусаиновтың, С.Нұрбаеваның, А.Кожабергеновтің (1958, 1962, 1964 жж. ғылыми экспедициялар) төл шығармалары, Акан, Біржан, Естай, Жаяу Мұса, Кенен секілді әнші-акындардың фономұралары, Кенес кезеңіндегі өнер майталмандарының, танымал халық ақындарының, жыршы-термешілердің, ғалымдардың, ақын-жазушылардың аудиожазбалары құрайды.

Институт мұрағатындағы мәліметтерге қарағанда, Колжазба бөлімі 1962 жылы бөлім менгерушісі орнынан (алғашқы жылы бүл қызметті ешкім атқармаған), 1 аға ғылыми қызметкерден (филология ғылымдарының кандидаты Ш.Ахметов), 1 кіші ғылыми қызметкерден (Г.Сұлтанғалиева), 1 аға лаборанттан (Т.Қанағатов) жөне 1 лаборанттан (С.Шокпарова) тұратын шағын штатпен қызмет істей бастады. Осы жылы институттың 1959—1962 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жоспарындағы «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты ұжымдық зерттеуінің советтік фольклор бөлімі (Алматы, 1961. I том, II бөлім) жарық көрді. Бүл зерттеу жұмысына институттың барлық фольклорлық бөлімдері катысады, олардың арасына Колжазба бөлімінің қызметкерлері: Ш.Ахметов пен Г.Сұлтанғалиеваның ғылыми-зерттеу еңбектері де енген. 1962 жылы бөлім қызметкерлері катысуымен «Ақындар айтысы» атты айтыстар жинағы жарыққа шығады (Құраст.: Е.Ысмайлұв, Б.Ыскаков, Ш.Ахметов. Алматы, 1962).

1963 жылы институт директоры М.Базарбаевтың бұйрығымен (№ 34, 1963 жыл 12 сөүір) Колжазба бөлімі «Колжазба және мәтінтану бөлімі» болып қайта құрылады. Оған институт жанындағы қолжазбалар қорын толықтыру, оларды жүйелеу жөне мәтіндерді зерттеп, ғылыми жұмыстар жазу міндеті жүктелді.

Жаңа бөлімнің менгерушісі қызметіне белгілі фольклортанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мәлік Ғабдуллин тағайындалды (Ол бүл қызметті осы

күннен бастап 1968 жылдың наурыз айына дейін атқарды). Бөлімде М.Ғұмарова, Ш.Ахметов (аға ғылыми қызметкерлер), Б.Ыскаков, Г.Сұлтанғалиева, Т.Абдрахманова (кіші ғылыми қызметкерлер), Т.Қанағатов, С.Шоқпарова (аға лаборанттар), Қ.Қабдолова (лаборант) сынды қызметкерлерден құралған ұжым қалыптасты.

Осы жылы колжазбаларды ғылыми-техникалық ресімдеу және өндіре жұмыстары бойынша алғашқы нұсқаулық құрал дайындалып, колжазбалардың тақырыбы, жанрлары аныкталды және материалдарды жинаушылар мен мәтіндердің авторлары белгіленді. Әсіреле XYIII, XIX ғасырлардағы және ХХ ғасыр басындағы ақын-жыраулардың өмірбаяны мен олардың шығармаларын жинаушыларға қатысты көптеген жазба материалдар топтастырылып, ғылыми өндіріден өткізілді. Сондай-ақ кейбір ескі жазумен жазылған колжазбалардың толық тізбесі жасалып, олардың қысқаша мазмұны түзілді.

1963 жылы Қолжазба және мәтінтану бөлімнің аға ғылыми қызметкері, филология ғылымының кандидаты М.Ғұмарованаң құрастыруымен қазақтың аса көркем фольклорлық туындыларының бірі – «Қыз Жібек» жырының казак, орыс тіліндегі ғылыми басылымы жарыққа шыкты (Қыз Жібек. Құраст.: Н.Смирнова, М.Ғұмарова). Сонымен бірге Фольклор, Қолжазба және мәтінтану бөлімдері қызметкерлерінің араласуымен 1961–1964 жылдар аралығында «Батырлар жырынын» үш томдық ғылыми басылымы өзірленді (Құраст.: М.Ғұмарова, Б.Уахатов, т.б.).

1964–1965 жылдары Қолжазба және мәтінтану бөлімнің қызметкерлер құрамы (басқа бөлімге ауысқан - кіші ғылыми қызметкер Т.Абдрахмановадан басқалары) өзгеріссіз жұмыс істеді. Осы кезде бөлім қызметкерлерінің жұмылуымен колжазбалардың көрсеткішін дайындау және оны ғылыми-техникалық ресімдеу мен мәтінтанулық зерттеулер бойынша мынадай жұмыстар атқарылды: бөлімнің бүкіл колжазба корын талапқа сай тәртіпке келтіру; ақын-жыраулардың өмірбаяны мен оларды жинаушыларға қатысты арнаулы картотека жасау; кордагы барлық материалдардың шифрын түзу; қын қылатын ескі араб қарпіндегі мәтіндердің қысқаша мазмұнын жазу.

Осындай орасан зор жұмыстарды атқару нәтижесінде колжазба материалдарының мұрагаттанған және жанр бой-

ынша жүйеленген картотекасы жасалынды, оның жалпы саны – 80 мың атауды құрады.

1964 жылы Қолжазба және мәтінтану бөлімінің қарымына алғашқы ауқымды жоспарлы жоба – кордағы қазақ қолжазбалардың ғылыми сипаттамасын жазу жұмысы тапсырылды. Келесі жылы жұмыстың алғашқы нәтижесі ретінде «Қазақ батырлар жырының ғылыми сипаттамасы» атты тұнғыш қолжазбалар көрсеткішін баспаға дайындау жұмысы басталды.

Қазақстанда алғашқы рет қолжазба мұралардың ғылыми сипаттамасын жазу сынды үлкен тақырыпқа кіріскенде бөлім қызметкерлерінің бұл саладан айтарлықтай тәжірибесі жок болатын. Сондықтан институт басшылығының үйымдастыруымен КСРО-ның белгілі ғылыми орталықтары – Москва, Ленинград, Душанбе, Ташкент және Рига қалаларындағы қолжазбалардың ғылыми сипаттама жасау жөніндегі беделді ғалымдармен байланыс орнатылып, бөлім қызметкерлері олардың озық тәжірибесінен көп нәрсе үйренді. Нәтижесінде Қолжазба бөлімінде алдымен ғылыми сипаттама жасаудың әдістемелік жобасы жасалды. Бұл тәжірибелік әдістемені бөлімнің кіші ғылыми қызметкери Балташ Ысқақов орындауды. Қысқа мезгіл ішінде осы әдістемелік басшылықты негізге алған бөлім қызметкерлері 103 жырдың ғылыми сипаттамасын жазып шықты. Олардың қатарында М.Ғұмарова, Т.Канағатов, К.Қабдолова сынды қызметкерлер 1000 атавулы қолжазба материалға өндөу жұмысын жүргізіп, 2000-нан астам жанрлық картотека түзді.

Құрылымның негізі ғылыми бағыттарының бірі – қолжазба корын толықтыру жұмысы бойынша бөлімнің алғашқы жылдарындаған қызметкерлердің анықтауымен корға КСРО-ның және Қазақ КСР-нің Орталық ғылыми кітапханаларынан, сондай-ақ Москва, Ленинград, Қазан қалалары мұрағаттарынан қазақ әдебиеті мен тарихына қатысты 95 сирек кітап пен 40-қа жуық түрлі қолжазбалар алынды.

1964 – 1966 жылдары бөлім қызметкерлерінің мынадай еңбектері жарық қөрді: «Айтыс» жинағының 1–3-томдары (Құраст.: Ш.Ахметов, Б.Ысқақов), «Көрүғлі» (Құраст.: М.Ғұмарова), «Біржан – Сара айтысы» (Құраст.: Б.Ысқақов, Ш.Ахметов), «Сәбит Дөнентаевтың шығармашылық жолы» (Құраст. Б.Ысқақов), «Халық ақыны С.Жанғабыловтың бір томдық тандамалы шығармалары» (Құраст.: М.Ғұмарова,

Г.Жамансарина, К.Сыздыков), «Қазактың 100 шешендік сөзі» (Құраст.: Т.Қанағатов).

1966—1968 жылдары бөлім қызметкерлері құрамы (қызметке алынған — аға ғылыми қызметкер Y.Субханбердинадан басқалары) өзгеріссіз жұмыс істеді. 1968 жылы 14 наурызда Қолжазба бөлімі менгерушісінің уақытша атқарушысы міндепті Ұлы Отан соғысының ардагері, белгілі ақын әрі әдебиетші, филология ғылымдарының кандидаты Сағынғали Сейітовке жүктелді, кейін ол жария байқау бойынша қайта тағайындалды.

1968 жылы бөлімге Б.Әзібаева (шілдеден), Е.Байтоқов (тамыздан) сынды жана қызметкерлер жұмыска орналасты. Келесі жылы филология ғылымының кандидаты С.Сейітов «КСРО Қарулы күштеріне 50 жыл» мерейтойлық медалімен және мактау қағазымен, ал 1970 жылы Қазақстан ғылымы мен мәдениетіне сіңірген ұзак жылғы еселі еңбекі үшін бөлімнің бір топ қызметкерлері: Сағынғали Сейітов, Мәлике Ғұмарова, Балташ Ыскаков, Шеген Ахметов ел үкіметінің «Енбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

1970 жылы бөлім қызметкерлерінің мынадай еңбектері жарық көрді: «Әдеби мұра» атты (революцияға дейін жарық көрген қазақ басылымдардағы әдеби мұралар) ескі әдебиет шығармалары (Құрастырып, алғысөзін жазған Y.Субханбердина), «Татар әндері» өлеңдер жинағы (Құрастырып, алғы сөзін жазған С.Сейітов).

1972 жылы Қолжазба бөлімі жана қызметкерлермен то-лығып, мынадай құрамда жұмыс істеді: С.Сейітов (бөлім менгерушісі), М.Ғұмарова, Ш.Ахметов, Б.Ыскаков, М.Бөжесев, Y.Субханбердина (аға ғылыми қызметкерлер), Е.Байтоқов, Г. Сұлтанғалиева, Т. Қанағатов (кіші ғылыми қызметкерлер), С.Шоқпарова, Б.Әзібаева, К.Қабдолова (аға лаборанттар), С.Ялымова (лаборант).

Осы жылы Институт директоры Ә.Шәріповтың 16 наурыздағы № 23 және 11 сәуірдегі № 29 бүйрекімен Қолжазба және мәтінтану бөлімнің аға ғылыми қызметкерлері M.F.Ғұмароваға Қазақ КСР FA-ның Орталық ғылыми кітапханасы қолжазба қоры бойынша істеген ғылыми өндеу жұмыстары және Y.Субханбердинаға «Қазақ кітаптары» (1807-1917 жж.) библиографиялық көрсеткішін құрастырганы үшін алғыс жарияланды.

1973 жылы Институт басшылығының үйінен Қолжазба және мәтінтану бөлімінің негізінде Фоно-фото-кино бөлімі жасақталды. Жана құрылған бөлімінің жетекшісі болып тәжірибелі маман Ү.Субханбердина тағайындалып, құрылым жұмысына П.Рожковский, Ж.Молдағалиев, Т.Гаитов сияқты қызметкерлер жұмысқа тартылды. Ал 1975 жылы А. Жетпісбаева, Ф.Оразаев сынды қызметкерлермен тағы да толыкты.

1972–1973 жылдары Қолжазба бөлімінің мынадай ғылыми еңбектері жарық көрді: Ү.Субханбердинаның құрастыруымен «Қазақ кітаптары» (1807–1917 жж.) библиографиялық көрсеткіші (1972), фольклортанушы М.Ғұмарованның құрасытурымен «Көрүғілі» (1973) дастаны.

1975 жылы 1 шілдеде Інститут басшысының бүйірімен фольклортанушы, филология ғылымының кандидаты О.А.Нұрмамбетова институт директорының орынбасары қызметінен Қолжазба және мәтінтану бөлімінің менгерушісі қызметіне ауыстырылады. Осы кезде бөлімге Б.Балажанов, Ж.Әбішев (аға лаборанттар), З.Уәлиева (лаборант) сияқты мамандар қызметке алынады.

Қолжазба және мәтінтану бөлімінің 1976–1978 жылдардагы жоспарлы зерттеу тақырыбы «Қазақ фольклоры үлгілерінің көптөмдүк басылымы және оның мәтінтану мәселелері» деп аталады (жетекшісі – О.Нұрмамбетова), оның орындалуына фольклортану бөлімінің қызметкерлері де қатысты. Бұл тақырып бойынша қаһармандық эпостың 1-томы, айтыстың 1-томы, «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» жобасының «Батырлар жырына» арналған 1-томы (Жалпы редакциясын басқарған – Педагогика ғылымдары академиясының академигі М.Ғ.Ғабдуллин. Жаупты редакторы – филология ғылымының кандидаты Б.Ыскаков. Құраст.: М.Ғабдуллин, М.Ғұмарова, Ш.Ахметов, Т.Қанағатов, Г.Сұлтанғалиева, Б.Ыскаков. – Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1975), сонымен бірге Шығыс хикаяларының желісіне құрылған «Ғашық-наме» жинағы (Құраст.: Ү.Субханбердина), казақ, орыс тілдеріндегі «Қобыланды батыр» жыры нұсқалары (Құраст.: Н.В.Кайдш–Покровская, О.Нұрмамбетова) жарыққа шықты. 1978–1979 жылдары Қолжазба және мәтінтану бөлімінің құрамына

М.Шағиғов (кіші ғылыми қызметкер), Ә.Алманов (аға лаборант) қабылданса, Фоно-фото-кино бөлімі кадрлық өзгеріссіз жұмыс істеді.

1979 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының басшылығы қазақ халқының әдеби мұраларын зерттейтін Қолжазба орталығын ашу жөнінде мәселе көтерді. Бұл ұзақ жылдар бойы жинақталып, қордаланып келген қекейкесті мәселе болатын. Орталық ашу мәселесі сол кездегі республикалық баспасөзде, әдеби-ғылыми еңбектерде, баяндамаларда жекелеген адамдардың пікірі ретінде айтылып келген еді.

Бұл бастамаға осы салада көп жылдан бері қызмет етіп келе жатқан, қазақ қолжазбаларының проблемаларын жаксы билетін, халық мұраларына жаңы ашитын зиялы қауым өкілдері мен институттың фольклортанушы, әдебиеттанушы ғалымдары үйіткі болды. Олар Қазақ республикасының үкіметіне жазған ұсыныс хаттарында 1976 жылы КСРО Жоғары Кеңесі қабылдаған «Тарихи және мәдениет ескерткіштерін қорғау және оларды пайдалану» туралы заңына сүйене отырып, Қазақ КСР Ғылым академиясына карасты ғылыми-зерттеу институттарында тарих, этнография, фольклор, әдебиет тарихы және өнер салаларына қатысты қолжазбалардың мол коры жинақталғаны алға тартылып, бұл мұралардың ғылыми маңызы жылдан жылға арта түскеніне, олардың Қазақстан мен Орта Азияның тарихы мен мәдениетін, өзге де ғылым салаларын зерттеуде, сондай-ақ ел экономикасы мен шаруашылығын дамытуда зор тарихи рөлі бар екендігіне, бірақ соңғы кезге дейін оларды сактау, ел игілігене жаратып пайдалану, ғылым тұрғыдан зерттеу жұмыстарының істелмегендігіне назар аударды.

Қазақстан халқының сол кезеңдегі рухани-экономикалық өркендеу жағдайына байланысты жаңа іс-шараларды жедел қабылдаудың кажеттілігі дәлелденді. Әсіресе М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба бөліміндегі және Қазақ КСР ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар корларындағы әдеби мұралар заман талаптарына сай сактау және ғылыми өндеу кажет ететіндігі баса айтылды. Қазақ КСР-нің А.С.-Пушкин атындағы көшілік кітапханасы қорында (қазіргі Ұлттық кітапхана), сондай-ақ Москва, Ленинград, Ташкент, Фрунзе, Казан, Уфа, Астрахань, Омбы т.б. қалалардың орталық кітапханалары мен мұрағаттарында сақталған казақ қолжазбаларын анықтап, оларды елге қайтару мәселелері де сез болды.

**Колжазба мұраларға байланысты кордаланған мәселелер** қорытыла келіп, жоғарғы билік орындарына төмендегідей ұсыныстар жасалды:

а) казак және өзге тілдердегі (казақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты еместер де бар) колжазбалар мен ли-тографиялық басылымдарды бір жерге жинақтау;

ә) олардың заман талаптарына сай дұрыс сақталуына жағдай жасау;

б) колжазба мұралардың ғылыми құндылығын анықтау мақсатында ғылыми-сараптамалық жұмыстар жүргізу.

Сонымен, бұл ұсыныстарды орындаудың тиімді жолы – Қазақ КСР ҒА-ның М.О.Әуезов Әдебиет және өнер институты құрамында «Колжазба және мәтінтану орталығы» ғылыми күрылымын ашу қажет деп есептелді.

Болашақ «Колжазба орталығының» құрылымы мына құрамда қарастырылды:

1. Сактау және фотолаборатория секторы – 7 қызметкер

2. Колжазбаларды өндеду және қайта қалпына келтіру секторы – 7 қызметкер

3. Мәтінтану секторы – 8 қызметкер

4. Жарияланым секторы – 9 қызметкер

Осы жағдайда Қазақ КСР ҒА-ның Төралқасы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми орталық ашу туралы сұранысын қолдап, Қазақстан КП Орталық комитетті басшылығына өз тарапынан ұсыныс жасады (*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты басшылығының Қазақстан КП Орталық комитетімен Институт жанынан жаңа Колжазба орталығын ашу туралы жазысқан хат-хабарлары. 1979. Дереккөз: Институт мұрагаты*). Бірақ заман талабына орай көтерілген бұл жақсы бастама, бағалы ұсыныс белгісіз себептермен іске аспай қалды.

Аталған жылдары «Қазақ колжазбаларының ғылыми сипаттамасы» көптомдығын баспаға дайындау жұмысы нәтижесінде 1979 жылы көрсеткіштің 2-томы «Гашықтық жырлар» (Жауапты редакторы – филология ғылымының кандидаты Б.Ысқаков. Құрастырғандар: Ш.Ахметов, М.Ғұмарова, Ү.Субханбердина, Б.Ысқаков, Т.Қанағатов, Г.Сұлтанғалиева, Е.Байтоков, С.Шокпарова, Қ.Қабдолова. – Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1979) және 1981 жылы 3-томы «Тарихи жырлар» деген атпен (Жауапты редакторы –

филологияғының кандидаты М.Ғұмарова. Құрастырғандар: Ш.Ахметов, Ж.Әбішев, Е.Байтөсов, М.Бәжеев, М.Ғұмарова, Қ.Қабдолова, Т.Қанағатов, Ү.Субханбердина, Г.Сұлтанғалиева, Б.Ысқақов, М.Шағиғов, С.Шокпарова. – Алматы, Қазак ССР-нін «Ғылым» баспасы, 1981) жарық көрді.

1979–1982 жылдары Фоно-фото-кино бөліміне М.Аманкулов (инженер), М.Дәрімбетов (лаборант), М.Ұйықбаева (стажер), М.Жиенғалиев (инженер) сынды қызметкерлер алынып, Мәтінтану және қолжазба бөлімі бір лаборантпен (Г.Мамутова) толықты. 1983 жылы екі бөлім – Қолжазба және мәтінтану және Фоно–фото–кино бөлімдері біріктіріледі де, ол «Қолжазба және фоножазба бөлімі» болып қайта құрылады. 1983–1985 жылдары бөлімнің менгерушісі міндеттін институт директоры, филологияғының докторы, профессор М.Б.Базарбаевтың өзі қосымша атқарады.

1983–1986 жылдары бөлімге А.Айдашев, И.Муршель (кіші ғылыми қызметкер) сияқты жана қызметкерлер алынаады, 1989 жылы олардың катарына С.Сүтжанов, Г.Тұлкібаева (аға лаборанттар), З.Парфенова (жұмысшы), Д.Есенжанова (стажер-зерттеуші) қосылды.

1983 жылы Қолжазба және фоножазба бөлімі дайындаған «Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі» атты зерттеулер жинағы (Алматы: Ғылым, 1983) жарық көрді. Қазақ фольклоры мен әдебиеті шығармаларын текстологиялық түрғыдан зерттеудің алғашкы тәжірибесі ретінде жарыққа шықкан жинаққа – қазақ ертегілері, Алпамыс, Кобыланды, Қамбар, Қозы Қөрпеш–Баян сұлу, Қызы Жібек эпостары, «Біржан Сара» айтысы, Шығыс тақырыбына арналған қазақ дастандары, дастан жанры, Абайдың, М.О.Әуезовтың, И.Байзаковтың шығармалары бойынша бір топ ғалым–зерттеушілердің (С.Қасқабасов, Ш.Ахметов, О.Нұрмағамбетова, М.Ғұмарова, Т.Қанағатов, Ү.Субханбердина, Б.Әзібаева, М.Бәжеев, Қ.Сыдыков, Е.Байтөсов) макалалары енген.

Бөлім қызметкерлері дайындаған «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» атты ғылыми көрсеткіштің 4 – 6 томдары (4-том: XY-XIX ғасырлардағы ақындар шығармалары / Жауапты редакторы – филологияғының кандидаты М.Ғұмарова. Сипаттаманы жазуға қатысқан авторлар: Ә.Алманов, Ш.Ахметов, Ж.Әбішев, Б.Әзібаева, Е.Байтөсов, М.Бәжеев, М.Ғұмарова, Қ.Қабдолова, Т.Қанағатов, М.Ша-

фифов, С.Шоқпарова. – Алматы, «Ғылым», 1985. – 360 бет; 5-том: XX ғасыр басындағы ақындар шығармалары / Жауапты редакторы – филология ғылыминың кандидаты М.Ғұмарова. Сипаттаманы жазуға қатысқандар: Ә.Алманов, Ш.Ахметов, Ж.Әбішев, Б.Әзібаева, Е.Байтөсов, М.Бәжеев, М.Ғұмарова, К.Қабдолова, Т.Қанағатов, М.Шағиғов, С.Шоқпарова. – Алматы, «Ғылым», 1986. 216 бет; 6-том: Айтыс /Жауапты редакторы – филология ғылыминың докторы Ә.Нарымбетов. Сипаттаманы жазуға қатысқандар: А.Айдашев, Ә.Алманов, Т.Алпысбаев, Ш.Ахметов, Ж.Әбішев, Б.Әзібаева, Е.Байтөсов, М.Бәжеев, М.Ғұмарова, К.Қабдолова, Т.Қанағатов, М.Шағиғов, С.Шоқпарова. – Алматы, «Ғылым», 1989. – 296 бет) және «Қазак халық әдебиеті» атты көптомдықтың он бір томы, дәлірек айтканда, «Батырлар жырының» бес томы (1986–1989), «Ертегілердің» төрт томы (1988–1989), «Айтыстың» екі томы (1988) жарық көрді. Соңғы жинақтарды құрастырып, ғылыми түсініктерін жазуға М.Ғұмарова, О.Нұрмамбетова, К.Сыдықов, Ж.Әбішев, А.Айдашев, Т.Алпысбаев, Е.Құдайбергенов, Ә.Алманов қатысты.

1990 жылы 1 тамызда Қазақстан үкіметі өз шешімімен «М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жаңынан «Колжазба және мәтінтану» ғылыми орталығын ашу туралы» арнағы қаулы кабылдады. Бұл ғылыми орталық Қазақстан тарихында тұнғыш рет ашылған ескі колжазбалар мен литографиялық кітаптарды зерттеумен айналысадын бірден-бір мамандандырылған ғылыми құрылым болды.

«Колжазба және мәтінтану» ғылыми орталығы құрамына жаңадан ашылған: ғылыми сипаттама және жүйелеу, Фольклорлық жазбалар және мұрағаттау бөлімдері, сондай-ақ бұрынғы Колжазба және фоножазба бөлімінің негізінде құрылған «Мәтінтану және жариялау» бөлімдері енгізілді.

Орталықтың жетекшісі лауазымына белгілі фольклортанушы, филология ғылымдарының кандидаты Шәкір Үбраев тағайындалды. Ал оның үш құрылымдық бөлімдеріне: Мәтінтану және жариялау бөліміне – филология ғылыминың докторы Ә.Нарымбетов, Фольклорлық жазбалар және мұрағаттау бөліміне – жазушы-этнограф, филология ғылыминың кандидаты А.Сейдімбеков, ғылыми сипаттама және жүйелеу бөліміне – филология ғылыминың кандидаты Ш.Үбраев менгеруші (бұл қызметті қосымша атқарды) болып бекітілді.

1985–1990 жылдарға арналған «Қазақ фольклорының үлгілері» атты ғылыми-зерттеу жоспарының жұмысын Мәтінтану және жариялау бөлімі аткары. Құрамында Ә.Нарымбетов (такырып жетекші), Б.Әзібаева (аға ғылыми қызметкер), Ә.Алманов (ғылыми қызметкер), Ж.Әбішев, Т.Алпысбаев (кіші ғылыми қызметкерлер), К.Ханафин (аға лаборант), Г.Сыдықова, М.Өтемісова, О.Некрасова, Г.Сұлтанбаева (лаборанттар) сынды қызметкерлер жұмыс істеді.

Осы кезеңде «Қазақ халық әдебиеті» көптомдығын баспаға дайындау жұмысы да жалғасын тауып, «Батырлар жырының» бір томы (1990), «Дастандардың» екі томы (1990) және «Дала уалаяты газетінің» әдеби нұскалар мәтіндерінің үш кітабы (1989, 1990, 1992) жарық көрді. Бұл жинақтарды құрастырып, ғылыми түсініктерін жазғандар: О.Нұрмамбетова, К.Сыдықов, Б.Әзібаева, М.Шағиғов, Т.Алпысбаев, Е.Кұдайбергенов және Ү.Субханбердина сынды қызметкерлер болды.

Көптомдықтарға «Едіге», «Аланқай», «Бозқұлан», «Қүренбай», «Шора», «Шал батыр», «Бозоғлан», «Бахтияр», «Шәкір-Шәкірат», «Мұнлық-Зарлық» т.б. ондаған бұрын жарияланбаған жырлар мен дастандардың нұскалары мен версиялары енгізілсе, әдеби нұскаларда «Дала уалаятының газетінде» жарияланған таңдамалы материалдар берілді.

1990–1995 жылдарға арналған «Фольклорлық мұраларды жинау, сактау және жүйелу әдістемесінің мәселелері» атты жоспарлы ғылыми-зерттеу жұмысымен Фольклорлық жазбалар және мұрағаттау бөлімі шүғылданды. Бұл бөлімнің қызметкерлері: А.Сейдімбеков (такырып жетекші), Ф.Оразаева (аға ғылыми қызметкер), Ү.Әбдіғаппарова, Қ.Алпысбаева, Қ.Әбілқасымов, Ф.Бейсенбаев, С.Сұтжанов, С.Оразбаев, Д.Есенжанова, Ф.Қалибекұлы (кіші ғылыми қызметкерлер), Г.Молдашева, Ф.Кабдықайыров, Г.Жиенбаева (аға лаборанттар), Ш.Тұмсабаева (лаборант).

Фольклорлық жазбалар және мұрағаттау бөлімі 1990 жылдан бастап жұмыс істеді және онда мынадай ғылыми жұмыстар атқарылды:

а) қолжазбалар мен фоно-фотоматериалдарды ғылыми жүйелу және олардың картотекасын жасау;

ә) араб, латын өріптерінде жазылған қолжазбаларды қазіргі қазақ жазуына түсіру және оларды қайта жаңғыртудан өткізу;

б) колжазба қорын байыту мәсатындағының экспедициялар үйымдастыру және олардың жұмысын реттейтін координациялық жұмыстар жүргізу;

г) колжазба орталығының жұмысын жетілдіру үшін фольклорлық мұраларды жинау, сактау және жүйелеу жұмыстарының өдістемелік көмекші құралын басып шығару.

Осы жылдары «Қазақ колжазбалары және олардың ғылыми сипаттау мен жүйелеудің проблемалары» атты тақырып-пен ғылыми сипаттама және жүйелеу бөлімі қызметкерлері шүғылданды. Бөлімде Ш.Ыбыраев (тақырып жетекшісі), Ү.Субханбердина (аға ғылыми қызметкер), М.Шағиғов (ғылыми қызметкер), К.Саттаров, С.Сәкенов, Г.Тұлкібаева, Б.Қорғанбеков, М.Бекмолдаев, Б.Шонқабаев, П.Әуесбаева, Ж.Шалғынбаева, А.Сағындықұлы (кіші ғылыми қызметкерлер), Т.Әлбеков, З.Сәмтікбаева, С.Баһрамова (аға лаборанттар), Г.Жиенбаева (лаборант) қызмет істеді. Бөлімнің жұмыс жүйесі халықаралық Аарне – С.Томпсен өдістемесі бойынша атқарылды.

1992 жылы қоғамдағы уақытша қындықтарға байланысты мекеме құрылымдарында көптеген өзгерістер орын алды. Институт директорының 24 наурызыдағы № 40 бүйрүғы бойынша қызметкерлер саны қыскартылды да Фольклорлық жазбалар және мұрағаттау және Колжазба және фоножазба бөлімдерінің негізінде Деректану, библиография және ғылым тарихы бөлімі құрылды. Жаңа бөлім мынадай құрамда жасақталды: Ә.Нарымбетов (бөлім менгерушісі), Г.Ордаева, Ж.Исаева, Д.Әбдіков (аға лаборант), Г.Қанаева (архив менгерушісі), Г.Ибрағимова (лаборант).

Институт басшысының 1994 жылғы 15 желтоқсандағы № 146 бүйрүғымен сол жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында мекеменің бөлім менгерушілері мен ғылыми қызметкерлері арасында өткізілген аттестациялау қорытындысына байланысты ғылыми құштерді үнемді пайдалану мәсатында, кейбір бөлімдер біріктірілді, соған орай екі жыл бұрын құрылған Деректану, библиография және ғылым тарихы бөлімі енді «Қазіргі қазақ әдебиеті» бөліміне қосылды.

1995 жылы Колжазба және мәтінтану орталығының менгерушісі болып филология ғылымының докторы, профессор Сейіт Қасқабасов тағайындалды (бұл қызметті 1998 жылға дейін аткарды). Осы жылдары Орталықта колжазбаларды жүйелеуге байланысты үлкен шаралар қолға алынып,

қорда сақталған мұраларға атауына, бумасы мен жанрына байланысты картотека жасалып, кейін оның электронды нұсқалары түсіріле бастады. Институттың фондо қорында сакталған үнтаспалар (жалпы ұзындығы – 700 шақырымға жуық) тындауға, зерттеуге қолайлы жөне болашак үрпакқа жақсы сақталған күйінде жеткізу үшін заманауи техниканы пайдаланып, CD-ROOM-ға көшіріле бастады. Сонымен қатар, Қазақ колжазбаларының мөтінтану саласына қатысты екі монографиялық зерттеу жазылды. Бұл тұрғыда, өсіресе, халық мұраларын тарих койнауынан үлкен қажырлықпен қайта жанғыртқан танымал библиограф, әдебиетші-ғалым Ү.Субханбердинаның енбегі зор. Атап айтканда, Ү.Субханбердинаның жетекшілігімен «Қазақ. Алаш. Сарыарқа» (1993), «Дала уалаяты газеті» жинағының 4, 5-ші кітаптары (1994, 1996), «Ғашықтық дастандар» (1994), «Батырлық дастандар» (1995), «Айқап» (1995) жөне әдебиетшілер: А.Сейдімбековтің, Б. Әзібаеваның, Б. Адамбаевтың, М. Шағиғидың, С. Сәкеновтың т.б. күрастырып, дайындаудымен «Абылай хан» (1995), «Кенесары – Наурызбай» (1995), «Мақал–мәтелдер» (1996) сияқты жинақтар жарыққа шықкан.

Бұл кезеңде қазақ әдебиеттандырылғанда бұрын қолға алынбай келген XIX ғасырдың 2-жартысында Қазақстан аумағында шығып тұрған алғашкы қазақ тілді мерзімді басылым – «Түркістан уалаяты газетінің» әдеби нұсқалары қазіргі үлттық әліпбиге түсірілді (Құраст.: Ү.Субханбердина, П.Әуесбаева, Т.Әлбеков, С.Қосан, Т.Әкімова) жөне «Қазақ колжазбаларының ғылыми сипаттамасының» кезекті, ертегілерге арналған 7-томы баспаға тапсырылды. Бірақ каржы қындықтарына байланысты бұл жинақтар біраз кідірістен соң 2003 жылы ғана баспадан шықты.

1998 жылы Орталықтың менгерушісі болып филология ғылымдарының докторы Ж.Тілепов тағайындалды. Бұл кезде қолжазба мұраларды жүйелеу жұмыстары жалғастырылып; 1998 жылы бөлім қызметкерлері ҚР ҰҒА-сы үйымдастырылған ғылыми экспедиция жұмысына қатысты. Осы сапарлар бағысында жинақталған материалдардың негізінде 2001 жылы «Қазақ халқының мақалдары мен мәтелдері» атты жинақ баспаға әзірленіп, кейін жарыққа шықты (Жауапты редакторы – филология ғылымының докторы Ж.Тілепов. Құраст.: Қ.Алпысбаева, П.Әуесбаева, Т.Әлбеков, С.Қосанов, С.Сәкенов). 1999 жылы XIX ғасырдың белгілі өкілі Шал ақынға байланы-

сты халықаралық ғылыми-теориялық конференция үйімдастырылып, ақын шығармалары алғаш рет «Шал Құлекеұлының шығармалары» деген атпен жеке жинақ болып басылып шыкты (Құраст.: С.Қосанов, Т.Әлбеков).

2000–2006 жылдары Қолжазба және мәтінтану орталығына филология ғылымдарының докторы Б.Әзібаева жетекшілік жасады. Бұл жылдары құрылымда Қ.Алпысбаева, С.Ақашева, Ж.Шалғынбаева, П.Әуесбаева, Р.Әлмұханова, Т.Әлбеков, С.Қосан, М.Жұмәділова, Б.Әбжетов, Т.Әкімова, Ж.Ракышева, Н.Мұрсөлімова, Г.Тұрлықожаева, Ж.Салтакова, А.Акан, Г.Сапарғалиева, Н.Садыкова, Д.Дайыров, Б.Жайлышбаев, М.Әлсейітова енбек етті. 2002 жылы Орталықтың қызыметкерлері мысал және жазба айтыстардың жеке-жеке жинақтарын әзірледі, сонымен бірге, академик С.Қасқабасовтың бастамасымен «Бабалар сөзі» көптомдығының алғашқы жеті томы дайындалып, баспадан жарық көрді. Олар мыналар: «Діни дастандар» (1–3 томдар), «Хикаялық дастандар» (4–5 томдар), «Жұмбактар» (6-том), «Шора батыр» жыры (7-том). Томдарды баспаға дайындауға Б.Әзібаева, Қ.Алпысбаева, Т.Әлбеков, С.Қосан, М.Жұмәділова, Б.Әбжетов, Т.Әкімова, Ж.Ракышева сынды бөлім қызыметкерлері және Ш.Керім, Б.Корғанбеков сиякты басқа мекемелер мамандары тартылды.

2003 жылы Қолжазба және мәтінтану орталығының көп жылғы жұмысының жемісі – «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» көрсеткішінің кезекті 7-томы жарық көрді (7-том: Ертегілер /Жауапты редакторы – КР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымының докторы, профессор С.А.Қасқабасов. Құрастырып, дайындағандар: Ж.Әбішев, Б.Әзібаева, Е.Байтөков, М.Бөжеев, Т.Қанағатов, Қ.Қабдололова, М.Шағиғи, С.Шоқпарова. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003. 224 бет). Сондай-ақ осы жылы бөлім жоспарынан тыс негізде «Қазақтың мифтік әңгімелері» (Құраст.: Ш.Ыбыраев, П.Әуесбаева) жинағы жарық көрді.

2004 жылы Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың арнайы қаулысымен орасан зор Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы жасалып, оны жүзеге асыру жұмысы басталды. Шын мағынасында, Тәуелсіздік кезеңінде іске асқан үлттық ауқымдағы ұлы рухани жоба болып саналатын «Мәдени мұра» бағдарламасының бір тармағы – қазақ фольклорының 100 томдық жаңа

ғылыми басылымын дайындау жобасы қолға алынып, ол «Бабалар сөзі» сериясы деп атаумен белгілі болды. Жұзтомдықтың жоспарын жасауға академик С.А.Қасқабасов бастаған институттың танымал ғалымдары атсалысты.

Жаңа «Бабалар сөзі» сериясы Қолжазба және мәтінтану орталығының қазақтың аса бай фольклорлық мұраларын жариялаудың 2002 жылы бастаған жоспарлы жұмысының жалғасы ретінде, бірақ оның соны үлгідегі ғылыми басылымы ретінде дайындалып, Астана каласындағы «Фолиант» баспасынан шығаруға келісім-шарт жасалды. Бұл серияның жұмысы 2004–2006 жылдары Қолжазба және мәтінтану орталығына, ал 2006 жылдан осы құрылымның атауы өзгерген мұрагері – «Қолжазба» бөліміне жоспарлы ғылыми жұмысына қосымша – ғылыми-колданбалы жоба ретінде бекітілген. Жоба жұмысы осы бөлімнің қызметі ретінде бүгінге дейін жоспарды түрде атқарылып келеді. Серияның редакциялық алқасының төрағасы болып Институт директоры – академик С.А.Қасқабасов тағайындалған, ал томдардың жауапты редакторы міндесті – бөлім менгерушісіне жүктелген, сондай-ақ ол ғылыми-шығармашылық топтың басшысы міндестін де аткарады.

«Бабалар сөзі» сериясы бойынша 2004–2006 жылдары мына жүйеде жиырма төрт том фольклорлық мұралар жарық көрді: тоғыз том – «Хикаялық дастандар» (1–9 томдар), жеті том – «Діни дастандар» (10 – 16-томдар), алты том – «Ғашықтық дастандар» (17 – 22-томдар) және екі том – «Қытайдағы казак фольклоры» (23, 24-томдар). Томдарды құрастырып, ғылыми қосымшаларын жазуға Б.Әзібаева, К.Алпысбаева, П.Әуесбаева, Т.Әлбеков, С.Қосан, М.Жұмәділова, Б.Әбжетов, Т.Әкімова, Ж.Ракышева, Ж.Салтақова, А.Акан секілді қызметкерлер атсалысты және Қытай Халық республикасында тұратын казак азаматы Оразанбай Егеубаев үлкен азаматтық үлес кости.

2005 жылы Орталықтың қызметкерлері дайындаған «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» көрсеткіші бойынша дастандарға арналған 8-томы басылып шықты (8-том: Дастандар /Жауапты редакторы – филология ғылымының докторы Б.Әзібаева. Құрастыргандар: С.Ақашева, К.Алпысбаева, Б.Әбжетов, Т.Әкімова, Т.Әлібеков, Р.Әлмұханова, П.Әуесбаева, М.Жұмаділова, С.Қосан, Ж.Ракышева, Ж.Шалғынбай. – Алматы: «Үш қиян», 2005. – 360 бет).

2006 жылы қараша айында Қолжазба және мәтінтану орталығының негізінде «Мәтінтану және деректану» және «Қолжазба» деген екі дербес құрылым жасалды. Осы екі бөлімнен бұрынғы Орталықтың қызметін жалғастыру дәстүрі – Қолжазба бөліміне берілді.

Жаңа Қолжазба бөлімінің жетекшісі қызметіне ақын әрі әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының кандидаты С.Қосан тағайындалды. 2006–2009 жылдары бөлімде С.Қосан (менгеруші), Қ.Алпысбаева, С.Сәкенов, Қ.Тастанов, Т.Әкімова, Ж.Салтақова, М.Әлсейітова, Е.Сманова, Б.Тұрлымбеков, М.Менлібаева, С.Айпенова, Г.Иманәлиева, Н.Елесбай, Ф.Райыс (2009 жылдан), А.Оралбек (2009 жылдан) қызмет аткарды.

Аталған кезеңде «Бабалар сөзі» сериясы бойынша отыз тоғыз том тәмемдегі жинақтары басылып шықты: сегіз том – «Қытайдағы қазақ фольклоры» (25–32-томдар), жиырма том – «Батырлар жыры» (33–52-томдар), үш том – «Ғашықтық жырлар» (53–55-томдар) және сегіз том – «Тарихи жырлар» (56–63-томдар). Жинақтарды құрастырып, ғылыми қосымшаларын жазуға бөлім қызметкерлері: С. Қосан, Б.Әзібаева, Қ. Алпысбаева, Т. Әлбеков, Т. Әкімова, С. Сәкенов, Қ.Тастанов, Ж. Рақышева, Ж. Салтақова, А. Ақан, Б.Тұрлымбеков, Н. Мұрсәлімова, Н. Елесбай, А. Оралбек және басқа бөлімдерден С. Қорабай, О. Егеубаев, С.Дәуітұлы, А. Әлібекұлы, М. Шағиғи жұмылдырылды.

2010 жылы Қолжазба бөлімі менгерушісі қызметіне филология ғылымдарының кандидаты, доцент Т.Әлбеков тағайындалды және бөлімге жаңа қызметкерлер алынды (Қ.Орынғали, Н.Мұрсәлімова). Осы жылы «Бабалар сөзі» сериясы бойынша жеті жинақ дайындалды: бір том – «Жұмбактар» (64-том); бес том – «Макал-мәтелдер» (65–69-томдар); бір том – «Қара өлең» (70-том) және жоспардан тыс жұмыс бойынша «Қазақ қолжазбалары» сериясының екі томы (Авторлық тарихи жырлар. 1, 2-томдар) басылым көрді. Жинақтарды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындаушылар: Т.Әлбеков, Қ.Алпысбаева, С.Қосан, Қ.Орынғали, Т.Әкімова, Н.Елесбай, А.Оралбек, Ш.Керім, Г.Рахымбаева.

2002– 2010 жылдары бөлім қызметкерлері бекітілген жоспар бойынша корда сақталған қолжазбаларды жүйелеу, олардың электронды каталогын жасау, ғылыми сипаттамасын жазу, қазақ эпосының бұрын-сонды жарық көрмеген

таңдаулы үлгілері мәтіндерінің электронды жинағын өзірлеу жұмыстарына белсene араласып, комакты нәтижелерге қол жеткізді. Накты айтқанда, көрсетілген мерзімде «Электронды жинақтын» 1—38 томдары, «Қазақ колжазбаларының ғылыми сипаттамасы» көрсеткішінің батырлар жырына арналған кезекті 9-томы баспаға өзіrlenеніп, колжазбалардың 1—738-бумалары жүйеге түсірілді және олардың электронды каталогы жасалды.

Бөлім қызметінің іргелі зерттеу бағыты бойынша биылғы, 2011 жылы істелетін жұмысының маңыздысы – «Тәуелсіздік идеясын жырлайтын қазақ эпостарының колжазба нұсқалары: сактау, жүйелеу, жариялау мәселелері» атты монографиялық зерттеу. Ұжымдық еңбекте Институттың қолжазба бөлімінде және еліміздің өзге де сирек қорларында сакталған эпостық шығармалар – Алпамыс батыр, Кобыланды батыр, Ер Тарғын, Ер Сайын, Ер Едіге, Орақ-Мамай, Карасай-Қази, Абылайхан, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Ер Ағыбай, Жанқожа батыр т.б жырлардың жиналуда тарихы, сакталу және жариялану үдерістері, нұсқаларының сюжеттік желісіндегі ерекшеліктері талданып, туындыларға арқау болған халықтар ынтымағы, ұлт бірлігі, ел тәуелсіздігі, мемлекет тұтастығы, отаншылдық идеялары жанжақты қарастырылады.

### **Бөлім қызметкерлері жариялаган еңбектер:**

1. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі том-дық толық жинағы. 1—2 томдар. / Құраст., текстерін, түсініктерін жазғандар: З.А.Ахметов, С.Қасқабасов. – Алматы: Жазушы, 1995.
2. Азибаева Б. Казахские народные романнические дастаны. Монография. – Алматы: Фылым, 1990.
3. Азибаева Б. Казахский дастанный эпос. Монография. – Алматы: Фылым, 1998.
4. Алпысбаева К. Шокан Уәлиханов – фольклортанушы. Монография. – Алматы: Фылым, 2001.
5. Ахметов Ш. Ленин және балалар өдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1969.
6. Әлібек Т. Жетісу акындары. Зерттеулер. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2008.
7. Әлібек Т. Құланаян Құлмамбет. Монография. – Алматы: Алем-Систем, 2004.

8. Әлібек Т., Алпысбаева К., Әуесбаева П. Кейбір халық әдебиеті үлгілерінің салыстырмалы текстологиясы. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2007.
9. Әлібек Т., Алпысбаева К., Әуесбаева П. Қазақ фольклоры текстологиясының кейбір мәселелері. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2004.
10. Әуесбаева П. Қазақ фольклорындағы әңгіме жанры. Монография. – Алматы: Ғылым, 2001.
11. Ғабдуллин М., Ысқақов Б. Халық ауыз әдебиеті. 8-класқа арналған оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1974.
12. Ғұмарова М.Ф. Қазақтың халық поэзиясындағы В.И.Ленин бейнесі. – Алматы: Ғылым, 1973.
13. Джамбул Джабаев. Избранные произведения /Составление, вступительная статья и научные комментарии С.Каскабасова. – Алматы: Ғылым, 1996.
14. Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. – Алматы: Ғылым, 1983.
15. Нарымбетов Ә. Ерлік пен женіс жыры. – Алматы: Ғылым, 1990.
16. Нарымбетов Ә. Қазақ совет әдебиеті. Әдебиеттану, сын және өнердің библиографиялық көрсеткіші. 2-том. – Алматы: Ғылым, 1986.
17. Нарымбетов Ә. Қалижан Бекхожин. – Алматы: Рауан, 1993.
18. Нұрмағамбетова О. Жамбыл және халық поэзиясы. – Алматы: Қазақстан, 1976.
19. Нұрмағамбетова О. Тәжібаев Ә. Ұлы жыршы (Ж.Жабаевтің туғанына 125 жыл толуына). – Алматы: Ғылым, 1972.
20. Раис Ф. Сөз өнері теориясы: Оқулық кітап. – Алматы: Танбалы, 2010.
21. Сейдімбеков А. Құй шежіре. – Алматы: КРАМДС-Яссайи, 1992.
22. Сейдімбеков А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997.
23. Сейдімбеков А. Мың бір маржан: Кара өлең табигаты. – Алматы: Өнер, 1989.
24. Сейітов С. Әдебиеттер достығы. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, Жазушы, 1965.
25. Сейітов С. Қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрі. – Алматы, Ғылым, 1966.
26. Сейітов С. Өмір суреттері (әдеби-сын мақалалар жинағы). – Алматы: Жазушы, 1969.
27. Тазнире-и Бугра хан. /Көне түркі тілінен аударып, ғылыми түсініктемелерін жазған С.Қосан. – Алматы: Толағай, 2008.
28. Таракты Акселеу (Сейдімбеков А.). Балталы, Бағаналы ел аман бол. – Алматы, 1993.

29. Таракты Акселеу. Қазактың әйгілі күйшілері: IX-XX ғасырлар. – Алматы, 1992.
30. Шеризат-Гұлшат. Ғылыми басылым./ Құрастырып, алғы сөз, ғылыми түсінігін жазған Б.Әзібаева. – Алматы, 2001.
31. Ұбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақ батырлар жырының поэтикасы. Монография. – Алматы: Ғылым, 1993.
32. Ұбыраев Ш., Алпысбаева К., Әлібек Т. Халық әдебиетін жинау, жүйелеу, сактаудың әдістемелік құралы. Толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Кие, 2009.
33. Ысқақов Б. Оку кітабы: Үлкендерге арналған. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1963.
34. Ысқақов Б. Сөбит Дөнентаевтың ақындық жолы. – Алматы: Мектеп, 1966.

**Бөлім қызметкерлері құрастырып, алғы сөздері мен түсініктерін жазып, жариялаган ғылыми басылымдар:**

1. «Асай – Барак» немесе табындар тарихына кіріспе / Баспаға дайындаған – С.Сәкенов. – Алматы: Аманат, 2005.
2. Абай Құнанбаев. Библиографиялық көрсеткіш (1988-2006 жж.). / Құрастырып, алғы сөз, қосымшаларын жазған – Т.Әлбеков. – Алматы: Арда, 2008.
3. Ақжолтай Ағыбай батыр / Құрастырып, ғылыми түсініктерін жазғандар: А.Ісімақова, С.Сәкенов. – Алматы: Ғылым, 2002.
4. Әдебиет әлемінде. / Құраст.: С.Сәкенов, Т.Әлбеков, С.Косан. – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2010.
5. Білім – дария. Аудиокітап. / Құраст.: С.Сәкенов, Т.Әлбеков, С.Косан. – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2010.
6. Дербісөлин Ә.Ж. Байтақ пен Бәйтерек: Ғылыми енбектері мен ол туралы әдеби көркем жөне ғылыми, деректі материалдар жинағы./ Құраст.: Дербісөлина Б.Ә., Дербісөлина Ж.Ә., Орынғали Қ.С. – Алматы: Арда, 2009.
7. Ер Әжібай. / Құрастырып, алғы сөз, ғылыми түсініктерін жазған – Т.Әлбеков. – Алматы: Журналист, 1997.
8. Жансугірұлы I. Өтірік (Ел әдебиетіне жинақ)./ Құраст.: Т.Әлбеков, С. Шахина. – Караганды: ҚарМУ баспасы, 2001.
9. Жанұзак Шынанұлы. Бактиярдың қырық бұтағы. / Құрастырып, алғы сөз, ғылыми түсініктерін жазған – Т.Әлбеков. – Алматы: Толағай, 2007.
10. Қазак ақыны Ибраһим Құнанбайұғлының өлеңі. / Құрастырып, сөздігін жазғандар: Т.Әлбеков, С.Косан, А.Әлібекұлы. – Алматы: Кие, 2009.
11. Қазактың мәдени мұраларын жинаудың бірыңғай әдістемесі / Құраст.: К.Алпысбаева, Т.Әлбеков т.б. – Алматы: Білім, 1998.

12. Абай. Қара сөздері. / Құраст. Т.Әлбеков. – Алматы: Арда, 2008
13. Құланаян Құлманбет. Сөзімнің қыл сыймайды арасына.../ Құрастырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктерін жазған – Т.Әлбеков. – Алматы: Ана тілі, 1998.
14. Құлсариев Е. Жыр – керуен./ Құрастырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктерін жазған Т.Әлбеков.– Алматы: Ана тілі, 2004.
15. Қырымның қырық батыры./ Редакторы әрі ғылыми косымшасын өзірлеген – С.Сәкенов. – Алматы: Арыс, 2005.
16. Таклақ айтып, ән шырқайық /Кұраст.: Б.Ысқаков. – Алматы: Жазушы, 1961.
17. Ұрпакқа ұлагат. Аудиокітап. /Кұраст.: С.Сәкенов, Т.Әлбеков, С.Қосан. – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2010.

*Қалиолла Орынгали,  
Тогжан Әкімова.*

## МӘТИНТАНУ ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ БӨЛІМІ

2007 жылы Қолжазба және мәтінтану орталығының негізінде «Мәтінтану және деректану» мен «Қолжазба және каталогтау» бөлімдері құрылды. «Мәтінтану және деректану» бөлімін күрудағы басты максат текстология мәселелерін арнайы зерттейтін өз алдына дербес ұжым қалыптастыру болды. Себебі елімізде эдициялық мәтінтанудың мол тәжірибесі жинақталғанына қарамастан, осы тәжірибелі теориялық жағынан түйіндеу, аталған саланың теориялық мәселелерін анықтап талдау, жүйелі тарихи-текстологиялық сараптау мен басылымға сынни көзben карау жағы соңғы кезге дейін кемшін соғып жатты. Сонын бір дәлелі, бұл салада 2009 жылға дейін азын-аулак макалалардан өзге екі монографиялық жұмыстығана аттай аламыз:

1. Қазак фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. – Алматы: Ғылым, 1983.

2. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының текстологиясы. – Алматы: Ғылым, 1994.

1983 жылы жарық көрген ұжымдық енбекте әдебиет пен фольклордың жекелеген мәтіндеріне мәтінтанулық талдаулар жасалса, кейінгі енбекте белгілі эпостың бір ғана мәтіні текстологиялық түрғыдан сарапталады. Баска сөзben айтқанда мәтінтануды филология ғылымдарының жүйесінде ғылыми пән ретінде қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселеі екені айқын. Ашығын айту керек, бұл мәселе соңғы кезге дейін толық шешімін тапкан жоқ.

Жаңадан құрылған «Мәтінтану және деректану» бөлімінің ұжымын 2004-2006 жылдары «Бабалар сөзі» ғылыми басылымының көптеген томдарын дайындауға белсенді түрде атсалысқан бұрынғы Қолжазба және мәтінтану орталығының қызметкерлері құрады, олар: ф.ғ.д. Б.У.Әзібаева, ф.ғ.к. Ж.Рақышева, А.Ақан, Э.Мейірбекова.

Бөлім басшылығына 1999-2006 жылдар аралығында «Қолжазба және мәтінтану» орталығын басқарып келген ф.ғ.д. Б.У.Әзібаева тағайындалды.

Институт директоры С.А.Қасқабасов төрағалық ететін институттың Ғылыми кеңесінің үйіншімен жүзеге асқан жоғарыда айтылған қайта құрылымдау ісі дер кезінде қабылданған шешім болды. Әйткені, осы ғылыми орталық құрылғаннан бастап, қызметкерлердің ғылыми ізденістері

мәтінтанудың негізгі күрделі мәселелерін анықтап, саралауға бағытталды.

2009 жылы бөлім ұжымы КР БГМ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми-зерттеу жобасының жоспарына сәйкес қолға алынған «Фольклор мәтінтануы: Өткені мен бүгін» атты ұжымдық монографияны дайындалап, жарықка шығарды.

Енбек үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде фольклор мәтінтануының мақсаты мен міндегі анықталып, мәтінтанудың негізгі нысаны – мәтінге түсінік берілді, ғылымда қалыптасқан вариант, версия сияқты терминдер және мәтіндік өзгерістердің типтері мен түрлері қарастырылды.

Екінші бөлімде фольклор жарияланымдарының тарихы саралады. Олар Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі басылымдар (1807-1917), кеңестік кезеңдегі басылымдар (1971-1991), тәуелсіздік кезеңіндегі басылымдар (1992-2005) деп үш кезеңге бөлініп сипатталды. Әр дәуір басылымдарының нақты мақсаты, міндегі болуымен катар, олар нақты бір аудиторияға арналған. Тарауларға жазылған мақалаларда қарастырылып отырған жылдардағы басылымдардың табиғаты мен түрлері анықталып, сипаттамасы берілді, оларға ортақ негізгі кемшіліктер көрсетілді.

Сонымен ұжымдық монографияның бірінші, екінші тарауларында мәтінтанудың ғылыми-теориялық проблематикасы анықталып, біраз мәселелері талданып, саланың жалпы жағдайы саралады. Алғашқы екі тараудың алты мақаласын Б.У.Әзібаева жазса, бір мақала С.Бралинаға тиесілі.

Ал, еңбектің үшінші тарауында жеке шығармаларға арналған текстологиялық талдаулар жинақталды.

Еңбекке енген талдаулар ғылыми-теориялық деңгейі жағынан алып қарағанда жоғары сапасымен ерекшеленеді; олардың қолданылу аясы өте кең: гуманитарлық ғылымдарда, оқу-ағарту процесінде, мәдениет саласында, редакциялық-баспа ісінде т.б. Монографияға жазылған макалалар жаңалығымен, тың ойларымен ерекшеленіп, ғылыми-көпшілікке алғаш рет ұсынылып отыр.

«Фольклор мәтінтануы: Өткені мен бүгін» атты ұжымдық монография Мәтінтанудың филология ғылымдары жүйесінде жеке ғылыми пән ретінде қалыптасуына ықпал етіп, осы бағыттағы ғылыми тың ізденістерге негіз қалап, серпін беретіні анық.

Енбектің тараулары мен тараушаларын жазған ғалымдар: филология ғылымдарының докторы, профессор **Б.Әзібаева** («Андалпа», «Фольклор мәтінтануы: қағидалары мен міндеттері», «Фольклор мәтінтануының негізгі нысаны – мәтін туралы түсінік», «Варианттардың өзара өзгешеліктері: табиғаты мен түрлері», «XIX, XX ғ.ғ. басындағы фольклор жарияланымдары туралы [1807-1917]», «Кенес кезіндегі казак фольклоры басылымдарының типтері мен түрлері [1917-1991]», «Тәуелсіздік кезеңіндегі басылымдар», «Бозжігіт» жыры: мәтінтанулық зерттеудің корытындылары», «Әсет ақынның «Ер Шеризат» дастанының текстологиясы»); филология ғылымдарының кандидаты **С.Бралина** («Мәтін – фольклор теориясының ұғымы ретінде»); филология ғылымдарының кандидаты **Е.Магауин** («Шоқан жинаған «Едіге» жырының текстологиясы туралы бірер сөз»); КР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор **Р.Бердібаев** («Эпос басылымдары»); КР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор **С.Қасқабасов** («Қазак әндерінің мәтіні туралы»); филология ғылымдарының кандидаты **Қ.Алпысбаева** («Едіге туралы жырлардың нұсқалық ерекшеліктері», «Абылай туралы жырдың» басылымдары», «Тәһир-Зұһра» дастанының текстологиясы»); филология ғылымдарының кандидаты **Ж.Асанов** («Едіге» жыры үлттых өрнекшіліктері, «Абылай туралы жырдың» басылымдары); филология ғылымдарының кандидаты **Ж.Рақышева** («Қамбар батыр» жырының текстологиясы», «Қисса Зияда, Шаһмұрат» дастаны басылымдарының өзгешеліктері», «Қаһарман» дастанының жарияланымдары»); фольклортанушы **А.Ақан** (Р.Мәзқожаев жырлаған «Көрүглі» эпосының текстологиясы).

2007-2008 жылдары бөлім қызметкерлері «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында шығарылып отырған «Бабалар сөзі» ғылыми сериясының 43, 48, 52-томдарын дайындағы. «Бабалар сөзі» сериясының 43-томына «Қамбар батыр» (370 бет) эпосының он бір нұсқасы енді. Жыр нұсқаларының көпшілігі бүрін-сонды жарияланбаған. Эпостың басты сюжеті ноғайлы-казак хандығы кезеңінің кейір оқиғаларын қамтиды. Томды құрастырып, ғылыми косымшаларын жазып баспаға дайындаған – Ж. Рақышева, жауапты шығарушысы – Т. Әкімова.

«Бабалар сөзінің» 48-томына (536 бет) әлсіздердің корғаны, әділеттің жаршысы ретінде танымал Көрүгліның өске-

ри жорықтарын жырлайтын шығармалар енді (9 мәтін). Жа-рияланған мәтіндердің көпшілігі алғаш рет баспа бетін көріп, тұпнұскаларынан еш өзгертусіз берілді.

48-томды құрастырып, мәтіндерін баспаға дайындаған Б.У.Әзібаева мен А.Акан. Сонымен қатар Б.У.Әзібаева аталған томға 22 беттік алғысөз бер 24 беттен тұратын ғылыми түсінік жазса, А.Акан 6 беттік ғылыми түсінік жазып, томның жауапты шығарушысы міндетін атқарды.

Томға жазылған алғысөзде «Көрүғлы» эпосына жан-жакты сипаттама беріліп, оның жанры айқындалып, генезисі мен қаһарманның бейнесі, қызметі анықталып, типтік сарындары сөз болады; ғылыми түсініктерде қамтылған шығармалардың сюжеті мен негізгі мотивтері талданып, мәтінтанулық сараптамалар жасалған, сонымен қатар өзге де нұскалары мен версиялары, жырлауши, жинаушы, жариялаушылар жөнінде мәліметтер берілген.

«Бабалар сөзінің» 52-томын (350 бет) да құрастырғандар Б.У.Әзібаева мен А.Акан. Б.У.Әзібаева аталған томға 24 беттен тұратын ғылыми түсінік жазса, А.Акан 3 беттік ғылыми түсінік жазды. Томға енген архаикалық эпостардың да мәтіндері тұпнұскадан еш өзгертусіз берілді.

2009 жылы «Қазақ фольклоры мен фольклортануының библиографиялық көрсеткіші (2002-2005)» жарық көрді, көлемі – 136 бет. Көрсеткішті құрастырып, баспаға өзірлеген ф.ғ.к. Ж.Рақышева, жауапты шығарушысы – Э.Мейірбекова. Библиографиялық көрсеткіш 2002-2005 жылдар аралығында жарық көрген фольклорлық мәтіндер мен казақ фольклортануы бойынша жүргізілген зерттеулерді қамтиды, атап айтқанда олар – монография, автореферат, газет-журналдардағы мақалалар мен қазақ және орыс тілдеріндегі рецензиялар.

2009 жылы «Қамбар батыр» жыры және оның текстологиясы» атты монография жарияланды, көлемі – 150 бет. Авторы – ф.ғ.к. Ж.Рақышева. Монографияда қазақ халқының танымал батырлық эпостарының бірі «Қамбар батыр» жыры қарастырылған. Еңбек кіріспеден, екі бөлімнен және қорытындыдан тұрады. Зерттеуге «Қамбар батыр» эпосының жарық көрген және қолжазба күйінде сакталған нұскалар негіз болған.

2009 жылы Б.У.Әзібаеваның «Қазақ дастандары» атты монографиясы жарық көрді, көлемі – 287 бет.

Еңбекте казак эпосының көлемі жағынан комакты, бұрын-сонды зерттеген деуге де болатын қабаты – дастандық эпос шығармаларының бары дәлелденген. Жұмыста түнғыш рет дастандық эпосты кешенді түрде, жанр жүйесі ретінде қарастыру жүзеге асырылды. Сондай-ақ, монографияда 65 дастандық шығармада сюжеттік-типологиялық және мәтінтанулық сараптаулар жасалды.

Автор дастанның үлттық эпос дамуының сонғы сатысын құрайтының дәлелдей келіп, оның үлттық фольклорлық және жалпышығыстық дастан дәстүрінің негізінде пайда болғанын, қазактың тұрмыс-тіршілігіне негізделіп, қоғамның қажетін етегенін атап көрсетеді.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде казактың дастандық эпосының құрамы жанрлық тұрғыда: діни, ғашықтық, хикаялық және өскери дастандардан тұратыны анықталды. Бұл жанрлардың әркайсысы өзінің табиғатына, түрлі дәстүрлердің ықпалына, генезисінің ерекшелігіне т.б. байланысты өзіндік қасиеттерге ие.

Дастандық шығармалардың сюжеттік құрылымының негізін қазак фольклорының сюжет, сарындары, бір кездері қазак топырағында орын алған шынайы оқиғалар, жалпышығыстық фольклорлық мұралар, ежелгі және ортағасырлардағы Шығыс әдебиеті, сондай-ақ мұсылман мифтері мен аныздары, діни қайраткерлердің өмірінде болған делінетін оқиғалар мен эпизодтар қурайды.

2010 жылы бөлім қызметкерлерінің дайындауымен «Қазак эпосы» атты ғылыми-қөшшілікке арналған басылым жарық көрді.

Томды құрастырып, алғы сөз, косымшаларын жазып, редакциясын басқарған: Б.У.Әзібаева; аннотациялардың авторлары – Б.У.Әзібаева, Ж.Рақышева, А.Ақан. Кітапка қазак халқының алпыс үш эпосының аннотациялық мазмұны енді. Солардың ішінде көне, классикалық батырлық, ғашықтық, тарихи және дастандық эпос үлгілері қамтылды.

Бүгінгі күнге дейін қөшшілікке кеңінен танымал кейбір қазак эпостары ғана орыс тіліне аударылып, жарияланғаны белгілі. Олар: «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу», «Қызы Жібек», «Айман, Шолпан» жырларының орыс тіліндегі ғылыми және көркем басылымдары. Сонымен катар «Қобыланды батыр»

мен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» және «Қыз Жібек» эпостары Мәскеуде жарияланды (1975, 2003).

Дегенмен, казақ эпосы ауқымды түрдө өзге тілдерге, соның ішінде орыс тіліне де төржімаланған емес. Бұл дегеніміз, біздің қоғамымыздың орыс тілді бөлігі ұлттық эпосымыздың эстетикалық құндылығынан қағыс калып қана коймай, олардың ауқымы, сюжеттік-такырыптық және көркемдік деңгейі жөнінде де шынайы мағлұматы болмай келді.

Осыдан келіп құрастырушылардың мақсаты анықталды, яғни орыс тілді оқырмандарға казақ эпостарының барлық түрінен мағлұмат беру. Авторлар материалдарды дайындау барысында мүмкіндігінше эпос мазмұнындағы негізгі эпизодтар мен фабулалық элементтерді, негізгі кейіпкерлердің сюжетқұраушы қадамдарын, олардың іс-әрекеттерінін себебін ашып көрсетуге, сонымен қатар этнографиялық детальдар мен тарихи шындықты сактауға тырысты.

Кіріспе мақалада ұлттық эпостың генезисі мен негізгі даму кезеңдеріне, оның түрлері мен жанрларына қысқаша шолу жасалып, кейбір эпостық ұлгілерге акпараттық сипаттама берілді. Сондай-ақ, том сөздікпен, мәтіндерде кездескен қазақ этносының негізін құрайтын руладар мен тайпалар, тарихи және діні тұлғалар, мифтік, ертегілік кейіпкерлер, мәтіндерде кездесетін эпикалық және географиялық атаулар жайындағы қысқаша мәліметтер камтылды; сонында пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілді.

Бұгінгі таңда бөлім қызметкерлері «Тәуелсіздік кезеңінде жарияланған көркем шығармалардың текстологиясы» атты ұжымдық монографияны дайындағы. Монография үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде тәуелсіздік кезеңінде жарияланған әлеуметтік маңызы бар фольклорлық шығармалардың басылымдарына талдау жасалып, әдициялық мәтінтанудың жетістіктері көрсетілді, ғылыми басылымның маңызды қағидаларын игеру, колдану үрдісінін көңіл көншітерлік динамикасы байқалды. Сонымен бірге, басылымдардың көпшілігіне ортақ қателіктер де анықталды.

Екінші бөлім әдеби шығармалардың текстологиясына арналды. Жазба әдебиет текстологиясының кейбір өзекті мәселелеріне арналған көлемді мақала жазылып, көркем жазба әдебиет жарияланымдарының негізгі өмбебап қағидалары мен басылымның техникасы қарастырылды. Сонымен қатар,

М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, А.Байтұрсынов шығармалары жарияланылдырының текстологиялық сараптамасы оқырман назарына ұсынылды.

Үшінші бөлімде фольклорлық мәтіндердің басылымына катысты әдициялық текстологияның негізгі қағидалары сөз болды.

Монография Институттың Ғылыми Кенесінде талқыланып, баспаға ұсынылды.

Ұжымдық монографияға жазылған мақалалардың авторлары – Б.У.Әзібаева, Ж.Рақышева, А.Ақан. Жауапты редакторы – Б.У.Әзібаева, жауапты шығарушысы – А.Ақан.

Мұнымен қатар «Қазақ фольклоры мен фольклортануының библиографиялық көрсеткіші (2006-2010)» дайындалды, көлемі – 80 бет. Көрсеткішті құрастырып, баспаға әзірлегендер Э.Мейірбекова мен К.Тілеухан. Библиографиялық көрсеткіш 2006-2010 жылдар аралығында жарық көрген фольклорлық мәтіндер мен казақ фольклортануы бойынша жүргізілген зерттеулерді қамтиды, атап айтқанда ол – монография, автореферат, газет-журналдардағы мақалалар мен казақ жөне орыс тілдеріндегі рецензиялар.

Көрсетілген мерзім ішінде бөлім қызметкерлері Институттағы қоғамдық шаруаларға белсene катысып, конференцияларда баяндамалар жасаумен қатар, мақалаларын жариялад отырды.

2010 жылы бөлімнің кіші ғылыми қызметкері А.Ақан «Р.Мәзкожаев жырлауындағы «Көрүғұл» эпосы: сюжетикасы мен текстологиясы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация корғады (2011 жылдың мамыр айында ЖАҚ тарапынан бекітілді).

2009 жылы Б.У.Әзібаеваға профессорлық атак берілді.

2010 жылы Б.У.Әзібаева Ш.Уәлиханов сыйлығының лауреаты атанды.

## **2006-2011 жылдары бөлім қызметкерлері жариялаган кітаптар тізімі**

1. Фольклор мәтінтануы: Откені мен бүгіні. Ұжымдық монография. – Алматы, 2009. – 285 б.

2. Қазақ фольклоры мен фольклортануының библиографиялық көрсеткіші (2002-2005). Құрастырган Ж.Рақышева, жауапты шығарушы Э.Мейірбекова. – Алматы, 2009. –136 б.

3. Бабалар сөзі: Жұз томдық. 43 т. (Батырлық жырлар). Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Ракышева Ж. – Астана: Фолиант, 2007. – 416 б.

4. Бабалар сөзі: Жұз томдық. 48 т. (Батырлық жырлар). Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар: Әзібаева Б., Ақан А. – Астана: Фолиант, 2008. – 536 б.

5. Бабалар сөзі: Жұз томдық. 52 т. (Көне эпос). Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар: Әзібаева Б., Ақан А. – Астана: Фолиант, 2008. – 352 б.

6. Әзібаева Б.У. Қазак дастандары. Монография. – Алматы, 2009. – 287 б.

7. Ракышева Ж. «Камбар батыр» жыры жөне оның текстологиясы». Монография. – Алматы, 2009. – 150 б.

8. Казахский эпос. Аннотированные изложения содержания 63 казахских эпосов. Комплектация тома, предисловие, приложения, общая редакция: Азибаевой Б.У. Авторы аннотаций – Азибаева Б.У., Ракышева Ж., Акан А. – Алматы, 2010. – 472 стр.

9. «Тәуелсіздік кезеңінде жарияланған көркем шығармалардың текстологиясы». Монографияға тараулар жазғандар – Б.Әзібаева, Ж.Ракышева, А.Акан. – Алматы, 2011. – 140 б. (баспада).

10. Қазак фольклоры мен фольклортануның библиографиялық көрсеткіші (2006-2010). Құрастырғандар: Э.Мейірбекова, К.Тілеухан. – Алматы, 2011. – 80 б. (баспада).

**Бақытжан Әзібаева**

## МУЗЫКАТАНУ БӨЛІМІ

ХХ ғасырдың бастапкы онжылдықтары республика мәдени өмірінде елеулі оқиғаларға толы кезен болды. Откен ғасырдың 30-40 жылдар аралығында жаңа мәдениеттің қалыптасуында музикалық білім ошактарының негізі қаланып, музикалық және драма театры құрылып, көптеген фестивальдар, слеттер, көрмелер және т.б. іс-шаралар өткізілді.

Қырқыншы жылдары ҚазКСР Ғылым академиясы Президиумының жаңындағы «Өнертану» секторы ашылды. Бұл сектордың негізін қалаған музыкатанушы, композитор, дирижер, КР ҰҒА-ның академигі (1946), өнертану ғылымдарының докторы, ҚазКСР-інін халық артисі (1944) А.К.Жұбанов 1950 жылға дейін бөлім менгерушісі міндеттін атқарды. Ал 1951-61 жылдары ҚазССР Ғылым академиясының Тіл және өдебиет институтындағы өнертану бөлімін, кейін 1961-68 жж. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыкатану бөлімін басқарды. Арнайы мамандардың жетіспеуіне байланысты бұл секторда өнертану саласының арналарын зерттейтін санаулы қызметкерлер енбек етті.

Академик Ахмет Қуанұлы – Қазақстан мәдениетінің, өнер саласының дамуына үлкен үлес қосқан тұлға. Оның көпқырлы, яғни композиторлық, орындаушылық, педагогикалық, коғамдық кайраткерлігімен қоса үйимдастырушылық қабілеті ерекше көрінді. 1934 жылы композитор құрған домбырашылар ансамблінің негізінде қазіргі белгілі академиялық Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрі үйимдастырылды. Сонымен бірге еліміздің оку ағарту саласына Батыс Еуропа музикалық білім жүйесінің енуіне белсенді атсалысты.

Қазақстан жазба көсіби музикасының жаңа белесте да-муында да А.К.Жұбановтың композиторлық шығармашылығы ерекше орын алады. Ол көпшілікке белгілі «Отаным», «Ақ Шолпан», «Жылқышы», «Лирикалық өн», «Карлығаш» т. б. әндер мен бірнеші хор, «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» пьесасына (Ф.М.Мұсірепов, 1938), қазактың тұнғыш «Амангелді» көркем фильміне (М.Ф.Гнесинмен бірге, 1938), сонымен қатар бірнеше камералық аспаптық шығарма, «Абай» (1944), «Төлеген Токтаров» (Л.А.Хамидимен бірге, 1947) опералары және тағы да басқа ірі туындыларды дүниеге әкелді.

Академик казак халық музикасының тарихын, әнші-құйші композиторлардың өмірі мен шығармашылықтарын

зерттеп, «Құрманғазы» (1936), «Қазақ халық композиторларының өмірі мен творчествосы» (1942) атты ғылыми еңбектер жазды. Өзінің іргелі «Ғасырлар пернесі» (1958) және «Замана бұлбұлдары» (1963) атты еңбектерінде XIX ғасырда өмір сүрген ауызша көсіби халық таланттарының музыкалық шығармашылық келбетін ашты. Келешектегі музыкатану ғылымының дамуына бағыттар ашып, артына өшпес із калдырыды. Осы жылдары А.К.Жұбановтың үлт мәдениетінің тарихында айтулы орны бар «Қазақ халқының аспаптық музыкасы. Домбыра, көбіз, сыйызғы күйлері» (құрастыруыш З.Жанұзакова, 1964) атты ғылыми еңбегі жарыққа шықты.

А.К.Жұбановтың ғылыми жетекшілігіменен бөлім дәстүрлі музыкалық мәдениет пен көсіби композиторлық шығармашылықтың тарихи және теориялық мәселелерін ғылыми түрғыдан зерттеді. Музыка зерттеуші мамандарды даярлаудағалымның белсенді қызметі нәтиже беріп, алғашкы жоғары дәрежелі кадрлар пайда болды. Атап айтқанда, жас өнертанушылар мен аспиранттар, ізденушілер легінде: М.Ахметова, Б.Ерзакович, Б.Ғизатов, Ж.Рсалдин З.Қоспақов, Т.Мерғалиев, Ф.Бисенова, А.Темірбекова, Н.Кетегенова, З.Жанұзакова, Т.Бекхожина, С.Күзембаева және т.б. болды. Жас ғалымдарды төрбиелеу барысында Қазақстан аймактарына экспедициялық сапарлар үйымдастырып, көптеген халық мұраларын, әнші-күйші туындыларын таспаға жазып, қағазға түсіріп, келешек үрпаққа аманат етіп, сактап қалды.

1960 жылдары А.Жұбанов Қазақстанда тұнғыш рет өнертану саласы бойынша диссертациялық кеңестің ашылуына белсенді қызмет атқарып, оның аспирантары Қазақстанда тұнғыш ашылған арнайы біріккен диссертациялық кеңесте кандидаттық диссертация корғады: Ф.Бейсенова («Песенное творчество Абая Кунанбаева»), Б.Ғизатов («Казахский государственный оркестр народных инструментов имени Құрманғазы» (музыкально-историческое исследование), Н.Кетегенова («М.Төлебаев мелодиясының халықтық ән негізі»), З.Қоспақов («Жизнь и творчество Жаяу Мусы Байжанова»).

Осы жылдары бөлімнің ғылыми қызметкері музыкатанушы М.М.Ахметова профессор В.Беляев жетекшілігімен өзінің «Қазақтың халық музыка дәстүрі және оның Кеңестік Қазақстан композиторларының ән шығармашылығында дамуы» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын Москва қаласында корғады. Ахметова Мөриям Мұқатайқызы (1921 ж.т.)

музыка зерттеуші, «Ерен енбегі үшін» медалінің (1970), КР ҰҒА-ның Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының иегері (1975), ҚазКСР-нің еңбек сінірген өнер кайраткери (1983).

Ғалым қазақ халық музыкасындағы дәстүр мен жанаышылдық мәселелерімен, Қазақстан композиторларының ән мен хор шығармашылығын зерттеумен айналысты. Ұзак жылдар бойы зерттеу нәтижесінде оның «Қазақстан композиторларының әндері мен романстары» (1964), «Песня и современность» (1968), «Песенное творчество Абая» (1995), «Казахские народные песни о Ленине» (1969), «Казахская советская музыка» (А.Жұбанов пен Б.Ерзаковичпен бірге, 1975), «Традиции казахской песенной культуры» (1983) сияқты еңбектері жарық көрді.

1945-1955 жылдары музыкатану бөлімінде өнертану ғылымдарының кандидаты (1967), профессор (1980), ҚазКСР жоғарғы мектебінің құрметті қызметкері (1980) Бисенова Faфура Нұрғаликызы қызмет атқарды. Зерттеуші ғылыми еңбектерінде қазақ халық және кәсіби музыканың өзекті мәселелерін көтерді. Олар «Песенное творчество Абая Кунанбаева» атты монографиясында, «Казахский академический театр оперы и балета» (Б.Мекишевпен бірге, 1954), «Опера «Абай» (1958), «Жамал Омарова» (1958) кітапшаларында, «Дина Нурпейсова» (1977), «Лидия Гончарова» (1977), «Еркегали Рахмадиев» атты очерктерінде көрініс тапты.

Музыкатану бөлімінде ән жанры бойынша елеулі еңбектер жазған тағы бір қызметкер музыкатанушы, өнертану кандидаты, педагог Темірбекова Алма /Кайрат/ Зарапқызы (1929-2009). Академик А.К.Жұбановтың жетекшілігімен «Песенная культура казахов Семиречья» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын Москва қаласында сөтті қорғап, осы еңбегінің негізінде 1975 жылы «Казахские народные песни» монографиясы жарыққа шықты. 1961-1982 жылдары қызмет еткен ғалым Жетісу өлкесінің ән мәдениетін зерттеумен шұғылданды. Музыка өнері бойынша жазған ғылыми зерттеулері «Ладо-ритмическая основа казахской советской народной песни» (1976), «Алмазная россынь» (1980), «Қазактың әдет-ғұрып, тұрмыс-салт әндері» (2001) кітаптарында жарияланды.

Институттың музыкатану бөлімін 1968-1986 жылдары музыка зерттеуші, отандық музыкатану ғылымының негізін қалаушылардың бірі, композитор, педагог, ҚазКСР-нің еңбек

сінірген өнер қайраткери (1945), өнертану докторы, профессор, КР ҰҒА-ның корр. мүшесі Борис Гиршевич Ерзакович (1908-1997) басқарды. Ол академик А.К.Жұбановтың ғылыми жетекшілігімен «Казахское народное песенное творчество дооктябрьского периода» атты кандидаттық диссертациясын Москва каласында корғады.

Галымның шығармашылық жолы қазақтың халық музикасын зерттеуден басталды. Радиода қызмет еткен жылдардан бастап Ә.Қашаубаев, И.Байзаков, Е.Өмірзаков, К.Лекеров, Ж.Елебеков, Ж.Омарова сынды үлтимыздың аса шебер әншілерінің 500-ге жуық әндерін нотаға түсірді. Сонымен катар, Республикамыздың облыстарына оннан астам музикалық –этнографиялық экспедиция үйімдастырып, 2500-ге жуық қазақтың халық және авторлық әндерін, домбыра, кобыз қүйлерін жинап, нотаға түсірді. Құнды үлгілерді жеткізген информаторлардың ішінде Естай Беркімбаев, Кенен Әзірбаев, Қали Байжанов, Молдахмет Тырбиев, Шәкір Әбенов, Науша Бекейханов тәрізді көрнекті өнер шеберлері болды.

Б.Г.Ерзаковичтің отандық музикатану саласына қосқан елеулі үлесінің бірі алғаш рет эпос жанрын зерттеп, жүйелеп, талдап, ғылыми айналымға енгізуі. Тұнғыш рет «Қызы Жібек», «Алпамыс», «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» жырларын нотаға түсіріп, талдау барысында батырлық және лиро-эпикалық деп екі түрге бөледі. Зерттеуші жалпы эпос жанрын өуенди-речитативті, музикалық-қойылымды, тұтас-музыкалық (музыкалық-аяқталған) деп топтайды («Қазақтың халық әндері». 1955). Музикатанушы-ғалым КР ҰҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болған «Қазақ совет музикасы» атты еңбекті (М.М.Ахметова және А.К.Жұбановпен бірлесіп, 1976), көптеген энциклопедиялық мақалаларды жазды. Сондай-ақ, «Қазақтың профессионалдық музикасы (1960-1970) және фольклорлық музикасының даму зандалиқтары», «Қазақ халықының музикалық мұрасы» (1984-1987) атты ғылыми жобаларға жетекшілік етті.

Қазақ музикасының тарихын, теориясын ұзақ жылдар бойы зерттеген Б.Г.Ерзаковичтің қаламынан «Творческие связи казахской и русской музыки» (1962), «Музыкальное искусство Казахстана» (1962), «Песенная культура казахского народа» (1966, сол жылы Мәскеуде осы тақырыпта докторлық диссертациясын корғады), «В созвездии музикаль-

ных культур» (1978), «Музыкальное наследие казахского народа» (1979), «У истоков казахского музыкоznания» (1987) атты еңбектер туындады.

Бөлім қызметкерлерінің құрастыруымен 1982 ж. жарықта шықкан «Қазактың музикалық фольклоры» атты жинақта Қазан төңкөрісіне дейінгі үлттық ән-күй үлгілері топтастырылды (жауапты редакторы Б.Г.Ерзакович). Мұнда тұрмыс-салт, әдет-ғұрып тақырыбындағы, тарихи дастандар мен эпикалық сюжеттердегі және аңыз, ертегі, мысалдар мен акындар сарындарының таңдаулы үлгілері орын алған.

Бөлімді Б.Г.Ерзакович басқарған жылдары музыкатануышы мамандар ұлағатты ұстаз А.К.Жұбановтың «Ән-күй сапары» (1976) еңбегін жариялады. Бұл жылдары бөлімде Т.Бекхожина, К.Жұзбасов, З.Қоспаков, З.Жанұзақова, Т.Мерғалиев, С.Ә.Күзембаева, Б.И.Қарақұлов секілді жас мамандар қызмет аткарды. Б.Ерзаковичтің жетекшілігімен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жанынан ашылған Диссертациялық кенесте А.Нугманова («Вокальное воспитание детей и подростков в казахских общеобразовательных школах»), С.А.Кузембаева («Ладо-гармоническая основа ранних опер Е.Г.Брусиловского»), Т.М.Алибакиева («Песенное творчество уйгурского народа /наследие/»), Н.Головнёва («Формирование национального стиля в казахских симфониях Е.Г.Брусиловского»), Б.И.Каракулов («Локальные особенности ладовой организации казахского песенного мелоса»), Тен Чу («Песенная культура советских корейцев»), П.М.Момынов («Становление и развитие музыкального воспитания и образования младших школьников Казахстана /1920-1970/»), К.Жұзбасов («Песенный фольклор казахов Горного Алтая»), К.Тулеутаев («Песенная культура казахов Прибалхашья»), Р.К.Хасанова («Процессы становления и развития уйгурской музыкальной драмы») кандидаттық диссертацияларын қорғады.

Олардың арасында институт қызметкерлері 3.Қоспаковтың «Әнші тағдыры» (1971), «Жаяу Мұса» (1977), «Ақсиса» (1985), «Қазак музикасының тарихнамасы» (Б.Г.Ерзакович пен бірге, 1986) атты кітаптары, С.Ә.Күзембаевының «Формирование гармонии в казахской музыке» (1977), «Воспеть прекрасное» (1982) сынды іргелі еңбектері, Б.И.Қарақұловтың «Асыл мұра» музикалық-этнографиялық жинағы (1981) жарық көрді.

1962-80 жылдары музыка бөлімінде фольклоршы-музыкатанушы, өнші Бекхожина Талиға (1919-1995) қызмет етті. Бірнеше жыл бойы фольклорлық экспедиция құрамында болған ол Қазақстанның және Өзбекстанның жергілікті тұрғындары арасынан бұрын белгісіз болып келген өндерді нотаға түсіріп (1500-ден астам), халық шығармашылығының орындаушылары жайында деректер жинады. Этнограф халық өндерімен кāтар, домбыра, кобыз, сыйзызы қүйлерінің табиғатына терен бойлап, олардың шығу тарихын зерттеді, эпостық жанрға да мән беріп, жырлардың манызды проблемаларын көтерді.

Т.Бекхожинаның көн жылғы еңбегінің нәтижесінде «Қазактың 200 өні» (1972), «Қазына» (1979), «Аманат» (1989), «Шекерім» (1989), «Даланың назды саздары» (1996) және т.б. еңбектері баспа бетінен жарық көрді.

Қазақстанның шалғай аймактарының музикалық фольклорын зерттеген ғалымдардың бірі музыкатанушы, өнертану кандидаты Жұзбасов Қайролла Гүсіпұлы (1941-1995). Ғалым қазак музыка фолқьлорының және оған өзге елдер (алтай, монғол, орыс) музыкасының әсер-ықпалы, әсіресе, Алтай қазактарының тарихи жағынан қалыптасқан өзіне тән жергілікті музыкасының жанры мен түрін теориялық тұрғыда зерттеу мәселесімен айналысты. Қ.Жұзбасовтың ғылыми зерттеу жұмысы «Музикальный фольклор казахов Горного Алтая» деген атпен 2007 жылы баспадан жарық көрді.

Бөлімде 1956-1982 жылдары Ленинград консерваториясының теория-композициялық факультетін бітірген музыкатанушы, фольклоршы Жанұзакова Зәуре Бейсенқызы (1932 ж.т.) ғылыми қызметкер болып істеді.

Ол қазақтың фортепианолық және камералық-аспаптық музыкасының қалыптасу жолдарын, халық өн шығармашылығы мен аспаптық музыкасының ерекшеліктерін зерттеу мәселелерімен айналысты.

.. Зәуре Бейсенқызы «Казахская инструментальная музыка» (1964); «Тұған өлке (Фали Дүйсеновтың өндері)» (1975) жинақтарының бөлімдерін дайындағы. 2007 жылы А.В. Затаевичтің «Қазак халқының 500 ән-күйі» атты жинағын толықтырып, қайта өндеп шығарды. Бұл еңбек А.В. Затаевичтің академиялық әргелі еңбегінің толықтырылған басылымы. Мұнда халық арасына кеңінен таралған дәстүрлі музыка үлгелері үлттық мәдениетіміздің көрнекті өкілдері айтуы бой-

ынша жазып алғынған. А.В.Затаевичтің «500 ән, күйінің» академиялық басылымы екі бөлімнен тұрады: біріншісі – Факсимиле (бірінші басылымы, 1931 ж.) және екіншісі – реставраторлық толықтырулары. Жеке бөлімдер фрагменттердің екі тілді вербаликалы болуы осы тараулардың мазмұнына тікелей катасты. Екінші бөлімге ән мәтіндері, «ре-соль» бұрауына түсірілген күйлер, агогикалық орысша-казакша терминдердің көрсеткіші және жазып алғынған түпнұсқалар жөнінде мағлұматтар, әр түрлі көрсеткіштер енгізілген. Алғаш рет ән мәтіндері әуен-поэтикалық қалпына келтіріліп, дәстүрлі музыкалық логикасына сәйкес барлық ән, күй ноталарына ғылыми негізделген метро-ритмикалық реставрация жұмыстары жүргізілді.

1987-1993 жылдары бөлімді музыка зерттеуші ғалым, өнертану кандидаты, профессор Сара Әділгерейқызы Құзебай (1937 ж.т.) басқарды. Бөлімде К.Жұзбасов, З.Қоспақов, Б.И.Қарақұлов қызмет етті. Ол М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыкатану бөлімінде өз еңбек жолын ғылыми қызметкер ретінде 1966 жылдан бастады.

1991 жылдан бастап еліміз Тәуелсөіздік алғаннан кейін музыка өнері бөлімінде қөптеген жетістіктер болды. Осы ретте отандық мамандардың даярлауда баса мән беріліп, ұлттық рухани құндылықтарды игеріп, ғылыми зерттеп, жандандыруға өрі насиҳаттауға назар аударылды.

С.Ә.Күзембаева дәстүрлі және қазіргі заман музыкасының әртүрлі аспектілерін, ұлттық өнер жолының тарихи-теориялық қалыптасуын, композиторлық шығармашылықтың көркемдік-стильдік бағыттарын, Шығыс және Батыс Еуропа мәдениестіндегі фольклор мен жанашылдық белгілердің тоғызысу сияқты құрделі проблемаларды, сонымен қатар музыкалық театрдың қалыптасуы және дамуын, орындаушылық өнердің үлкен шеберлерінің творчествосын терең зерттеді. Бұл мәселелер 300-ге жуық мақаласында, онға жуық іргелі енбегінде қөрініс тапты.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы кезеңінде қайта ашылған Диссертациялық кеңесте профессор С.Ә.Күзембайдың ғылыми жетекшілігімен бөлім аспиранттары А.Қ.Омарованаң «Оперные произведения композиторов Казахстана в контексте музыкально-исторического процесса (1930-1960 гг.)», Г.Жоламанованың «Традиции домбрового кюя в казахской опере» такырыбындағы кандидаттық диссертациялары корғалды.

Бұл жылдары бөлім Мәскеудегі бүкілодактық өнертану институтымен тығыз ғылыми-мәдени байланыста болды. Мысалы зерттеуші С.Ә.Күзембайдын Бүкілодактық «Музикальная жизнь», «Ежегодник музыкальных событий» журналдарында «Первая казахская радиоопера «Курмангазы», «Опера об уйгурской народном герое (об опере К.Х.Кужамьярова «Садыр палван»)» және «Е.Рахмадиев» атты мақалалары жа-рыққа шықты. Ал, 90-жылдары ғалымның Мәскеуден жарық көрген Үлкен Ресей энциклопедиясының «Опера» бөлімінің «Истории музыки народов СНГ» тарауын және «Истории музыки народов Средней Азии и Казахстана», «История музыки народов СССР» кітаптарының Қазақстанның опера, балет және симфониялық музикасы туралы тарауларын жазды.

Бөлімге 1994-1998 жылдары музика зерттеуші, өнертану ғылымдарының докторы, профессор Болат Ишанбайұлы Қаракұлов (1942 ж.т.) менгеруші болды. Б.И.Қаракұлов 1967 жылы Москва консерваториясындағы хор дирижері мамандығын тәмамдап, 1973 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын бітіріп, сол жылы «Локальные особенности ладовой организации казахского песенного мелоса» тақырыбында кандидаттық диссертациясын корғады.

Ғалым бір монографияның, екі музикалық-этнографиялық жинақтың және музика өнеріне қатысты көптеген мақаланың авторы. Ол ғылыми конференцияларға, республикалық және халықаралық деңгейдегі симпозиумдарға белсенді қатысып, Ресей, Украина, Өзбекстан, Тәжікстан, Қыргызстан, Словакия, Венгрия, Италия, Турция, Израиль, АҚШ елдерінде ғылыми мақалаларын жариялаған. Оның ғылыми жетекшілігімен Р.Несіpbай, К.Клопова, Г.Ысқакова, Б.Оспанов, Ж.Кожахметова және т.б. казақ музикасы мен симметриологиясы бойынша әртүрлі тақырыптағы кандидаттық диссертациялар жазылды.

Енбек жолында зерттеуші ҚР ҰҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музикатану бөлімімен катар Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының казақ музика кафедрасының, ғылыми зерттеу лабораториясының менгерушісі және осы оку орнының ғылыми жұмыстары жөніндегі проректоры қызметін атқарды.

Б.И.Қаракұлов 1991 жылы «Симметрия музыкальной сис гемы» тақырыбында докторлық диссертациясын корғады.

Ол «Симметрия музыкальной системы» атты монографиясы үшін Кембридж Университетінің (Ұлыбритания) 1992-1993 жылғы «Халықаралық Адам» құрмет белгісімен марапатталды. Ол өр жылдары зерттеуші өнертану бойынша Диссертациялық кеңестің тәрағасы және кенес мүшесі, ҚР ЖАК Сараптау комиссиясының мүшесі, Қазақстан композиторлар Одағының музыкатану секциясының тәрағасы болды. Қазіргі уақытта ол ICTM Халықаралық дәстүрлі музика Ассоциациясының және Бұкіләлем симмертолог Ассоциациясының (ISIS – Symmetri) мүшесі.

Бұл жылдары бөлімде аға буын өнертанушы-ғалымдар З.Қоспақов, К.Жұзбасовпен бірге ө.ғ.к. А.К.Омарова, Р.Т.Несіпбай, Ф.З.Бегембетова, Ж.С.Ордалиева сияқты ғылыми қызметкерлер еңбек етті. 1995 жылы А.К.Омарованың Жамбылдың мерейтойына байланысты «Жамбыл и Айкумыс» Л.А.Хамиди» атты кітабы жарыққа шыкты. Мұнда Қ.Бекхожиннің «Жамбыл мен Айкуміс» драмасына жазылған Л.Хамиидидің бұрын-сонды арнайы зерттеу нысанына алынбаған операсы 40-жылдардағы музыкалық-театр қойылымдарының шенберінде тұнғыш рет қарастырылып, бұл туындының жаңа опералардың туындауында атқарған міндегі мен маңызы анықталған.

1998-2000 жылдары бөлімге музыкатанушы, фольклоршы, өнертану кандидаты, 1973 жылдан Қазақстан композиторлар Одағының мүшесі. ҚР мәдениет кайраткері Қоспақов Зейнұр /Зайнакұл/ Қоспақұлы (1932-2007) басшылық етті.

З.Қоспақов /казактың ұлттық музика өнерінің тарихы-на байланысты жазылған көптеген ғылыми еңбектердің авторы. Оның қаламынан туған зерттеулерде өткен замандағы халықтың көсіби әнші-композиторлары және қазіргі кездегі көрнекті әншілердің орындаушылық қызметімен артистік шеберліктері (Жаяу Мұса, Үкілі Ұбырай, Балуан Шолак, Естай, Майра, Кенен, Қали Байжанов т.б.) кеңінен сараланды. Қазактың әншілік салт-дәстүрін осы дәуірге жеткізіп-жалағастыруышлардың шығармашылығы туралы жазылған еңбектері музикалық оқу орындарында кеңінен пайдаланылуда. З.Қоспақов музикалық терминдерді казақ тіліне аударып, қалыптастыру жүйесінде де елеулі істер тындырыды. Қазақ музика қайраткерлері жайында ҚСЭ (12 томдық), «Ұлттық энциклопедияда» (6 томдық), «Абай», «Мұхтар Әуезов», «Қазақ өнері», «Музыкальный энциклопедический

словарь» (1990) және басқа басылымдарда жұздеген мақала-лары мен очерктері жарияланды.

Бұл жылдарда онын «Қазактың өншілік өнері» (1998) енбекімен катар бір топ авторлармен біріккен «Казақша-орысша, орысша-казақша терминологиялық сөздік» (2000) кітабы жарыққа шыкты.

Фылыми қызметкерлер Р.Т. Несіпбай қазактың халық және көсіби-композиторларының күйлерін талдау арқылы олардың интроверттік сипатын дәлелдеп, оның шеңберінде дүниетаным, дәстүрлі мәдениеттегі макро және микрокосмос, суырып-салма дәстүріне қатысты мәселелерді өзінің «Күй-токпе в системе традиционного мироотношения казахов (проблемы темы, формы и композиции)» (2000) атты монографиясында қарастырды. Автор қазактың күй өнерін Орта Азиядағы маком, өзіrbайжандағы мугам, индиядағы рага жанрларымен салыстырмалы түргыдан зерттейді.

Осы уақытта музыкатану бөлімінде Т.Ж. Егінбаевын («Музыкальное наследие Абая Кунанбаева и его преломление в камерно-вокальном творчестве композиторов Казахстана»), Ф.З. Бегембетованың «К. Байсентова и становление оперного жанра в Казахстане» Г.Б. Абдрахманның («Современное самодеятельное песнетворчество казахской музыкальной культуры»), Г.А. Бегалинованың («Казахский музыкальный язык»), С.Қалиевтің («Формы функционирования кюев-шертпе в контексте творческого мышления кюйши»), Р.Т. Несіпбайдың («Күй-токпе в системе традиционного мироотношения казахов /проблемы темы, формы и композиции/») және А.С. Сабырованың «Абай и Шакарим: музыкальная эстетика и песенное наследие» тақырыбындағы кандидаттық диссертациялары талқыланып, институт жаңындағы Диссертациялық кенесте корғалды.

2000 бастап бөлімге музыка зерттеуші ғалым, өнертану докторы (2007), профессор (1996), халық ақарту ісінің үздігі (1997), Ҳалықаралық ақпараттандыру Академиясының академигі (2004), 1972 жылдан Қазақстан композиторлар Одағының мүшесі, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері (2009), КР енбекі сінген қайраткер (2010) Сара Әділгерейкызы Күзембай (1937 ж.т.) басшылық етіп келді. Оның фылыми жетекшілік етуімен көптеген кандидаттық диссертациялар корғалды. Бұл кезеңде бөлімде З.Қоспаков, Б.И.Қ-

аракұлов, Ш.Г.Гуллышев, Ж.С.Ордалиева, Т.К.Жұмалиева, Р.Т.Несілбай, А.Ж.Қазтуғанова қызмет етті.

2000 жылдардан бастап С.Күзембайдың ғылыми жетекшілігімен Е.Үсенбаев, Э.Волшаник (Израиль), Г.Мұсатғулова, Ә.Мұхамеджан, Б.Тұрмағамбетова, Ф.Оразалиева, Л.Жұмабекова, А.Ергалиева, З.Касымовалардың әр түрлі тақырыптағы кандидаттық диссертациялары қорғалды.

Осы жылдары жоспарланған ғылыми-зерттеу жобасының нәтижесінде аталмыш ғалымдардың очерктері «Казахская музыка в контексте культуры» жинағында жарияланды (2002). Бұл жинаққа Қазақстанның дәстүрлі және қазіргі музыка өнерінің тарихи-теориялық мәселелерін зерттеуге арналған мақалалар мен очерктер енгізілді.

2003-2005 жылдары бейнелеу өнері және театртану бөлімдерімен біргіп музыкатану бөлімі Институттың «Қазақстанның өткен дәуірдегі және қазіргі заман музыка өнері» атты ғылыми-зерттеу жобасы бойынша «Қазақ өнерінің тарихы» атты үштомдық құрделі енбек шығарды. «Ежелгі Қазақстан өнері» атты бірінші томда бейнелеу, театр өнерімен катар музыка өнерінің бастапқы кезендері қарастырылып, онда ежелгі Қазақстан мәдениеті дамуының алғашқы кезендері аныкталды. Ұлттық көне музыкамызды жүйелеу, сипаттау, талдау, қарастыру барысында Орта Азия халықтары музыкасының бастаулары, отбасылық, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт өндері, халық музыка аспаптары, көне аңыз-қүйлер, көне кобыз өнері мен сыйбызы күйлері жанжақты зерттелді.

«Қазақстанның орта ғасырлардағы мәдениеті» атты екінші томда бейнелеу, театр, музыка өнерлерінің орта ғасырлардағы қалыптасуы мен болмысы зерттелді. Қазақстанның өнертану саласындағы зерттеуші-ғалымдарының түрлі тақырыптағы, шығыс ойшылдарының философиялық-эстетикалық көзқарастары, Орта Азия халықтары музыкасының бастаулары, бақсы өнері, тарихи әндер, көне археологиялық ескерткіштерде салынған музыкалық аспаптар, қылқобызыдағы эпикалық халық күйлері және т.б. мәселелер тарихи-теориялық түрғыдан зерделенді.

Ал, үшінші томда ауызша көсіби өн өнерінің негізін қалаған Біржан сал, Жаяу Мұса, Мұхит сал, Әсset, Естай, Ба-луан Шолақ секілді өнші-композиторлардың шығармашылығы, дәстүрлі аспапты музыкамен катар көсіби жазба дәстүріндегі жанрлардан опера өнерінің қалануы мен қалып-

тасуы, симфониялық музыка жанрлары туралы тың ізденістер жарияланды.

Музыкатану бөлімі төуелсіздіктін алғашкы кезеңінен бастап республикалық жөне халықаралық қолемде қөпқырлы, кәсіби мамандар дайындал келеді. Мысалы, Институт қабырғасында қорғалған диссертациялардың катарында бөлімнің аспирант, қызметкерлерімен бірге республикалықтың әр облыстарынан келген ізденушілер біліктілігін көтеріп, Қазақстанның арнайы орта және жоғары оқу жүйелерінде ғылымға, қоғамға, білімге өз үлестерін косып келеді. Сондай-ақ, музыкатану бөлімі жақын және алыс шет елдерге мамандар даярлаумен катар, халықаралық ғылыми-мәдени тығызы қарым-қатынастарды орнатып, жүргізуде. Мысалы, Қыргызстаннан (Р.Аманова), Израильдан (Э.Волшаник) арнайы келіп қорғаса, АҚШ-тан халықаралық деңгейдегі өйгілі ғалым, фольклортанушы, өнертану докторы, профессор И.Земцовский мен қазақтың эпос музыкасын алғаш рет ғылыми теориялық деңгейде терен зерттеген А.Құнанбаева, Өзбекстаннан өнертану докторлары Т.Б.Гафурбеков, Р.С.Абдуллаев, М.А.Хамидова Қыргызстаннан К.Ш.Дюшалиев және т.б. ғылымдар шеберлік сағаттарын өткізіп, дәңгелек үстелде қызу пікір таластар жүргізді.

2003 жылы бөлім қызметкерлері А.З.Бұлтбаева мен Р.С. Малдыбаева Ресей Федерациясының Мәдениет Министрлігінің қаржыландыруы жөне Ресей Өнер Тарихы институтының фольклор секторының үйымдастырылған Санкт-Петербург қаласында өткізілген «Международная Школа молодых фольклористов» атты жобасына М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты атынан қатысты.

2004 жылы алыс шет елдегі қандастарымыздың музыка мұрасын жинау мақсатымен үйымдастырылған экспедицияда ғылыми қызметкер Ә.А.Нұрбаев фольклортану қызметкері А.Тойшанмен бірге монгол еліндегі казактардың рухани мәдениетіндегі құндылықтарды таспаға түсіріп, институт фонокорын толықтырды.

2006-2008 жылдарда жүзеге асырылған «Қазақстанның қазіргі заман музыка өнері: ағымдар мен бағыттар» атты ғылыми-зерттеу жобасы негізінде атқару барысында бөлім қызметкерлері «Қазақстанның төуелсіздік жылдарындағы музыка өнері» атты ұжымдық монография құрастырып, баспадан шығарды (2008).

Аталмыш ұжымдық еңбекте Қазақстанның төуелсіздік кезеңіндегі музыка өнерінің болмысы мен көркемдік ағымдары ғылыми түрфыдан қарастырылады. Мұнда бірыңғай концепцияда жүйеленген, жан-жакты ашылып жазылған көлемді ғылыми очерктер мағыналы және мәнді мәдени құбылыстарды қамтып, зерттеу нысанына айналған. Сонымен катар, оларға тән тақырыптық, жанрлық, стильдік сипаттары айқындалды. Бұл құрделі және өзекті мәселелерді саралау барысында еңбек екі бөлімге жіктеліп, оның біріншісінде – дәстүрлі музыка түрлері (үйлену әдет-ғұрып өндері, қобyz және домбыра қүйлері, айтыс және өншлік орындаушылық өнері), ал екіншісінде – кәсіби жазба музыка өнерінің (опера, көпшілік қауымға арналған өн, эстрада, оның ішінде поп, рок музыкасы, ДЭККО жанrlары, эстрада үлгісіндегі ыскышты аспапта орындаушылық өнері) қазіргі уақыттағы жағдайы пайымдалған.

2004-2009 жылдары бөлім қызметкерлері Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асқан жоспарланған Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Қазақ музыкасы. Антологиясының» көп томдығын жарыққа шығарды. Бұл жоба М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері мен Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының мамандарының бірлесе жұмыс істеуімен жүзеге асты. Профессор С.Ә.Құзембайдың жетекшілігімен құйшілер К.Ахмедияров (1946-2010), Б.Ыскаков, К.Сахарбаева, бөлім қызметкерлері З.Қоспақов, Ә.Нұрбаев, Г.Мұсағұлова, А.Бұлтбаева, А.Қазтуғанова, Б.Тұрмагамбетова, Л.Жұмабекова, З.Қасымова катысты.

Онда Ежелгі және Орта ғасырдағы музыка фольклорының өн және көне аспаптық қүйлерінен бастап XX ғасырдағы композиторлардың шығармашылықтарына дейін қамтылды. Қазақ музыкасы тарихында тұңғыш рет жарық көріп отырған көптомдық «Қазақ музыкасы Антологиясының» I-томында ұлттық мұрамыздың көне түрлері: сарындар (баксы, ақындар сарындары және жай сарындар), әдет-ғұрып, тұрмыс-салт өндері (арбау, байлау өндері, жарапазан, бесік жыры, үйлену салтының өндері) және байырғы қобyz, шаңқобyz, сыйзығы, домбыра қүйлерінің нұскалары жүйелі түрде жинақталып беріледі. Антологияның II томы Орта ғасырдағы музыка фольклорына арналды. Мұнда эпикалық және жы-

раулық дәстүрдің нұсқалары, қазақтың батырлық, лиро-романдық әпостарының музыкасы, жыр, толғау, терме, діни мақамдар, халықтың енбек, тарихи, коныр және лирикалық әндері келтірілді. Сонымен қатар, ұлттық аспапты өнердің көптеген үлгілері – тарихи, әдет-ғұрып, лирикалық және жыр-күйлер енгізілді. III томда қазак халқының саз өнеріндегі алғашкы авторлық музыканың үлгілері қамтылады. Осы томға тұнғыш рет Қабан жыраудың, Нияз серінің, Мұсірәлі шығармалары енгізілді. Сондай-ақ басылымда айтыс жанры алғаш рет орын алды.

Антологияның IV томы «Көсіби халық композиторларының шығармашылығы (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы)» деп аталып, қазақ халқының аса дарынды, айрықша талант иелері, артына өлмес мұра қалдырган көсіби өнер өкілдерінің туындылары кірді. Олардың шығармалары сұрыпталып, белгілі бір аймактың (Арқа, Жетісу, Батыс Қазақстан, т.б.) стильдік ерекшеліктерін қамтитын өуендейк, ырғактық жағынан бай, өуезді музыкалық нұсқалары енгізілді. Атап айтқанда, бұл томға ән өнерінің белгілі өкілдері – Біржан сал, Ақан сері, Абай, Дәурен сал, Сүйінбай, Балуан Шолак, Мұхит, Адайдың жеті қайкысы, домбыра өнерінің шерптес және төкпе мәнерінде орындалған күйлер – Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Тоқа, Тіленді, Байсерке, қобyz музыкасының үлгілері – Ықылас, айтыс күйлер мен айтыс мақамдары кірді.

Бесінші томға Арқа, Жетісу, Сыр бойы, Батыс және т.б. белгілі бір аймактың стильдік ерекшеліктерін қамтитын өуендейк-ырғактық жағынан бай, өуезді музыкалық нұсқалар, яғни домбыра, қобyz, сыйызғы күйлері, айтыс мақамдары топтастырылды.

Отандық музыкатану саласында тұнғыш рет жарық көріп отырған бұл антология тәжірибеде кен қолданысқа ие болып, орта және жоғары оку орындарының оку бағдарламаларына енді. Бұл енбектің маңызы туралы республикалық баспасөз беттерінде жарияланып, бұқаралық ақпарат құралдарында құнды пікірлер айтылды.

2006 жылы ғылыми қызметкер Ж.Ордалиеваның «Созвучие: Габит Мусрепов и музыка» кітабы жарияланды. Кітапта казақтың белгілі жзушысы Габит Мұсіреповтың шығармашылық мұрасының музыкаға қатысты түстары қарастырылады. Фалымның музыкалық-сыни мақалаларының

орны, жалпы ұлттық музыка мәдениет тарихындағы жазушының ролі жан-жакты қарастырылған. Ф.Мұсреповтің драматургиясының негізінде жазылған «Қыз Жібек», «Амангелді», «Тұтқын қызы», «Ақан сері – Актоқты» т.б. қазақ оперларының музыкалық драматургиясы, опера стилистикасы сиякты маңызды мәселелер зерделенеді.

Қазақстан Республикасына Тәуелсіздігіне 20 жыл толуына орай М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындағын 10 кітаптан тұратын «Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет» атты серияның 3 кітабына С.Ә.Күзембайдың «Воплощение идеи независимости в казахской опере», Г.Ж.Мұсағұланың «Интерпретация идеи независимости в симфоническом творчестве композиторов Казахстана», А.З.-Бұлтбаевың «Тәуелсіздік идеясының эпикалық жырдағы көрінісі» атты макалалары енді. Бұл кітап қазақ өнері мен мәдениетіндегі тәуелсіздік идеясы мәселелеріне арналған. Өнердің басты салалары бейнелеу, музыка, театр өнеріндегі елеулі туындыларда халықтың, мемлекеттің өзіндік қайталанбас жолын табуға, азаттығын баянды етуге үмтүлған ізденістері мен идеялық көзқарастарын республиканың белгілі өнертанушы ғалымдары жан-жакты зерделеп ой елегінен өткізуде. Қазақстан тәуелсіздігінің жиырма жылдық мерейтойы қарсанында колға алынған бұл өзекті тақырып пен көтерілген мәселе келешекте жалғасын табады деп жоспарлануда.

Бөлім қызметкерлерінің ғылыми зерттемелері нәтижесінде олар кандидаттық диссертацияларын қорғап, жеке монографиялары жарық көрді. 2006 ж. С.Ә. Күзембайдың «Национальные художественные традиции и их конвергентность в жанре казахской оперы» (2006) монографиясы шықты. Енбекте отандық музыкатану ғылымының тарихында тұнғыш рет халықтың көркемдік дәстүрінде опера жанрына тән және оған негіз болатын белгілерді анықтау мәселесі жүйелі түрде зерттелді. Көзделген жанашыл ғылыми идея *ertegi*, *жұмбак* *өлең*, *сарындар*, *тарихи ән*, *бата сөз* сиякты музыкалық-поэтикалық фольклор ұлгілерінің пайдалануы нақтылы түрде «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын» (Е.Брусиловский), «Абай» (А.Жұбанов, Л.Хамиди), «Біржан – Сара» (М.Төлебаев), «Енлік – Кебек», «Жиырма сегіз» (Ф.Жұбанова), «Айсұлу», «Ақан сері – Актоқты» (С.Мұхамеджанов), «Камар сұлу», «Алпамыс», «Тың туралы ән», «Абылай хан» (Е.Рахма-

диев), «Махамбет» (Б.Жұманиязов) операларында қарастырылады.

Опералық формалар мен олардың мазмұнының арақатыстылығы қазак және түркітілдес халықтардың эпикалық шығармашылығының негізінде, олардың дүниетанымы мен ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, толық әрі терең ашылған. Фольклордың көптеген түрлерінде кездесетін операның кайнар көздері өзінің интерпретациясын, трансформациясын және даму жолын қазақ операларында бастаң кешіргені, соның нәтижесінде олардың ұлттық негіздері жаңа жанрда көрініс табатындығы ғылыми түрде алғаш рет дәлелденеді.

Г.Ж.Мұсағұлова отандық опера зерттеу бағытында алғаш рет Қазақстан композиторларының операларындағы речитатив түрлерін игеріп, фольклорлық музикалық-поэтикалық дәстүрмен тығыз байланыста қарастырды. Автордың «Национальное своеобразие речитаций в казахской опере» (2008) атты монографиясында опера жанрындағы речитативтердің эволюциясын көрсету, сонымен қатар олардың түрлерін, қолдану занылықтарын, көркемді түрде мәнерленуін, жанрлық, драматургиялық мүмкіндіктерін, шығарманың сюжеттік-сахналық құрылымына олардың ықпалын белгілеуге бағытталған.

А.З.Бұлтбаева «Қызы Жібек» жырының бірнеше орындаушылық нұсқаларын нысанада алынып, «Эпос және музыка» (2008) атты монографиясын шығарды. Автор монографияда әр ұлғіні нотаға түсіріп, олардың музикалық көркемдігін салыстырып саралайды. А.Бұлтбаева өз зерттеуінде жалпы қазақ жыры жайлы, оның ішінде «Қызы Жібек» эпосына катысты айтылған ой-пікірлерді саралап, отандас және шетел музикатанушылары мен әдебиеттанушы ғалымдардың методикасын жаңа көзқараспен зерделеді. Сонымен қатар, кітапта «Қызы Жібек» жырының құрамына кірген фольклорлық жанрлардың орнын және олардың өз қызметін қаншалықты сактағаны көрсетілді; жыршылардың эстетикалық көзқарастары, орындаушылық ерекшеліктері және әр орындаушының шығармашылық әдістемесінің өзгешелігі анықталып, эпикалық дәстүрдің бүгінгі таңда көрініс табуы ғылыми түрғыдан дәйектелді.

Бұл кезеңде бөлім қызметкерлерінің бірнеше іргелі зерттеу жұмыстары баспа жүзін көрді. Құй өнеріндегі жанр мен стиль мәселелерінің бір-бірімен байланыста зерттелуі және

олардағы музикалық һөм беймұзыкалық компоненттерінің жүйелену тарапы алғаш рет А.Ж.Қазтуғановың «Қазақтың арнау күйлері (жанр және стиль мәселелері)» (2008) монографиясында қарастырылды. Мұнда қазақтың аспапты музикасындағы жанр және стиль типологиясының саралануы «халық білімі», тарихи және теориялық музикатану, ғылымдар шектестігі негізінде өзгеше сапалық деңгейде жузеге асырылған. Сондай-ак, ғылымда бұрын-соңды пайдаланылмаған өрі жаңаша бағаланатын ауқымды фактологиялық материал на-зарға алынып, олардың ішіндегі аттас туындылардың бір бөлігі ретінде жеке топты құрайтын жалқылық пен жалпылық ұфымдағы арнау күйлері тұнғыш рет жанр және стиль мәселелері шенберінде зерттеледі.

Зерттеушілердің ғылыми-шығармашылық жұмыстарында аймақтық музикалық дәстүрлер де қалыс қалмады. Мысалы, отандық музика мәдениетіндегі осы уақытқа дейін игерілмей келген Батыс Қазақстан аймағының ән жанры мен әншілік өнері тұтастай (ғүрүптық, түрмистық ұлгілер және халықтық, авторлық лирика) Б.Ж.Тұрмағамбетованың «Қазақстанның батыс аймағының ән мәдениеті» (2009) атты монографиясында жан-жақты қарастырылады. Кітапта аймактағы ән мектебінің негізін салған Мұхит Мералыұлы және маңғыстаулық кайқылар дәстүрі өзара салыстырмалы талданып, сонымен қатар заман саясатына байланысты есімдері айтуға тыым салынған бірнеше ауызша көсіби автор шығармашылығы жаңаша көзқараспен сараланып, мұралары алғаш рет музикалық-теориялық аспектіде талданады. Музикатану саласындағы беймөлім болып келген «сағыныш ән», «мөтөк ән», «құлдіргі өлең» түрлері үлттық музика мәдениеті аясында алғаш рет зерттеліп, ғылыми айналымға ұсынылады.

А.Ж.Қазтуғанова мен Б.Ж.Тұрмағамбетованың аталған монографиялары 2011 ж. академик Салық Зиманов атындағы республикалық жас ғалымдар сайсында «Қоғамдық ғылымдағы үздік енбектер» санатынан табылып, алтын медальдар мен арнайы лауреаттық премияға ие болды.

Сонымен қатар республика мәдениетіндегі елеулі жаналықтардың бірі ? С.Ә.Күзембай, Г.Ж.Мұсағұлова, З.М.Қасымованың «Қазақ опералары» атты кітаптың қазақ, орыс тілдерінде 2010 ж. жарық көрүі. Мұнда елімізде музикалық театрлардың құрылған кезінен бастап бүгінге дейін қалыпта-

сқан Қазақстан композиторларының шығарған 50-ге жуық опералары қамтылған.

Опера шығармалары алғаш рет көпасспектілі түрғыда зерттелген. Кітапта отандық композитор-классиктердің және қазіргі авторлардың Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бері жазған барлық опералары қамтылған. Сонымен катар жазылған, бірақ әр түрлі себептерге байланысты сахнаға қойылмағандар немесе театр репертуарларында колдау таппаған туындылар да ішінара қарастырылады. Басылым материалдары композиторлардың өмірбаяндарымен толыктырылған, шығармалардың қыскаша шығу тарихы, сюжеті берілген, оларға музикалық-теориялық талдау жасалған. Жинаққа профессор С.Ә.Күзембайдың операның манызды сюжеттік-такырыптық үрдістері жайлы шолудың негізінде жазылған кіріспе мақаласы енгізілген.

Материалдар опералардың жазылу, шығу уақытына қарай хронологиялық тәртіп бойынша орналастырылды. Кітаптың сонында опера атауларының көрсеткіші берілді.

2000 жылдардан бері музыкатану бөлімінде алпысқа жуық қазақтың музыка өнерінің түрлі жанрлары туралы, атап айтқанда, халық және көсіби ән өнері, домбыра, қобyz, сыйзығы күйлері, жазба дәстүрінің көсіби жанрлары (опера, симфония, концерт, вокалдық-хор музыкасы, ұлт және үрмелі аспаптар оркестріне арналған) 60-қа жуық кандидаттық диссертациялар талқыланып, солардың ішінде 30-ға жуығы Эдебиет және өнер институтының Диссертациялық кенесінде корғалды.

Профессор С.Ә.Күйзембай және бөлім қызметкерлері бұрыннан қалыптасқан ғылыми және шығармашылық байланыстары арқылы жоғары оку орындарында шеберлік класстар мен ғылыми семинарлар өткізіп келеді, олардың катарында Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын, П.И.Чайковский атындағы Алматы музыка колледжін, Астана қаласындағы Қазақ ұлттық музыка университетін, Орал қаласындағы М.Өтемісов атындағы Мемлекеттік Батыс-Қазақстан университетін атайды.

Бөлім менгерушісі профессор С.Ә.Күзембайдың еңбек сүйгіштігі мен қажырлы қайраткерлігінің, жігерлігінің арқасында музыкатану бөлімі Республикалық және Халықаралық деңгейде белсенді әрі қарқынды дамып келеді. А.Қ.Жұбанов пен Б.Г.Ерзаковичтің 100 жылдық мерейтойының қарсанын-

да «А.Жубанов и становление искусствоведения в Казахстане» және «Б.Г.Ерзакович – музыка зерттеуші» атты конференциялары және Қазақстанның халық артистері, Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері Қ.Байбосынов, Қ.Ахметияров, КР өнер қайраткері С.Жанпейісованың қатысуымен өнер бейсембіліктегі үйымдастырылды.

Бөлім қызметкерлері бұғынгі таңда Қазақстанның дәстүрлі және композиторлық шығармашылығының өзекті болып отырған тарихи және теориялық мәселелер қарастырылатын ғылыми жобаларды жоспарладап отыр. Мысалы, «Тәуелсіздік жылдардағы музыкатану ғылыми» атты тарау жазылуда. Зерттеушілердің ғылыми мақалалары әртүрлі республикалық және халықаралық конференцияларда, жақын және алыс шет елдердің газет-журналдарында жарияланып келеді. Олар республикамыздың мәдени өмірі саласында (БАҚ, орта және жоғары оку орындары үшін манызды оку куралдарын жазуда) белсенді қызмет етіп келеді.

*Айнұр Қазтуғанова,  
Бақыт Тұрмагамбетова*

## ТЕАТР ӨНЕРІ БӨЛІМІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Театр өнері» бөлімі Қазақстандағы сахна өнерінің тарихы, теориясы және театр салының ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысатын алғашкы және іргелі өнертану орталықтарының бірі болып табылады. Алғашында құрамында бейнелеу өнері, музыкатану және театртану салалары бойынша мамандарды жинақтаған «Өнертану» секторы Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақ КСР-ның Үлттых Ғылым Академиясы Президиумында қазак өнері мен мәдениетінің танымал қайраткері, композитор, академик Ахмет Қуанұлы Жұбановтың жетекшілігімен ашылды. 1951 жылдан бастап секторға өнертану ғылымдарының докторы, Қазақ КСР ҰФА корреспондент-мүшесі Борис Гиршевич Ерзакович менгеруші болды.

Бұл кезеңде республика театрының тарихы мен теориялық мәселелерін зерттеу ісі ресейлік мамандар Н.И.Львов, В.Мессман, Л.И.Богатенкова, Л.Варшавскийлердің еншісінде болатын. Сонымен бірге бұл кез Т.Есенгельдин, Б.Құндакбайұлы, З.Кереева, Р.Ғабитова, Н.Шәуукенбаевалар секілді қазақтан шықкан зерттеушілердің театртану ғылымына тарыла бастаған кезі болатын. «Өнертану» секторының қазақ театр өнерінің тарихына арналған алғашкы зерттеулері осы жылдары жарыққа шыкты. Өнертану ғылымдарының кандидаты Н.И.Львовтың «Казахский академический театр драмы» (1954) деп аталатын қысқа очеркі қазақ драма театрының шығармашылық жолының бастау көзінен 1953 жылға дейінгі аралығын карастырса, осы зерттеушінің «Қазақ театры» атты тарихи очеркі «КСРО халықтарының театрлар тарихы» сериясымен 1961 жылы Мәскеудін «Искусство» баспасынан шықты (редакциясын жасаған Г.Гоян). Қазақстандағы көсіби сахна өнерінің пайда болуы мен даму бағыт-бағдарын айқындаған автор үлттых театр өнерінің тарихын, жалпы тенденцияларын бағамдап театртанушылық түрғыдан жүйелеген. Еңбек Қазақстандағы драма, опера және балет, балалар мен жасөспірімдер, облыстық театр ұжымдарының тарихи қалыптасуы мен даму жолдарын ашуға тырыскан.

1961 жылы Қазақ КСР Үлттых Ғылым Академиясы Президиумының шешімімен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және

өнер институты болып қайта құрылып, өнертану саласы жеке құрылым ретінде «Театр және бейнелеу өнері бөлімі» деген атаумен жұмыс істей бастады. Осы жылдардан бастап институттың кіші ғылыми қызметкерлері Б. Күндақбайұлы және Л.И. Богатенкова Мәскеудегі А.В. Луначарский атындағы Мемлекеттік театр өнері институты жаңынан ашылған «КСРО халықтары театры» кафедрасының менгерушісі, өнертану ғылымдарының докторы, профессор Г. Гоянның жетекшілігімен шыға бастаған 6 томдық іргелі зерттеу жұмысына тартылып, «Қазак театры» бөлімдерін жазуға араласады. Сонымен бірге Институттың ғылыми зерттеу жобалары мен жекелеген авторлардың ізденистері нәтижесінде Ш. Құсайынов, О. Олидор, Н. Шөукенбаева, С. Ордалиев, Е. Жақыпов, К. Куандықов, Ә. Тәжібаев, Р. Нұрғалиевтің қазак театры және драматургиясы жайлы іргелі еңбектері халық иғлігіне айналды.

1971 жылы Қазак КСР ҰҒА Президумының № 132 шешімімен «Театр өнері» бөлімі жеке отау құрып, жана карынмен жұмысын бастайды. Бөлімнің менгерушісі қызметіне көрнекті ақын, драматург, филология ғылымдарының докторы Әбділдә Тәжібаев келді. Еліміз театртануши мамандары алдына жана таланттар қойылып, қазак сахна өнерінің тарихын бастау көзінен бастап толық қамтыған іргелі жоба жұмысы басталады. Бөлім құрамында театр мен экран өнерімен айналысқан: Б.Күндақбайұлы, Л.Богатенкова, Ф.Оразаев, Л.П.Сарынова К.Сиранов, Н.Шөукенбаева, Р.Оспанова, С.Мусина секілді көсіби зерттеушілер тобы өнімді енбек етті. Бөлімнің осы жылдардағы театртану саласындағы ерекше табысына үлттық сахна өнерінің толық тарихын мол деректі құжжаттық негізге сүйене жазылған: «Қазак театрының тарихы» (I том, 1975; II том, 1978) атты екі томдық зерттеу жұмыстарын және «Балетное искусство Казахстана» (1976) жатқызуға болады.

Әр жылдары «Театр және кино» бөлімі болып жұмыс істегендеге қазак сахна өнері мен экран өнерінің тарихы мен өзекті мәселелерін зерттеген «Бүгінгі таңдағы қазак актерлік өнері», «Қазақ кеңестік кино тарихы» жобасының «Қазак киносы» тараулары, «Қазақ киносындағы үлттық және интернационалдық тақырыптар» бойынша жұмыстар жасалынып, жеке кітап болып басылып шыкты.

1945 жылдан қазак кино өнерін дамытуға белсене ат салысқан танымал зерттеушінің бірі Қабыш Сиранов). 1942

жылы ВГИК-тін киносценарий факультетін бітірген ол «Лениншіл жас» (казіргі «Жас алаш») газетінің редакциясында тәжірибе жинақтап, КСРО Халық комиссарлар кенесі мекемесінде (1940-1942), Алматыда құрылған Орталық біріккен киностудияда (ОБКС), 1961-1976 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы ҰФА-ның Әдебиет жөне өнер институтындағы «Театр және кино» бөлімінің аға ғылыми қызметкері болып еңбек еткен ол 1964 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады.

1973 жылдары бөлімнің ғылыми-зерттеу жұмысына жас мамандар тартылып, К.Әлімбаева, Р.Оспанова, Р.Абдулахатова, К.Айнағұлова секілді кинотанушылармен толықты. Бүгінгі казақ кинотану саласының жетекші маманы Бауыржан Негербек осы бөлімде 1985-1999 жылдар аралығында қызмет атқарды. 1989 жылы «Қазақстан анимациялық фильмінің пайда болуы мен даму тарихы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Осы кезеңде казақ үлттық киносының қалыптасуы мен даму тарихы жазылып, соның нәтижесінде 1980 жылы «Қазақ киносы тарихының очеркі» («Очерки истории казахского кино») атты ұжымдық еңбек жарыққа шықты (жаупты ред. Ә.Тәжібаев).

Үлттық кино өнерінің соғыстан кейінгі жылдардағы даму жолы туралы зерттеуде қазактың алғашқы «Аманкелді», «Абай әні», «Оның уақыты келеді» т.б. сияқты көркем фильмдердің пайда болуы, көркемдік ерекшеліктері сараланады. Казақ киносында 1950-60 жылдары түсірілген тың игеру, тарихи-азаматтық тақырыптар, үлттық кинематографияның нағыз толықсан кезеңі қаралып, республиканың көркем кинодағы замана тақырыбын игерген толымды туындылары талданады, ондағы кейіпкер мінезінде көрініс берген тұлғалық келбеті қарастырады.

Бөлімде аткарылған жоғарыдағы аталған ғылыми зерттеу казақ киносының қалыптасуы мен даму тарихын 30 жылдардан бастап 70 жылға дейінгі аралықты жүйелі түрде баяндайды. Келесі зерттеу жұмыстары да үлттық кинодраматургияның қалыптасуы мен дамуы, деректі кино жөне Қазақстандағы мультипликацияның жағдайы секілді арнайы тақырыптарға арналады. Өнертану ғылымдарының кандидаттары К.Смайлов, Б.Негербектің очерктерінде үлттық кинодраматургия шығармаларының кинодағы бір-бірімен өзара байланысу мәселелері, үлттық кино өнерінің қайнар көздері ай-

қындалады. Бүгінгі деректі кино өнерінің қалыптасуы мен дамы, осы замандағы бағыт-бағдары, осы жанрды жандандыру жолдарын автор қазак деректі киносының шеберлері шығармашылығы мысалында айшыктайды. Қазақ мультипликациясының қайнар көзі, тарихы, өсу жолы және елеулі шығармашылық табыстарына арналған зерттеулер жан-жакты айттылады.

Институт жоспарлы жұмыстарының негізінде 1976 жылы Л.Сарынованың «Балетное искусство Казахстана» атты зерттеу монографиясы жарыққа шықты. Қазақ балет өнері жайлышылған алғашқы зерттеу жұмысында көне дәуірдің қойнауынан келе жаткан халық би фольклорының қазақ халқы үшін жат еместігі, республикадағы қазақ көсіби балет өнерінің қалыптасуы мен даму жолдары сараланады. Зерттеудің басым бөлігі Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының шығармашылық ізденістеріне (1930-1975) арналған. Л.Сарынова қазақ халқының өткен тарихында «...өзіндік би мәдениеті болғандығы» жайлы пікірді дәлелдеу үшін этнографтар, тарихшылар, археологтар, музыкатанушылар және ұлттың танымал ғалымдарының зерттеулерін мысалға келтіреді. Автор би өнерінің түп төркіні мен ұлттық дәстүріндегі негіздеріне, эстетикалық принциптеріне кеңінен тоқталады.

Зерттеуші ұлттық балет өнерінің қарастырып жаткан ара-лығын бірнеше кезендерге бөледі. Олар: I. «Ұлттық балет театрының тууы», мұнда автор жас республиканың мәдение өміріндегі киыншылықтарға қарамастан қазақ балет өнерінің қалыптасуының алғашқы қадамдарына, XIX ғасырдың 30-40-шы жылдарындағы көсіби би өнерінің негізін қалаушылар жайлы сыр тарқатады. «Кәсібілену» атты II кезенде автор ұлттық спектакльдерді қоюға бет бүрған қадамда В.Великановтың «Қалқаман мен Мамыр», И.Надировтың «Көктем» және И.Надиров пен Е.Манаевтың музыкасына койылған «Қазақ би сюитасы» сөз болады. «Кемелдену жолында» (1948-1958) деп аталатын III кезені – қазақ балетінің жаңа дәуіріне арналған. Көсіби балет артистерінің орындаушылық шеберлігі өсіп жоғары білімді қазақ балетмейстерлерінің қатарының көбейуі жаңа ізденістерге бастап балет сахнасында ұлттық фольклорға негізделген В.Великановтың. – «Қамбар мен Назым» балетінің пайда болуына алып келді.

Зерттеуші өзінің еңбегін «Жаңа шығармашылық ізденіс-

тер» (1958-1975) атты зерттеу тарауымен аяктайды. IV кезең – қазақ хореографиясында жаңашылдық үдерісіндегі жарқын бетбұрысты дамыткан, сол уақыттарда балетмейстерлік қызметте танылған З.Райбаев пен Б.Аюхановқа арналады. Театр репертуарында Ф.Жұбанованың «Аққанат туралы аныз», Е.Брусловскийдің «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» атты бүгінгі заманның ырғағына лайықты жазылып қойылған спектакльдері талданады. Кітаптың жеке бөлімдері орындаушылық өнерге, қойылымдардың сценографиясы мен сол уақыттағы театрдың ішкі мәселелеріне арналады.

1981 жылдан Театр өнері бөліміне Қазақстанның еңбек сінірген мәдениет қайраткері, қазақтан шыққан тұнғыш театранушы маман, өнертану ғылымдарының докторы, профессор Бағыбек Құндақбайұлы жетекшілік етті. Ол Ташкенттің А.Н.Островский атындағы театр-көркемсурет институтының театртану факультетін бітіргеннен кейін 1958 жылдан өмірінің соңғы күніне дейін М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкерден бөлім менгерушісіне дейінгі жауапты міндettі аткарды. Б.Құндақбайұлы – Мәскеудегі А.В.Луначарский атындағы ГИТИС-тің аспирантурасында оқып 1964 жылы өнертанудан кандидаттық диссертация корғаган тұнғыш қазақ көсіби театр зерттеуші-сыншы, өнертану докторы (1996), Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, «Құрмет» ордені және бірнеше медальдармен марапатталған.

Ғалым қазақ театрының өткен тарихынан бастап бүгінгі жетістіктеріне дейінгі аралықты камтитын көптеген монографиялар, зерттеулер және сынни, проблемалық макалалар мен рецензиялар жазып қалдырыды. Осы жылдары институттың ғылыми кенесінің шешімімен жарыққа шыққан Б.Құндақбайұлының негізгі зерттеу еңбектері: «Қазақтың академиялық драма театрына 40 жыл» (К.Нұрпейісовпен бірігіп жазған, 1966); «Режиссер және спектакль» (1971); «Путь театра» (1976); «Уақыт және театр» (1981); «Бел белестер» (1987); «Мұхтар Әуезов және театр» (1997); «Заман және театр өнері» (2001); «Театр туралы толғаныстар» (2006); 6-томдық «История советского драматического театра» (казақ театры тараулары, 1966-1971); үш томдық «Қазақ өнерінің тарихы» (театр бөлімдері 1-том 2006; 2-том. 2007; 3-том (1 кітап) 2008).

Б.Құндақбайұлының «Уақыт және театр» (1981) атты кітапқа автордың әр жылдары театр туралы жазған зерт-

теулері іріктеліп алынған. Мұндағы сөз болып, талдау мен зерттеулердің нысанасына ілінген спектальдердің барлығы да автордың кезінде тікелей сахнадан көрген, кезінде олардың ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, көркемдік сипатын сарапаған мақалалар мен ғылыми очерктерінен, жекелеген қойылымдар мен өнер қайраткерлері жайындағы толғаныстарынан түзілген. Бұл жинакка театр туралы автордың сұрыпталған, театр тарихына кажеттілері, сахналық өнердің даму бағыттарын, көркемдік келбетін танытатын мақалалары енген. Кітаптың алғашқы беттеріндегі көлемді үш мақалада театртанушы-зерттеушілердің бүгінге дейін назарына ілінбей келген сахна өнерінің халықтық негіздері мен алғашқы драмалық шығармалардың көркемдік ерекшеліктері сөз болады.

Жинакта режиссура мәселелері жайындағы материалда-  
ра баса мән беріліп, осы тақырыпқа арналған зерттеулер мен мақалаларға молырақ қоңіл аударылған. Кітаптың «Театр және режиссура» деп аталатын белімі тікелей осы мәселеғе арналған. Сонымен қатар монографияда көптеген сахна қайраткерлерінің шығармашылық енбек жолдарын сарапаған портреттер де бар. Сахналық өнеріміздің белгілі бір кезеңін суреттейтін бұл еңбекте М.Әуезов атындағы академиялық драма театрынан бастап, көптеген облыс орталықтарындағы ұжымдардың қойылымдары да кеңінен сөз болады.

Өнертану ғылымдарының докторы Людмила Ивановна Богатенкова Қазақ КСР ҰҒА Өнертану секторындағы енбек жолын Театр өнері бөлімінің кіші (1957), аға (1964), жетекші (1986) ғылыми қызметкери болып қырық жылдан аса жұмыс істеді. Ол театр өнері бөлімінде қазақ сахна өнерінің теориясы мен тарихына байланысты ғылыми-зерттеулермен айналысты. Республикадағы орыс тілді академиялық және облыстық театрлардың келбетін тұракты назарда ұстап, олардың тарихы мен шығармашылық есү жолдарына арналған мақалалар, рецензиялар және зерттегендегі үнемі жариялады. Еліміздегі театрлардың жалпы даму процесін, жекелеген кезеңдерін, қазақ театрының, облыстық театрдың шығармашылық даму жолына арналған мақалалар «Жұлдыз», «Простор», «Театр» журналдарында, «Советская культура», «Известия», «Казахстанская правда», «Moscow news», «Ленинская смена» секілді газеттерде Одактық және республикалық баспасөз беттерінен түсken емес.

Л.И.Богатенкованың өр жылдары жарық көргөн «Казахский театр в годы Великой Отечественной войны» тарауы «История советского драматического театра» «Бүгінгі кезеңдегі қазақ саҳна өнері» (1969) тарауы, «Қазак театрның тарихы», 2 том, (1978), «Современное казахское сценическое искусство», (1979), «Верность времени» (1981), «Театр: поиски и надежды» (1983), «Услышать и понять человека» (1987), «В поисках невымышленного времени», (1996) зерттеу тараулары мен монографиялық кітаптары қазақ театр мәдениетінің кеңестік дәүірі және өтпелі кезеңдегі тыныс-тіршілігі мен бағыт-бағдарынан мол мағлұмат береді.

Зерттеуші қазақстандық саҳна шеберлерінің орындаушылық лабораториясын зерттеп, олардың өмірі мен шығармашылық портреттерін үлкен жүрек жылуымен жазды. Қазақ саҳнасының алғашкы, орта толқын хас шеберлері: С.Кожамкулов, Ш.Айманов, Х.Бекеева, В.Харламова, Ш.Жандарбекова, Н.Жантөриннің, т.б. өнерпаздардың шығармашылық портреттерін жасады. Қазақстан КСР Мәдениет министрлігінде Театр сыны мен театртану кеңесінің мүшесі, Қазақ театр кайраткерлері қоғамының басқарма мүшесі, Республикалық орыс драма театрының Қөркемдік кеңесінің мүшесі және көптеген өнер мерекелерінде өділқазы мүшесі болып заманының театр процесіне қызу араласты.

ХХ ғасырдың аяғында еліміздің тәуелсіздікке кол жеткізуі қоғамдық-саяси, рухани һәм әлеуметтік өмірін елеулі өзгерістерге алып келді. 1991 жылдан бастап егемен елдің ғылымы алдында жаңа үстанымдарды ұlyқтайтын, өнер мен мәдениет саласындағы қайта құрулар, өткен тарихымыз бен мәдениетімізге соны қозқарастармен саралаулар қажет болатын. Осы бағытта бір ізділікпен жасалған жұмыстар өтпелі кезең киындықтары мен ауыртпалықтарына қарамастан жақсы нәтижелер берді. Тәуелсіздіктің алғашкы он жылында бұрынғы Одак көлеміндегі байланыстар ажырап, жас мемлекеттің экономикасы, өнері мен ғылымының өзді-өзіне келу, қалыптасу кезеңі болды. Осы кезеңнің екінші онжылдығынан бастап (2000 жыл Мәдениетті қолдау жылы) жаңа қарқынмен даму жолына түсті. Жаңа ғылыми-зерттеу жобалар бағыттары белгіленіп, бұрын қөтерілмеген тың тақырыптар бойынша енбектер жазыла бастады.

Тәуелсіздік жылдары Б.Құндақбайұлы Жұсіпбек Аймайтуотовтың бұрын жариялауға рұқсат етілмеген драматургия-

лық шығармалары мен театрға байланысты мұраларын жинастырып, зерттеу нәтижесінде «Шернияз» (1990) деген атпен жеке кітапты жарыққа шығарды. Зерттеуші қазақ халқының асыл үлдарының бірі Ж. Аймауытовтың драматург-жазушы фана емес, оған коса ол дүниежүзілік классикалық пьесаларды қазақшалаған өрі өзі жазған драмалық шығармаларды қазақ топырағында алғаш сахналаған режиссерлік енбегін де елеусіз қалдырмай, ашып көрсетеді.

«Мұхтар Әуезов және театр» (1997) деп аталатын іргелі енбегінде Б.Құндақбайұлы үлттық драматургия мен театрдың қалыптасу, даму жолдарын саралай отырып, бүгінгі қазақ театрының өркендеу үрдісін ашып көрсетеді. Мұнда ол үлттық мәдениетіміздің ұлы қайраткері М.Әуезовтің қазақ драматургиясының негізін қалап, оны ары қарай дамытуға ерекше көңіл бөлгендігін зерттеген. Мұнда автор драматургтің классикалық үлгіге айналған «Еңлік – Кебек», «Қарагөз», «Айман – Шолпан», «Абай», «Тұнгі сарын», «Қарақыпшак Қобыланды» пьесаларының барлық театрлардағы қойылымдарын фана қарастырмай, мәтіннің өзіне де талдау жасап шыккан. Осы пьесалардың әр кезеңдік өзгерістерге қарай қайта жазылғандығы сыншының назарынан тыс қалмаған. Мәселен: «Еңлік – Кебектің» 1917, 1922, 1943, 1957, «Қарагөздің» 1925, 1959 жылдардағы автор тарапынан енгізілген өзгерістері тарихи дәлділікпен берілген. Сонымен бірге М.Әуезовтің театрлық, эстетикалық қозкарасы, әлемдік классиканы қазақшага аудару жайы, әр жылдары театр мен драматургия туралы және театр сыйны төнірегінде жазғандары да бұл енбекте жан-жакты айтылған.

Б.Құндақбайұлының «Заман және театр өнері» (2001) атты енбегі автордың ғылыми-зерттеушілік қарымының ауқымды екенін танытады. Төрт бөлімнен тұратын кітапта үлттық театр өнерінің соңғы он-он бес жылдық тарихы, оның өзекті мәселелері жан-жакты қарастырылған. Сахна өнерінде салмақты енбек қалдырған жеке түлғалар, не болмаса театр шежіресінде айтартыктай із тастаған спектакль жайында салиқалы сөз көзғап, ғылыми түрғыда жете зерттелген өрі бай-салды теориялық тұжырымдар жасалған. «Таланттар тобынан» деп аталатын алғашқы бөлімде қазақ сахна өнеріне елеулі енбек сіңірген жазушы-драматургтер, актерлер мен режиссерлер енбегі жайында жан-жакты, толымды сөз өрбіткен зерттеу мақалалары топтастырылған. Бұл зерттеулердің

өркайсысы өнер адамының шығармашылық өмір жолы мен дарын табиғатын ашып көрсетуге, олардың театр тарихында алатын орнын нактылай белгілеуге ерекше ден қоюмен күнды.

Театртануши-ғалым бұл бөлімде актер мен режиссер өнерін ұлттық классика мен осы заманғы драматургиялық туындылардың қойылуымен тығыз байланыста қарастыруы арқылы санлактарының ізденіс ерекшелігі мен өнерде ұстанған суреткерлік позициясын айқындауға ұмтылады. Олар жасаған сахналық образдар мен режиссерлік қойылымдардың қазақ сахнасындағы тарихи орнын айқындаپ аныктайды.

Еңбектің екінші бөлімі кейінгі он жыл бедерінде өткізілген театр фестивальдері және осы фестивальдер кезінде арнайы қойылған өр алуан спектакльдер, яғни Алматы, Жезқазған, сондай-ақ ТМД астаналары – Ашғабад, Бішкек пен Ташкент қалаларында өткен театр фестивальдерінің қойылымдары жайында жазылған зерттеу-мақалалардан құралады. Мұнда автор Болгарияда өткен театр фестивалі кезінде көрген жеке спектакльдер туралы түшімді ой-пікірлерін, өсіресе, қазіргі өлемдік театр қайраткерлерінің режиссерлік және актерлік шығармашылықта халықтық өнер дәстүрлерін жаңа көзқараста пайдаланып дамыту мәселесіне қатысты өз пайымдауларын білдірген.

Ушінші және төртінші бөлімге топтастырылып берілген мақалаларда қазіргі ұлттық театрдың осы заманғы және тарихи тақырыптағы спектакльдер мен Алматы қаласына гастрольдік сапармен келген облыстық театрлар қойылымдары жайында сез болады. Автор осы бөлімдегі мақалаларында бүгінгі театр өнерінің өзекті мәселелерін тілге тиек ете отырып, жалпы облыстық театрлардағы сахналық ізденістер мен олқылыштар, олардың даму тенденцияларын, репертуар мен шеберлік мәселесін, өсіп-өркендеу мен даму барысын, бағыт-бағдарын сез етеді.

Б.Құндақбайұлы театранумен қатар Институттың әдебиеттану саласына да өз үлесін қости. Ол театрдың маңызды құрамдас бөлігін құрайтын драматургия жанрының қазақ театр өнерімен қатар өрілуін зерттеді. «Қазақ әдебиетінің тарихы» он томдығына енген «1920-30 жылдардағы драматургия» тарауында Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Қ.Кеменгеров, М.Дудалов, Ж.Тілепбергенов, Ж.Шанин,

Б.Майлин, И.Жансүгіров, Ф.Мұсірепов пьесаларының жазылу тарихына тоқталып, көсіби талдаулар жасаған. Ал осы кітаптың келесі томындағы «1941–1956 жылдардағы драматургия» тарауында Ф.Мұсіреповтің «Акан сері – Актоқты», К.Мұқашевтың «Дала дастаны», С.Мұқановтың «Шоқан Үәлиханов», М.Ақынжановтың «Ібырай Алтынсарин», М.Әуезовтің «Намыс гвардиясы», «Қаракыпшак Кобыланды», Ш.Құсайыновтың «Кеше мен бүгін», «Алдар көсе» пьесаларының көркемдік ерекшеліктеріне жан-жақты тоқталады. «Қазак әдебиетінің тарихы» кітабының 9-томында бүрын-соңды зерттеу нысанасына ілінбекен 70-90 жылдардағы казак драматургиясы Б.Құндақбайұлының тиянақты қарастыруымен осы кезеңдегі жанрдың даму бағыт-бағдарын айқындаады. Орта буын талантты жазушы-драматургтер: О.Бекей, Д.Исабеков, А.Сүлейменов, С.Сматаев, Ә.Таусаров, Н.Оразалин, Ш.Мұртаза, т.б. драматургиялық шығармалары талдаудың, көркемдік ерекшеліктері анықталған.

Театр өнері бөлімі қайтадан қалпына келтіріп жаңаша серпіліспен жұмыс жасаудың тәуелсіздіктің алғашкы жылдарында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет жөне өнер институтының қабырғасында Диссертациялық кеңестің қайта ашылуы казак өнері мен мәдениеті тапшылық көріп келген өнертанушы жас ғалымдар катарын толықтыру ісіне серпіліс берді. Осы кеңес кандидаттық ғылыми атақ қорғауға мүмкіндік беретін біріккен Б.Құндақбайұлының төрағалық етуімен тоғымды жұмыс істеп, сонғы жылдары 17.00.01 – театр өнері, 17.00.02 – музыка өнері, 17.00.04 – бейнелеу өнері бойынша Республиканың бас калалары Алматы мен Астанада және кен байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп жатқан көптеген өнертанушылардың кандидаттарын аяқтандырды. Театртану саласы бойынша осы аралықта Б.Құндақбайұлының, кейінірек өзі қанаттандырған шәкірттерінің жетекшілігімен біргелікте жас ізденушілер сахна өнерінің әралуан тақырыптарына арналған ғылыми зерттеулер жазып, кандидаттық диссертацияларын корғап шықты. Олар: У.К.Садықова «Современный герой на сцене казахского академического театра им. М.Ауэзова»; Н.Ф. Ким «Становление корейского музыкально-драматического театра», Е.Жуасбек «Қазак қырышак театрының қалыптасуы мен дамуы» (1994); К.А.Сүлейменова «Орыс классикасы қазак сахнасында. (Гогольден – Булгаковқа дейін)» (1996); Г.Т.Жұмасейтова «Казахский

балетный театр 1975-1995гг.» (Соотношение традиционных и новаторских приемов в балетмейстерском искусстве) (1999); Б.К.Нұрпейіс «F.Мұсірепов атындағы академиялық Жастар мен балалар театрының шығармашылық эволюциясы» (1970-1995 ж.ж.) (1999); К.М.Сейтметов «Көсіби актерлік өнердің туузы, қалыптасуы» (2002); А.О.Мұқан «Қазак опера театрының режиссура, орындаушылық, шеберлік және репертуар мәселелері» (1980-1996 ж.ж.) (2004); И.О.Тойған «Қазак биінің даму белестері» (Мемлекеттік «Салтанат» және «Алтынай» би ансамбльдерінің шығармашылығы негізінде) (2005); Г.Ю.Саитова «Уйгурский сценический танец» (на материале спектаклей и концертных программ уйгурского театра г.Алматы) (2005); Ә.Б.Шанқыбаева «Казахская хореография: развитие форм и художественных средств» (2006); К.Д.Сүлеева «Становление и основные этапы развития сценографии Казахстана» (1920–1970-е годы): особенности и проблемы» (2006); К.Д.Айтқалиева «Балетмейстр Дәурен Әбіловтің шығармашылық мұрасы» (жетекшісі Г.Т.Жұмасейітова 2007); Т.К.Жаманқұлов «Ұлттық театрды дамытудағы шешендей өнер» (2007); А.С.Еркебай «Қазіргі қазак театр өнеріндегі тарихи драмаларды игеру мәселелері» (жетекшісі С.Д.Қабдиева 2010); З.У.Исламбаева «Қазак драма театрларының төуелсіздік жылдарындағы даму тенденциясы» (шығыс және солтүстік өнірлерінің театрлары негізінде) (жетекшісі Б.К.Нұрпейіс 2010); А.Б.Құлбаев «Қазак сахнасында ымшиарат, қымыл-қозғалыстың орнығып қалыптасуы» (жетекшісі Б.К.Нұрпейіс 2010); Жұмаш А.Ы. «Ұлттық театр өнеріндегі сахналық тілдің орны» (жетекшісі А.О.Мұқан 2010).

Бөлім қызметкерлерінің құрамы жасарып, жаңадан қалыптасқан білімді мамандар келіп, Төуелсіздік кезеңінде жана мазмұнға ие болды. 2010 жылдан бастап «Театр өнері» бөлімінің менгерушілігіне өнертану ғылымдарының кандидаты А.О.Мұқан сайланды. Қазіргі таңда қазак сахна өнерін зерттейтін республикадағы негізгі ғылыми-зерттеу орталық болып қалыптасқан бұл бөлімде қазак театртанушылардың орта және жас буын шығармашылық тобы жемісті енбек етуде. Атап айттар болсақ, өнертану ғылымдарының кандидаттары: Г.Т.Жұмасейітова, Б.К.Нұрпейіс, жас театртанушылар А.С.Еркебай, З.У.Исламбаева, Л.Е.Татаanova, М.М.Тәшімова, А.С.Тылахметовалар. Театр өнері бөлімі

бүгінгі таңдағы республиканың белгілі театр және кино саласының мамандары КР Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ә.Т.Сығай, өнертану ғылымдарының кандидаттары С.Д.Қабдиева, А.Н.Қадыров, Б.Р.Нөгербек секілді ғалымдармен тұракты ғылыми және шығармашылық байланыс орнатқан. Олар бөлімнің ғылыми-зерттеу жобаларының жұмысына катысып келеді.

2000-2002 жылдары Театр бөлімінде орындалған «Қазак театрының режиссурасы» атты ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы үлттық театр өнерінің аса құрделі де актуалды мәселесі режиссураның тарихы мен теориясына арналған. Бұл - бұрын-сонды зерттелмеген тың тақырып; әрі ол бүкіл казак театр өнері түрлерін, атап айтқанда, драмалық, музикалық (опералық), би-балет қойылымдары мен жанрлары тұтас қамтылып зерттелді. Режиссура сахналық өнердің аса маңызды да актуалды мәселесінің бірінен саналады әрі ол бүгінгі заманның талап-тілегіне карай қарастырылды. Кез-келген сахналық туынды жанрлық үлгісіне, түр-сипатына қарамастан мейлі ол драмалық, мейлі ол музикалы, немесе би, пантомима аралас шығарма болса да оның шынайы өнер туындысына айналуы тікелей режиссураның денгейіне, яғни режиссер-суреткердің ұстанған көркемдік бағыт-бағдары мен шығармашылық ізденістеріне байланысты. Осы маңызды ұғым тұтас ғылыми зерттеудің орталық желісі болып тартылды. Жазылған енбектегі барлық талдаулар мен ғылыми пайымдаулар осы маңызды ойға бағындырылған. Нәтижесінде бөлім қызметкерлері бірнеше авторлық монографияларды баспа-дан шығарды. Аға ғылыми қызметкер Г.Т.Жұмасейтова «Страницы казахского балета» атты республикадағы екі негізгі балет ұжымының шығармашылығы қарастырылған авторлық монографиясы пайда болды.

Монография екі бөлімнен тұрады. I – бөлім 1975-95 жылдардағы Абай атындағы Қазак Мемлекеттік опера және балет театрының шығармашылық ізденістеріне арналады. Осы уақыттағы қазак балетмейстерлерінің кезендік қойылымдары төмендегі: 1) «Үлттық тақырыптағы қойылымдар»; 2) «Тұпнұска қойылымдар»; 3) «Классикалық мұраларды интерпретациялау мәселелері» атты тарауларда қарастырған. Бұл тараулардың мазмұны балет қойылымдарындағы дәстүр және жанашылдық, үлттық және классикалық туындылар байланысының теориялық бағытын аныктайды. Қазак балетінің

әрбір койылымындағы, әрбір тарих беттеріндегі актерлер мен ұстаз-репетиторлардың классикалық дәстүрді сактауы және ұлттық орындаушылық өнерді жаңа сатыға көтерген казақ Терпсихора шеберлерінің шығармашылық енбектері төртінші тарауда баяндалады.

II бөлімде балетмейстер Б.Аюхановтың эстетикалық ұстымы, жаңа бағыттағы ізденістері қарастырылады. 1975-1995 жылдар аралығындағы бірнеше танымал қойылымдарын талдау арқылы оның балетмейстрлік колтаңбасындағы ерекшеліктерді айқындауға қол жеткізген. Шығармашылығында симфониялық құрделі музыканы кеңінен қолдану, классикалық би мен халық биінің синтезін табу, қойылымдарына құрделі әдеби сюжетті негіз ету, труппада балет сахнасына арналмаған аз санды актерлік құрамда кордебалет пен жеке солистің болмауы казак балетіндегі камералық жанрдың дамуына негіз жасағаны айқындалады.

Бөлім ғылыми қызыметкері А.Мұқан «Қазақ опера театры» атты зерттеуінде (2008), Абай атындағы Казактың мемлекеттік академиялық опера және балет театрының 1980-2000 жылдары аралығындағы шығармашылық жолын, режиссурасын нысан етіп ала отырып, ұлттық өнер тарихында опера театрының алатын орнын, театрдың шығармашылық келбеті мен көркемдік бағыт-бағдарын саралайды. Монографияда опера театрының сахнаға койылған спектакльдері үш тарауға бөліп қарастырылады. «Ұлттық опера ізденістері» атты I-бөлімде аталмыш кезеңдегі опера театрының шығармашылық даму жолында ұлттық композиторлар шығармашылығы, «Сахнада классикалық опера» атты II-бөлім өлемдік классикалық опера туындыларын қою үрдісіндегі дәстүр жалғастығына, ал, «Өтпелі кезең қойылымдарындағы уақыт үні» атты III-бөлімде замандас авторлар шығармаларындағы дәуір тынысы талданады. Ұлттық операны сахналуға және жеке қойылымға шақырылған режиссерлердің соны ізденістері сөз болып, ұлттық опера режиссурасының даму бағыт-бағдары мен дараңық сипаттары айқындалды. Еліміз құрделі кезеңдерді басынан өткізген сәттегі театрдың шығармашылық жолы, жетістіктері, ұлттық, классикалық, заманауи тақырыптарды менгеруі, репертуарлық саясаты, режиссурасы мен орындаушылық шеберліктері сөз болады.

2003-2005 жылдар аралығында Театр өнері бөлімі іргелі зерттеу бағдарламасы бойынша жасалған «Қазақ театры:

қалыптасуы мен бүгінгі даму бағыт-бағдары» деп аталатын ғылыми зерттеу жұмысында қазақ театрының тууынан қазірге дейінгі қалыптасып өсу жолы мен негізгі даму кезендері камтылып жазылды. Осы үш жыл қөлемінде жүргізілген жұмыста сексен жылдан артық ғұмыры бар қазақ театры тарихының құрылу, қалыптасу жылдарында жіберілген актандақ беттердің орнын толтырып, театр генезисі мен үлттық режиссурасының пайда болуына көніл аударылды. Нәтижесінде «Қазақ өнерінің тарихы» 2007, 2008, 2009) және «История казахского искусства» (2008, 2009) атты қазақ-орыс тілдерінде 7 кітаптан тұратын 3 томдық қөлемді монографиялар жарық көрді. Бұл еліміздің көне дәуірден тәуелсіздік алғанға дейінгі мәдени-рухани дамуындағы бейнелеу, музика, театр өнерінің түрлі тарихи кезендері жайлы деректер қайтадан қорытылып жүйеленген, тәуелсіз Қазақстан үшін маңызды болып табылатын іргелі зерттеу жұмыс болып табылады. Кітапты шығару халқымыздың рухани дамуы мен білім беру саласына серпін берген, сан салалы үлттық ғылымды дамытуда маңызы зор болып табылатын Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

«Қазақ өнерінің тарихы» атты ұжымдық монографияның I томы (2007) бейнелеу, театр, музика өнерлерінің бастапқы кезендерінің ауқымды материалы негізінде ежелгі Қазақстан мәдениеті дамуының елеулі беттерін ашып көрсетуге арналды. Театр өнерінің негізін құрайтын фольклорлық аса бай көркем мұра талданды. Үлттық саҳна өнерінің ежелгі дәуірдегі тарихи қалыптасуы мен дамуын көрсететін зерттеуге «Қазақ би өнерінің қайнары» және «Қазақ халқының фольклорындағы театр элементтері» атты екі зерттеу мақалалары жатады. Бұл зерттеуде қазақ театрының бастау көздеріне шолу жасап алғашқы үлттық пластиканың сипаттары, фольклор үлгілерінде кездесетін театр элементтерінің пайда болуы мен қалыптасу жолдары сараланды. Театр өнерінің, оның дамуының қазіргі саҳна мәдениетінің үлттық дәстүрлермен сабактастырын анықтауға, үлттық театрдың бірегейлігі мен оның жалпы әлемдік мәдени контексте алатын орны мен ролін жете түсінуге баса назар аударылған. Саҳна өнерінің қалыптасу және дамуының кезендері, оның негізгі жанрлары мен барлық түрлері, сондай-ак XX ғасырдың көсіби театрының ең маңызды жетістіктері қазақ үлттық дәстүрі мен руханиятын, қазақтың ділі мен дүниетанымы

негіздерін тұтастай зерттеу үшін де өзекті болып табылады. Ұлттық театр өнерінің бастау көзіндегі театр элементтері казіргі заман талабына сай жаңа көзқарастар түрғысынан зерттелді.

Еңбектін келесі II томы (2007) Орта ғасырлар кезеңіндегі Қазақстан мәдениетіне арналған алғаш рет жарық қөрген ғылыми зерттеу. Еңбекте қоршаған ортаның адамзат дүниестанымымен, өзіндік көзқарасымен тығыз байланысы көрініс тапқан. Сонымен қатар казақ мәдениетіндегі ежелгі парадигмалардың сахна өнерінде, символдар мен белгілерде қалыптасуы бүтінгі өнертанудың күрделі әрі өте маңызды бөлшегі ретінде тарихи-теориялық негізде талданды.

Ұжымдық монографияның III томының 1 кітабы (2008) XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы өнердің барлық түрлерінің жаңа кезеңдердегі қалыптасуы мен дамуын зерттеуге арналған. Театр, кино және би өнерлерінің көркем-идеялық болмысын айқындайтын шығармалардың өзіндік ерекшеліктерін ғылыми-теориялық һәм тарихи түрғыдан тану – екі кітапты құрайтын еңбектін негізгі мазмұны. Зерттеу нысанасына енгөн өнер шығармалары салалық және жаңрлық үлгілеріне қарай топтастырылып, жеке-жеке тарауларға жіктеліп жүргізілді. Қазақ кәсіби театрының алғашқы қадамынан бастап, қалыптасуы мен даму белестері кеңінен қамтылып, ұлттық топыракта еуропалық үлгідегі тұнғыш спектакльді үйімдастыруышы Ж.Аймауытовтың «Біржан мен Сара» айтысын сахнаға бейімдеп шығаруы, қойылымның орындаушылық һәм режиссерлік шешімі, сыртқы құрылымы мен көркем-идеялық мазмұны арнайы талданды. Ғылым Б.Құндақбайұлы бұл қойылымның жүзеге асқан 1915 жылғы 15 ақпанын ұлттық театрдың туған күні деп дәлелдейді.

Зерттеудің мұнан кейінгі тарауларында мемлекеттік драма театрының ашылуы мен оның Қызылорда кезеңінің көркем-идеялық бағыт-бағдары, театрдың 1930-50 жылдардағы репертуар саясаты мен режиссурасы жан-жақты қарастырылып, кәсіби деңгейі айқындалды. Сонымен бірге труппаның құрылымы мен актерлік өнерінің ерекшеліктері кеңінен қарастырылған. Театрдың дамуы мен қалыптасу үрдісі елімізде болып жатқан тарихи құбылыстармен тығыз байланыста зерделенеді. Мұнда театрдың тарихы –кезеңдік спектакльдердің тарихы деген ұстанымға басымдылық берілді.

«Алғашқы асулар», «Театрдың тууы, түнғыш спектакльдер», «Репертуар жөне режиссура мөселелері», «Көсіби театрдың даму жолдары», «Отты жылдар театры жөне репертуар саясаты», «Бүгінгі күн тақырыбын менгеру», «Хореография өнерінің пайда болуы мен қалыптасуы», «Қазақ кинематографиясының тууы мен кинодраматургиясының алғашкы кадамдары», «Ұлттық кино өндірісінің пайда болуы» атты тараушалар казақ сахна өнері мен экран өнерінің қалыптасуы мен дамуын XX ғасырдың бел ортасына дейін кезең-кезенге бөліп зерттейді.

«Қазақ өнерінің тарихы» III том 2 – кітабы (2009 ж.) алдыңғы томдардың жалғасы болып, онда «Комедиялық спектакльдер» атты тараумен басталып, осы құрделі жанрдың казақ сахнасында көрініс табуы мен театрдың жекелеген ізденістері сарапталады. «Эпостық спектакльдер» тарауында театрдың ұзак жылғы репертуары мен актерлік-режиссерлік өнерінің ерекшелігі мен көркем-идеялық бағыт-бағдары нақты мысалдармен талданады. Ал, «Тарихи-революциялық спектакльдер» тарауында осы тақырып аясында жазылып сахнаға қойылған пьесалардың сахналануына ерекше қөніл аударылған. Казақ театрының шығармашылық дамып қалыптастындағы аударма пьесалардың ықпалына, ұлттық дүниелермен шектелмей, орыс, әлемдік классикамен бірге басқа халықтар драматургиясының озық ұлгілерінің сахнаға қойылуын зерттеуге жеткілікті орын берілді. «Өнер туыстығы», «Қайта құру кезеңіндегі театр», «Аударма репертуар» атты тараушаларда тақырып аясында қазақ драма театры жүріп өткен шығармашылық жолының тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңі тұтастай сарапталады.

Театрдың даму белестерінде шешуші роль атқаратын актерлік жөне режиссерлік өнердің даму үрдістеріне қоңіл бөлініп, жекелеген ірі шығармалық тұлғалар жасаған сахналық бейнелерімен бірге режиссердің іргелі ізденістеріне, қойылымның көркемдік сапасына ортақ сахна суретшісі, музикасын жазған композитор жұмыстары да назардан тыс қалмаған. Зерттеуді жүргізу барысында авторлар ұжымы өнер шығармаларынан тыс, архивтік, фото-фоно материалдарын, әртүрлі басылымдардағы сан қылы ой-пікірлерді де ғылыми айналымға енгізді. Енбек – қазақ өнерінің негізгі түрлерін тұтастай зерттеуді мақсат тұтқан жөне бүл біздін елімізде ғана емес, тұтас аймақтағы түнғыш басылым.

2006-2008 жылдары бөлім «Егемендік кезеңіндегі қазақ театrlарының даму үрдісі: бүгінгі ахуалы, бағыт-бағдары» атты зерттеу тақырыбы бойынша жұмыстар жүргізді. Осының нәтижесінде Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан саҳна өнерінің жай-күйін зерттеп, нәтижесінде бүгінгі таңдағы қазақ театрларының даму жолын өзіндік ерекше құбылыс ретінде қарастырған «Қазақ саҳна өнері. Тәуелсіздік кезеңі» атты ұжымдық монография (2009) дүниеге келді.

Зерттеу объектісі – Қазақстанның әр түрлі өнірінде орын тепкен қазақ театрларының егемендік жылдарындағы шығармашылық даму жолы, кол жеткізген нәтижелер мен асқан асулары және сонымен бірге алда шешімін табуды қажет ететін өзекті мәселелері. Зерттеушілер Республикадағы қазақ театрлары жағрапиялық-территориялық аймактарға шоғырланып орналасуына сай, мәдени орталыктарға және жанрлық ерекшеліктеріне сай тоғыз тарауға топтастырып қарастырады. Әрбір аймақтың өзіндік ерекшелігіне байланысты театрдың түзген репертуары, үстанған бағыт-бағдары мен өзіндік даму жолдары сараланды. Театрлардың репертуар қалыптастыру барысындағы көрерменнің көркемдік-эстетикалық талғамына жауап берер шығармаларға мән беру басты назарда ұсталды. Еңбекте үлттық саҳна өнері мен мәдениесті бүгінгі қазақ театртанушылар мектебінің бірнеше үрпағының көзкарасы арқылы зерделенеді.

Үлттық болмыстың қалыптасуы халықтың сан-салалы болып дамыған өнерімен байланысты. «Алматы және Астана қалаларының театрлары» деп аталағын бірінші бөлімде М.Әуезов атындағы академиялық драма, F.Мұсірепов атындағы Жастар мен балалар, Абай атындағы академиялық және К.Байсейітова атындағы Үлттық опера және және балет, Қ.Қуанышбаев атындағы Астана қалалық драма театрларының егемендік жылдарындағы даму тенденциясы сөз болады. Астаналық танымал театрлардың құрылған кезінен бастап халқына әр қылыштық тақырыптан ой қозғайтын түрлі жанрдағы койылымдардан тұратын репертуары талданады. Үлттық режиссурадағы егемендік тұсында өзіндік қолтанбаларымен танылған секілді суреткерлердің көсіби театр өнерін қалыптастырудың еңбектеріне ғылыми түрғыдан баға беріледі.

Ал, үлттық опера мен балет өнерінің даму тенденциясын айқындау еліміздегі екі іргелі ұжым – Абай атындағы Академиялық және К.Байсейітова атындағы Үлттық опера және

балет театрлары шығармашылығы мысалында сөз болады. Республикада койылымдарымен танылған опера режиссерлері мен балетмейстерлердің койылымдарындағы соны ізденістері сараланды. Б.Аюхановтың жетекшілігіндегі Мемлекеттік классикалық би театр ұжымының еліміздегі балет өнерін жана түрде, заманауи сипатта бағыттаудағы ерекшелігі зерделенеді. Бұл театр репертуарындағы қойылымдардағы бишілердің орындау шеберлігімен бірге эксперименттік қойылымдары да назардан тыс қалмайды. Казак хореографтарының шығармашылық ізденістері барысында классикалық туындылар кәсібілікті көтеру мектебі болуымен бірге, театр репертуарын сактап қалды.

Облыстық театрлардағы кәсіби білікті режиссерлердің шығармашылығы, актерлер шеберлігін таныткан рөлдері, классикалық, аударма және замандас бейнесін суреттеген спектакльдерінің сахналық шешімдері қазақ сахна өнеріндегі даму тенденциясын айқындайтын зерттеудің негізгі бөлімдеріне айналды. Егемендік жылдарында кай театрда болмаса да актерлік ізденістерге жол аштын аударма шығармалармен катар ұлттық дүниелерге көп мән беруге мүмкіндік туды.

Зерттеудің «Оңтүстік Қазақстан театрлары» деп аталатын тарауы Н.Бекежанов атындағы Қызылорда, Абай атындағы (Тараз), Ж.Шанин атындағы Оңтүстік Қазақстан (Шымкент) және К.Жандарбеков атындағы Жетісай қазақ драма театrlарына арналған. Қызылорда театры репертуарындағы спектакльдерді сахналауда режиссерлер ізденісіндегі ұлттық классикалық шығармалар қаһармандарының, тарих беттерінде даналығымен, құрескерлігімен танылған тұлғалардың жарқын бейнесін, әлем сахнасынан берік орын алған аударма пьесаларды сахналау барысында өзіндік ерекшеліктері ашилады. Абай атындағы Жамбыл облыстық қазақ музыкалық драма театры бүгінгі заман тынысын берудегі К.Қасымовтың, Шымкент театрының егемендіктен кейінгі шығармашылық жолында режиссер Е.Оразымбетов шығармашылық ізденісі, автор идеясын сахна арқылы жеткізе білудегі ұтымды шешімдерінің бүгінгі уақыт талабымен үндестігі сараланды.

«Солтүстік Қазақстан театрлары» тарауында тәуелсіздік жылдарында шанырақ көтерген Ж.Аймауытов атындағы Павлодар, С.Мұқанов атындағы Петропавл облыстық қазақ дра-

ма театрларының даму үрдісі жан-жакты қарастырылған. Бұл аймақтағы театр өнерінің құрылу тарихы XX ғасырдың алғашқы жылдарынан-ақ бастау алғанмен кеңестік дәуірде үстемдік құрған орыстандыру саясатының кесірінен дами алмады. Тек еліміздің тәуелсіздікке кол жеткізуі ғана осындаі жергілікті үлттық театр өнерінің кен қанат жайып, халықтың рухани-мәдени деңгейін көтеріп аймақтағы үлттық болмыс пен сана-сезімді оятуға үлкен ықпал етті. Зерттеуде аталмыш театрлар репертуарындағы қойылымдардың көркемдік деңгейі, авторлық ой-идеяның жаңарған жаңғырған үлт болмысына тигізер өсер-ықпалы кеңінен сөз болады.

Сондай-ақ, «Шығыс Қазақстан театрлары» атты тарауда Абай атындағы Шығыс Қазақстан (Семей) және Жамбыл атындағы Шығыс Қазақстан (Өскемен) облыстық казак драма театрларының даму жолы қаралады. Сахнаға қойылған шығармалардағы тақырып өзектілігі, идея айқындылығы, көркемдік дәрежесі, бүгінгі көрерменнің эстетикалық деңгейімен сәйкестілігі, олардың мәдениетінің өсуіне тигізер ықпалы баяндалады. Өзіндік шығармашылық жолын дамытуда қоғамдық, тұрмыстық-әлеуметтік мәні зор мәселелер мен үлттық сана сезімді оятағын танымдық тағымы мол тақырыптары бар спектакльдер сараланады.

Зерттеудің «Батыс Қазақстан театрлары» тарауы Т.Ахтанов атындағы Ақтөбе, Батыс Қазақстан (Орал), Махамбет атындағы Атырау, Н.Жантөрин атындағы Манғыстау облыстық казак драма театрларының шығармашылық даму жолына арналған. Облыстық казак музыкалық драма театрларының репертуарын отаршылдық кезеңдегі елі мен жерінің тәуелсіздігі үшін шайқасқан колбасшылар мен батырлардың жаугершілік жолын суреттейтін шығармалар құраған. Зерттеушілер осы шығармалардың тарихи дәлділігіне, кейіпкер-тұлғалардың сахналық-көркемдік бейнесінің шынайы берілуіне назар аударады.

«Оргалық Қазақстан театрлары» деп аталатын тарауда С.Сейфуллин атындағы Караганды, С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған, Ш.Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазак драма театрларының шығармашылық келбетіндегі бүгінгі таңдағы ізденіс басты назарда болған. Театрдың шығармашылық деңгейі, әлем драматургерінің күрделі классикалық туындыларының облыстық театр сахнасынан көрініс табуы, кеңестік идеология түсінде қазак классикалық шығармала-

рындағы дәуір тынысын беретін кейіпкерлердің бүгінгі режиссерлік ой-киялмен жаңаша сипат алуы талданды. Сахналық жаңаша шешімдердің бастауы ұлттық тамырдан өріс алғып жатқандығына ерекше мән берілген.

Бүгінгі театр фестивальдерінің келбетін аныктайтын «Театр Қазахстана: фестивальный профиль» деп аталатын тарауында С. Қабдиева дәстүрлі байқауларда көрініп жүрген өнер ұжымдарының жеткен жетістіктері мен кемшін тұстары, шығармашылық тәжірибе алмасуға негіз болған театр фестивальдерінің казак сахна өнерін дамытудағы рөлі жанжакты сараланды. Тәуелсіз ел театрларының сайысқа түскен озық шығармалары қазак сахна өнерінің бағыт-бағдарын бағамдап, жалпы ұлттық театр өнерінің бүгінгі даму тенденциясын айқындауға мол мүмкіндік береді.

Елімізде тұңғыш рет қолға алынған бұл ұжымдық еңбек бұрын айтылмаған өзіндік тың ойларымен, жан-жақты талдауларымен, өткір сынни қөзкарастарымен күнды. Ұжымдық монографияда көтерілген мәселелер мен шығарылған қорытындылар қазак сахна өнерінің бүгінгі қоғамдық өмірден алар орны, рөлі жайлы жаңа іргелі зерттеулер мен қызу пікірталастарға қозғау салары анық.

Осы жоба аясында «Жібек жолы» баспасынан жетекші ғылыми қызметкер Г. Жұмасейітованың «Хореография Казахстана» (2010) атты монографиясы шықты. Кітапта тәуелсіздік кезеңінде ұлттық хореографияның даму тенденциялары үш кәсіби балет труппалары негізінде (Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театры, К. Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры және Б. Аюхановтың басқаруындағы Мемлекеттік академиялық би театры) қарастырылады. Зерттеудің нысанасына Contemporary dance бағытында істейтін Гүлнар Адамованың бүгінгі үлгідегі театр биінің «Самрұқ» және «Gabbasov Sisters Company» ұжымдарының шығармашылық еңбектері алынған. Кітапта осы кезеңдегі балет фестивальдері мен жарыстаурына шолу жасалып, облыстардағы хореография кадрларын даярлау мәселелері де сөз болады.

Шығармашылық өмірін театр сахнасында өткізген, бірақ кезінде еңбегі зерттеу нысанасы болмаған немесе есімдері ұмытыла бастаған сахна шеберлерінің өмірі мен шығармашылық келбеті жаңа заман түрғысынан, соңғы кездері табылып жатқан дерек көздерімен толығып берілді. Тәуелсіздіктің

жиырма жылдығына орай жарыққа шықкан бұл еңбек үлттық сақна өнерінде көрініс берген егемен еліміздің өнері мен мәдениетін тереңнен тануда бұрын көтерілмеген сонылығымен күнды.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет жөне өнер институтының «Өнертану» секторында өнердің негізгі үш саласы: бейнелеу, музыка, театр өнері бөлімдері 2009-2011 жылдарға арналған «Тәуелсіздік идеясының қазак театр саҳнасындағы көрінісі» деп аталатын ғылыми-зерттеу жобасын орындау барысының нәтижесінде ұжымдық 2 кітап жарық қөрді. Казакстан тәуелсіздігінің жиырма жылдық мерейтойы қарсанында қолға алынған бұл зерттеуде қазак өнері мен мәдениетіндегі тәуелсіздік идеясына арқау болар негізгі мәселелер қарастырылған. Институттың мұндай ұжымдық іргелі зерттеулері 2009 жылдан бастап өнертану, музыкатану жөне театртану бөлімдері «Өнертану» секторы болып біріккеннен кейін жаңа белеске көтерілді. Нәтижесінде «Тәуелсіздік идеясы жөне көркем мәдениет» атты үш кітаптан тұратын ұжымдық жинақ жарық қөрді (2010).

«Театр өнері» бөлімінің мамандары (Б.Нұрпейіс, А.Мұқан, Г.Жұмасейітова) қазак сақна өнерінің бастапқы кезеңінде Ж.Шанин режиссурасындағы тәуелсіздік идеясының көрініс беруін қарастырады. Үлттық театр өнерінің туу мен қалыптасуының алғашқы қадамындағы үлкенді-кішілі жетістіктері Ж.Шаниннің есімімен байланыстырылып, оның 1924 жылы жазылып, келесі жылы жеке кітап болып шықкан «Арқалық батыр» трагедиясы мәтініндегі авторлық ой-идеясының спектакльді саҳналau барысында көрініс берген тәуелсіздік идеялары айтылады. Қазак опера саҳнасындағы салт-дәстүр мен ән күйдің небір ғажап үлгілерінің бұлақ көзі, халқымыздың мәдени мұрасын сақтаушы – операдағы ән-орындаушылық дәстүр жалғастығымен байланыстыра зерттеу, М.О.Әуезовтің «Абай» операсы үлт театр өнерінің жаңа белесі болғанын, қазак үлттық драматургиясы қалыптасып, кәсіби театрдың пайда болуы мен биік белестерден көрінуге жасалған ықпалы пайымдалады. Сонымен бірге бұл тарауда фольклорлық сюжетке негізделіп жазылған «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу», Кызы Жібек», «Қалқаман – Мамыр», «Қарагөз» балет спектакльдеріндегі хореография, саҳналық қою ерекшелігі, соны ізденістер талданып «Аксак құлан» балетіндегі кейіпкер соңдаудағы орындаушылардың ізденістері сараланады.

Осы зерттеу жобасы негізінде «Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет» (2010) атты 6-кітапта Тәуелсіздік идеясы тарихи және классикалық шығармаларды қою тәжірибесіндегі саңылыш ізденістерді (М.Тәшімова, А.Еркебай, З.Исламбаева) зерттеулермен толықкан. М.Әуезов атындағы Қазақтың Мемлекеттік академиялық драма театрының сахнасында қойылған фольклорға негізделген шығармалардағы тәуелсіздік идеясы М.Әуезовтің «Қарагөз» (реж. Ә.Мәмбетов) трагедиясы мен Ш.Хұсайновтың «Алдар көсе» (реж. Ә.Рахымов) комедиясы арқылы ашып көрсетілді. Мөржан бейнесі бір рулы елдің іргесінің берік болып ауызбіршілігі сөгілмесін деген ниеттегі қатал жан болып суреттелуі сараланса, қалың көвшіліктің Алдар көсесі керісінше, қарапайым халықтың арасынан шығып ептілігі мен құлығының арқасында пейілі тар бай-манаптарды келеке қылып езілген халықтың алдына жығып беріп халқын мұратқа жеткізуі армандайды. Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан» (реж.Б.Атабаев) мен М.Байсеркеновтың «Абылай ханның ақырғы құндері» спектакльдері – қазак елінің тәуелсіздігі, бостандығы үшін күрескен Абылай ханның өмірі мен қайраткерлігін суреттейтін, халқының азаттық жолындағы толассыз күресі театр режиссерлерінің елеулі ізденістерімен көрінген қойылымдар мысалында талданады.

Тәуелсіздік жылдарындағы классикалық шығармалар: М. Әуезовтің «Еңлік – Кебек», «Қарагөз», «Абай», F. Мұсіреповтің «Козы Көрпеш – Баян сұлу» спектакльдерінде ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты кеңінен дәріптеу максаты алдыңғы шепкे шығады. Фольклорлық-эпостық шығармалар негізінде классикаға айналып, ұлттық драматургияның інжу-маржаны болған туындылардың көркемдік деңгейі бүгінгі көзқараспен зерттеледі.

Алматы қаласы – Республикалықтың ірі мегаполисі болумен бірге әр алуан бағыт-бағдар ұстанған қазак көсіби театrlары орналасқан өнер орталарының да алтын бесігі. 50-ден аса Қазақстан театрларының ішіндегі тарихка бай, өзгелерге үксамайтын ерекшеліктері мен кескін-келбеті айқын мемлекеттік, академиялық, республикалық көп ұлттың бірегей 16 өнер үжымы Алматы қаласын еліміздің рухани-мәдени өмірінің орталығына айналдыруы Театр өнері бөлімінің маңдарының назарынан тыс қалған жок. Алматы қаласы әкімдігінің «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша қолдан-

балы зерттеу жұмысы аясында театртанушылар еліміздің өнері мен мәдениетінің астанасы – Алматы қаласының өнер орталарының келбетін көпшілікке таныстырар «Алматы театrlары» (2010) кітабын дайындал, баспадан шыгарды. Алматы қаласындағы театрлардың шығармашылық келбеті мен бүгінгі тыныс-тіршілігінен хабардар ететін кітап егемендік алғаннан кейін еліміз бен аймактағы ірі қаржылық және мәдени орталығына айналған Алматы қаласы театрларының панорамасы өзіндік жаңа келбеті бар, әр аluan бағыт-бағдар үстенған жас театрлары жайлы сыр шертеді. Бүгінде көп үлтты Қазақстан Республикасының толеранттылығын, мәдени өмірінің жарқын келбетін көрсетер бұл театрлардың өзіндік бояу-бедері мен болмысы көпшілік қауым тарапынан қызығушылық туыдырып келеді. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде фотосуреттермен иллюстрацияланған кітап өнерсүйер жұртшылық пен онтүстік астана – Алматы қаласының конактарына арналған.

Қазақ театры, оны зерттеуші мамандар тәуелсіз қазақ мемлекетінің қоғамдық өмірінде болып жатқан осындағы елеулі тарихи-мәдени оқиғалар контекстінен алшақ кеткен емес. Театр өнері, оның сахнасындағы орындаушылары қоғамдық ортада болып жатқан көркем мәдени құбылыстардың әрқашан қайнаған ортасында жүргендіктен сахна шеберлерінің өмірі мен шығармашылық келбетін мемлекеттің тарихындағы маңызды процестерден бөліп қарауға болмайды. Олардың орындаушылық келбетін отандық және өлемдік қауымдастық назарына бар бітім-болмысымен таныстыру, бүгінгі театртану мамандарының маңызды міндеттері саналады. Осы түрғыдан алғанда М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Театр өнері бөлімі қолданбалы зерттеу жобалары бойынша қазақ сахнасының танымал қайраткерлерінің шығармашылығына арналып, актерлер мен режиссерлердің тұлғалық келбетін айқындал, оларды көпшілік оқырманға таныстыру мақсатында жазылған «Қазақ сахнасының шеберлері» (2010) атты ұжымдық кітабы жарық көруі – осы сөзіміздің айғағы. Қолданбалы зерттеу жобасының негізінде жузеге асқан ұжымдық монографияны көсіби орындаушылық өнер шеберлерінің шығармашылық бейнесін жасауға арналған соңғы кездегі толымды енбектердің бірі деп айта аламыз.

Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ сахнасының негізін қалаушы танымал тұлғалардан бастап, бүгінгі күнгө дейін

дамып өркендерген орындаушылық өнерді оқырманға таныстыру. Театрануши мамандар қазак сахна өнерінің тарихында елеулі із тастаған, республикаға және кезінде Одаққа танымал болған сахна жұлдыздар шоғырын: актер, режиссер, әнші, биши, балетмейстерлердің өмірі мен шығармашылық жолын зерттеп жазды. Қазақ театрының өркендеуіне өлшеусіз енбек сінірген тұлғалар Ж.Шанин, С.Қожамқұлов, Қ.Куанышбаев, Е.Өмірзақов, К.Бадыров, К.Жандарбеков, К.Байсейітова, К.Байсейітов, Ш.Жиенқұлова, т.б. бастап, олардың ізін жалғастыруши ұзын саны токсанды құрайтын өнерпаздардың шығармашылық өмірі қазақ театр өнерінің тарихымен, жеткен биқтерімен ажырамастай тұтастықта карастырылады. Осындай атақты драма, опера, балет артистерінің қазақ театрының өркендеуіне сінірген зор еңбектің нәтижесінде үлттық сахнадағы орындаушылық өнерінің қалыптасуы мен даму кезіндегі занылыштары және өзіндік ерекшеліктері сараланады. Авторлар қазақ сахнасында орындаушылық өнердің дамуы жолындағы кезеңдерді, халық өнерінен нәр алған дәстүрлі орындаушылдықты, кайталанбас үлттық ерекшеліктері мен өзіндік сипатын ашып, қазақ театрының актерлік ізденистерінің өлемдік театр өнерінің деңгейінде алар орнын анықтады.

Бөлім қызметкерлері өр жылдары Қазақстан Республикасының Ғылым мен білім саласын дамытудағы жетістіктері үшін арнайы тағайындалған сыйлықтарының жenімпаздары атанды. Б.Құндақбайұлы ҚР гуманитарлық ғылымдар саласындағы «Шоқан Уәлиханов» атындағы I дәрежелі сыйлықтың лауреаты (2005), ҚР Білім және ғылым министрлігі тара-пынан жас ғалымдар үшін берілетін Мемлекеттік ғылыми стипендияға өр жылдары Г.Жұмасейітова (2000) мен З.Исламбаевалар (2008) ие болды. ҚР Білім және ғылым министрлігі тағайындаған гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмыстары үшін жас ғалымдарға берілетін М.О.-Әуезов атындағы сыйлықты А.Еркебай (2008), ҚР Білім және ғылым министрлігі тағайындаған ғылымдағы үздік жетістіктері үшін берілетін Мемлекеттік ғылыми стипендияны Г.Жұмасейітова (2010) иеленді. Қазақстан Театр қайраткерлері Одағының театр сыншылары үшін арнайы сыйлығымен (2011) З.Исламбаева марапатталды.

Қазіргі уақытта Театр өнері бөлімінің қызметкерлері «Қазақ сахна өнеріндегі төуелсіздік идеясы» атты іргелі жоба

аясында жұмыс істеп жатыр. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет жөне өнер институты «Өнертану» секторының мамандары бүгінгі таңда тығыз шығармашылық карым-кәтынаста. Өнертанушылардың бірігіп үйімдастырған ірі халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференцияларында, дөңгелек үстелдерінде жасаған баяндамалары жеке жинактар болып жарыққа шығуда.

Қазак сахна өнерінің өзекті мәселелері мен теориялық тұғырнамасын жасауда белсенділік танытып жүрген театртанушы ғалымдар республикадағы арнайы жоғары оку орындары Т.Жүргенов атындағы Қазак үлттық өнер академиясы, Құрманғазы атындағы Қазак үлттық консерваториясы, Астана қаласы Үлттық өнер университеті, ҚР Театр қайраткерлері Одағы Басқармасымен тығыз шығармашылық байланыста жұмыс істейді. Театр өнері бөлімі Институт қабырғасында үйімдастырылған өр алуан деңгейдегі: «Қазақстан өнері мен мәдениетінің танымал қайраткерлері Ә.Қастеев, Қ.Бадыров, Ж.Елебековтің 100 жылға толуына арналған Республикалық ғылыми-практикалық конференция (Алматы, 2004.), «Қазақстан мен Орталық Азияның дәстүрі және қазіргі өнері» Халықаралық ғылыми-теориялық конференция (Алматы, 2004.), «А.Жұбанов және Қазақстандағы өнертану ғылымдары» атты республикадағы ғылыми-теориялық конференция. (Алматы, 2006.), «Мұсілім Базарбаев және қазіргі әдебиеттану мен өнертану мәселелері» Халықаралық ғылыми-теориялық конференция (Алматы, 2007.), «Б.Г.Ерзакович – музика зерттеушісі» Б.Г. Ерзаковичтің 100 жыл толуына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Алматы, 2008.), В.В.Теляковскийдің 115 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция (Алматы, 2010.), «Қазақстанның әдебиеті мен мен өнеріндегі Ұлы Отан соғысы тақырыбы» Халықаралық ғылыми конференция (Алматы, 2010.), «Тәуелсіздік және Абайтану» Халықаралық ғылыми-теориялық конференция (Алматы, 2010.) сынды ішараларды үйімдастыруши және белсенді қатысушылары болды.

Бөлім қызметкерлері жыл сайын Институт қабырғасында өткізуі дәстүрге айналған «Әуезов оқулары» атты жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы мен «Абай оқулары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясына сахна өнерінің өзекті мәселелеріне

арналған ғылыми баяндамаларымен қатысып келеді. Театртанушы мамандар – 2005 жылдан бастап Институтта шығатын республикалық ғылыми және әдеби-көркем «Керуен» журналына қазақ театр өнерінің бүгінгі хал-ахуалы мен бағыт-бағдары жөнінде жазатын тұракты авторлары. Олар – халықаралық, республикалық театрлар фестивальдерінің казылар алқасы мен сыншылар коллегияларының мүшелері. А.Мұқан 2008 жылы Бішкек қаласында өткен жазушы Шыңғыс Айтматовтың 80 жылдық мерейтойына арналған «Арт-Ордо» халықаралық театрлар фестивалінің сыншылар коллегиясына мүше болды. 2010 жылы Түркия республикасының Стамбул қаласында өткен халықаралық опера фестиваліне қатысып, осы жылдың қараша айында Ақтөбе қаласында өткен «Ассалаумағалейкум – II» атты Халықаралық қуыршақ театрларының фестивалінде, казан айында Т.Жұргенов атындағы Казак ұлттық өнер академиясында өткен А.Тоқпановтың 95 жылдығына арналған республикалық «Студент жастар театр фестивалінде» әділ казылар алкасының мүшесі болды. Бөлім қызметкерлері Қазақстан Театр қайраткерлер одағының үйымдастыруымен өткен өнерпаздарды «Енлікгүл» сыйлығына үсыну комиссиясына тұрақты сарапшы ретінде қатысып келеді. (А.Мұқан, З.Исламбаева).

**Г. Жұмасейітова** Ресей мен Қазақстанның Театр қайраткерлері одағының және «Русские театры за рубежом» қоғамының шақыруымен Ресейдегі Бүкіл Ресейлік театр фестиваліне (2006), Қыргызстандағы Әлем халықтарының эпосы бойынша әлемдік фестиваліне (2007) қатысты. ЮНЕСКО-ның үйымдастыруымен Орта Азияның Кластерлік бюросындағы семинарда (Өзбекстан, 2007) Қазақстанның атынан баяндама жасады. Жапониядағы ЮНЕСКО-ның – Тынық мұхитындағы Мәденни орталығы шақыруымен Жапонияның 4 қаласындағы (Токио, Киото, Нара, Осака) жаттығу-курстарына (2008), Қазақстандық делегацияның құрамы Тәжікстандағы СНГ мемлекеттернің ғылыми және шығармашылық интеллекциясының III Форумына (2008) қатысты.

Театртанушы ғалымдар өздерінің біліктілігін арттырып, білімін шындау жолында республикадағы Т.Жұргенов атындағы Казак ұлттық өнер академиясы мен Құрманғазы атындағы Казак ұлттық консерваториясы секілді іргелі жоғары оқу орындарында және арнайы орта білім беретін колледждерде оқу процесіне араласып, ғылыми-зерттеу саласындағы

ізденістерді тәжірибеге енгізу мөселеңімен де тұракты айналысып келеді.

Бөлім қызметкерлері Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігі, Білім және ғылым, Мәдениет министрліктері, қалалық әкімдіктер тарапынан өткізілетін ірі мәдени шараларға, іргелі һәм қолданбалы ғылыми-зерттеу жобаларын орындауға тұракты түрде қатысып келеді. Театр өнері бөлімінде 2010 жылы Қазақстан Республикасы Президентінін әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің тапсырысымен Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес еліміздегі театр мекемелерін нарық жағдайына бейімдеуге қатысты жүргізілген сараптама жұмыстарының барысында мемлекет тарапынан қаржыландырылатын театрлар туралы соңғы бес жыл көлемінде нақтылы мәліметтер негізінде жинастырылған дерек көздеріне сараптама жасалды. Алынған нәтижелерге қорытынды шығарумен бірге республика театрларының даму тенденцияларын, уакыт талабына сай бейімделуі мен бағыт-бағдарын айқындады.

### **Театр өнері бөлімде шықкан кітаптардың тізімі**

1. Львов Н.И. «Казахский академический театр драмы» Краткий очерк. Издательство Академии Наук Казахской ССР Алма-Ата:1954. 80 б.
2. Львов Н.И. Казахский академический театр драмы. – Алма-Ата: «Ғылым», 1957.
3. Львов Н.И. «Казахский театр» Исторический очерк, (под общей редакцией профессора Г.Гоян). – Москва, «Искусство» 1961.
4. Тәжібаев Ә. Казак драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: «Жазушы», 1971.
5. «Казақ театрының тарихы», I том, – Алматы: «Ғылым», 1975. (жаупты редакторы Ә.Тәжібаев)
6. Қазак театрының тарихы. II том, – Алматы: «Ғылым», 1978. (жаупты редакторы Ә.Тәжібаев)
7. Сарынова Л. «Балетное искусство Казахстана» – Алма-Ата: «Ғылым» 1976 ж.
8. Шаушенбаева Н. Актерское мастерство. Творческие портреты мастеров казахской сцены. – Алма-Ата: «Ғылым» 1979. 164 б.
9. Кундакбаев Б. Казахский театр //История советского драматического театра. – Москва: «Искусство», Т. 1-6. 1966-1971.
10. Кундакбаев Б. История театроведения народов СССР. – Москва: «Искусство», 1987.

11. Құндақбаев Б., Облыстық қазак театрлары. – Алматы: «Ғылым», 1965.
12. Құндақбаев Б., Нұрпейісов К. М.Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрына 40 жыл. – Алматы: «Ғылым», 1966.
13. Қундақбаев Б. Путь театра. – Алма-Ата: «Жалын», 1970.
14. Құндақбаев Б. Режиссер және спектакль. – Алматы: «Ғылым», 1971.
15. Құндақбаев Б. Уақыт және театр. – Алматы: «Ғылым», 1981.
16. Құндақбаев Б. Мұхтар Әуезов және театр. – Алматы: «Ғылым», 1997.
17. Құндақбайұлы Б. Заман және театр өнері. – Алматы: «Өнер», 2001.
18. Құндақбайұлы Б. Театр туралы толғаныстар.– Алматы: «Өнер», 2006. –3186.
19. Богатенкова Л.И. Современное казахское сценическое искусство. – Алма-Ата: «Өнер», 1979.
20. Богатенкова Л.И. Верность времени. – Алма-Ата: «Өнер», 1981.
21. Богатенкова Л.И. Театр: поиски и надежды. – Алма-Ата: «Өнер», 1983.
22. Богатенкова Л.И. Услышать и понять человека. – Алма-Ата: «Өнер», 1987.
23. Богатенкова Л.И. В поисках невымышленного времени. – Алматы: «Ғылым» 1996.
24. Богатенкова Л.И. «Казахский театр в годы Великой Отечественной войны» //«История советского драматического театра» – Москва: «Искусство», Т. 1-6. 1966-1971.
25. Оразаев Ф. Жастық шақ театры. – Алматы: «Ғылым», 1978.
26. Очерки истории казахского кино. – Алма-Ата. «Ғылым», 1980 (ответственный ред. А.Тажибаев).
27. Нөгербек Б. Кино Казахстана. – Алматы: Национальный продюсерский центр, 1998. 272 с.
28. Жумасеитова Г. Страницы казахского балета. – Астана: «Елорда», 2001.–144 с.
29. Мұқан А. Қазақ опера театры – Алматы: «Арда», 2008. – 168 б.
30. «Қазақ өнерінің тарихы» 1-том – Алматы: «Өнер», 2006.
31. «Қазақ өнерінің тарихы» 2-том. – Алматы: «Өнер», 2007
32. «Қазақ өнерінің тарихы» 3-том I кітап – Алматы: «Өнер», 2008. –
33. «Қазақ өнерінің тарихы» 3-том II кітап – Алматы: «Өнер», 2009. - 480 б.
34. «История казахского искусства» 1-том – Алматы: «Арда», 2007. - 416 с.

35. «История казахского искусства» 2-том – Алматы: «Арда», 2008 - 456 с.
36. «История казахского искусства» 3-том – Алматы: «Арда», 2009. - 896 с.
37. Қазақ сахна өнері. Тәуелсіздік кезеңі. – Алматы: «КИЕ», 2009. - 488 б.
38. Қазақ сахнасының шеберлері. – Алматы, «Танбалы», 2010. 504 б.
39. Алматы театрлары. – Алматы. «Алматыжарнама», 2010. 271 б.
40. Жұмасейітова Г. Хореография Казахстана. Период независимости. –Алматы: «Жибек жолы», 2010. - 220 с.
41. Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. 3-кітап. – Алматы: Signet Print, 2010, 271 б.
42. Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. 6-кітап. – Алматы: Signet Print, 2011, 347 б.

*Амангельді Мұқан*

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ БӨЛІМІ

КР БФМ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Бейнелеу өнері» бөлімі Казақстандағы бейнелеу өнерінің тарихы, теориясы және көркем сыны негізінде іргелі зерттеу жұмыстарымен айналысатын ең ірі өнертану орталыктарының бірі. Өз құрамына бейнелеу өнері, музыкатану және театртану салалары бойынша мамандарды жинақтаған «Өнертану» секторы киыншылығы мол соғыс жылдарында Қазақ КСР-ның FA Президиумында қазақ мәдениетінің белгілі қайраткерінің бірі, академик А.К.Жұбановтың басшылығымен ашылды.

1952 жылдан бастап бөлім менгерушісі өнертану ғылымдарының докторы, Қазақ КСР FA корреспондент-мүшесі Б.Г.Ерзакович болды. Оның жетекшілігімен ең алғаш рет Қазақстан бейнелеу өнерін қамтитын «Қазақстан бейнелеу өнері» (1963) атты еңбек жарық көрді. Бұл кітапта 1917-1960 жылдардағы Қазақстан бейнелеу өнерінің пайда болуы мен түрлі жанрларының дамуы көрініс тауып, суретшілер шығармаларына талдау жүргізілді. Сонымен қатар шеберлер жайлышын сондықтан жарияланбаған биографиялық мәліметтер беріліп, сөндік-қолданбалы өнер негізінде сол кезеңде заманауи болып табылған қазақ ою-өрнектері қарастырылды.

Өнертанушылар 1950 жылдардың ортасынан бастап бейнелеу өнерінің түрлі мәселелері бойынша альбомдарға, журналдарға, газеттерге және каталогтарға макалалар жариялай бастады. Мәскеулік және республикалық басылымдарда жарық көрген, қазіргі уақытқа дейін сұранысқа ие Е. Вандровскаяның – «Ә. Қастеев», «К. Тельжанов», «Л.П. Леонтьев»; Р.Копбосынованың – «Сахи Романов»; Л. Марченконың – «Г. Исмаилова»; Е. Микульскаяның «Әбілхан Қастеев»; И. Рыбакованың – «А. Ғалымбаева», «А. Черкасский»; Г. Сарықұлованың «Е. Сидоркин» атты монографиялары республикамыздығы монографиялық альбом каталог жанры дамуының алғашқы сатысына айналды. 1956 жылы танымал кескіндемеші Ә. Қастеевтің шығармашылығына арналған алғашкы ғылыми еңбек «Әбілхан Қастеев» (Е. Микульская) атты монографиясы жарыққа шыкты.

1961 жылы «Өнертану» секторы (театртану және бейнелеу өнері) М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының құрамына енді. Кейіннен өнертану секторынан жеке

дара «Бейнелеу өнері» бөлімі құрылып, қызметкерлер өз шығармашылықтарын Қазақстанның кескіндеме, графика, мүсін және сөндік-колданбалы өнерінің құрылу, калыптасу және даму мәселелеріне толығымен арнаған болатын.

1960-70 жылдар шеберлердің еліміздің мәдениетіне қосқан үлесі тұрғысынан қарастырылатын өнертанушылық талдауларға материал жинақтайтын кезен болды. Бөлім өнертанушылары – Г. Сарықұлова, М. Габитова, Е. Микульская және И. Рыбакова – Қазақстан көркемсурет мектебі шеберлерінің шығармашылығын зерттеген алғашқылардың қатарынан еді. Олар негізгі кейіпкерлерді анықтап, суретшілердің басты туындыларына мұқият талдау жасап, бейнелеу өнеріндегі жанрдың дамуына өсер еткен маңызды параметрлерді аныктады.

1971-1990 жылдары «Бейнелеу өнері» бөлімінің менгерушісі қызметін өнертану ғылымдарының кандидаты Г.А. Сарықұлова атқарды. Г.А.Сарықұлова отандық өнертанудың бастауында тұрған Қазақстан өнертанушыларының аға буын өкілдерінің қатарында. Оның «Евгений Сидоркин», «Антощенко-Оленев» атты Қазақстан графикасы бойынша алғашқы монографиялық және жинақ еңбектері Ресей баспаларында жарық көрді.

Ол Қазақстанда алғашқылардың бірі болып, бейнелеу өнері бойынша кандидаттық диссертация корғады. Осы жылдары кескіндеме, графика, монументалды және кондырыфылы мүсін өнерінің өзекті мәселелері көтерілген «Қазақстан бейнелеу өнері тарихының очерктері» (1977) жарық көрді.

1967 жылы отандық өнертану ғылымында тұнғыш рет XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі графика өнерінің негізгі мәселелері мен ізденістері туралы Г.Сарықұлованың «Қазақстан графикасы» атты кітабы басылып шықты. Бұл еңбекте Қазақстан графика өнерінің қалыптасуы мен алғашқы суретші-саяхатшылардың суреттерінен бастап Е.Сидоркин, М.Кисамединов, А.Рахманов, А.Гурьев, И.Исабаев және т.б. көсіби шеберлердің жетістіктеріне дейін жүйелі түрде зерттелген.

«Изобразительное искусство Казахстана» (1963) (авторлары: М.Габитова, Е.Микульская, И.Рыбакова, Г.Сарықұлова), «Мастера изобразительного искусства Казахстана» (1972, 1984) (авторлары: М.Габитова, И.Рыбакова, Г.Сарықұлова) және «Графика Казахстана» (авторы Г.Сарыкулова) және т.б.

жинақтар бейнелеу өнерінің тыңғылықты зерттелуіне жол ашты.

М.Ғабитова, Е.Микульская, И.Рыбакова және Г.Сарықұлованың өнертанушылық еңбектері Қазақстан бейнелеу өнерімен ғана шектеліп қалмай, сонымен қатар Кенес Одағы халықтарының бейнелеу өнеріне де арналды. Оның мақалалары бауырлас республикадардың сериялық кітаптарында да жарияланды. Осы басылымдардың қатарына «Изобразительное искусство Казахской ССР» (Москва, 1978), «Искусство народов СССР» (Москва, 1960-77, 9-шы томында Қазақстан өнеріне арналған мақала) атты еңбектері кіреді.

Бөлімнің аға буын өнертанушыларының еңбектері мен сиңи очерктері кезекті өнертану теориясының құнды әрі маңызды қайнарына айналып, авторларға Қазақстан өнері тарихының жылнамасына кескіндеме, графика, мүсін және театралды-сөндік өнерінің белгілі шеберлерінің есімдерін енгізуге мүмкіндік берді.

Кейіннен кескіндеме, графика, мүсін және қолөнер шеберлері шығармашылығының зерттелуіне негіз болған «Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері» атты кітаптың екі басылымы (1972, 1984) жарық көрді. 1989 жылы «бейнелеу өнері» бөлімінің қызметкерлері «Революцияға дейінгі Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихынан» атты жоба бойынша жұмыс жасауды аяктады. Бірақ өкінішке орай, Қайта құру кезеңдерінің киыншылықтарына байланысты және КСРО-ның ыдырауы себепті бұл еңбек жарыққа шықпай калды.

«Очерки истории изобразительного искусства Казахстана» (құрастырушы Г.Сарықұлова) атты жинақтың авторлары алғы сөзде республикадағы өнертану саласының әліде жас екендігін айта келіп, дегенмен осы саланы зерттеуде аз нарсе жасалмағандығын да ескертे кетеді. Жинақты құрастырушы, кітапты бейнелеу өнерінің түрлері бойынша бөлу арқылы, материалдың барынша қорытылуына, жеткізу тілінің ұғынықты әрі тұжырымды болуына баса назар аударды.

Жеке тұлғалардың шығармаларынан алған өсерлерді «қарапайым әрі қысқа» түрде бөлісу, өнер әлемінің толық көрінісін құрастыру, суретшілер туындыларындағы уақыт көрінісіне түсінік беру қажеттілігі зерттеушілерге ойларын басты мәселеге жинақтауға мүмкіндік берді.

1980 жылдары бейнелеу өнерін зерттеуде таптаурындардан алшактау жалғасын тауып, суретшілер шығармашылығындағы қауымдастық ойлау жүйесіне, рәсімділік пен мифологизацияға аса назар аударылды.

1986 жылы жас өнертанушы Ерғалиева Р.Ә. «Преломление фольклорных образов в живописи и графике Казахстана» атты тақырып бойынша такандидаттық диссертациясын корғады. Эрдайым бөлімнің жоспарлық жұмыстарына, «Мастера изобразительного искусства Казахстана» атты жинақтың басылымына катысып жүретін Р.Ә. Ерғалиеваның мақалаларында жаңа тақырыптар мен ұлттық бейнелеу өнерді иеррудің жаңа деңгейлері көрініс тапты.

Бейнелеу өнерінің көне нағым-сенімдер, дәстүрлер, казақ халқының рухани мұрасы және шығармашылықтың кайнар көздерімен өзара байланысы зерттеушілер жұмыстарының басты тақырыптарына айналды. Бұл кезенде кескіндемеге деген шынайы ұлттық және кәсіби катынастың өзара синтезі көрініс тапты. Қазақстандық көркем өмірде қалыптастан осындай қалыпта сүйене отырып, республика-мыздың бейнелеу өнерінде болып жатқан жағдайларға баға беруге мүмкіндік пайда болды.

Осы кезенде негізгі сынни ойлар жиынтығы М.О. Өуезов атындағы ӘФИ-да шоғырланды. Р.Ә. Ерғалиеваның «Этно-культурные традиции в современном искусстве Казахстана» (Алматы, «Ғылым», 2002), «Современная живопись Казахстана» (М., «Искусство», 1989, № 12), «Традиции и новаторство в современной скульптуре Казахстана» («Известия» АН РК, 1988, № 1), «Экстаз и медитация в казахской скульптуре» (М., «Искусство», 1990, № 9), «Эпос и художник» («Известия» АН КазССР. Серия филологическая, 1978, № 4), «Казахские народные игры в графике Е. Сидоркина» («Известия» АН КазССР. Серия филологическая, 1979, № 3), «Заметки о развитии натюрморта в живописи Казахстана» («Известия» АН КазССР. Серия филологическая, 1980, № 2), «Дорогое наследие» («В мире книг». Москва, Советский художник. 1982, № 10), «Из опыта книжной иллюстрации к произведениям фольклора» («Известия» АН КазССР. Сер. филол. 1982, № 3), «Фольклор и графика» («Простор», 1982, № 4) мақалалары және басқада ғылыми еңбектері заманауи өнердің дәстүрлі қазақ мәдениетімен өзара терең байланысы мәселелерін көтерді.

Бейнелеу өнері мәселелері «Искусство» журналының 1990 жылғы №9 номерінде жарқын түрде көтерілді. Журналдың бұл номері Қазақстан өнеріне арналып, республикамыздың өнертанушылар тарапынан өзірленді. Бұл журналда жарық көрген мақалалардың басым бөлігі негізінен бейнелеу өнері бөлімі қызметкерлерінің зерттеулері еді. Кайта құру кезеңінің рухани тынысы журналдың мына бір үндеуімен жеткізілді: «Өнер саясаттан тыс болуы қажет, ол барлық жағдайда да халық пен елді байланыстырушы қызметін атқарған және әліде атқаратын болады». Идеологиялық прессингтің жойылуы түрлі бағыттардың және стильдердің дамуына жол ашып, сыншылардан жаңа өрі талантты анықтауды ғана емес, сонымен бірге дайындығы жок көрерменге жана формалардың өзіндік ерекшеліктерін жеткізу талап етілді. Сонымен қатар дәл осы баспада заманауи кезеңдегі көркем сынның басты бағыттары белгіленді. Оларды суретшілердің болмысты шығармашылық түрғысынан ұғыну өзгерістері және Шығыс пен Батыстың өзара қарым-катаинасын бақылауға деген ұмтылыс біріктірді.

Тоқсаныншы жылдары жазылған Р.Ә.Ерғалиеваның, «Экстаз и медитация в казахской скульптуре», Р.Т.Көпбосынованың «Искусство Казахстана 1980-х годов, И.Юферовның «Этюды в неформальных тонах» атты мақалаларында көтерілген мәселелер бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан емес. Монографиялық материалдарды ұсыну стилі өзгергілді. Л. Уразбекованың «Гнездо птицы» (Т. Тогусбаев жайлы), К.Лидің «Феномен манекена» (Е. Тулепбаев жайлы) мақалаларында авторлар ең бірінші суретшілер дүниетанымына баса назар аударып, бейнелеу өнеріндегі өзіндік ерекшеліктерін көнінен зерттеді.

1992-1995 жылдар аралығында бейнелеу өнері бөлімінің менгерушісі Қазақстанның еңбек сінірген мәдениет кайраткері, ҚазБСКА академигі Ш.Е.Уәлиханов болды. Ш.Е.Уәлиханов – Қазақстанның мемлекеттілігі мен тәуелсіздігінің символына айналған Тәуелсіздік Монументінің, Қазақстан Республикасы Елтанбасының, біздің қаламыздың келбеті мен стилін құрайтын көптеген ғимараттардың, еліміздегі көптеген мемориалдың кешендер мен монументтердің авторы, ақын, драматург, ғылым және қоғам қайраткері. Ол «бейнелеу өнері» бөліміне менгеруші болған жылдары басқа да орталықтармен тығыз шығармашылық тәжірибелік байланыстар орнатты.

Ш.Е.Уәлихановтың көптеген шығармаларынан дәстүрлі казақ мәдениеті мен тарихының негіздері айқын көрініс тапты. Оның туындылары ұлттық рух пен колориттің таза өрі байыры мәніне толы. Шығармаларына көпмәнді өрі көпденгейлі символика, максималды этномәдени стилистикалық және семантикалық ассоциациялар төн. Ш.Е.Уәлихановтың туындыларында қазак мәдениетінің ішкі дүниетанымдық константалары ірі масштабты сөүлеттік-кеңістікті ойлау жүйесі арқылы көрініс тапқан.

Шота Уәлиханов – Шокан Уәлиханов атындағы ҚР Мемлекеттік Сыйлығының иегері (1970), Қазақстанның Еңбек сіңірген архитекторы (1978), Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі (1997), Сөүлет кафедрасы бойынша ҚазБСКА-ның академиялық профессоры (1999), «Құрмет» белгісінің иегері, Шығыс елдерінің Халықаралық сөүлет өнері академиясының толық мүшесі (2001), «Тарлан» сыйлығының лауреаты (2001). Ол ҚР Төуелсіздік Монументінің (Алматы), Кенесары хан ескерткішінің (Астана), ядролық сынақтардың құрбанына арналған «Сильнее смерти» ескерткішінің (Семей), Фани Мұратбаев ескерткішінің (Алматы) және басқада көптең Қазақстан монументалды өнерінің белгілі туындыларының авторы бола тұра, ғылыми-теориялық жұмысты да қатар алып жүрді. Оның қаламына Қазақстан өнерінің тарихының ғылыми пайымдауларына жанды эмоционалдық бағыт енгізген «Архитектура наших городов» (о городах Казахстана) («Декоративное искусство СССР» № 8, 1980), «Феномен рождения подлинной архитектуры» («Моспроектовец» № 3 1982), «Молодые побеги могучих корней» (29 апреля 2003 г. «Казахстанская правда»), «Рождение Монумента независимости» (6 ноября 1998 г. Столичное обозрение), «Архитектурное творчество как синтез идеи и технологии» (Мадрид 8 мая 1975 г. Выступление на XII Всемирном конгрессе международного Союза архитекторов) атты мақалалар тиесілі.

«Бейнелеу өнері» бөлімін ауыртпашилығы мол қайта күру жылдарында баскарған Шота Уалиханов бөлімнің кадрлық әлеуетін сактап, өнертанушылық зерттеулердің жалғасуын қамтамасыз етті, Қазақстан өнертану ғылымының келешегін белгілей алды.

Төуелсіздік кезеңі жас республиканың көркем мәдениеті мен «Бейнелеу өнері» бөлімнің өнертанушыларының алдына жаңа мақсаттар мен міндеттер коя білді.



Әлменов Баймен,  
түнғыш директор.



Академик З. Ахметов және  
ақын Ж. Молдағалиев



М. Өзес Тіл және әдебиет институты  
қызметкерлерімен бірге.



Институт директоры Ә. Шәріповтің қабылдауда.



Ә. Шәріпов музыкатану бөлімінде.



F. Мұсірепов, Е. Үсмайылов, М. Қаратаев және  
институт қызметкерлері айтыста.



Институт қызметкерлері халық  
ақындарымен кездесуі.



Директор М. Базарбаевтың кабинетінде.



Мерекелік шеру.



Ғылыми конференциядан кейін.



Сенбіліктे.



Академиктер М. Қаратаев пен  
С. Қирабаев мәжіліс кезінде.



«Әуезов үйі» ғылыми-зерттеу  
орталығының қызметкерлері.



Академик З. Қабдоллов мінбеде.



С. Қасқабасов конференцияға  
келген қонақтармен бірге.



Ғылыми кеңес мүшелерінің бір тобы.



Институт қызметкерлерінің жазушы  
Ғ. Мұсіраповпен кездесуі.



Мәжіліс залында.



Институт кызметкерлері М. Әуезов мұражайында.



Директор С. Қасқабасов жиналыш өткізуде.



Солдан: Ж. Ысмагұлов, Ш. Елеуkenov,  
Б. Құндақбаев, Ш. Сариеv.



Фольклортану бөлімі.



Ежелгі және орта ғасырлар әдебиеті бөлімі.



Тәуелсіздік дәүірдегі әдебиет бөлімі қызметкерлері.



Әдебиет теориясы бөлімі.



Әуезовтану бөлімі.



Колжазба бөлімі.



Әлем әдебиеті және халықаралық байланыстар бөлімі.



Музыкатану бөлімі.



Театртану бөлімі.



Бейнелеу өнері бөлімі.



Ғылыми көңес мәжілісі.

Бөлім кызметкерлінің құрамында өнертану ғылымда-  
рының кандидаттары Г.А Сарықұлова, И.А.Рыбакова секілді  
республикамыздың жетекші өнертанушылары, кескіндеме  
академигі К.Т-Б.Тельжанов және Р.Г.Ғабитова, Е.Микульс-  
кая (1950-1980), Р.Ә.Ергалиева, Л.С.Уразбекова, Р.Т.Көпбо-  
сынова (1970-1990 жылдардың өр кезеңдерінде),  
А.Кәкімжанова, Б.Ибраев, сынды еліміздің ең үздік өнерта-  
нушы мамандары болды.

Бөлімнің іргелі зерттеу жұмысының «Қазақстан бейне-  
леу өнерінің негізгі тарихи кезеңдері және казіргі даму тен-  
денциялары» атты бағдарламасына (2003-2005) ҚР ҰҒА  
Академигі, КСРО Халық суретшісі, Ресей Өнертану Акаде-  
миясының корреспондент-мүшесі, Қазақстанның Халық  
суретшісі, ҚР Мемлекеттік Сыйлығының лауреаты, ҚР Еңбек  
сінірген өнер қайраткері, профессор К.Т-Б.Тельжанов ғылы-  
ми кеңесші болды.

1995 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Қазақстан өнер-  
тану ғылыминың неегізі болып табылатын бейнелеу өнері  
бөліміне өнертану ғылымдарының докторы, профессор Ерг-  
алиева Райхан Әbdешкызы жетекшілік етіп келеді. Ол бей-  
нелеу өнері бойынша Қазақстандағы алғашқы өнертану  
ғылымдарының докторы. Қазіргі кезде бөлім Қазақстан бей-  
нелеу өнерін зерттейтін басты өрі негізгі ғылыми-зерттеу  
орталығы болып саналады.

Бейнелеу өнері бөлімімен Мемлекеттік орталық мұра-  
жайы, Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік орталық өнер мұра-  
жайы, ҚР Суретшілер одағы, Т.Жұргенов атындағы Қазак  
ұлттық өнер академиясы, көркемөнер галереялары сынды  
мемлекеттік мекемелердің Р.Т.Көпбосынова, Л.С.Уразбеко-  
ва, Е.Г.Малиновская, С.Құмарова, К.Ж.Мұқажанова секілді  
көптеген жетекші өнертанушылары, А.Ж.Жадайбаев, А.К.-  
Юсупова, О.В.Батурина, Э.Р.Ахметова сынды жас өнертану-  
шылар өте тығыз ғылыми және шығармашылық байланыста.  
Қазір бөлімде өнертану ғылымдарының кандидаттары – Тру-  
спекова Х.Х., Шарипова Д.С., Юсупова А.К., жас өнертану-  
шылар Қарғабекова Р.И., Үйдырыс З.А., Аксакалова Ж.А.

Сонғы жылдары бөлім кызметкерлері бірнеше авторлық  
монографиялар шығарды: «Этнокультурные традиции в со-  
временном искусстве Казахстана» (Ергалиева Р.Ә., 2002); «От  
поэзии сказаний к поэтике красок» (Ергалиева Р.Ә., 2004);  
«Феномен степи в живописи» (Ергалиева Р.Ә., 2008), «Очер-

ки казахского изобразительного искусства» (Шарипова Д.С., 2008), «Живопись Казахстана 1980-1990-х гг.: пути и поиски» (Юсупова А.К., 2009), «Пейзажная живопись Казахстана» (Батурина О.В., 2009).

Р.Ә.Ерғалиеваның «Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана» атты кітабында бейнелеу өнеріндегі жана түрлерінде этномәдени дәстүрлердің бейімделу мәселелері біздің елімізде алғаш рет көтеріліп зерттелді. Монография казак өнертану ғылымындағы өнердің жана түрлерінің дәстүрлі ұлттық мәдениетпен өзара рухани байланысында тереңінен зерттелген алғашқы еңбек болып табылады. Қазақстанның мәдениеті мен өнерін зерттеуге арналған гуманитарлық ғылымдар үшін ұлкен ғылыми-теориялық манызы бар монография мынадай ғылыми ойларға ие: көркемдік мектептің қалыптасуы дәстүрлі көзқарастар секілді ұлттық мәдениетпен рухани байланысып, дәстүрлі санаға негізделген; көркемдік өрекеттің «жана» түрлеріне өзге халықтың өсері нәтижесінде пайда болған өнердің көсіби түрлері – кенепке майлы бояумен салу, Қазақстанның монументалды жөне кондырығылы (станокті) мұсін өнері өз бойына дәстүрлі мәдениеттің барлық спектрін жинақтайды.

Аталған кітапта алғаш қазак өнертану ғылымының зерттеуінде бейнелеу өнерінің жана түрлерінің халықтың дәстүрлі мәдениетімен өзара байланысының қарқыны мен деңгейі, дөрежесі мен сипаты анықталды. XX ғасырдағы көсіби кескіндеме мен мұсін өнері қалыптасуының ең қуатты компоненттерінің бірі өрі, рухани негізі ретінде қазактардың ұлттық сипаты, ділдік ерекшеліктері көрініс тапкан.

Р.Ә.Ерғалиеваның «От поэзии сказаний к поэтике красок» деп аталатын монографиясы XX ғасыр Қазақстан бейнелеу өнеріндегі мәдени мұра сынды көсіби кекіндеме мен графикада фольклорлық кейіпкерлер мен бейнелерінің интерпретациялануына арналған. XX ғасырдағы Орталық Азиядағы қөркемөнер мектептерін дәстүрлі ұлттық руханилық пен дүниетаным түрғысындағы көзқараста зерттеу қазіргі уақытта өнертанудың өзекті мәселесіне айналды.

Ғалымның «Феномен степи в живописи» атты енбегінде XX ғасырдағы Орталық Азия мен Қазақстандағы дала мәдениеті мен бейнесі зерделенеді. Отанымыздың символы мен метафорасын, еліміздің дәстүрлі мәдениетінің құндылығы мен көрініс жүйесін бейнелеген дала бейнесі заманауи мәде-

ниетте маңызды орын алады. Даланы түркі танымының бес-саспап кілті ретінде қабылдаған суретшілер өрдайым өз жұмыстарында мифологиялық қабаттардың шежіресін, дәстүрлі дүниетанымын, Қазақстан мен Орталық Азия халықтарының ұлттық ерекшелігін, тарихы мен бүгінгі шынайы өмірін көрсете білді.

Кітапта кен байтак қазак даласының көркіне сүйсінген батыс, орыс, украин, қазак, қыргыз, өзбек, түркімен халықтары шеберлерінің шығармашылығына талдау жасалынған. Автор өрбір ұлттық кескіндеме мектептерінің өзіндік ерекшеліктерін, даланың рухани мұрасының қазіргі мәдениетте жүзеге асырылу ерекшеліктерін аныктады.

Д.С.Шарипованаң «Очерки казахского изобразительного искусства» атты монографиясы Қазақстан бейнелеу өнеріндегі ұлттық мектептің қалыптасу процесстерін қамтитын очерктер жинағы болып табылады. Онда 1930-50 жылдар ара-лығындағы Қазақстан кескіндемесінің басты келелі мәселелері мен белгілі тұлғалар шығармашылығы қамтылған.

Автор бейнелі әрі көркем жеткізу тілі арқылы қарастырылып отырған кезеңдегі шығармалардың ерекшелігін, поэтикалық мәнерлілігін, мағыналық терендігі мен қайталанбас құндылықтарын, сонымен катар ұлттық кескіндеме мектебінің қалыптасу ерекшеліктерін айқын әрі түсінікті формада жеткізуге тырыскан.

А.К.Юсупованаң «Живопись Казахстана 1980-1990-х гг.: пути и поиски» атты монографиясы Қазақстан кескіндемесі дамуындағы бағыттарды зерттеуге арналған. Өз зерттеуінде автор көркем жеткізу тілінің ерекшеліктеріне, оның даму заңдылықтарына және шығармалардағы бейнелі-кескіндемелік құрылымына басты назар аударады.

Бейнелеу өнері бөлімінде «Мастера изобразительного искусства Казахстана» атты жинақтың басылымы қайта қалпына келтірілді. 2004 жылы бейнелу өнері бөлімі сырттан шакырылған жетекші өнертанушылардың катысуымен (Көпбосынова Р.Т., Уразбекова Л.С., Малиновская Е.Г., Мұқажанова К.Ж., Ли К.В. және т.б.) «Мастера изобразительного искусства Казахстана» атты ұжымдық монографиясын жарыққа шығарды. 1980-1990 жылдардағы белгілі Қазақстан суретшілері Т. Тогысбаев, Б. Табиев, Б. Тұлкиев, Р. Ахметов, Е. Төлепбай, А. Ақанаев, Ә. Сыдыхан, З. Тұсіпова, Әлібай және Сауле Бапановтар және басқа да шеберлер шығармашылығын қамтыған монографияның

үшінші басылымы бейнелеу өнері бойынша жарық көрген академиялық шығарылымдардың қалыптасқан ғылыми дәстүрін сөтті жалғастырды.

2009 жылы осы кітаптың төртінші шығарылымы жарық көрді. Ұжымдық монографияда О.Тансықбаев, Б. Урманче, В. Эйферт, К. Ахметжан, Ф. Баянов, Р. Юсупов, Ж. Қайрамбаев, А. Курбанов, К. Әжібеков, М. Нұрке сынды ірі шеберлері мен төуелсіздік кезеңіндегі белгілі басқа да суретшілердің шығармашылығы жан-жакты қарастырылды.

Енбекте өрбір автордың ғылыми-әдістемелік қағидаларының ерекшеліктері байқалады. Жинақты құрастыруышылардың мұндай әдістері Қазақстанның ұлттық көркемсурет мектебінің қалыптасу ерекшеліктерін кешенді зерттеуге де-ген құлшынысынан туындаған. Авторлар өрбір шебердің шығармашылығын жеке дара және бірегей түсініктердің өзіндік түйіні, өміршөн өсерлер мен көркем тәжірибелердің бірігуі түрғысынан қарастырады. Басылымның ерекшелігі – белгілі қазақ шеберлерінің шығармашылығына жаңа көзқарас қалыптастыру, аз зерттелген тарихи өрі биографиялық материалдардың авторлар назарына ілігуі.

2009 жылы бөлім қызыметкерлері колданбалы зерттеу жұмысының нәтижесінде «100 шедевров искусства Казахстана» атты кітап шығарды. Енбекте кескіндеме, мұсін және графика өнерінің ең танымал шеберлерінің туындылары қарастырылып, талданды. Ұжымдық монографияны жазу барысында бөлім қызыметкерлері бейнелеу өнерінің белгілі туындылары арқылы Қазақстанның көркемсурет мектебінің бүкіл бай қазынасы мен сан алуандығын көрсетуді мақсат етті. Жоба тұжырымдамасының негізіне жауғарларды белгілеу мен таңдап алуға арналған мынадай негізгі шарттар қойылды: көркем сапа, туындының белгілі шебердің шығармашылық тағдырындағы маңызы, стилистикалық бағыт эволюцияндағы шығарманың маңыздылығы, үстемдік еткен эстетикалық тұжырымдамалармен өзара байланысы, қоғамдық контекст мен мемлекеттің мәдени саясатын үғынудағы мәні, идеялы-философиялық кешеннің презентациясы, ұлттық ерекшеліктің негізгі көрінісі, портрет, тарихи картина, тұрмыстық жанр, пейзаж, натюрморт сынды түрлі жанрлар дамуын үғыну деңгейі.

«100 Шедевров искусства Казахстана» атты кітабындағы аннотациялы-сараптамалық зерттеулер көркем ескерткішті

сипаттаудын алдын ала жасалған құрылымы бойынша жазылды. Еңбекте дәстүрлі өнертанушылық талдау әдісі ең жарқын көркем әсерлерге жасалған жанды эмоционалдық пікірлермен байланыстырылды. Жинақталған және зерттелген материал аукымды денгейдегі Қазақстан бейнелеу өнерінің шығармашылық эвалюциясын көнінен түсінүге, үлттық мектептің түрлі кезеңдерінің құрылуы мен дамуы ба-рысындағы дәстүрлі өнер және әлемдік кескіндеме, мұсін импульстерінің байланысын жете үғынуға мүмкіншілік берді. Осылайша бір кітапқа жинақталған қазақ мәдениетінің тамаша үлгілері мен олардың терендептілген талдаулары Қазақстан бейнелеу өнері насиҳатының маңызды құрамдас бөлігі болып табылды.

2003-2005 жылдар аралығында бейнелеу өнері бөлімі іргелі зерттеу бағдарламасы бойынша «Қазақстан бейнелеу өнерінің негізгі тарихи кезеңдері және қазіргі даму тенденциялары» атты жобамен жұмыс жасады. Бұл ғылыми жоба тұнғыш рет өнер дамуының негізгі кезеңдерін тұтастай зерттеуді ұсынды. Осы жобаның нәтижесінде қазақ және орыс тілдерінде «Қазақ өнерінің тарихы» атты 3 томдық шығарылды. Бұл еліміздің көне заманнан қазіргі күнге дейінгі көркем мәдениетінің дамуындағы түрлі тарихи кезеңдерді кешенді түрде зерттеген өнертану саласындағы маңызды еңбек болып саналады.

Сонымен қатар археология, этнография, Қазақстан тарихы жөніндегі жана деректерге сүйене отырып, казақ мәдениетінің көнеден бүгінгі күнге дейінгі көркем-эстетикалық өзіндік тұрмыс-тіршілігі анықталды.

Жобалық жұмыстың негізгі тарауларында ежелгі, ортағасыр, қазіргі Қазақстан көркемөнерінің көркем-эстетикалық және тұтастай өзіндік дүниетанымдық тұжырымдамасы мен қалыптасуы, даму тарихының негізгі хронологиялық салындары зерттеліп, негізгі жанрлары мен түрлері, дәуірлік сипаттары анықталды.

Қазақстан көркем мәдениетінің жүйелі немесе дискретті кезеңдерін зерттеу оның территориясында тарихи-мәдени бірліктердің, мемелекеттік құрылымдардың қалыптасуымен тікелей байланысты. Мұндай жүйелі, кешенді зерттеу өнердің аймақтық және әлемдік мәдени кеңістіктегі ролі мен маңыздылығын, біздін аймақтың қазіргі кездегі көркемөнер процесі мен өнердің жалпы әлемдік қазынасына қоскан орасан зор

үлесін ашып көрсетеуге мүмкіндік береді. Жобаның «Қазақстан өнерінің тарихы» атты ғылыми тарауында Қазақстанның бейнелеу және сөulet өнері ұлттық, сондай-ақ, жалпыадамзаттық көркем мәденистің тамаша, бірегей әрі біртұтас ошағының өзара байланыскан бөліктегі ретінде жүйелі әрі объективті түрде зерттелді.

Бұл жоба Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асып жаткан, рухани және білім саласының дамуына үлес қосатын арнайы мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында орындалды.

Жоба театрану және музыкатану бөлімдерімен бірлесе отырып жасалды.

Бөлім қызметкерлерінің 2006-2008 жылдарда зерттелген «Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі бейнелеу өнері: қазіргі болмысы, даму бағыттары» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жобасының нәтижесі ретінде жарыққа шықкан «Изобразительное искусство Казахстана. Период независимости» атты ғылыми енбекте егеменді Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнері қазақ мәдениеті мен өркениетінің бірегей феномені түрғысынан зерттелді.

Бөлім қызметкерлерінің үш жылдық енбектерінің нәтижелері М.О.Әуезов атындағы ӘӨИ-ның іргелі-ғылыми зерттеу жұмыстарының аясында жүзеге асырылды. Өнертанушылық мақалалар жинағы тәуелсіз Қазақстанның қазіргі заман бейнелеу өнеріндегі маңызды феномендерді жинақтауға және жүйелеуге арналған. Авторлар соңғы екі жыл ара-лығында болған маңызды мәдени құбылыстарды барынша айшықтап талдауға тырысты.

Кенес өкіметі тұсында қалыптасқан Қазақстан бейнелеу өнерінің алғаш рет идеологиясыз және цензурасыз дамуы Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан өнерінің маңызды әрі тұжырымдамалық негізі болып табылды. Әлеуметтік идеологиялардың жойылуы мен қазақ өнерінің дамуы алғаш рет өнертану саласында негізгі рухани тіректерді, көркем қағидалар сабактастығы мен инновациялық мүмкіндіктер ізденістерін қалыптастыруға жол ашты.

Енбекте заманауи бейнелеу өнерінің үйлесімділік жүйесі ұсынылды. Ондағы қазіргі заман өнерінің барлық түрлері мен жанрлары, дәстүрлі бағыттары мен тәжірибелі формалары дамуының негізгі сатылары мен идеологиялық парадигмалары

ры зерделі оқырманға көз алдында жасалынып жатқан өнер өлемінің барлық жетістігі мен маныздылығын үғынуға мүмкіндік берді.

Алғаш рет Қазақстанның қазіргі заман өнерінің жалпы ахуалына тарихи-мәдениеттанушылық талдау жұмысы жүргізілді. Соның негізінде қазак мәдениетінің алаң түрлері мен жанрларының сипаттамасы мен эволюциясы, бейнелеу өнерінің үнамды тақырыптары мен көріністері анықталды. Осы жобада Қазақстанның заманауи өнеріндегі жаңа бағыт, атап айттын болсақ, жаңа технологиялармен және дәстүрден тыс материалдармен байланысты көркемөнер саласын алғаш рет ғылыми түрғыдан тұжырымдады. Келешекте жаһандану процестерінің ажырамас бір бөлігіне айналатын Contemporaguy Art терминімен анықталатын өнердің жаңа түрлері Қазақстан заманауи өнерінің тәжірибесіне белсенді түрде еніп, жанжақты пайымдауды талап етеді.

Қазіргі таңда бөлім қызметкерлерімен «XX ғасыр қазақ бейнелеу өнеріндегі тәуелсіздік идеясы» (2009-2011 жж.) атты іргелі зерттеу жобасы бойынша жұмыс жүргізілуде. Жоба авторлары тандаған Қазақстанның көркемөнер өміріндегі көпқырлы көріністердің жалпылама теориялық зерттеулерін жасау идеясы жекелеген ескерткіштерді талдауға, жекедара туындылардағы Қазақстан мәдениетінің жалпы зандалықта-ры тарихының бейнесін анықтауға мүмкіндік берді.

Қазақстан бейнелеу өнеріндегі пішінді зерттеу арқылы теориялық мәселелерді кою мен үғыну, тәуелсіздік идеясын жеткізу тәсілі мен ұлттық сана-сезімінің калыптасуы зерттеушілердің басты назарына алынды. Онда этникалық кодтар мен архетиптер, ұжымдық және жеке даралық сәйкестік, әлемнің көркемдік көрінісі, тақырыптық және бейнелік катар ұлттық сана-сезімінің өсу көрінісіне байла-нысты Қазақстан көркемсүрет мектебінің өзін-өзі билеу стратегиясы анықталды. Қазақ бейнелеу өнеріндегі тәуелсіздік идеясы мәселелері контекстіндегі өнертанушылық, өлеуметтік және эстетикалық тұрғыдағы жеке даралық шығармашылық мүмкіндігі мен ортақ көркем процестер манызды орын алды.

Жобаны зерттеу барысында алғаш рет тәуелсіздік идея-сының көрініс табуы мен этникалық кодтар трансформация-сының өзара байланысынан негізгі мәселелер жынтығы және жанрлық басымдылығы айқындалды. Бірінші рет Қазақ-

стан бейнелеу өнеріндегі этникалық кодтардың негізгі ерекшеліктері, монументалды мұсін өнерінің ең басты идеялық және пластикалық тұжырымдамалары, Қазак шеберлері туындыларындағы дәстүр жалғастығы, шығармалардың тақырыптық және бейнелілік катары аныкталды.

Театр және музыка өнері бөлімдерімен бірлесе отырып ірі халықаралық және республикалық конференциялар («Казақстан және Орталық Азияның дәстүрлі және қазіргі заман өнері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, 2004; Ә.Қастеевтің туылғанына 100 жыл толуына арналған ғылыми-теориялық конференция, 2004), «Рухани мұра және қазіргі мәдениет: текстология, игеру, зерттеу» атты Халықаралық ғылыми симпозиум (2009), «Ахмет Жұбанов және Казақстанның өнертану ғылымдары» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция (2006) өткізді.

2009 жылдың сонына қарай бейнелеу өнері бөлімі ұйымдастырған театр суретшісі В.В.Теляковскийдің 115 жылдығына арналған «Социальные утопии и мифы в искусстве Казахстана XX века» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция ғылыми-ұйымдастыруышылық резонансқа ие болды. Конференция материалдары негізінде 2010 жылы көлемді жинақ жарыққа шықты. Мұнда кеңес кезеңінде тағдыр төлкегімен Қазақстанға келген суретші мұрасы ғылыми түрфыда қарастырылды.

Бөлім қызыметкерлері академиялық басылымдардан өзге Қазақстан қескіндемесі, мұсін, графика және сөндік-қолданбалы өнері дамуындағы құрделі үрдістердің ғылыми негіздемесіне зор үлес қосқан және көптеген ғылыми құндылығы жоғары бейнелеу өнері бойынша альбом, каталог, кітаптарды жарыққа шығарды. Өнертанушы мамандардың жетекшілігімен елімізде және шет елдерде қазак бейнелеу өнері саласында бірнеше айтулы көрмелер өткізді. Қазақстан бейнелеу өнерінің әлемдік көркемөнер сахнасына шығуына жол ашқан Ренн, Токио, Берлин, Париж, София, Мәскеу, Ленинград, Киев, Вильнюс, Ташкент, Бішкек, Алматы, Баку, ТМД және Таю Шығыс басылымдарында жарық көрген қазақ өнертанушыларының жарияланымдары мен баяндамалары әлем фалымдарының қызығушылығын ояты.

Бөлімнің Халықаралық байланыстары бөлім менгерушісі Р.Ә.Ерғалиева мүшелікте болып табылатын AICA Халықаралық сыншылар ассоциациясының қызыметі негізінде қайта

жанданды. Зерттеуші Р.Ә.Ерғалиева 1999 жылы Жапониядағы Халықаралық сыншылар конгрессінде «Tradition and Identity during Transitional Period. Transition: Changing Society and Art» атты баяндама жасады. (XXXII AICA Congress //AICA Japan Congress. Tokyo: 1999).

2000 жылы «Turk Dunuasi kultur ve sanat sempozyumu» атты Халықаралық ғылыми симпозиумда Ерғалиева Р.Ә. «История и ментальность тюрков в казахской живописи» (Suleyman Demirel Universitesi. – Isparta/Turkiye, 2000) та-кырыбында баяндама жасады.

2006 жылдың қазан айында ол Парижде (Франция) өткен 40-шы Халықаралық сыншылар конгресіне қатысты. Конгресс негізінде «Парижский конгресс художественных критиков 2006 года» атты макала жарияланды (Алматы, Шахар-культура. № 14, 2007).

Р.Ә.Ерғалиева «Пути и новые формы сохранения эпического наследия» атты Халықаралық симпозиумда «XX ғасыр бейнелеу өнеріндегі қазак фольклоры» атты баяндама жасады (Бишкек, Кыргызстан. 2006). Сол жылы өнертанушы-ғалым 2003 жылғы ЮНЕСКО-ның Конвенциясына арналған Халықаралық симпозиумға (Ўзбекстан Республикасы, Бойсун) қатысты.

2009 жылы Жапонияның мәдени құндылықтарды сактау ғылыми-зерттеу институтының (ACCU – Агентство по культуре и научно-исследовательский институт сохранения культурных ценностей) шакыруымен Р.Ә.Ерғалиева семинар-тренинг жұмыстарына қатысты. Бұл институт Жапониядағы ЮНЕСКО-ның материалдан тыс мәдениетті сактау идеясының негізгі өткізуішілері мен жүзеге асырушылары болып табылады.

«Философия және өнертану: пәнаралық өзара өрекеттестіктің әдіснамасы» атты Халықаралық ғылыми конференцияда (Баку, 2010) XX және XXI ғасыр аралығындағы қазак кескіндемесі мысалындағы тұрақты шамалар мен келешекті болжуа идеясы мен суретшілер көзқарастары қамтылған «Ностальгия және болжам» атты баяндама жасалды.

Тоқсан сайын жарыққа шығатын «Санат» ғылыми басылымында бөлім менгерушісі Р.Ә.Ерғалиеваның макалалары мерзімді басылып тұрады

2006 жылы өнертанушы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, ал 2007 жылы «Қазақ-

стан ғылымының дамуына қосқан үлесі, үшін» атты төс белгімен марарапатталды. Бөлім қызметкерлері институттың ғылыми және көркем-әдеби «Керуен» журналына алғашқы шықкан жылдарынан бастап (2005) белгілі казак суретшілері жайлы, қазіргі таңда шығармашылыштары өзекті болып келе жатқан шеберлер туралы және еліміздегі көркемөнердін заманауи жағдайын қамтитын мақалар жазып келеді.

Сонғы жылдары бөлім қызметкерлері Халықаралық конгрестерде, симпозиумдар мен конференцияларда көптеген баяндамалар жасады. Халықаралық ірі форумдарда негізгі баяндамашылар ретінде қатысты («Өнер дағдарысқа қарсы. Инвентаризация» атты Казакстан суретшілерінің форумы – Труспекова Х.Х., Шарипова Д.С. ).

Өнертану ғылымдарының докторы, профессор Ерғалиева Р.Ә. – бейнелеу өнері бойынша қазакстандық, ресейлік және шетелдік басылымдарда, оның ішінде Франция, Жапония, Түркия, Болгария, Англия және Израильде жарық көрген кескіндеме, мұсін және графика өнерінің негізгі мәселелеріне арналған 200-ге жуық мақаланың авторы.

Оның енбектерінде қазак бейнелеу өнерінің қазіргі түрлерінің дәстүрлі қазак сана-сезімімен, көпфасырлық дүниетанымдық құндылықтарымен, қазак халқының рухани артықшылығымен өзара байланысы мен сабактастығының тұжырымдамасы жасалған. Сонымен катар оларда XX ғасырдағы қазак кескіндеме, мұсін және графика өнерінің қалыптастыру мен даму ерекшеліктеріне жаңа көзқарас қалыптастан.

